

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
М.БӨКЕНБАЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ.
ҚЫСҚАША КУРС.**

Оқу құралы

Құрастырушы 3.3.Нұрыш

Ақтөбе, 2016

ӘОЖ 347.9 (075.8)
КБЖ 67.410 я 73
Қ 18

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты
Ғылыми кеңесте басып шығаруға ұсынылды

Пікір берушілер:

А.С. Смағұлова – заң ғылымдарының кандидаты;

А.Б.Байсұлтанов – заң ғылымдарының кандидаты.

Қ 18 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. Қысқаша курс: оқу құралы/ құр. З.З.Нұрыш. – Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, 2016.– 179 б.

ISBN 978-601-7883-10-2

«Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы» пәні бойынша оқу құралы қысқаша курсты ұсынады. Жұмыста азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы ережелерін, сонымен қатар атқарушылық өндірісті қоса отырып, азаматтық процестің жеке кезеңдерінің негізгі ережелерін қамтиды.

Оқу құралы Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары кәсіби оқу бағдарламасымен оқытуды жүзеге асыратын оқу орындарында, сонымен қатар жоғары заң оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған.

ӘОЖ 347.9 (075.8)
КБЖ 67.410 я 73

ISBN 978-601-7883-10-2

© Құрастырушы, Нұрыш З.З., 2016

© ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атын. АЗИ, 2016.

Мазмұны

Мәтін бойынша қысқартулар.....	4
Кіріспе.....	5
№1 тақырып «Азаматтық іс жүргізу құқығы – құқық саласы ретінде. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары.....	6
№2 тақырып «Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар»...	18
№3 тақырып «Азаматтық іс жүргізудегі тараптар».....	31
№4 тақырып «Сотта өкілдік ету. Азаматтық процестегі іс жүргізу мерзімдері» және сот шығындары.....	41
№5 тақырып «Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы және соттылығы».....	58
№6 тақырып «Дәлелдемелер және дәлелдеу».....	68
№7 тақырып «Талап қою өндірісінің түсінігі және мәні. Азаматтық процестегі талап қою».....	76
№8 тақырып «Сотта азаматтық істің қозғалуы. Істі сотта қарауға дайындау»	85
№9 тақырып «Татуласу рәсімдері. Азаматтық істерді бірінші сатыдағы сотта қарау».....	96
№10 тақырып «Бірінші сатыдағы сот актілері».....	108
№ 11 тақырып «Ерекше талап қоюмен іс жүргізу».....	115
№ 12 тақырып «Ерекше іс жүргізу».....	125
№13 тақырып «Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу».....	130
№14 тақырып «Кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән жайлар бойынша қайта қарау жөнінде іс жүргізу».....	142
№15 тақырып «Халықаралық процесс».....	156
№16 тақырып «Атқарушылық іс жүргізу».....	166
Қолданылған қайнар көздер тізімі.....	172
Оқуға ұсынылған нормативтік құқықтық актілердің тізімі.....	173

Мәтін бойынша қысқартулар

ҚР	—Қазақстан Республикасы;
АПК	—Қазақстан Республикасының азаматтық—процестік кодексі;
АК	—Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі;
ҚК	— Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі;
ҚПК	—Қазақстан Республикасының қылмыстық—процестік кодексі;
ӘҚБтК	—Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

Кіріспе

Азаматтық іс жүргізу құқығы Қазақстан құқығының дербес саласы ретінде ұсынылады. Қазақстан Республикасының Президентінің 24 тамыз 2008 жылғы №858 Жарлығы бойынша 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саяси Тұжырымдамасына сәйкес, азаматтық іс жүргізу құқығы әділсоттылыққа қол жетімділікті қамтамасыз ету, азаматтық сот ісіне қатысушылардың құқықтарын жоғары деңгейде жүзеге асыру, тұлғаның қоғамның, мемлекеттің бұзылған құқықтарымен бостандықтарын қалпына келтіру және уақытында қорғауды қамтамасыз ету болып табылады [1].

Оқу құралы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілген жаңа Азаматтық процессуалдық кодекспен дайындалған [2]. Кодекске Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саяси Тұжырымдамасында, сонымен қатар Ұлт жоспары – бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамында қаралған сот жүйесіндегі азаматтық сот ісін жүргізудің жаңашылдық бірқатар бағыттары енгізілген [3].

Халықтың құқықтық білім деңгейін көтеру заманауи ілімдерді есепке ала отырып, күнделікті процессуальдық заңдылықтарды дамыту мен жүзеге асыруды қажет етеді.

Тұтастай алғанда, азаматтық процессуальдық заңдылықтар көрсеткішінің дамуы әділсоттылықты жедел атқару және сапалы орындауға көбірек бағытталуы, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттырады.

Қысқаша курс азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы ережелерін, сонымен қатар атқарушылық өндірісті қоса отырып, азаматтық процестің жеке кезеңдерінің негізгі ережелерін қамтиды.

Оқу құралы Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары кәсіби оқу бағдарламасымен оқытуды жүзеге асыратын оқу орындарында, сонымен қатар жоғары заң оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған.

Оқу құралы оқушылардың білімдерін бақылаудың барлық түрлеріне, оқуға дайындық кезінде, сонымен қатар пәнді өзіндік меңгеру кезінде қолданылуы мүмкін.

Ұсынылған құжаттар, азаматтық процессуальдық заңдылықтардың өзгертулерімен толықтыруларын есепке ала отырып, оқытушы–профессорлық құраммен «Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы» пәні бойынша жұмыс дәрістері ретінде қолданылуы мүмкін.

№ 1 тақырып «Азаматтық іс жүргізу құқығы – құқық саласы ретінде. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары.

- 1. Азаматтық іс жүргізу құқығының түсінігі, пәні, әдісі мен жүйесі.**
- 2. Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері.**
- 3. Азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері және азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары.**

1. Азаматтық іс жүргізу құқығы – азаматтық істер бойынша әділ соттылықты жүзеге асыру барысында процеске қатысушылар мен жалпы сот істерін жүргізуге құқылы соттың арасында туындайтын қоғамдық қарым – қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығынан тұратын құқық саласы[4,42].

АПК 1–бабының 3 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасы азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер және басқа құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша істерді, сондай-ақ ерекше жүргізілетін істерді қарау тәртібін белгілейді.

Азаматтық іс жүргізу құқығы құқықтық реттеу әдісімен және пәнімен жан – жақты сипатталады және кезкелген басқа құқық саласы сияқты азаматтық іс жүргізу нормаларымен ерекшеленеді.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымы азаматтық істерді қарастырумен әділсот органы ретінде сотқа жүктелген міндеттерді орындау кезіндегі соттардың іс–әрекеттеріндегі қоғамдық қарым –қатынастарды зерттейді. Ол іс жүргізу нормаларын тәжірибеде қолданумен байланыстыра зерттейді және азаматтық–құқықтық даулардың туу себептерін талдайды және соттардағы істердің сот тәжірибелерін жинақтап қорытындылайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні азаматтық іс жүргізу болып табылады. Азаматтық іс – бұл азаматтық істерді қарауға рұқсат етілген, қабылданған шешімдерді орындау жүктелген соттардың қызметін азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен реттеу [4, 43–44].

Азаматтық сотта іс қарау саласында құқықтық реттеу әдістері императивтік және диспозитивтік болып бөлінеді.

Императивтік әдіс – белгіленген және құқық субъектісі үшін міндетті болып табылатын құқық нормасы.

Диспозитивтік әдіс – тараптар араларында туындайтын қатынастарды өздерінің қалауынша, егер заңда өзгеше көзделмесе, реттеу мүмкіндігі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының әдісі. Азаматтық іс жүргізу құқығы қоғамдық қарым–қатынастарды диспозициялы–рұхсатты әдіспен реттеп отырады. Бұл азаматтық істерді тудыру соттың емес, мүдделі адамдардың

бастамасы екендігін білдіреді. Сот өз бастамасы бойынша азаматтық іс қозғамайды. Сот актілеріне шағымдану және олардың орындалуы әдетте мүдделі іс жүргізуге құқылы субъектілердің ерік білдірулеріне байланысты. Азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының көпшілігі тыйым салынатын емес, рұқсат етілетін сипатқа ие. Процеске қатысушылар іс жүргізу нормаларында қарастырылып, рұқсат етілген өздеріне қатысты бір іс жүргізушілік әрекетпен айналыса алады.

Қоғамның қазіргі заманғы даму кезеңінде азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының мүлтіксіздігі мен даму деңгейі оларды дәл сақтаған жағдайда қолдану кезінде соттардың әділ соттылық міндеттерін орындауын анықтайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымы құқықтық білімдердің терең салаларының қатарына жатады. Оның мәні азаматтық істер бойынша әділ соттылықты жүзеге асыру барысындағы азаматтық іс жүргізу құқығының жауапты рөлімен анықталады.

Жалпы сот істерін жүргізуге құқықты соттарда сот өкімі азаматтық және қылмыстық сот ісі арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанда азаматтық сот ісі тәртібімен азаматтық істердің көпшілігі қарастырылады және оған рұқсат етіледі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының жүйесі. Азаматтық іс жүргізу құқығы екі бөлімнен тұрады: Жалпы және Ерекше. Қазақстан Республикасының Азаматтық істі жүргізу құқығының Жалпы бөлімі процестің барлық сатысындағы сот ісінің барынша жалпы жай – жапсарын реттейтін нормалар мен құқықтық институттарды біріктіреді.

Мазмұны бойынша жалпы бөлім төмендегі институттардан тұрады:

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасы;

- 1) азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттары;
- 2) ведомстволық және соттылық;
- 3) соттын құрамы, қарсылық білдірулер;
- 4) іске қатысатын адамдар;
- 5) сотта өкілдік ету;
- 6) дәлелдемелер және дәлелдеу;
- 7) сот шығыстары;
- 8) сотқа құрметтемеушілік білдірген үшін жауаптылық шаралар;
- 9) іс жүргізу мерзімдері;
- 10) соттың хабарлаулары мен шақырулары.

Азаматтық іс жүргізу құқығының Ерекше бөлімі арнайы институттарды біріктіретін нормалардан тұрады. Арнайы институттар іс жүргізушілік қарым-қатынастарының белгілі бір түрлерін анықтайды. Оларға қатысты нормалар АПК 2 және 3 бөлімдерінде берілген.

Осы нормалар реттеледі:

– Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу (Оңайлатылған іс жүргізу; Талап қою ісін жүргізу; Ерекше талап қою ісін жүргізу; Ерекше іс жүргізу; Жоғалған сот ісін жүргізуді немесе атқарушылық іс жүргізуді қалпына

келтіру бойынша іс жүргізу; Қазақстан Республикасының халықаралық шарт негізінде баланы қайтару туралы немесе балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы арыздарды қарау бойынша іс жүргізу;

– Сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізу (Сот актілеріне апелляциялық шағым жасау, наразылық білдіру; Апелляциялық шағым, наразылық бойынша істерді қарау; кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу; Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән – жайлар бойынша қайта қарау жөнінде іс жүргізу; төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхат бойынша іс жүргізу).

Азаматтық іс жүргізу кодексінің ерекше бөлімінде халықаралық процессті реттейтін нормалар қарастырылған.

2. Қай құқық саласы болмасын, оның қайнар көздері ретінде заңды мағынада алғанда мемлекеттік актілер болып табылады. Қазақстан Республикасында құқықтың қайнар көздері ретінде нормативтік құқықтық актілер болып табылады. Осыны ескере отыра, азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері ретінде өзіне азаматтық процессуалдық нормаларды қамтыған, яғни, азаматтық сот ісін өндіру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жатқызуға болады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнаркөздерінің ортасы, яғни іс жүргізу нормаларынан тұратын нормативті актілер барынша кең және алуан түрлі. Танымдылық мақсатта азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері нормативті актінің іс жүргізу құқығы нормаларынан тұратын, заңды мағынасына қарай нақтылы «пирамида» құра отырып, қайнаркөздерін белгілі бір топтарға біріктіреді.

Азаматтық іс жүргізу құқығы – бұл жіктелуші құқық. Кез келген құқық саласының негізі, соның ішінде Қазақстан Республикасының жіктелуші азаматтық іс жүргізу құқығының негізі болып Қазақстан Республикасының Конституциясы табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы жоғарғы заңды күшке ие және Республиканың барлық аумағына тікелей әсер етеді, сот өкімі туралы негізгі ережелерден, оның қызмет қағидаттарынан тұрады және сот тәжірибесінде қолданудың тікелей қайнар көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 4–бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады [5].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13–бабына сәйкес, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі деп аталып өткен [5].

2015 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі қабылданды. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің 1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде айқындалады. Азаматтық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін өзге де заңдардың ережелері енгізілуге жатады [2].

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары азаматтық процестік құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады.

Процестің туындаған кезінде қандай заң қолданыста болғанына қарамастан сот іс жүргізу әрекетін жүргізу барысындағы күшіне енген іс жүргізу заңын қолдануы тиіс. Сонымен бірінші сатыдағы сотта қаралып жатқан іс қайта қарау немесе қадағалау сатысында егер де ол күшіне енген болса, жаңа іс жүргізу заңының тәртібі бойынша шешіледі.

Іс жүргізу заңының кеңістікте қолданылуы. Азаматтық істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарында сот ісін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі және өзге де қабылданған заңдар анықтайды. Барлық соттар Қазақстан Республикасының аумағында күшіне енген біртұтас іс жүргізу заңдылықтарын қолданады.

Келесі заңдық маңызы ретінде 25.12.2000 жылғы N 132–II «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы, сот ісін жүргізу қағидаларының ережесін бекітетін, сот жүйесінің қалыптасуын реттейді, судьялардың мәртебесін, сонымен қатар материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуге байланысты туындаған сұрақтарды шешеді. Егер қандай да бір АПК мен конституциялық заңның арасында қарама қайшылық туындаған жағдайда ретке келтіретін конституциялық заңның ережелері бар. Кодекспен басқа заңдардың арасындағы қарама қайшылық туындаса АПК ережесі әрекет етеді [6].

Қазақстан Республикасы көп жақты және екі жақты халықаралық келісім шарттардың, конвенция, Қазақстан Республикасында ратификацияланған құқықтық көмек көрсететін келісімдердің қатысушысы болып табылады.

Конституцияға сәйкес, олар Республиканың құқықтық жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады. АПК 2 бабы 3 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық келісім шарттар, егерде

халықаралық келісім шартта заңның шығарылуы талап етілмеген жағдайда АПК алдында бірдей мәртебеде қолданылады.

Конституцияның 4 бабына сәйкес, Конституциялық Кеңес және Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасында құқықтық әрекет етеді. «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері туралы» заңына сәйкес, Конституциялық Кеңес және Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары иерархиялық нормативтік құқықтық актілердің анықталған жағдайларынан тыс орын алады.

Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері туралы» заңына сәйкес, Конституциялық Кеңес және Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары жеке құқықтық қатынастарды реттейтін жекеше нормативтік құқықтық актілері болып табылмайды. Олар Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының және Конституциялық кеңесінің Қазақстан Республикасының заңдылықтары бойынша жеке нормаларын түсіндіретін нормативтік құқықтық акт болып табылады [7].

3. АПК-нің 4-бабына сәйкес азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда және жария-құқықтық қатынастарда заңдылықты сақтау, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып табылады.

Азаматтық сот ісі құқық мәселелерімен айналысатын жалпы соттарда заңмен бекітілген құқық қорғау нысанын білдіреді. Сонымен бірге, азаматтық іс ақырғы мақсаттарға – құқықты орнату немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғауға бағытталған азаматтық істің іс жүргізу құқықтарының тәртіп нормаларымен бір сатыдан екінші сатыға жылжуы болып табылады.

Сотта азаматтық іс туындауы үшін мүдделі адам сотқа өз талаптарының негізін жаза отырып, (талап қоюмен, шағымданумен, аса ерекше іс бойынша арыз жазумен) арызданады. Сот туындаған құқықтық қарым – қатынасты сотта қарауға, шешуге жататын жатпайтындығын тексереді. Егер де арызда аталған талап сот жолымен қорғауға жататын болса, сот өз ісіне арыздың қабылданғаны туралы шешім шығарады және сол сәттен бастап азаматтық іс туындап, осы іс бойынша сот ісі қозғалады. Соттың, іске қатысушы тұлғалардың, процестің өзге де қатысушыларының істі қараумен, шешім қабылдаумен, қабылданған шешімге шағымданумен, оның орындалуымен байланысты барлық іс-әрекеттері тек қолданыстағы іс жүргізу заңының нормалары аясында ғана іске аса алады және сондықтан да олардың жиынтықтары шын мәнінде азаматтық процесті (азаматтық сот ісін) құрап, іс жүргізу әрекеттері болып табылады.

Азаматтық сот ісі соттың, тараптардың, процестің өзге қатысушыларының іс жүргізу әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін қамтиды. Сотқа, өзге де барлық қатысушыларға процесте

мақсаттарына жету үшін заңды түрде белгіленген іс жүргізу құқықтары оларға сәйкес іс жүргізу міндеттерін жүктей отырып беріледі. Іс жүргізу құқықтары мен міндеттері процесс барысында жүзеге асады. Мысалы, сотқа арыздану талап қою арызын беру арқылы, ал талап қою арызына қарсы құқықты қорғау оған қарсылық білдірумен немесе қарсы талап қою арызын беру арқылы іске асырылады. Талап қоюшы мен жауап берушінің сотқа қатысу құқығына соттың тиісті түрде тараптарға сот отырысының уақыты мен өтетін орнын хабарлау міндеті сәйкес келеді. Процеске қатысушылар сотты өкімді орган ретінде санай отырып, азаматтық іс жүргізу нормаларымен реттелетін қоғамдық қарым – қатынасқа түседі, сондықтан да бұл азаматтық іс жүргізушілік қарым – қатынастары болып табылады.

Сот өндірісіне іс барысына мүдделі өзге де тұлғалардың қызметтері кіреді: талап қоюшылар – соттан өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды өтінетін азаматтар мен ұйымдар; жауап берушілер – талап қою арызы бойынша жауапқа тартылатын азаматтар мен ұйымдар; үшінші тұлғалар; аса ерекше сот істері бойынша арызданушылар.

Іс барысында мүддесі бар азаматтар мен ұйымдарды, олардың өкілдерін іс жүргізу заңы процестің барлық сатысына белсенді қатысуға болатын мүмкіндікпен қамтамасыз етеді. Сот істің басты қатысушысы ретінде тек іс жүргізу нормалары мен құқықтарын сақтап қана қоймай, сонымен бірге барлық қатысушылардың оны орындауына қол жеткізуі тиіс.

Сот процесінде туындаған қарым – қатынастардың ерекшелігі олардың азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен бекітілген тәртіп пен нысанда ғана жүзеге асуы мүмкіндігінен тұрады, ал процеске қатысушылардың барлығының іс жүргізу құқықтары мен міндеттері заңда бекітілген.

АПК 6 –бабына сәйкес, сот азаматтық істерді қарау және шешу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы конституциялық заңдарының, кодекстің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолданылуға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын дәлме–дәл сақтауға міндетті.

Соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес. Егер сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсетеді деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және бұл актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауға міндетті. Сот Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімін алған соң іс бойынша іс жүргізу қайта басталады.

Сот істі қарау және шешу кезінде мемлекеттік немесе өзге де органның актісі заңға сәйкес келмейді немесе ол өкілеттіктерді асыра пайдаланып шығарылған деп белгілесе, заңның нормаларын қолданады.

Қарастырылып отырған қағида соттардың жауапкершілігі мен судьялардың заң бұзушылықтарға жол беруі кезінде жауапкершілігімен тығыз байланысты «...соттар қолданатын нормативтік құқықтық актіні Конституция нормасымен салыстырып отыруы қажет, егер соттармен қолданылатын нормативтік құқықтық актілер конституциялығын тексермейтін болса, онда сотпен конституцияға қарсы қаулы шығарылуы мүмкін» [8, 28].

Даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған кезде, Қазақстан Республикасы заңнамасының жалпы негіздері мен мағынасын негізге ала отырып, дауды шешеді. Егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

АПК 8-бабына сәйкес, тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғау. Әркім бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде, азаматтар мен заңды тұлғалар кодексте белгіленген тәртіппен басқа тұлғалардың немесе тұлғалардың белгісіз бір тобының бұзылған немесе даулы заңды мүдделерін қорғау туралы арыз беріп, сотқа жүгінуге құқылы.

Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін талап қоюды (арыз) беріп, сотқа жүгінуге құқылы.

Өзінің келісімінсіз ешкімге ол үшін заңда көзделген соттылық өзгертілмейді. Егер заңға қайшы келсе немесе кімнің де болсын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін бұзса, сотқа жүгіну құқығынан бас тарту жарамсыз болады. Талап қою (арыз) осы Кодексте көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, сотқа жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін. Егер істердің белгілі бір санаты үшін дауды сотқа дейін реттеу тәртібі заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін мүмкін болады.

АПК 9-бабына сәйкес, азаматтық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық процеске қатысатын тұлғаның ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін, іскерлік беделін кемітетін әрекеттерге тыйым салынады. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен, сондай-ақ басқа да тұлғалардың осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасауына байланысты жеке тұлғаға келтірілген моральдық зиян, жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға келтірілген залалдар заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Жеке өмірге қол сұғылмаушылық. Хат жазысу, телефонарқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзгеде хабарлар құпиясы.

Жеке өмір, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдары мен жинақтарының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарларының құпиялылығына құқығы бар. Азаматтық процесс барысында осы құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Талап қоюды қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салу осы Кодексте көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

Судья сот төрелігін жүргізу кезінде тәуелсіз болады және тек Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңға ғана бағынады. Судьялар азаматтық істерді өздеріне сырттан кез келген ықпал ету болмайтын жағдайларда қарайды және шешеді. Судьялардың сот төрелігін жүргізу қызметіне қандай да болсын араласуға тыйым салынады және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Судьялар тәуелсіздігінің кепілдігі Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңда белгіленген.

Азаматтық істер бойынша сот төрелігі барлық адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі негізінде жүзеге асырылады. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында: азаматтардың ешқайсысына артықшылық берілмейді, олардың ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән–жайлар бойынша кемсітуге болмайды; заңды тұлғалардың ешқайсысына артықшылық берілмейді және олардың бірде–бірін орналасқан жеріне, ұйымдық–құқықтық нысанына, бағыныстылығына, меншік нысанына байланысты және басқа да мән–жайлар бойынша кемсітуге болмайды. Азаматтық–құқықтық жауапкершілікке қарсы иммунитеті бар тұлғаларға қатысты азаматтық сот ісін жүргізу шарттары Қазақстан Республикасының Конституциясында, кодексте, заңдарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

Азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарыммен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы. Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою арызы (арыз) берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады. Іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде

білмейтін іске қатысатын адамдарға сотта ана тілінде немесе өздері білетін басқа да тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен айғақтар беру, өтінішхаттар беру, шағымдар жасау, сот актілеріне дау айту, іс материалдарымен танысу, сөз сөйлеу; осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Сот азаматтық сот ісін жүргізуде сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдарға заң бойынша оларға қажетті іс материалдарының аудармасын тегін қамтамасыз етеді. Сот іске қатысатын адамдарға сотта сөйлейтіндердің басқа тілде сөйлейтін бөлігін сот ісін жүргізу тіліне аударуды тегін қамтамасыз етеді.

Іске қатысатын және сот ісін жүргізу тілін білмейтін, істегі құжаттарды беру туралы жазбаша түрде өтініш берген адамға сот құжаттары өзінің ана тіліне немесе ол білетін басқа тілге аударылып табыс етіледі. Істі сот талқылауына дайындау аяқталғаннан кейін тараптар мен іске қатысатын басқа да адамдар ұсынатын, сот ісін жүргізу тілінде дайындалмаған құжаттарға сот ісін жүргізу тіліне аудармасы қоса берілуге тиіс.

Азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады. Азаматтық процеске қатысатын тараптарға осы Кодексте өзінің ұстанымын қорғауға тең мүмкіндіктер берілген. Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және соттан және іске қатысатын басқа да адамдардан тәуелсіз таңдайды. Сот істің нақты мән–жайларын анықтау мақсатында өз бастамасымен дәлелдемелер жинаудан толық босатылған, алайда тараптың уәжді өтінішхаты бойынша оған осы Кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді.

Сот жан жақтылықты және бейтараптылықты сақтай отырып, процеске басшылықты жүзеге асырады, тараптардың істің мән–жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды. Сот іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, процестік әрекеттерді жасаудың немесе жасамаудың салдарлары туралы ескертеді және, осы Кодексте көзделген жағдайларда, оларға өз құқықтарын жүзеге асыруға жәрдем көрсетеді. Сот шешімді тараптардың әрқайсысы бірдей негізде зерттеуге қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді. Сот тараптарға бірдей әрі құрметпен қарайды.

Судья істе бар дәлелдемелерді жиынтығында бейтарап, жан–жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар–ұятты басшылыққа алады. Сот үшін ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Ешкім өзіне, жұбайына (зайыбына) және аясы заңда айқындалатын жақын туыстарына қарсы айғақтар беруге міндетті емес. Діни қызметшілер тәубаға келіп, өздеріне сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес.

Бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда көрсетілген адамдар айғақтар беруден бас тартуға құқылы және жауапқа тартылмайды.

Әркімнің азаматтық процесс барысында осы Кодекстің ережелеріне сәйкес білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Азаматтық істерді талқылау барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот актілері жария түрде хабарланады. Жабық сот отырысында мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар шешімді жариялауды қоса алғанда, істерді қарау және шешу заңға сәйкес жүзеге асырылады. Егер бала асырап алу құпиясын, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды қамтамасыз ету қажет болса не ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса, сондай-ақ Кодекстің 188-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайда іске қатысатын адамның өтінішхаты бойынша жабық сот отырысында азаматтық іс қаралуы және шешілуі мүмкін.

Жеке хат жазысу және өзге де жеке хабарлар өзара хат жазысқан және осы жеке хабарлар өздеріне қатысты адамдардың келісімімен ғана ашық сот отырысында жария етілуі мүмкін. Мұндай келісім болмаған жағдайда хат жазысу мен хабарлар жабық сот отырысында жария етіледі және зерттеледі.

Көрсетілген қағидалар жеке сипаттағы мәліметтер бар аудио-, бейнежазбаларды, фотоға және киноға түсіру материалдары мен электрондық, цифрлық және өзге де материалдық жеткізгіштердегі басқа да материалдарды зерттеу кезінде де қолданылады.

Істі жабық сот отырысында талқылау кезінде іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, ал қажет болған жағдайларда куәлар, сарапшылар, мамандар, аудармашылар да қатысады, оларға сот осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді жария еткені үшін жауаптылық туралы ескертеді.

Он алты жасқа толмаған азаматтар, егер олар іске қатысатын адамдар немесе куәлар болып табылмаса, сот отырысы залына жіберілмейді. Істі жабық сот отырысында талқылау осы Кодексте белгіленген барлық қағидалар сақтала отырып жүргізіледі. Іске қатысатын адамдардың және басқа да адамдардың, оның ішінде ашық сот отырысына қатысып отырған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысының барысы бойынша жазбалар жасауға, оны залда отырған орындарынан аудиожазу құралдарының және цифрлық жеткізгіштердің көмегімен жазып алуға құқығы бар. Сот талқылауы залында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио- және телетрансляция жүргізуге, Интернеттің ақпараттық-коммуникациялық желісінде бейнетрансляция жүргізуге соттың рұқсатымен және іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып жол беріледі. Бұл туралы сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот ұйғарымында көрсетіледі. Бұл әрекеттер сот отырысының қалыпты өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс және сот оларды уақыт жағынан шектеуі мүмкін.

Сот талқылауының барлық немесе бір бөлігіне қатысты істі жабық сот отырысында талқылау туралы сот ұйғарым шығарады, ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Заңды күшіне енген сот актілері соттың интернет-ресурсында жарияланады және осы баптың екінші бөлігінде және өзге де заңдарда белгіленген шектеулер ескеріле отырып, жария түрде талқылануы мүмкін. Соттың іс жүргізуіндегі азаматтық істер бойынша сотқа келіп түскен өтініштер туралы ақпарат жария етілуге және осы ақпаратты соттың ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы процеске қатысушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

Істі сотта талқылау соттың қалыпты жұмысын және сот отырысы залында қатысып отырған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларда өтуге тиіс. Сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіптің сақталуын сот приставы қамтамасыз етеді. Судьялар мен сот отырысы залына қатысып отырған азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төрағалық етуші істі талқылау кезінде қатысуға ниет білдірген адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруді, жеке басын тексеріп қарауды және олар алып өтетін заттарды тексеріп қарауды қоса алғанда, оларға тексеру жүргізу туралы өкім ете алады.

Бірінші сатыдағы сот азаматтық істер бойынша сот актілерін сот бұйрықтары, шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары нысанында қабылдайды. Апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар сот актілерін ұйғарымдар мен қаулылар нысанында қабылдайды. Заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ сот төрелігін жүргізу кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары және басқа да өтініштері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жатады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі конституциялық емес деп таныған заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген сот актілері орындалуға жатпайды. Сот актілерін орындамау, сол сияқты сотты құрметтемеудің өзге де көрінісі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады (ҚК 430 бабы).

Сот актісінің міндеттілігі іске қатыспаған мүдделі адамдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну мүмкіндігінен айырмайды.

Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ сот өздерінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот актілерін шығарған адамдар осы Кодексте белгіленген тәртіппен сот актілеріне шағым жасауы мүмкін.

Барлық қоғамдық қатынастар, соның ішінде сот әділеттілігі саласындағыларда құқықтық реттеумен қамтылмайды. Азаматтық процессуалдық заңнамада кемшіліктер анықталған жағдайда құқының немесе заңның аналогиясын қолдану жолымен шешіледі. Құқықты аналогиямен талқылау және кейінгі процессуалдық шешімдерде дұрыс

қолдану азаматтық процессуалдық құқының қағидалары негізінде ғана жүзеге асыруға мүмкіндік болады.

Кемшіліктерді толтыру әдісі ретінде құқының немесе заңның аналогиясын қолдану кеңінен қолданыс таппаған. Аналогия бойынша құқықты қолдану әсіресе азаматтық, отбасылық және еңбек құқықтарында кеңінен құқықты бекіту қызметінде қолданылады. Материалдық құқық саласындағы кемшіліктерді жою үшін аналогияны қолдану мүмкіндігі азаматтық процессуалдық заңмен ескерілген. Мысалға, Қазақстан Республикасы АПК 6–бабына сәйкес даулы құқылық қатынастарды реттеуде сот ұқсас қатынасты реттейтін құқық нормасын қолданады, ал егерде осындай нормалардың болмаған жағдайында заңнаманың жалпы бастамасына және мағынасына сүйене отыра шешеді; егер заңнамалық актілермен немесе дау тараптарының келісімдерімен тиісті сұрақтарды сотпен шешу ескерілген, осы сұрақтарды шешуде сот сот әділеттілігі мен ақылға қонымдылығына сүйенуі тиіс.

№2 тақырып «Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар».

1. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар және олардың ерекшеліктері.

2. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың субъектілері.

3. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастарының мазмұны және объектісі.

1. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым – қатынастар азаматтық істер бойынша әділ сотты жүзеге асыру барысында сот пен процеске қатысушы тұлғалардың арасында талап қою арызын қабылдаған сәттен бастап, істі талқылау, оған соттың шешім шығару және оның орындалу процесінде туындайды.

Құқықтық қатынас – нормаларымен реттелген, құрамында өзара алмасып отыратын құқықтар және міндеттермен айшықталған құқық субъектілері арасында заңдық байланысы бар қоғамдық қатынастар. Азаматтық іс жүргізу қатынасы құқық қорғау қатынастарына жатады. Олардың пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылуы заңдық жағдаяттармен, заңдық маңызы бар нақтылы мән – жайлармен байланысты, олармен құқық нормасы азаматтық іс жүргізу құқық субъектілерінің іс жүргізу құқықтары мен іс жүргізу міндеттерінің пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылуын байланыстырады. Бұл қатынастардың ерекшеліктері мынадай:

- олар азаматтық іс жүргізу құқықтық нормаларымен тікелей белгіленген;

- ерекше субъективтік құрамы, яғни іске қатысушылардың құрамы;
- бірлігі мен біріктілік;
- арақатынасында.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың мынадай белгілері болады:

1) құқықтық сипатқа ие, азаматтық сипатқа ие, азаматтық іс жүргізу құқығының нормалары негізінде туындайды және нақты іс бойынша азаматтық іс жүргізушілік қарым–қатынастың туындауының алғы шарты болып табылады;

2) қарым–қатынастар нақты субъектілердің еркі мен бастамасы бойынша жеке және саналы түрде туындайтын еркіндік сипатқа ие;

3) сот азаматтық істің басты және міндетті қатысушысы болып табылады. Сот болмаған кезде (соттың қатысуынсыз) сот ісіне қатысушылардың арасында іс жүргізушілік құқықтық қарым–қатынастар болмайды;

4) өктем (императивтік) сипатқа ие. Іс жүргізушілік қарым – қатынас субъектілері тең құқылы емес, сот мемлекеттік орган ретінде құқықтық

қатынастың өзге қатысушыларына (талап қоюшыға, жауап берушіге, куәгерге және т.б.) өктем түрде өкілдік етеді;

5) азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың субъектілері (азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет және оның органдары) мен олардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысы кең;

6) материалдық және материалдық емес игіліктер (заттар, құндылықтар, жұмыс, қызметтер, ақпарат, ақыл–ой қызметі, материалдық емес игілік) бойынша дауларды талқылау мен шешумен байланысты туындаған азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынас объектілерінің көптігімен даулар құқық қолданушы сипатқа ие;

7) азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар азаматтық іс жүргізу, азаматтық, әкімшілік, еңбек, салық және т.б. құқықтық нормаларын қолдану мен іске асырудың құралы болып табылады;

8) азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар жүйелі түрде саты–сатымен іске асырылады және жүйелі сипатқа ие.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың тууының алғы шарттарына мыналар жатады:

1) азаматтық іс жүргізу құқық нормалары;

2) заңды деректер;

3) азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқық субъектілігі (құқық қабілеттілігі мен әрекетке қабілеттілігі).

Азаматтық іс жүргізудегі құқық нормалары азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастардың туындауының ең басты, маңызды алғы шарттары болып табылады.

Құқық нормалары – бұл мемлекеттің мәжбүрлеу күшін бұзудан қорғайтын индивидтің жалпыға бірдей міндетті формальді түрде анықталған тәртіп ережелері екендігі белгілі. Азаматтық іс жүргізудегі құқық нормалары процеске қатысушылардың істі сот жүзінде талқылау барысында туындаған қарым–қатынастарын, олардың құқықтары мен міндеттерін реттейді. Бұл ретте іс жүргізу нормалары процеске қатысушылардың (сот пен тараптар, талап етуші мен жауап беруші, прокурор мен сот, сот пен өзге қатысушылар және т.б. арасындағы) аса ерекше қарым–қатынасын реттейді.

Құқықтың өзге салаларының нормаларына тән азаматтық іс жүргізу нормаларының да жалпы белгілері бар.

- бұл – нормалардың тек мемлекеттің қабылдауы;

- олардың жалпы міндеттері, жалпы сипат тек азаматтық істерді қарау кезінде қолданылады;

- сот процесін дер кезінде өткізу мен сот шешімдерін дұрыс шығарудың қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік мәжбүрлеуді қолданудың ерекшелігі.

- Сонымен бірге іс жүргізу нормалары сот ісіне қатысушылардың тиісті тәртіптерінің ережелерін реттейді [9, 41–42].

Азаматтық іс жүргізудегі құқық нормаларын тиімді пайдалану мақсатында олар сот ісі дамуының жүйелілігін қатаң сақтай отырып, іс жүргізу институттарына (бөлімдер, бөлімшелер, тарауларға) біріккен.

Заңды дерек – бұл тұрмыстың мән-жайлары негізі болып табылатын азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен реттелген азаматтық құқықтық қарым-қатынастардың туындауы, оны өзгерту мен тоқтату. Егер де, туындаған заңды деректер өзге тұлғалардың мүдделерін, қандай да бір материалды немесе материалды емес құқықтық қатынастарды қозғамайтын болса, онды мұндай жағдайларда азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар болмайды. Заңды мәні бар деректердің бар-жоғын анықтау құқығы тек сот қана берілгендіктен олар тікелей сот пен процеске қатысушылар арасында туындайды. Мысалы, азаматты белгісіз жоғалған деп тану үшін, осы деректі анықтау үшін және келешекте өзін белгісіз жоғалған адамның мүлкіне құқық мұрагері деп тануы үшін сотқа жүгінуі қажет. Заңды деректі анықтаудағы соттың іс-әрекеті жазбаша түрде көрсетіледі.

Сондықтан да азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар – бұл процеске қатысушылар мен сот арасындағы азаматтық дауларды қарау мен ол бойынша шешім қабылдауға байланысты азаматтық іс жүргізу құқық нормалармен реттелген қатынастар.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтық субъектілігі. Заң әдебиеттерінде құқық субъектілігі құқық қабілеттілігі мен іс-әрекетке қабілеттіліктің біріккен жалпы түсінігі дегенді білдіреді. Азаматтық іс жүргізудегі құқық қатынастардың туындауының ең маңызды қажетті шартына азаматтық іс жүргізушілікке құқық қабілеттілігі жатады. Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін сот жүзінде қорғауға құқықтары бар барлық азаматтар мен ұйымдар азаматтық іс жүргізу құқығына қабілетті деп тең түрде танылады (АПК 45 бабы).

Азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілігі – бұл азаматтық сот ісі субъектісінің іс жүргізу құқығы мен міндеттеріне заңды түрде ие болу мүмкіндігі (АПК 45 бабы). Ол азаматтарды дүниеге келген сәтінен бастап туындайды да, өлген кезінде жойылады, ал заңды тұлғаларда оны құрған және тіркелген сәтінен басталып, тараған кезінде тоқтатылады.

Азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілігіне азаматтар мен заңды тұлғалар ие. Азаматтық сот ісінен қатысушылардың құқық қабілеттіліктерін Қазақстан Республикасы АПК және олардың мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын сәйкес заң актілері анықтайды.

Азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілігі тұлғаның материалдық құқықтағы құқық қабілеттілігімен байланысты. Ол тек тұлға құқықтарын іс жүргізумен қорғау мүмкіндіктері ғана болып табылады. Жеке іс-әрекеттермен іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру мен іс жүргізу міндеттерін орындау үшін тұлға іс жүргізу әрекетіне қабілетті болуы тиіс. Азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттік – тұлғаның өз әрекеттері арқылы іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыра алуы, іс жүргізу міндеттерін орындауы және өз

өкіліне соттағы істі жүргізуді тапсыруы. Заңды тұлғалардың азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіктері толықтай қажетті құжаттарды әділет органдарында тіркелген сәттен бастап, кен жағдайларда белгілі бір қызметті жүзеге асыруға лицензия алған сәттен бастап туындайды.

Азаматтардың азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіктері толықтай жалпы тәртіп бойынша жасы 18–ге толғандарға тиесілі. Заңды тұлғалардың азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіліктерін туындауы азаматтық іс жүргізу құқығының туындауына сәйкес келеді. Заңда азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіктің мынадай түрлері белгіленген:

Азаматтық процестік әрекетке қабілеттілігі. Сотта өздерінің әрекеттерімен өз бетінше өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау қабілеттілігі (азаматтық процестік әрекет қабілеттілігі) он сегіз жасқа толған азаматтарға, заңды тұлғаларға толық көлемде тиесілі болады.

Он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай–ақ әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта олардың ата–аналары немесе өзге де заңды өкілдері қорғайды. Сот осындай істерге қатысуға кәмелетке толмағандардың өздерін немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтарды тартуға міндетті. Кәмелетке толмағандардың немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша сот іске қатысуға прокурорды тарта алады.

Он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмағандардың, сондай–ақ әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері, прокурор қорғайды.

Заңда көзделген жағдайларда, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың азаматтық, отбасылық, еңбек, кооперативтік және өзге де құқықтық қатынастардан және алған жалақысына немесе кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстарына иелік етуге байланысты мәмілелерден туындайтын істер бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін сотта жеке өзі қорғауға құқығы бар.

Заңда көзделген негіздер бойынша эмансипацияланған кәмелетке толмағандар эмансипация кезінен бастап толық процестік қабілеттілікке ие болады.

Сот АПК 45бабы төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін оларға көмек көрсету үшін өз қалауы бойынша іске қатыстыруға құқылы.

2. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың субъектілеріне нақты азаматтық істерді қарау мен шешу бойынша сот процесіне қатысушы тұлғалар жатады. Азаматтық іс жүргізудегі қатынастардың қатысушылары ретіндегі субъектілердің құқықтары мен міндеттері заңмен реттелген.

Функциясына, мақсатына және іс жүргізудегі қатысуына қарай азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарды келесі топқа бөлуге болады:

1. Сот әділдігін жүзеге асыратын адамдар:

- сот (бірінші сатыдағы сот, апелляция сатыдағы сот, кассация сатыдағы сот);

- судья, соттың лауазымды тұлғалар (сот отырысының төрағасы, сот төрағасы); сонымен қатар осы топқа сот отырысының хатшысын, соттың хатшысын, сот приставын, сот орындаушысын жатқызуға болады.

Сот процестің ерекше қатысушысы болып табылады, себебі ол арнайы жасалған мемлекет биліктің органы (Конституцияның 75 б.2 т.).

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады.

Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заңбойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді.

Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады. (Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы»)

АПК 35-бабына сәйкес соттың атынан әрекет ететін судья бірінші сатыдағы сотта азаматтық істерді жеке-дара қарайды және шешеді.

Азаматтық істерді, АПК 27 бабы 4 тармағы Астана қаласының соты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылған істерден басқа, инвестициялық даулар бойынша, сондай-ақ инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды және шешеді.

АПК 28-бабы бойынша азаматтық істердің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылуы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мынадай:

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), Референдумның орталық комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы;

бір тарапы ірі инвестор болып табылатын инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды және шешеді.

АПК 402–бабы апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды қарайтын соттар.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған шешімдерге апелляциялық шағымды, наразылықты облыстық және оған теңестірілген соттың азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы кемінде үш алқа судьясының алқалы құрамында қарайды.

Кодекстің 27–бабы төртінші бөлігінің қағидалары бойынша қаралған істер бойынша шығарылған шешімдерге апелляциялық шағымды, наразылықты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы кемінде үш алқа судьясының алқалы құрамында қарайды.

Судья аудандық және оларға теңестірілген соттар оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарған шешімдерге апелляциялық шағымды, наразылықты, жеке шағымды, ұйғарымға наразылықты жеке–дара қарайды.

АПК 36–бабы бойынша соттың алқалы құрамының мәселелерді шешу тәртібі.

Істерді соттың алқалы құрамы қараған және шешкен кезде барлық судьялар тең құқықтарды пайдаланады. Істі соттың алқалы құрамы қараған және шешкен кезде туындайтын барлық мәселелерді судьялар көпшілік дауыспен шешеді. Әрбір мәселені шешкен кезде судьялардың ешқайсысы дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес.

Төрағалық етуші ұсыныстар енгізеді, өз пікірін айтады және соңғы болып дауыс береді.

Көпшіліктің шешімімен келіспеген судья осы шешімге қол қоюға міндетті және өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде баяндай алады, ол мөр басылып жабылған конвертте іске қоса тіркеледі. Кассациялық сатыдағы сот осы істі қарау кезінде ерекше пікірмен танысуға құқылы. Судьяның ерекше пікірінің бар екендігі туралы іске қатысатын адамдарға хабарланбайды, ерекше пікір сот отырысы залында жария етілмейді.

АПК 37–бабына сәйкес, бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қарауға және шешуге қатысқан судья осы істі бірінші сатыдағы сотта, сондай–ақ апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда қайта қарауға, сол сияқты өзінің қатысуымен қабылданған шешімнің күші жойылған жағдайда, істі жаңадан қарауға қатыса алмайды.

Апелляциялық сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан судья осы істі бірінші, кассациялық сатылардағы соттарда қарауға, сол сияқты өзінің қатысуымен қабылданған сот актісінің күші жойылған жағдайда істі апелляциялық сатыдағы сотта жаңадан қарауға қатыса алмайды.

Кассациялық сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан судья дәл осы істі бірінші, апелляциялық сатылардағы соттарда қарауға, сол сияқты өзінің

қатысуымен қабылданған сот актісінің күші жойылған жағдайда істі кассациялық сатыдағы сотта жаңадан қарауға қатыса алмайды.

Заңды сот актісін шығару мақматын қамтамасыздандыруда судьяға қарсылық білдіру үшін негіздер, қарсылықтар білдіру (өздігінен бас тарту) туралы мәлімдемелер және оларды қанағаттандырудың салдары қарастырылған (АПК 38, 40–42 баптары).

АПК 38–бабы судьяға қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) үшін негіздер.

Судья, егер ол:

1) осы істі осының алдында қараған кезде медиацияны жүргізген судья, прокурор, куә, сарапшы, маман, аудармашы, тараптың немесе үшінші тұлғаның өкілі, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы ретінде қатысқан болса;

2) іске қатысатын адамдардың немесе олардың өкілдерінің бірінің туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болса;

3) істің нәтижесіне жеке өзі, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса не, егер оның бейтараптығына негізді күмән тудыратын өзге де мән–жайлар болса, істі қарауға және шешуге қатыса алмайды және оған қарсылық білдірілуге (өздігінен бас тартуға) тиіс.

Істі қарайтын соттың алқалы құрамына өзара туыс, ерлі–зайыптылар немесе жекжаттар болып табылатын судьялар кіре алмайды.

Осы аталған мән–жайлар болған кезде судья өздігінен бас тартуды мәлімдеуге міндетті. Сол негіздер бойынша іске қатысатын адамдар қарсылық білдіретінің мәлімдеуі мүмкін. Өздігінен бас тарту мен қарсылық білдіру істі мәні бойынша қарау басталғанға дейін дәлелденіп, мәлімделуге тиіс.

Істі қарау барысында өздігінен бас тарту (қарсылық білдіру) туралы мәлімдеме жасауға қарсы болу (қарсылық білдіру) негіздері сотқа немесе өздігінен бас тартуды (қарсылық білдіруді) мәлімдеуші адамға істі қарау басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана жол беріледі. Істі жеке–дара қараушы судьяға мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) сол соттың төрағасы немесе сол соттың басқа судьясы, олар болмаған жағдайда – жоғары тұрған сот судьясы қарайды. Істі соттың алқалы құрамда қарау кезінде судьялардың біреуі өздігінен бас тартуды (қарсылық білдіруді) мәлімдеген жағдайда сот іске қатысушы адамдардың пікірін тыңдайды және, егер ол түсініктеме бергісі келсе, қарсылық білдірілген судьяның пікірін тыңдайды және қарсылық білдіру туралы мәселені қарсылық білдірілген судьяның қатысуынсыз шешеді. Қарсылық білдіруді жақтаған және оған қарсы дауыстар саны тең болған кезде судья қарсылық білдірілген болып есептеледі. Бірнеше судьяға немесе соттың бүкіл құрамына мәлімделген қарсылық білдіруді нақ сол сот толық құрамында жай көпшілік дауыспен шешеді. Қарсылық білдіруді қабылдамай тастау немесе қанағаттандыру туралы ұйғарым шағым беруге, наразылық келтіруге жатпайды. Ұйғарымға келіспеушілік туралы дәлелдер апелляциялық, кассациялық шағымдарына

немесе сот актісін сот қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы өтініштерге, наразылыққа еңгізілуі мүмкін. Өздігінен бас тарту (қарсылық білдіру) туралы мәселе соттың ұйғарымымен шешіледі.

АПК 42–бабында істі аудандық немесе оған теңестірілген сотта жеке–дара қарап жатқан судьяға қарсылық білдірілген (өздігінен бас тартылған) жағдайда бұл істі сол сотта басқа судья қарайды. Егер іс жүргізуінде іс жатқан сотта судьяны ауыстыру мүмкін болмаса, іс жоғары тұрған сот арқылы бірінші сатыдағы басқа сотқа беріледі.

Істі облыстық немесе оған теңестірілген сотта, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қарау кезінде судьяға қарсылық білдірілген (өздігінен бас тартылған) не соттың бүкіл құрамына қарсылық білдірілген жағдайда істі сол сотта басқа судья немесе судьялардың басқа құрамы қарайды.

Егер облыстық немесе оған теңестірілген сотта өздігінен бас тартулар немесе қарсылық білдірулер қанағаттандырылғаннан кейін осы істі қарау үшін жаңа сот құрамын құру мүмкін болмаса, іс қаралатын сотты анықтау үшін іс Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына берілуге тиіс.

Сот отырысының хатшысы

АПК 283 бабы 1 бөлімі бойынша сот отырысының немесе жеке процестік әрекеттің хаттамасын сот отырысының хатшысы жасайды не сот отырысының аудио–, бейнежазбасы жүргізілген кезде қысқаша хаттама жүргізіледі. Сонымен қатар АПК 281 бабы 3 бөлімінде көрсетілген жағдайларда апелляция сатысында; қарастырып жатқан іс бойынша, сотқа келген адамдар туралы, келмегендердің себептерін сотқа быяндайды (АПК 190 бабы 1бөлімі).

АПК 40 бабына сәйкес сот отырысына қатыса алмайды, егер ол:

1) Іске қатысушы адамдардың немесе олардың өкілдерінің біреуінің туысы болса;

2) істің нәтижесіне жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі не оның әділдігіне негізді күмән туғызатын өзге де мән–жайлар болса.

Сот отырысы хатшысының осы істі мұның алдында қаралған кезде қатысуы оларға қарсылық білдіруге негіз болып табылмайды.

Сот отырысы хатшысының өздігінен бас тартуы (қарсылық білдіруі) туралы мәселені істі қарайтын сот шешеді (АПК 42б. 6б.).

Сот приставы – мемлекеттік жұмыста тұратын, келесі мақсаттарды орындайтын, лауазымды тұлға: сот отырысы уақытында қоғамдық тәртіпті сақтайды; процесуалдық әрекеттерді орындауға сотқа көмектеседі; сот ғимаратын, судьяларды, сонымен қатар сотқа қатысушыларды, сот орындаушыларды, сот орындау әрекетіндегі қатысушыларды, осы әрекеттерді орындаған кезде қорғауын қамтамасыздандырады; сот орындаушылар сот құжаттарын мәжбүрлеп орындаған уақытында көмек береді (Сот пристав туралы заңының 2бабы 1 бөлімі 1 тармағы) [10].

Сот орындаушысы – 2010 жылғы 2 сәуірдегі №261–IV Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушысының

мәртебесі туралы» заңында көзделген, мемлекеттік сот орындаушысы және жеке сот орындаушысы, өзіне орындау құжаттарды, заңмен жүктелген функцияларды орындайтын тең алып тастауға құқығы бар мемлекеттік сот орындаушысы және жеке сот орындаушысы.

Жеке сот орындаушысы– жеке сот орындаушысы лауазымына жиырма бес жасқа толған, жоғары заңгерлік білімі бар, жеке сот орындаушысында кемінде бір жыл мерзімде үздіксіз тағылымдамадан өткен, біліктілік емтиханын тапсырған, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия алған (бұдан әрі – сот орындаушысының лицензиясы), "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңда белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушысы лауазымының бос орнына орналасуға конкурстан өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалады.

Мемлекеттік сот орындаушысы– Мемлекеттік сот орындаушысы мемлекеттік қызметші болып табылады.

Мемлекеттік сот орындаушысын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аумақтық органның басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Мемлекеттік сот орындаушыларының сандық құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 130 бабы 1 тармағы [11].

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54–бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізудегі бас тарту. Егер сот орындаушысы, аудармашы, маман атқарушылық іс жүргізудің нәтижесіне жеке өзі, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе өзге де мән–жайлар, атап айтқанда, тараптармен, олардың өкілдерімен әділдігі күмән туғызатындай туыстық қатынаста болатын мән–жайлар орын алса, олардың атқарушылық іс жүргізуге қатысуына болмайды және одан бас тартуға жатады.

Бас тартуға мән–жайлар болған жағдайда, осы баптың 1–тармағында аталған адамдар бас тартатынын мәлімдеуге міндетті. Бас тарту атқарушылық әрекеттер жасау басталғанға дейін дәлелденіп, жазбаша түрде мәлімделуге тиіс. Егер бас тартуға негіз туындаса және ол жөнінде атқарушылық әрекеттер жасау басталып кеткеннен кейін белгілі болса, оған орындау процесінде жол беріледі.

Мемлекеттік сот орындаушысынан бас тарту туралы мәселені аумақтық бөлім басшысы шешеді, бұл жөнінде тиісті дәлелді қаулы шығарылады.

Аудармашыдан немесе маманнан бас тарту туралы мәселені сот орындаушысы шешеді, бұл жөнінде аумақтық бөлім басшысы бекітетін тиісті дәлелді қаулы шығарылады [11].

Осы баптың 1–тармағында аталған негіздер болған жағдайда жеке сот орындаушысы атқарушылық құжатты өндіріп алушыға қайтарады, бұл туралы қаулы шығарады.

Сот орындаушысынан бас тартуға қарсылық білдіру туралы қаулыға белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін. Шағым жасалу немесе наразылық білдіру атқарушылық әрекеттер жүргізуді тоқтата тұрмайды.

2. Іске қатысушы тұлғалардың құрамы.

Іске қатысушы тұлғалардың құрамы АПК 43 бабында берілген: Тараптар; үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе осы Кодекстің 55 және 56–баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар; осы Кодекстің 302–бабында санамаланған сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі адамдар іске қатысатын адамдар деп танылады.

Іске қатысатын адамдардың құрамы тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар талаптарының, қарсылықтарының нысанасы мен негіздерінің және қолданылуға тиіс заңдардың мазмұнымен айқындалады.

3. Сот өкілдері.

Азаматтар өз істерін сотта өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Азаматтың іске өзінің қатысуы оның бұл іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды. Ұйымдардың ісін сотта оларға заңмен, өзге нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттармен берілген өкілеттіктердің шегінде іс–әрекет жасайтын олардың органдары және тиісті өкілеттіктер берілген олардың өкілдері жүргізеді. Заңды тұлғалардың басшылары сотқа олардың қызметтік жағдайын немесе өкілеттіктерін куәландыратын құжаттар береді. Заңды тұлғаның орган тиісті өкілеттік берілген басқа өкілдермен бірге іске қатыса алады. Сенімхатқа, заңдарға, сот шешімдеріне не әкімшілік актісіне негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше ресімделген өкілеттігі бар әрекетке қабілетті кез келген адам сотта өкіл бола алады.

Сотта өкілдік ету дегеніміз – басқа тұлғаның мүддесіне және оның атынан бір тұлғамен процессуалдық іс–әрекеттер жасау.

Сотта өкілдік ету – басқа тұлғаның мүддесіне және оның атынан (өкілдік берушінің) өзіне берілген өкілеттігі шегінде процессуалдық әрекеттер жасайтын бір тұлға (сотта өкіл етуші), оның себебі өкілдік берушінің сәйкестік құқықтар мен міндеттері туындайды.

4. Сот әділдігін жүзеге асыруға көмектесетін адамдар.

Осы топқа келесі адамдар кіреді: куәлар (АПК 81 бап), сарапшылар (АПК 91 бап), аудармашылар, мамандар (АПК 77 бап), мүлікті сақтайтындар, айғақшылар және т.б.

3. Азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында іс жүргізушілік қатынастардың жалпы және арнайы объектісі болады.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың жалпы объектісіне барлық азаматтық істер үшін істің сипаты мен түріне қарамастан даудың материалдық көрінісі, істегі тараптардың мүддесі, яғни соттың қорғауға, талқылауға және шешуге тиісті сол дауы жатады. Бірақ процесте «сот – талап етуші», «сот – куәгер» және басқа да көптеген қарапайым құқықтық қатынастар туындайтындықтан, әрбір нақты құқықтық қарым–қатынастың объектісіне қол жеткізген нәтиже жатады. «Сот – сарапшы» қарым–қатынасының объектісіне сараптама жүргізудің нәтижесінде алынған нәтижелер жатады.

Іс жүргізудегі құқықтық қарым–қатынастардың арнайы объектісі – бұл белгілі бір іс жүргізушілік құқықтық қарым–қатынасты жүзеге асыру барысында алынған нәтиже. Мысалы, куәгерден маңызды айғақтық мәні бар мәліметтер алумен байланысты сот пен куәгердің арасында туындаған құқықтық қарым–қатынастар. Өзге жағдайда арыздағы қойылатын талап пен оның негізгі туралы іс бойынша түсініктеме алумен байланысты сот пен талап етушінің арасында туындаған іс жүргізушілік құқықтық қарым–қатынастардың объектісіне арнайы білімге негізделген іс үшін маңызды жаңа деректер туралы қорытынды да жатады.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың мазмұны субъективтік қатынастардың процессуалдық құқықтары мен міндеттері, оны жүзеге асыратын процессуалдық әрекеттер болып табылады.

АПК 46–бабына сәйкес іске қатысатын адамдардың құқықтары мен міндеттері:

Іске қатысатын адамдардың іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысатын басқа да тұлғаларға, куәларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтінішхаттар, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, татуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінішхаттар беруге; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысатын басқа да адамдардың өтінішхаттары мен дәлелдеріне қарсы болуға; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыларына шағым жасауға; Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасында берілген басқа да процестік құқықтарды пайдалануға құқығы бар. Олар басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбай, олардың мүдделерін бұзбай, өздеріне тиесілі барлық процестік құқықтарды адал пайдалануға тиіс және істерді қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созып жіберуге жол бермеуге тиіс.

Іске қатысатын адамдар істің нақтылы мән–жайлары туралы сотқа толық әрі шынайы түрде мәлімдеуге, сөз сөйлеуге немесе сотқа екінші тарап

растаған фактілерді теріске шығаратын жазбаша құжаттар ұсынуға міндетті. Іске қатысатын адамдардың процестік міндеттерін орындамауы процестік салдардың туындауына әкеп соғады.

Корпоративтік дауға қатысатын тараптар бір-бірінен іс үшін маңызы бар құжаттарды әрбір нақты құжатты көрсетпестен сұратуға құқылы.

Тараптар мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттарды бір-бірінен сұрата алмайды.

АПК 46-бабы бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген әрекеттер жазбаша нысандағы не электрондық құжат нысанындағы арыздар мен өтінішхаттарды, құжаттарды беру арқылы жасалуы мүмкін.

Іске қатысатын адамдар мен олардың өкілдері іс бойынша іс жүргізу кезінде тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) ауысқан, мекенжайы, ұялы байланысының абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы өзгерген жағдайда бұл туралы сотқа хабарлауға міндетті. Мұндай хабар болмаған кезде шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау, шақыру сотқа белгілі соңғы деректер бойынша жіберіледі және адресат бұл мекенжай бойынша енді тұрмаса да немесе болмаса да, ұялы байланыстың осы абоненттік нөмірін немесе электрондық мекенжайды пайдаланбаса да жеткізілген болып есептеледі. Мұндай хабарлау тиісінше хабарлау болып табылады.

Куәнің процессуалдық құқықтары мен міндеттері АПК 81-бабында көрсетілген. Куә ретінде шақырылған тұлға, белгілі уақытта сотқа келіп шындығын айтуға міндетті.

Куәның сотқа шақырылуына байланысты шығыстарды өтеттіруге және уақытын жоғалтуына байланысты ақшалай өтемақы алуға құқығы бар. Шығыстар мен өтемақылардың мөлшері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалады.

Сарапшының процессуалдық құқықтары мен міндеттері АПК 91 бабында көрсетілген.

Сарапшының сараптама объектісіне жататын іс материалдарымен танысуға; сарапшылық зерттеу үшін өзіне қажетті қосымша материалдарды беру туралы өтінішхатты мәлімдеуге; процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырысына қатысуға, соттың рұқсатымен оларға қатысатын адамдарға сарапшылық зерттеу объектісіне қатысты сұрақтар қоюға; өзі қатысқан жеке процестік әрекеттің хаттамасымен, сондай-ақ сот отырысы хаттамасының тиісті бөлігімен танысуға және жүргізілген әрекеттер мен алынған нәтижелердің толық және дұрыс тіркелуіне қатысты хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасауға; сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, маңызы бар мән-жайлар бойынша қорытынды беруге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; сараптаманы жүргізу кезінде адамдардың процестік құқықтарын бұзатын әрекеттеріне шағым жасауға; сараптаманы жүргізу кезінде жұмсалған шығыстардың өтемін алуға; егер сот сараптамасын жүргізу өзінің

лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Сарапшы құқылы емес: Сарапшы соттан бөлек, іске қатысатын адамдармен сараптаманы жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге; сараптамалық зерттеу үшін материалдарды өз бетінше жинауға; егер сараптама тағайындаған соттың бұған арнайы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішінара жоюға, олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеліп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге құқылы емес.

Сарапшы міндетті: Сарапшы соттың шақыруы бойынша келуге; өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген жазбаша қорытынды беруге; осы Кодекстің 93-бабында көзделген жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға және қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы уәжді жазбаша хабар жасақтауға және оны сотқа жіберуге; жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге; зерттеліп жатқан объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге; істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Маманның процессуалдық құқықтары мен міндеттері. АПК 99 бабында көрсетілген. Дәлелдемелер іс үшін маңызы бар және іске қатыстылығы мен оған жол берілетіндігі өлшем шарттарына сай келетін аудио, бейнежазбаларды, оның ішінде байқау немесе тіркеу аспаптарымен алынған аудио-, бейнежазбаларды, фотоға және киноға түсіру материалдарын қамтитын ақпараттың материалдық жеткізгіштері мен электрондық және цифрлық жеткізгіштердегі басқа да материалдар ұсынылуы мүмкін.

Дәлелдемелерді материалдық жеткізгіштерде ұсынған немесе оларды талап етіп алдыру үшін жәрдем көрсету туралы өтінішхатты мәлімдеген адам жазбаларды қашан, кімнің, қандай жағдайда жазғанын және олар қандай мән-жайларда жүзеге асырылғанын көрсетуге міндетті.

Маманның міндеттері: соттың шақыруы бойынша келуге; арнаулы білімді, дағдылар мен ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге және сот ісін қарауға қатысуға; консультациялар беруге, өзі орындаған әрекеттер бойынша түсініктемелер беруге құқылы.

1. Азаматтық іс жүргізудегі тараптар.

2. Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар.

3. Азаматтық сот ісіне прокурордың қатысуы.

1. Тараптар – азаматтық іс жүргізудің негізгі қатысушылары. Олардың арасында пайда болған азаматтық құқық жөніндегі дау сот қарауы мен шешуінің нысанасы болады. Іс жүргізуде тараптарды сипаттайтын айрықша белгілер:

- материалды-құқықтық және іс жүргізу мүдделерінің қарама – қайшылығы;
- заң күшіне енген сот шешімінің зардаптарының толық мәнәнде таратылуы;
- іс бойынша сот шығындарын өтеу.

АПК 47 –бабына сәйкес талап қоюшы мен жауапкер азаматтық процесте тараптар болып табылады [12, 42].

Өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап талап қою берген немесе АПК көзделген тәртіппен өзге де тұлғалар оларды қорғап талап қою берген азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар болып табылады.

Өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып табылады.

Заңда көзделген жағдайларда, заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар да тараптар болуы мүмкін.

Басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін заң бойынша сотқа жүгінуге құқығы бар тұлғалардың арызы бойынша өз мүддесінде іс басталған тұлғаға сот туындаған процесс туралы хабарлайды және ол оған талап қоюшы ретінде қатысады.

Азаматтық процесте мемлекет тарап болуы мүмкін.

Тараптар процестік құқықтарын тең иеленеді және олардың бірдей процестік міндеттері болады (АПК 47 бабы). Бірақ тараптар, азаматтық-құқықтық дау субъектілері ретінде талап қою және оны даулау қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тек оларға ғана тиесілі процесуалды құқықтар мен міндеттерге ие. АПК 48–бабына сәйкес, талап қоюшы талаптың негіздемесін немесе нысанасын өзгертуге, талап қою талабының мөлшерін ұлғайтуға не азайтуға немесе талап қоюдан бас тартуға құқылы. Талаптың негіздемесін немесе нысанасын өзгертуге, талап қою талабының мөлшерін ұлғайтуға не азайтуға немесе талап қоюдан бас тарту жазбаша арыз беру жолымен жүзеге асырылады және бірінші сатыдағы сот шешімінің қабылдауына дейін мүмкін болады.

Жауап беруші талап қоюды толық не жартылай тануына құқылы, бұл жөнінде одан қолхат алынады.

Талап қоюдың негізін немесе нысанасын өзгерту, талап қоюдан бас тарту, талап қоюды тану, татуласу келісімі, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім.

Азаматтық процесте мемлекет тарап болуы мүмкін.

Тараптар процестік құқықтарын тең иеленеді және олардың бірдей процестік міндеттері болады (АПК 47 бабы).

Тараптар істі бітімгершілік келісіммен аяқтауы мүмкін, келісімге тараптармен қол қойылады және ол сотпен бекітіледі.

Соттың өзінің бастамасымен талап қоюдың нысанасы мен негізін өзгертуге құқығы жоқ. Сот талап етушінің талап қоюдан бас тартуын, егер бұл әрекеттер заңға қайшы болса немесе біреудің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұзатын болса жауап берушінің талап қоюды тануын қабылдамайды және тараптардың бітімгершілік келісімін бекітпейді.

Азаматтық іс жүргізу заңы процесуалды мәртебелердің араласуына жол бермейді: іске қатысушы тек бір мәртебеге ие болуы керек. Екі процесуалды мәртебенің мүмкін болуының тек екі жағдайы бар:

1) егер жауап беруші талап қоюшыға қарсы талап арыз берсе және оны сот іс жүргізуіне алса, бұл негіз бойынша жауап беруші талап қоюшының жағдайында болады, ал талап қоюшы бір мезгілде осы істе жауап беруші де болады.

2) егер іске тең қатысушылар істі біреуіне тапсырса, осы уәкілетті тұлға бұл істе әрі тараптың бірі, әрі сот өкілі болады.

Іс жүргізуге бірлесе қатысу

АПК 49 бабына сәйкес талап қою арызын бірнеше талап етуші бірлесе немесе бірнеше жауап берушінің үстінен беруі мүмкін.

Іс жүргізуге тең қатысушылық – бұл бірден азаматтық процесте талап қоюшы не жауапкер жағында немесе екі тараптар жағынан бір–біріне мүдделері қайшы келмейтін тұлғалардың қатысуы. Іс жүргізуге тең қатысушылық мүмкін, егер:

1) даудың нысанасы бірнеше талап етушінің жалпы құқықтары мен міндеттері болса;

2) даудың нысанасы бірнеше жауапкердің жалпы құқықтары мен міндеттері болса;

3) Бірнеше талап етуші мен жауапкердің құқықтары мен міндеттерінің негізі бір болса.

Мысалы, жер телімінің иесі екі жеке жалға алушылармен, яғни екі тұлғамен бір жалға беру келісім–шартын жасасқан. Жалға беру мерзімінің өтуі бойынша, жалға алушылар жалға алған жерді босатқысы келмесе, меншік иесі екі жауапкердің үстінен талап арыз беруіне құқылы. Бұл

жағдайда сот бір нысана бойынша, бір негіз бойынша, бірақ екі түрлі тұлғаға қарсы берілген талап арызды қарастырады. Осы мысалда келтірілген жалдаушылар, егер меншік иесі жалға беру мерзімінің аяқталуына дейін басқа тұлғамен жалға беру келісім–шартын жасаса, талап қоюдың бастамашылары болуы мүмкін. Талап қоюшы–жалдаушылар өздерінің бірлесе берген талап арыздарында олардың құқықтарын бұзатын келісім–шартты жарамсыз деп тану туралы мәселені қоюларына құқықты.

АПК 50–бабына сәйкес, талап қоюшы мен жауапкердің әрқайсысы басқа тарапқа қатысты іске жеке өзі жүргізеді. Осы бапқа сәйкес, тараптар істің жүргізілуін тең талап қоюшылардың не тең жауапкердің біріне тапсыруына болады.

Іске тең қатысушылықты екіге бөліп қарауға болады:

1) тараптардың қайсысында тұлғалардың көптігі байқалғанына қарай, белсенді (бірнеше талап етуші және бір жауапкер), селқос (бір талап етуші және бірнеше жауапкер) және аралас (екі тарапта да бірнеше тұлғалар).

2) Барлық қатысушылардың қатысуынсыз істі қарау мүмкін немесе мүмкін емес болуына қарай міндетті және факультативті (міндетті емес). Міндетті бірлесу дауды сотқа өз талаптарын мәлімдеген барлық талап етушілер мен жауапкерлердің қатысуынсыз шешу мүмкін емес жағдайда болады. Факультативті бірлесу тек қойлған талапты дұрыс, өз уақытында қарап, шешуге ықпал ететін жағдайда болуы мүмкін.

Іске тең қатысушылықтың негізгі мақсаты– істе уақытты үнемдеу. Бір іс жүргізуге бірнеше тұлғалардың талап етуші немесе жауапкер ретінде бірлесуі арқылы жетуге болады:

- сот ісін жеңілдету және жеделдету;
- сот үшін және тараптар үшін жұмысты жеңілдету (дәлелдеу материалдарының бір іске жинақталуы);
- сот шығындарының азаюы.

Бұдан басқа, бұл жол арқылы бір–біріне қайшы келетін шешімдер қабылдауының алды алынады.

Тиісті емес жауап берушіні ауыстыру.

Талап қою арызын беруші барлық уақытта өзіне тиесілі құқықты нақты білмеуі, барлық мй–эн–жайлар оған беймәлім болуы мүмкін болғандықтан, істі қарау барысында тиісті емес жауап берушіні ауыстыру қажеттігі туындауы мүмкін. Сонымен бірге арызданушы дауласып отырғанына, сондай–ақ жауап берушіні таңдауда қателесуі мүмкін. Сондықтан арыз бере отырып, талап етуші сотқа тек өзінің ғана тиісті талап етуші екендігі, ал жауапқа тартылушы тиісті жауап беруші екендігі туралы нақты мәліметтерді беруі тиіс. Тиісті емес талап етуші тиісті емес жауапкердің үстінен талап қою арызын жазған жағдайда сот арызды қарасыз қалдыруы мүмкін.

АПК 50 –бабына сәйкес бірінші сатыдағы сотта істі дайындау немесе қарау кезінде сот талап қою арызы бойынша жауап берушінің бұл арызға қатысының жоқтығын анықтаса, істі тоқтатпай, талап етушінің өтініші

бойынша тиісті емес жауап берушіні тиісті жауап берушімен ауыстыра алатын тәртіп қарастырылған. Тиісті емес жауап берушіні ауыстырғаннан кейін істі дайындау мен талқылау қайта басталады.

Егер талап етуші тиісті емес жауап берушіні ауыстыруға қарсы болса, онда сот ұсынылған арыз бойынша істі талқылайды.

Іс жүргізу құқық мирасқорлығы

Нақты іс жүргізу барысында даулы істің немесе сот анықтаған материалды-құқықтық қарым – қатынастың бір субъектісінің процестен шығып кетуіне байланысты (азаматтың өлімі, заңды тұлғаның таратылуы, қарыздың аударуы, міндеттемеде қарыз берушіні ауыстыру) тарап немесе үшінші жақ болып табылатын тұлға ауыстырылуы мүмкін. Іс жүргізу құқықтық мирасқорлығы – бұл даулы не сот шешімімен анықталатын құқықтық қатынасының іс жүргізуінен жақтардың біреуінің шығуына байланысты істе тарап немесе үшінші тұлға деп танылатын тұлғаны ауыстыру. Іс жүргізуге құқық мирасқорлығы (Қазақстан Республикасы АПК 53 бабы) материалдық заң бұндай мүмкіндікке жол беретін болса ғана мүмкін болады. Мирасқорлықты жалпы (барлық құқықтар мен міндеттердің ауысуы) және сингулярлы (бір құқықтың немесе бір міндеттің ауысуы) деп қарастырады. Құқық мирасқорлығы талап етушінің рұқсатымен, процестің кез келген сатысында мүмкін болады.

2. Құқық туралы дауды шешу кезінде тараптармен бірге басқа да тұлғалардың материалдық-құқықтық мүдделері қозғалуы мүмкін. Басқа тұлғалардың мүдделері де талап етуші мен жауапкердің материалдық-құқықтық мүдделерімен қатар қорғалуға жатады. Осы тұлғалардың мүдделерін қорғау мақсатында заң оларға тараптар арасындағы дауға қатысу құқығын береді. Тараптарға қатысты олар үшінші тұлға болып есептеледі. Сонымен, процеске азаматтық істің аяқталуына материалдық-құқықтық мүдделері бар үш тұлға қатысады.

Үшінші тұлғалар – өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін басталып кеткен азаматтық процеске қатысатын және тараптардың құқықтары мен мүдделерімен сәйкес келмейтін тұлғалар.

Үшінші тұлғалар іске қатысушы тұлғалардың құрамына кіреді (АПК 47 бабы). Іске қатысушы тұлғаларды сипаттайтын белгілер:

- істің аяқталуына заңды мүддесі бар;
- іске өз атынан қатысады;
- істің пайда болуына, өзгертілуіне және тоқтатылуына ықпал ететін әрекеттер жасайды;
- іс бойынша істі тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің немесе ұйғарымының заңды күшінің тікелей әсеріне тап болады.

Үшінші тұлғалар іске қатысушы барлық тұлғаларда бар процесуалды құқықтар мен міндеттер кешеніне ие (АПК 46 бабы).

Азаматтық істе үшінші тұлғалар институтын заңда бекітудің мақсаттары:

- істе талап болып есептелмейтін, бірақ істің аяқталуына материалдық-құқықтық мүддесі бар субъектілердің соттық қорғалуын қамтамасыз ету;

- іс жүргізудегі үнемдеуге қол жеткізу (сотпен бір мезгілде екі талап арыз шешіледі: талап етушінің талап арызы, үшінші тұлғалардың талап арызы.).

- өзара байланысты талаптар бойынша бір-біріне қайшы келетін шешімдердің қабылдауына жол бермеу.

Азаматтық істе үшінші тұлғалар екі түрі бар:

- даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар;

- даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар.

АПК 51 бабына сәйкес даудың нысанасына дербес мәлімдейтін үшінші тұлғалар бірінші сатыдағы соттың шешімі шыққанға дейін бір немесе екі талапқа талап қоя отырып процеске енуі мүмкін. Даудың нысанасы бірнеше талап етушінің жалпы құқықтары мен міндеттері болса;

Мысалы, мүлік жөніндегі азаматтық даудың талаптары ретінде мұрагерлер бола алады. Істі сотта қарау кезінде мұрагерлік мүлікке басқа тұлға үміткер бар екендігі анықталуы мүмкін және оның заң бойынша немесе мұра бойынша мұрагерлер қатарына кіруі міндетті емес. Бұл тұлға азаматтық істе дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін тұлға ретінде қатысады және талап етуші мен жауапкермен қатар өзінің мүлікке құқықтарын негіздейтін болады.

Негізінде, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғаларды талап қоюшыларға жатқызуға болады, сондықтан олар талап қоюшының барлық құқықтарын пайдаланады және барлық міндеттерін орындайды. Осы үшінші тұлғалардың талап қоюшыдан бір ғана айырмашылығы бар—бұл процеске кіру кезеңі.

Іске дау нысанасына өздерінің дербес талаптарын мәлімдейтін тұлғалардың қатысу жағдайында сот екі талап арызды: талап етушінің талап арызын, үшінші тұлғаның талап арызын қарастырады.

Сот қарауы мен шешілуінің нысанасы болып құқық жөніндегі екі дау табылады (екі даулы материалдық құқықтық қатынастар).

Сонымен, дау нысанасына өзінің дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар құқық туралы даудың субъектісі болып есептеледі.

Үшінші тұлғаның іске қатысуының негізі болып оның талаптары мен талап етушінің талаптарының құқық туралы даудың бір объектісіне бағыттылығы болып табылады. Құқық туралы екі талап бір мүлік, бір әрекетке қатысты.

Екі талаптың негізі болады:

1) ұқсас (мысалы, сотта екі тұлғаның — мұра берушінің екінші некеден туған балаларының арасындағы мұраға құқықтары туралы дау бойынша іс

қозғалды; басталған іске үшінші тұлға ретінде бірінші некеден туған бала кіруі мүмкін);

2) жартылай ұқсас (мысалы, соттың қарауында заң бойынша екі мұрагер –мұра берушінің екі баласы арасындағы мұраға құқық жөніндегі дау; сол мұрагерлік мүліктің бөлігі жөнінде іске үшінші мұрагер –мұра берушінің бағуында болған тұлға кіреді.);

3) әр түрлі (мысалы, тұрғын үйді бөлу туралы екі жалдаушының арасындағы іске үшінші тұлға – тұрғын үйдің иесі кіреді, оның талаптары– аталған тұрғын үйге құқықтарының жоғалтуына байланысты оларды үйден шығару).

Бірақ барлық жағдайларда да талап етуші мен үшінші тұлғаның талаптары құқық туралы даудың бір объектісі жөнінде пайда болады.

Үшінші тұлғалар талаптарын мыналарға қояды:

- екі тараптарға қарсы;
- жауапкерге;
- тек талап етушіге.

Үшінші тұлғалар мен іске тең талап етушілердің айырмашылығы – үшінші тұлға мен талап етуші (іске тең талап етушілердің) арасында іс бойынша ортақ құқықтық мүдде жоқ, одан басқа олардың материалдық – құқықтық мүдделері мүлде қарама–қарсы болып келеді. Үшінші тұлға мен талап етуші бірін–бірі жоққа шығаратын мүдделер иесі болып келеді, талап етушінің талаптарының қанағаттандырылуы үшінші тұлғаның талаптарының қанағаттандырылмауына әкеледі.

АПК 52 бабына сәйкес дау нысанасына өзінің дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар іске талап етушінің немесе жауапкердің жағында кіруі мүмкін. Бұлар іске соттың бірінші сатысындағы шешімі қабылданғанға дейін кірісе алады және ол соттың ұйғарымымен белгіленеді.

Олардың іске өз бастамасымен енуінің себебі – іс бойынша қабылданатын шешім тараптардың біреуі не қатысы өздерінің құқықтары мен міндеттеріне әсер етуі мүмкін болуы. Одан басқа, олар іске тараптардың немесе іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініші бойынша және соттың бастамасы бойынша кірісе алады. Оларды сот бастамасымен іске тартылуы соттың олардың сотқа қатысқысы келмеуін ескермейтінін білдіреді. Сот сонымен қатар үшінші тұлғаның іске кіруіне қарсылық ұйғарым шығара алады немесе тараптардың үшінші тұлғаның процеске кіруі туралы өтінішін қанағаттандырмауға құқылы. Бұндай шешімді сот істе үшінші тұлғаның қатысуының негізі жоқ болған кезде қабылдайды. Дау нысанасына өзінің дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалардың осы ерекшелігі оларды өздерінің талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалардан айырады. Мысалы, азаматша А. заңды өкіл ретінде азамат Б–ға екінші некеден туылған кәмелетке толмаған ұлына алимент өндіру туралы талап арыз қояды. Азамат Б. бірінші некеден туған қызына алимент төлейді. Аталған тұлғалардың істегі процесуалды жағдайы мынадай: ұлы – сотта мүддесін

зынды өкілі – анасы қорғайтын талап қоюшы, азамат Б. –жауапкер, қызы – сотта мүдделерін заңды өкілі қорғайтын үшінші тұлға.

Іске үшінші тұлғаның кіру негізі болатын келесі мән–жайлар:

1. үшінші тұлға мен тараптардың бірінің арасында сотпен қаралмайтын, ешкіммен дауланбайтын материалдық құқық қатынастарының болуы;

2. аталған материалдық құқық қатынастарының тараптар арасындағы құқық қатынастарымен өзара байланысы;

Даудың нысанасына өзінің дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғаларды іске тең қатысушылардан (іске тең талап қоюшылар мен іске тең жауапкерлерден) айыратын келесі сипаттамалар:

1. құқық туралы даудың (даулы материалдық құқық қатынастарының) субъектісі болмайды;

2. талап қоюшыға немесе жауапкерге қандай да бір талап қоймайды;

3. істегі тараптардың бірімен ғана (тарап қоюшымен немесе жауапкермен) материалдық– құқықтық байланыста болады.

Дау нысанасына өздерінің талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар процесуалды құқықтармен пайдаланады және процесуалды міндеттерді орындайды, бірақ олардың талап негізі мен нысанасын өзгертуге, талап қою құнының мөлшерін көбейтуге не азайтуға құқықтары жоқ.

Одан басқа олар талап қоюдан бас тарта алмайды (талаптан бас тарта алмайды,себебі олар талап қоймайды) немесе оны тани алмайды (өздері қоймаған талаптарды тану мүмкін емес). Сонымен қатар олар бейбітшілік келісім жасай алмайды. Олардың қарсы талап арыз беруіне жол берілмейді (алғашқы талап арыз олардың емес, жауап берушінің үстінен берілді), олардың сот шешімін мәжбүрлі түрде орындауды талап етуі заңмен қарастырылмаған.

3. Азаматтық іс жүргізу процесіне прокурордың қатысуына әділсотта заңдылықты қамтамасыз ету, сондай–ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, мекемелердің құқықтары мен мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау қажеттілігі негіз болып табылады.

Азаматтық іс жүргізудегі прокурордың процесуалды жағдайы Қазақстан Республикасы АПК, Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңында, ведомстволық актілермен (Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрықтарында) және өзге де нормативтік–құқықтық актілерді айқындалады [13].

АПК 54 бабына сәйкес азаматтық сот ісінде заңдардың дәл және біркелкі қолданылуын жоғарыдан қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей де, өзіне бағынатын прокурорлар арқылы да жүзеге асырады.

Сот ісінде заңдардың дәл және біркелкі қолданылуын жоғарыдан қадағалауды жүзеге асыру дегеніміз:

- біріншіден, тексеріс нәтижесінде сот актілерінің заңға сәйкес келмеуі немесе олардың дәлелсіздігі анықталған жағдайда прокурордың сот актілерге наразылық білдіру мүмкіндігі;

- сот актілерінің орындалуын тоқтату мүмкіндігі.

Прокурордың талған құқықтарының орындалуы азаматтық іс жүргізу заңнамаларының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл жерде ескеретін жайт: прокурордың наразылық білдіруі прокурордың сот актілерін заңға сәйкес емес екендігі туралы пікірінің көрінісі болып табылады да, олардың заңға сәйкес болуы мен дәлелділігін тексеруді жоғары тұрған сот инстанциялары жүзеге асырады.

Прокурордың наразылығы сот актілерін қайта қарау бойынша сот қызметін қозғау құралының бірі ретінде қарастырылады.

АПК 54 бабы 2 бөліміне сәйкес азаматтық іс жүргізуде прокурордың қатысуы заңмен қарастырылған жағдайларда немесе сот нақты іске прокурор қатысу қажет деп таныған жағдайларда, сондай-ақ мемлекет мүддесін қозғайтын, жұмысқа қайта қабылдау, жалақыны өндіру, азаматты басқа баспана бермей баспанадан шығару, өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өндіру туралы прокурордың бастамасымен қозғалған істер бойынша міндетті болып табылады.

Қолданыстағы іс жүргізу заңдылықтары азаматтық іс жүргізуге прокурордың қатысуының екі түрін бекіткен:

1) сотқа талап арыз, арыз беру арқылы;

2) басқа тұлғалардың бастамасы бойынша басталған процеске ену.

Прокурордың аталған өкілеттіктері қарауға тағайындалған барлық істер туралы соттың уақытында хабарлауы арқылы қамтамасыз етіледі.

Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы талап қоюмен, арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Талап етушінің (арызданушының) сот бойынша өз құқықтарын өз бетімен қорғай алмайтын жағдайларына келесі мысалдарды келтіруге болады:

1) пәтерді жалдаушы тұлғалар меншік иесінің сырқатты (дәрменсіз) жағдайын пайдаланып, оны пәтерден кетуіне мәжбүр етеді. Меншік иесінің бұзылған құқықтарын қорғау туралы прокурорға өтініш жасауы дәлелді себеп болып танылады (прокурор баспанадан шығару туралы талап арыз бере алады).

2) Жауапкершілігі жоқ тұлғалар меншік иесін баспанадан бас тарту келісім-шартына қол қойдыртып, алдау жолымен азаматтың мүлкін тартып алады. Бұндай жағдайлар жылжымайтын мүлік нарығында жиі кездеседі (прокурор келісімді жарамсыз деп тану туралы талап арыз бере алады).

3) Ата-анасының өлімінен кейін балалар үйіне орналастырылған бала кәмелеттік жасқа жеткеннен кейін ата-анасының үйіне қайтып келеді. Бұл

кезде үйде заңды негіздері жоқ басқа тұлғалар тұрып жатады (прокурор заңсыз тұрып жатқан тұлғаларды үйден шығару туралы талап арыз бере алады).

4) Жұмысшы қызметтік міндеттерін орындау кезінде өндірісте қайтыс болады. Жұмысшының өлімі мекеме басшыларының қауіпсіздік ережелеріне немқұрайлы қарағанының нәтижесінде болады. Жұмысшы кәмелеттік жасқа толмаған балалардың жалғыз ата-анасы(асыраушысы) болған. (прокурор асыраушысының өлімінен келген зиянды өтеу туралы талап арыз бере алады).

Әлеуметтік саладағы тұлғалардың еңбек, тұрғын үй және өзге де құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ әрекеті қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі тұлғалардың арыз мен өтінішіне қарамастан талап қоя алады.

Егер талап етуші прокурор қойған талаптарды қолдамаған жағдайда, үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері қозғалмаса, сот талапты(арызды) қараусыз қалдырады.

Талап қою берген прокурор барлық процестік құқықтарын пайдаланады, сондай-ақ татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу құқығынан басқа, талап қоюшының барлық процестік міндеттерін атқарады. Прокурордың басқа тұлғаның мүдделерін қорғау үшін берілген талап қоюдан (арыздан) бас тартуы осы тұлғаны ол «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) талаптарына сәйкес мемлекеттік бажды төлегеннен кейін істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды.

«Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер» Қазақстан Республикасы кодексіне сәйкес (541 бабы 15 тармағы) прокурор барлық талап арыздар бойынша мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылады [14].

Соттың қарауындағы дау бойынша прокуратура органдарының мүдделерін талап етуші немесе жауапкер ретінде қорғайтын прокурор тараптың процесуалды құқықтары мен міндеттерін пайдаланады.

Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді орындау және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында іс бойынша қорытынды жасау үшін өз бастамасы немесе сот бастамасы бойынша процеске қатысуға құқылы (АПК 54бабы 2 бөлімі).

Прокурордың сот ісіне қорытынды жасау үшін қатысуы келесі жағдайларда міндетті:

1) заңмен көзделген жағдайда (АПК 54 бабы 2 бөлімі) бұндай жағдай келесі санаттағы істерді қарау кезінде көзделеді: азаматтың нормативтік-құқықтық актілердің заңға сәйкестігін даулау туралы (АПК 300 б.2 б.); азаматты хабар-ошарсыз кетті деп немесе өлді деп тану туралы (АПК 320

б.)[2]; ата-ана құқығынан айыру туралы («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексі 76 б.2т.); ата-ана құқығын шектеу («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексі 79 б.4т.); ұл баланы не қыз баланы асырап алуға жол бермеу («Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексі 107 б.4т.) [15];

2) прокурордың қатысуын сот қажет деп таныған жағдайда (АПК 54 б.2 б.) Істе прокурордың қатысу қажеттігі туралы сот ұйғарым шығарады және істің қаралу мерзімі мен орны туралы хабарлап оны прокурорға жібереді.

3) Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры немесе жоғары тұрған прокурор нақты істі қарауда прокурордың қатысуының қажет екендігіне нұсқау берген жағдайда.

Прокурор сот қарауының барысында пайда болатын белгілі бір сұрақтар бойынша және жалпы істің мәні бойынша қорытынды жасай алады.

Сот прокурордың іс бойынша қорытындысын дәлелсіз немесе заңсыз деп таныса, онымен келіспеуі мүмкін.

№ 4 тақырып «Сотта өкілдік ету. Азаматтық процестегі іс жүргізу мерзімдері және сот шығындары».

- 1. Сотта өкілдік ету.**
- 2. Процестік мерзімдер.**
- 3. Сот шығындары.**

1. Соттағы өкілдік – істі қарау және шешуге байланысты туындаған сот пен өкіл, сондай-ақ өкілдік беруші мен өкіл арасындағы қатынастарды реттейтін азаматтық іс жүргізу құқығының институты. Сонымен, аталған институт іс жүргізу қатынастарының екі түрін қарастырады:

- біріншісі сот пен өкіл арасында пайда болады;
- екіншісі соттан тыс және өкілдік беруші (мыс., талап қоюшы) мен өкіл (мыс, адвокат) арасында пайда болады.

Соттағы өкілдіктің мақсаты:

- өкілдік беруші тұлғаның мүддесін сотта қорғау;
- өкілдік беріші тұлғаға оның іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыруға және іс жүргізу міндеттерін орындауға көмек көрсету;
- істің дұрыс шешілуіне сотқа жағдайлар туғызады.

Соттағы өкілдік АПК–ң жеке бөлімі 6 бөлімімен реттеледі – онда өкілдіктің негіздері мен түрлері, өкілдік субъектілерінің айналасы, өкіл бола алмайтын тұлғалар, өкілдің өкілеттілігі мен оның өкілеттілігін рәсімдеу тәртібі көрсетілген.

АПК 57 бабы 1–бөліміне сәйкес, азаматтар соттағы өз істерін жеке өздері немесе өкілдер арқылы жүргізуге құқылы. Алайда, сот тәжірибесінде әкелікті анықтау, ата–ана құқығынан айыру, абыройы мен намысын қорғау, жұмысқа қайта қабылдау туралы істер бойынша тараптардың келуі міндетті; алименттерді өндіру жөніндегі істер бойынша жауап берушінің келуі міндетті болып табылады. Азаматтың іске жеке өзінің қатысуы оны осы іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды.

Заңды тұлғалардың істерін сотта өздеріне заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттарымен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін олардың басшылары және (немесе) олардың өкілдері жүргізеді. Заңды тұлғаның басшысы сотқа өзінің қызмет бабын немесе өкілеттігін куәландыратын құжаттарды ұсынады (АПК 57 бабы 2–бөлімі)

Істі өкілдер арқылы жүргізу үш себепке байланысты болады:

- мүдделі тұлғаның сот ісіне қатысуына кедергі болатын мән–жайлар;
- мүдделі тұлғаның заңды мамандырылған көмек алу қажеттігі;
- мүдделі тұлғаның іс–әрекетке толқтай қабілетсіздігі.

Сотта өкіл етуші (азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының жеке субъектісі) – өкілдік берушінің мүддесіне және оның атынан өзіне

берілген өкілеттігі шегінде процесуалдық әрекеттер жасайтын әрекет қабілеттігі бар жеке тұлға.

Сенімхатқа, заңдарға, сот шешімдеріне не әкімшілік актісіне негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше рәсімделген өкілеттігі бар әрекетке қабілетті кез келген адам сотта өкіл бола алады (АПК 57 бабы 2 бөлімі.).

Сот өкілі келесі белгілермен сипатталады:

1. оның процесуалды құқықтары мен міндеттерінің көлемі өкіл беруші тұлғаның еркіне байланысты. Бұл жерде заңды және жарғы бойынша өкілдерден басқасы туралы айтылған. Заңды және жарғы бойынша өкілдердің өкілеттігі заңмен, жарғымен,ережемен және өзге де құрылтай құжатымен белгіленеді;

2. сот ісінде ол өзінің емес, өкіл беруші тұлғаның процесуалды міндеттері мен құқықтарын жүзеге асырады;

3. процесте ол өкіл беруші тұлғаның атынан және соның мүддесі үшін әрекет етеді;

4. оның процесуалды әрекеттерінің нәтижесінде өкіл берушінің процесуалды құқықтары мен процесуалды міндеттері пайда болады және тоқтатылады.

Сот өкілі құқық туралы даудың субъектісі болмағандықтан, оған заңды күшіне енген сот шешімінің материалдық–құқықтық салдарлары таратылмайды және ол сот шығындарын өтеуге қатыспайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығында өкілдіктің екі нұсқасын атайды:

- тапсыру бойынша өкілдік (АПК 58 б.)
- сотта заңды өкілдердің қатысуы (АПК 62 бап және 325 бап)

АПК 58–бабына сәйкес соттың тапсыруы бойынша сотта өкіл бола алатын тұлғалар:

1. қорғаушылар (адвокаттар);

2. заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалардың жұмыскерлері, ал мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің істері бойынша – осы мемлекеттік органдардың жұмыскерлері. Заңды тұлға органымен өкілдік берілген кез келген жұмысшысы (заңгер, коллегиялық орган мүшесі, бухгалтер, кадрлар бөлімінің қызметкері және т.б.) сотта заңды тұлғаның мүддесін қорғауға және оның ісін жүргізуге құқылы;

3. кәсіби одақтардың өкілеттіктері – жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы одақтар жүзеге асыратын өзге тұлғалардың істері бойынша;

4. осы мекемелердің құқықтары мен мүддесін қорғау құқығы заңмен, жарғымен немесе ережемен берілген өкілетті органдар, сондай-ақ басқа да адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті өкілдері. Жарғы мақсаттарын жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгілеген тәртіппен өздерінің мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауға құқылы («Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның 19 бабы);

5. басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі;

6. іске қатысатын адамдардың өтініші бойынша сот рұқсат еткен, жоғары заң білімі бар басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады. Көп жағдайда өкіл ретінде адвокаттар коллегиясының мүшелігіне жатпайтын туыстар, таныстар және өзге де тұлғалар болады. Бұндай тұлғалардың өкілдігі ақысыз негізде жүзеге асады. Өкілдің іске қатысу туралы арызы сотпен қаралады. Сот бұл өтінішті қанағаттандыруына немесе қағаттандырмауына құқылы, бұл соттың тиісті ұйғарым шығаруы арқылы жазбаша рәсімделеді.

АПК 62 бабы бойынша заңды өкілдер әрекетке қабілетсіз азаматтардың, кәмелетке толмағандардың және сот тәртібімен әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта олардың ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, патронат тәрбиешілері немесе оларды алмастыратын басқа да тұлғалар қорғайды, олар сотқа өздерінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылған азамат қатысуға тиісті сот ісіне оның өкілі ретінде хабар-ошарсыз кеткен адамның мүлкін қамқорлыққа алған тұлға қатысады.

Қайтыс болған немесе қайтыс болды деп заңда белгіленген тәртіппен жарияланған адамның мұрагері қатысуға тиісті іс бойынша, егер мұраны әлі ешкім қабылдамаса, мұрагерлік мүлік өзіне сенімгерлік басқаруға берілген тұлға мұрагердің өкілі ретінде әрекет етеді.

Заңды өкілдер өкілдік берушілерге жасау құқығы тиесілі барлық процестік әрекеттерді заңда көзделген шектеулермен өкілдік етушілердің атынан жасайды. Заңды өкілдер істі сотта жүргізуді басқа өкілге тапсыра алады.

Заң өкілдік қызметтерін жүзеге асруда шектеулерді қарастырады. АПК 59 бабы сотта өкілдік ете алмайтын тұлғаларды белгілейді. Оларға мыналар жатады:

- судьялар, тергеушілер, прокурорлар және Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары, олардың процеске тиісті ұйымдардың өкілдері немесе заңды өкілдері ретінде қатысуынан басқа жағдайларда, сотта өкіл бола алмайды;

- адвокатура туралы заңдармен белгіленген ережелерді бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма алған адвокаттар;

- мүдделері өзі өкіл болып отырған адамның мүдделері қайшы келетін адамдарға осы іс бойынша заң көмеген көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса;

- басқа тараппен немесе үшінші тұлғамен, судьямен, прокурормен, сот отырысының хатшысымен, іс бойынша қорытынды берген сарапшымен, маманмен, аудармашымен туыстық қатынастарда болса;

• психикалық денсаулық жағдайына не жасына байланысты және басқа да себептер бойынша өз бетінше өкілдікті жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаса, тапсырма бойынша өкіл бола алмайды.

АПК 60 бабына сәйкес (АПК 46 бабына сәйкес) тапсырма бойынша өкіл талап қою арызына қол қоюдан, істі төрелікке беруден; татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаудан, талап қоюдан немесе талап қоюды танудан толық немесе ішінара бас тартудан, талап қою талаптарының нысанасын ұлғайтудан немесе азайтудан, талап қоюдың нысанасын немесе негізін өзгертуден, өкілеттіктерді басқа тұлғаға беруден (сенімді басқаға аударудан); сот актісіне апелляциялық, кассациялық тәртіптермен шағым жасаудан, жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша сот актісін қайта қарау туралы арыз беруден, сот актісін мәжбүрлеп орындатуды талап етуден, сот алып берген мүлікті алудан, апелляциялық шағымнан, өтінішхаттан бас тартудан басқа, осы Кодексте көзделген барлық процестік әрекеттерді өзі өкілі болып отырған тұлғаның атынан жасауға құқылы. Жоғарыда аталған әрбір іс–әрекетті жүзеге асыру үшін өкілдің өкілеттігі өкіл беруші берген сенімхатта арнайы қарастырылуы қажет.

Жоғарыда аталған ережелердің күші заңды өкілдікке таралмайды, соның ішінде ресми өкіл–адвокаттың өкілдік қызметтерін жүргізуі мен істі заңды тұлға органдарының жүргізуіне. Айтылған тұлғалар заңмен, ережемен, жарғымен (басқа құрылтай құжатымен) өкіл берушунің өзіне берілген әрекеттердің барлығын жүзеге асыруға құқылы.

Әрбір өкіл сотқа тиісті рәтіппен рәсімделген және оның соттағы өкілеттігін растайтын құжаттарды көрсетуі керек. Барлық өкілдер сотқа өзінің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттарды көрсетуі міндетті.

Өкілдің өкілеттігін рәсімдеу АПК 61 бабына сәйкес жүзеге асырылады. өкілдің өкілеттіктері заңға сәйкес берілген және рәсімделген сенімхатта көрсетілуге тиіс. Кәсіптік одақтар мен басқа ұйымдардың уәкілеттік берілген адамдары сотқа осы іс бойынша өкілдікті жүзеге асыруға арналған тапсырманы куәландыратын құжаттарды беруі тиіс. Адвокаттың нақты істі жүргізуге арналған өкілеттігі заң консультациясы немесе адвокаттық кеңсе берген ордермен, ал өз қызметін дербес жүргізген кезде – адвокат клиентпен жасасқан шартпен куәландырады. Заңды тұлғаның атынан сенімхатты тиісті заңды тұлғаның басшысы немесе өзге уәкілетті адамы береді. АПК 59 бабының 6 және 7 тармақшаларында аталған өкілдің өкілеттігі сенімхатта немесе сот отырысының хаттамасына кіргізген сенім білдірушінің сотта берген ауызша түрдегі өтінішінде көрініс табуы мүмкін.

2. Заң құқық қорғау ісі ұзақ уақытқа созылып кетуіне жол бермеу мақсатында іс жүргізу әрекеттері мен азаматтық істерді қараудың мерзімдерін белгілейді. Іс жүргізу мерзімдері – бұл азаматтық іс жүргізу заңымен бекітілген немесе сот тағайындаған азаматтық сот процесі субъектілерінің белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жасауға тиісті уақыт

аралығы. Көрсетілген мерзімдерді бұзу заңды, азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларын бұзу деп қарастырылады.

Процестік мерзімдері туралы жалпы ережелер АПК 10 бөлімінде көрініс тапқан. Азаматтық істерді қарау және нақты іс жүргізу әрекеттерін жасау мерзімдері азаматтық іс жүргізу құқығының ерекше бөлімінің нормаларын қамтыған АПК белгілі бір баптарында көрсетілген.

Азаматтық іс жүргізу құқығында іс жүргізу мерзімдерін екі түрге бөліп қарастырады:

1. заңмен белгіленген мерзімдер. АПК 121 бабы 1–бөлімі.: «Процестік әрекеттері АПК белгіленген мерзімде жүзеге асады»;

2. сот бекіткен мерзімдер. АПК 121 бабы 2 –бөлімі.: «Егер процестік әрекеттер жасауға арналған мерзім осы Кодексте белгіленбеген жағдайда, оны сот тағайындайды.» [12, 70].

Заңмен белгіленген мерзімдер сот үшін де, іске қатысушыларға да міндетті сипатқа ие. Мұндай жағдайда соттың мерзімдерді өзінше немесе тараптардың келісімдері бойынша өзгертуге құқығы жоқ. Мысалы, АПК сот пен судья әрекеттері үшін келесі мерзімдерді белгілейді: талап арызды қабылдау (150 б.1–б.), істі сотта қарауға дайындау (164 б.) істі қарау (183б.), сот отырысының немесе белгілі бір іс жүргізу әрекетінің хаттамасын жасаудың (283б.), заң күшіне енген сот актілерін жоққа шығарудың (388 б.), шағым және наразылық білдірудің (403б.) және т.б.

Заңмен бекітілген мерзімдердің өтіп кетуінің себебі болатын болса, сот оны қайта қалпына келтіруі мүмкін. (АПК 126 б. 2–б.).

Сотпен бекітілген мерзімдер соттың өзімен керек болған жағдайда ұзартылуы мүмкін және іс жүргізу әрекеттерін жасауға арналаған мерзім заңда белгіленбесе, оны сот тағайындайды. Бұл мерзімдер сотпен іске қатысушы тұлғалар үшін де, сондай-ақ іс жүргізудің қатысушысы емес тұлғалар үшін де тағайындалуы мүмкін (АПК 165 б. 1–б.).

Процестік әрекеттерді жасау құқығы осы Кодексте белгіленген немесе сот тағайындаған процестік мерзімнің аяқталуымен жойылады. Процестік мерзімдер аяқталғаннан кейін берілген шағымдар мен құжаттарды, егер өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы мәлімделмесе, сот оларды берген адамға қараусыз кері қайтарады. (АПК 124 бабы). Алайда егер іс жүргізу мерзімінің өтіп кетуін сот себепті деп таныса және заңмен қарастырылған тәртіппен қалпына келтірілсе, шағымдар мен наразылықтар соттың қабылдауына жатады.

Іс жүргізу мерзімінің өтіп кетуі іс жүргізу міндеттерін орындаудан босатпайды. (АПК 124 б. 3–б.). Одан басқа, заңмен белгіленген немесе сотпен тағайындалған мерзім ішінде өзінің міндеттерін орындамаған іс жүргізу қатынастарының субъектісіне заңға сәйкес мәжбүрлеу шаралары қолданылады (АПК 73 баптың 7 және 8 тармақтары, 119–120 баптары).

Іс жүргізу мерзімдерін есептеу АПК 122 бабына сәйкес жүзеге асырылады. Іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру үшін берілетін мерзімдер әр түрлі белгіленеді:

- біріншіден, – нақты күнтізбелік күнмен (нақты іс жүргізу әрекеті немесе сондай іс–әрекеттердің жиынтығы нақты белгілі бір уақытта басталуы керек.);

- екіншіден, – қайткенде де болатын нақты оқиғаны көрсетумен; (іс жүргізу әрекеттерін жүргізу мерзімі оқиғаның басталу мерзімімен белгіленеді);

- үшіншіден, – жылдармен, айлармен немесе күндермен есептелетін уақыт кезеңімен; (бұл жағдайда іс–әрекет бүкіл кезең кезінде жасалуы мүмкін).

Процестік мерзімі оны есептеу сәтінен бастап үздіксіз жүреді. Іс жүргізу мерзімдерін есептеген мереке және демалыс күндері алынып тасталмайды. Мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келген жағдайда жылдармен, айлармен және күндермен есептелетін мерзімнің аяқталатын күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі. (АПК 123 б. 4–б.) Алайда мерзімнің басталуы жұмыс емес күнге (демалыс немесе мереке күндеріне) келсе, мерзімді есептеу одан кейінгі жұмыс күнінен емес, сол күннен–ақ есептеле береді.

Процестік мерзімдерінің аяқталуы АПК 123 бабымен реттеледі. Сонымен, жылдармен есептелетін мерзім сол мерзімнің соңғы жылының тиісті айында және күнінде бітеді. Айлармен есептелетін мерзім сол мерзімнің соңғы тиісті айында бітеді. Егер айлармен есептелетін мерзімнің соңы тиісті күні жоқ айға сәйкес келсе, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде бітеді. Күндермен есептелетін мерзім белгіленген кезеңнің соңғы күні бітеді. Мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келген жағдайда жылдармен, айлармен және күндермен есептелетін мерзімнің аяқталатын күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі.

Жасалуына мерзім белгіленген процестік әрекет мерзімнің соңғы күніне жиырма төрт сағат қалғанға дейін орындалуы мүмкін. Егер шағым, құжаттар не ақша сомалары мерзімнің соңғы күніне жиырма төрт сағат қалғанға дейін поштаға, телеграфқа тапсырылса немесе өзге де байланыс құралдары арқылы берілсе, онда мерзім өткізіп алған болып есептелмейді.

Егер процестік әрекет тікелей сотта жасалуға тиіс болса, онда мерзім сотта белгіленген ішкі тәртіптеме қағидалары бойынша жұмыс аяқталатын сағатта бітеді. Осы бапта көзделген процестік мерзімдерді есептеу тәртібі сотқа берілетін электрондық құжаттарға да қолданылады.

АПК процестік мерзімдерін тоқтатуды қарастырады (АПК 125 б.) Іс бойынша іс жүргізу тоқтатыла тұрумен бірге барлық өтпеген процестік мерзімдердің жүруі тоқтатыла тұрады. Мерзімдерді тоқтата тұру сот іс бойынша іс жүргізуді осы Кодексте көзделген негіздер бойынша тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарған күннен басталады (істің тарапы болған азаматтың қайтыс болуы, заңды тұлғаның жойылуы; тараптың істі қарау мерзімінен асып кететін қызметтік іссапарда болуы; заңда қарастырылған жағдайларда жауап берушінің іздеуде болуы; соттың сарапта тағайындауы және т.б.).

Іс жүргізу мерзімдерін тоқтатуды іс жүргізу мерзімдерінің үзілісінен ажырата білген жөн. Үзілістен кейін мерзім қайтадан басынан бастап есептеледі. Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 12 бабы бойынша атқарушылық құжатты орындауға беруге арналған мерзім: атқарушылық құжат орындауға берілгенде, атқарушылық құжатты борышкер ішінара орындағанда, борышкерді іздестіру кезеңінде үзіледі. Үзілістен кейін мерзімнің өтуі қайтадан басталады, бұл ретте үзіліске дейінгі өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді. Үзілістен кейінгі жаңа мерзім атқарушылық құжат бойынша өндіріп алу толық немесе ішінара жүргізілмей, ол өндіріп алушыға қайтарылған күннен бастап есептеледі [11].

Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту АПК 126 бабымен реттеледі. Аталған баптың 1-бөліміне сәйкес, сот тағайындаған мерзімдерді ұзарта алады. Мерзімдерді өткізіп алу себептерін сот дәлелді деп таныса, сот оларды қалпына келтіруі мүмкін. Сот өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін процеске қатысушының мүмкіндігін шектейтін заңды не сот актілерін сот бұзған жағдайда (іске қатысатын адамға сот актісінің көшірмелерін уақтылы жібермеуі; егер сот актісі адам білетін тілге аударылмаса, сот ісін жүргізу тілін білмеуі; құқық мирасқорлығын дұрыс ресімдемеуі), сондай-ақ оған уақытында шағым жасауға немесе наразылық білдіруге кедергі болған өзге де мән-жайлар болған кезде сот актілеріне шағым жасау, наразылық келтіру үшін осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруге міндетті. Өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арыз арыз иесіне өзінің құқықтарының немесе заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы белгілі болған күннен бастап бір айдан кешіктірмей процестік әрекеттер жасалуға тиісті сотқа беріледі. Арыздың қаралатын уақыты мен орны туралы іске қатысатын адамдар хабарландырылады, алайда олардың кез келгенінің келмеуі арыздың қаралуына кедергі келтірмейді. Мерзімді қалпына келтіру туралы арыз берумен бір мезгілде құқықтарды қорғау туралы талап берілуге, мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелділігін растайтын құжат ұсынылуға тиіс. Соттың өткізіп алған процестік мерзімді ұзартудан немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы ұйғарымына апелляциялық тәртіппен шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін. Соттың процестік мерзімді ұзарту немесе қалпына келтіру туралы ұйғарымы шағым жасалуға, наразылық білдірілуге жатпайды (П.Я. Трубников). Іс жүргізу мерзімдерін ұзартудан бас тарту туралы соттың ұйғарымына жеке шағым немесе наразылық берілуі мүмкін [4, 222].

Іс жүргізу мерзімдерін қалпына келтіру АПК 126 бабымен реттеледі. Заңмен белгіленген мерзімдерді, егер олар дәлелді деп таныған себептермен өткізіліп алынса, сот қалпына келтіре алады. Сот өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін процеске қатысушының мүмкіндігін шектейтін заңды не сот актілерін сот бұзған жағдайда (іске қатысатын адамға сот актісінің көшірмелерін уақтылы жібермеуі; егер сот актісі адам білетін тілге

аударылмаса, сот ісін жүргізу тілін білмеуі; құқық мирасқорлығын дұрыс ресімдемеуі), сондай-ақ оған уақытында шағым жасауға немесе наразылық білдіруге кедергі болған өзге де мән-жайлар болған кезде сот актілеріне шағым жасау, наразылық келтіру үшін осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруге міндетті. Өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арыз арыз иесіне өзінің құқықтарының немесе заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы белгілі болған күннен бастап бір айдан кешіктірмей процестік әрекеттер жасалуға тиісті сотқа беріледі. Арыздың қаралатын уақыты мен орны туралы іске қатысатын адамдар хабарландырылады, алайда олардың кез келгенінің келмеуі арыздың қаралуына кедергі келтірмейді. Мерзімді қалпына келтіру туралы арыз берумен бір мезгілде құқықтарды қорғау туралы талап берілуге, мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелділігін растайтын құжат ұсынылуға тиіс. Соттың өткізіп алған процестік мерзімді ұзартудан немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы ұйғарымына апелляциялық тәртіппен шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін.

Соттың процестік мерзімді ұзарту немесе қалпына келтіру туралы ұйғарымы шағым жасалуға, наразылық білдірілуге жатпайды.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңы атқару құжатын атқаруға ұсыну үшін өткізілген мерзімдерді қалпына келтіру туралы арнайы нормаларды қарастырады (13 б.). Атқару құжаттарын атқаруға ұсыну үшін мерзімдерді өткізіп алған өндіріп алушы сот актісін шығарған сотқа өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы арыз бере алады. Соттың атқару құжаттарын, сот бұйрықтарын атқаруға ұсыну үшін өткізілген мерзімді дәлелді деп тануы жағдайында мерзім қалпына келтірілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 25.12.2006 ж. №9 «Азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңнаманы Қазақстан Республикасы соттарының қолдануы туралы» Нормативті қаулысына сәйкес, азаматтық істер бойынша әділсот жүргізу кезінде соттар сот шығындарына байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы АПК-і, «Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы кодексі нормаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес шешуі керек [16].

Азаматтық іс бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының түрлі мемлекеттерінің территориясында орналасқан шаруашылық субъектілер тарап болатын болса, мемлекеттік баж мөлшері және оны төлеу тәртібі түрлі мемлекеттер шаруашылығы субъектілерінің арасындағы шаруашылық дауларын қарау кезіндегі мемлекеттік баж мөлшері және оны өндірі тәртібі туралы Келісімге сәйкес белгіленеді (Ашхабат. 24 желтоқсан. 1993 ж.) [17].

Сот шығындары – азаматтық істі қарауға және сол іс бойынша шығарылған сот актісін орындауға байланысты пайда болған мемлекеттің және іске қатысушы тұлғалардың шығындары.

Сот шығындары мемлекеттік баж бен іс бойынша сот ісімен байланысты шығындардан тұрады (АПК 102 б.)

Мемлекеттік баж— мемлекеттік уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс—әрекеттер жасағаны үшін және (немесе) құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем. Осы тараудың мақсаттары үшін құжаттарды (олардың көшірмелерін, телнұсқаларын) беру заңдық мәні бар іс—әрекеттерге теңестіріледі (Салық кодексі 532 б.).

Мемлекеттік баж төлемшілері болып заңды мәні бар іс—әрекеттерді жасау немесе құжаттарды алу бойынша сотқа немесе сот орындаушысына арызданған жеке немесе заңды тұлғалар есептеледі.

Салық кодексінің 534 бабы 1 бөлімі 1 тармағына сәйкес мемлекеттік баж салығы салынады: сотқа берілетін қуыным арыздардан, ерекше қуыныммен іс жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқарушылық парақтың төлнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқарушылық парақтарды беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқарушылық парақтардың және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздарға салынады.

Егер Салық кодексінде өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік баждың тіркелген пайыздық мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік бажды төлеу күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі осы баптың мәтіні бойынша — АЕК) мөлшері негізге алына отырып есептеледі (Салық кодексінің 534 бабы 2 бөлімі) [14].

Сотқа берілген талап арыздар мен арыздар, сондай—ақ қарсы талап арыздар бірнеше талаптан тұруы мүмкін, олардың әрқайсысы мемлекеттік баж өндірудің объектісі болып табылады. Талап қою құнының өсуі туралы қосымша арызға да мемлекеттік баж салығы салынады.

Бұрын қараусыз қалдырылған немесе олар бойынша іс жүргізу тоқтатылған талап арыздар қайталанып берілсе, мемлекеттік баж жалпы негіздерде төленеді.

Қайталанып берілген талап арызға, егер оны бюджетке қосқанына бір жылдық мерзім өтіп кетпесе, мемлекеттік баж төлеу туралы төлем құжаты қосылып беріледі.

Сот шешімдерінің, ұйғарымдарының не басқа да сот қаулыларының көшірмелерін, сондай—ақ тараптардың және іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініші бойынша істен өзге құжаттардың көшірмелерін қайта беру кезінде азаматтық істер бойынша мемлекеттік баж салығы салынады. (ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2006 ж. №9 «Азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңнаманы Қазақстан Республикасы соттарының қолдануы туралы» Нормативті қаулысының 3 т. және 11 т.).

Мемлекеттік баж мөлшері талап құнынан пайыздық қатынаста заңмен белгіленеді.

Талаптың құны АПК 102 бабы 1 бөліміне сәйкес былайша анықталады:

1) ақшаны өндіріп алу туралы талап қоюларда – өндіріп алу талап етілген сомамен;

2) абыройын, қадір–қасиетін және іскерлік беделін түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген моралдық зиянды өтеуді ақшалай мәнде өндіріп алу туралы талап қоюларда – өндіріп алу талап етілген сомамен;

3) іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген залалдар сомасын өндіріп алу туралы талап қоюларда – өндіріп алу талап етілген сомамен;

4) ортақ немесе үлестік меншік болып табылатын мүлікті бөлу туралы, ортақ меншік болып табылатын мүліктегі үлесті айқындау не бөлу туралы талап қоюларда – талап қою берілген кезде мүліктің орналасқан жерінде қалыптасқан нарықтық бағалар бойынша айқындалатын талап етілетін мүліктің құнымен;

5) алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларда – бір жыл ішіндегі төлемдердің жиынтығымен;

6) мерзімді жедел төлемдер мен оларды беру туралы талап қоюларда – барлық төлемдер мен берулердің, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімдегі жиынтығымен;

7) мерзімсіз немесе өмір бойы төлемдер мен берулер туралы талап қоюларда – төлемдер мен берулердің, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімдегі жиынтығымен;

8) төлемдерді немесе берулерді азайту немесе көбейту туралы талап қоюларда – арыз беруші азайтуға немесе көбейтуге үміт артатын, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімдегі жалпы сомамен;

9) төлемдер мен берулерді тоқтату туралы талап қоюларда – қалған төлемдердің немесе берулердің, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімдегі жиынтығымен;

10) тұрғынжайды жалдауды қоспағанда, мүліктік жалдау (жалға алу) шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы талап қоюларда – шарттың (келісімшарттың) қолданысының қалған мерзімінде мүлікті пайдаланғаны үшін төлемдердің, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімдегі жиынтығымен;

11) жылжымайтын мүлік объектілеріне меншік құқығы туралы талап қоюларда – осындай объектілердің талап қою берілген күні орналасқан жерлеріндегі нарықтық құнымен;

12) жылжымайтын немесе жылжымалы мүлікті бөтеннің заңсыз иеленуінен талап ету туралы талап қоюларда – ізделінетін мүліктің нарықтық құнымен, бірақ азамат жасасқан сақтандыру шарты бойынша бағалануынан төмен емес және сотқа талап қою берілген күнінде заңды тұлғаға тиесілі мүліктің теңгерімдік құнынан төмен емес нарықтық құнымен;

13) жылжымайтын және жылжитын мүлікті сатып алу–сату, кепіл, сыйға тарту шарттарын, Азаматтық кодексінің 157–бабының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіппен мәмілелер бойынша барлық алынған мүлікті кейіннен қайтаруға байланысты өзге де шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап қоюларда – мүліктің сотқа талап қою берілген күнгі нарықтық

құнымен айқындалады. Кепіл туралы шартқа дау айту кезінде талап қою бағасы шартта көрсетілген мүлік құнынан аспауға тиіс;

14) бірнеше дербес талаптардан тұратын талап қоюларда – барлық талаптардың жалпы сомасымен айқындалады.

Талап қою бағасын талап қоюшы көрсетеді. Көрсетілген баға ізделінетін мүліктің нақты құнының бағасына анық сәйкес келмеген жағдайда талап қою бағасын судья айқындайды.

Мемлекеттік баждың соттардағы мөлшерлемелері Қазақстан Республикасы Салық кодексінде көрсетілген. Мемлекеттік баж бағамын белгілеу кезінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 25.12.2006 жылғы №9 «Азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңнаманы Қазақстан Республикасы соттарының қолдануы туралы» Нормативті қаулысының 5 тармағын басшылыққа алуы қажет. Бір мезетте мүліктік және мүліктік емес сипаттағы талаптардан тұратын талап қою арыздары бойынша мүліктік сипаттағы талап қою арыздарына және мүліктік емес сипаттағы талап қою арыздарына белгіленген мемлекеттік баж қатар алынады. Мысалы, мүлікті бөлумен бірге некені бұзу туралы арыздардан мемлекеттік баж некені бұзу үшін де, мүлікті бөлу үшін де алынады.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 541 бабы соттағы қаралатын істер бойынша мемлекеттік баж төлеуден босатылатын заңды және жеке тұлғаларының тізімі берілген. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 25.12.2006 ж. №9 «Азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңнаманы Қазақстан Республикасы соттарының қолдануы туралы» Нормативті қаулысының 6 тармағына сәйкес әкелікті мойындау және сонымен бірге алименттер өндіру туралы талап қою арызы берілген жағдайда мемлекеттік баж әкелікті мойындау туралы талап арыз үшін алынады.

Талап қоюшының мемлекеттік баж салығын төлеуден босату тек тікелей заңның көрсету күшімен ғана мүмкін, соған байланысты бұл туралы арнайы ұйғарымның шығарылуы қажет емес.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 547 бабына сәйкес, мемлекеттік баж салығы банк немесе банк операцияларының белгілі бір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшаны аудару жолымен төленеді. Мемлекеттік баж тиісті арызды (шағымды) немесе сот бұйрығын шығару туралы арызды беруге дейін, сондай-ақ соттың құжаттар көшірмесін беруі кезінде төленеді.

Талап қоюшыны мемлекеттік баж төлеуден босатуды қарастыратын негіз болмаған кезде, мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қосылмаған талап арыз АПК 279 бабына сәйкес соттың ұйғарымы бойынша қараусыз қалдырылады.

Салық кодексінің 548 бабына сәйкес төленген мемлекеттік баж мынадай жағдайларды толықтай не ішінара қайтарылады:

1) талапкер өз талаптарын азайтатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік баж осы Кодекс бойынша талап етілгеннен көбірек мөлшерде енгізілген;

1–1) іс төрелікке берілген;

1–2) іс бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда тараптардың татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған жағдайда – толық көлемде, кассациялық сатыдағы сотта – сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат берген кезде төленген соманың 50 пайызы мөлшерінде;

2) арыздар (шағымдар) қайтарылған немесе оны қабылдаудан бас тартылған, сондай-ақ нотариустар немесе осыған уәкілетті адамдар нотариаттық іс–әрекеттерді жасаудан бас тартқан;

3) іс жүргізу тоқтатылған немесе, егер іс соттың қарауына жатпайтын болса, сондай-ақ талапкер осы істер санаты үшін белгіленген дауды алдын ала шешудің тәртібін сақтамаған не талап қоюды әрекетке қабілетсіз адам табыс еткен жағдайда талап қою қараусыз қалдырылған;

4) мемлекеттік бажды төлеген адамдар заңдық мәні бар іс–әрекеттерді жасаудан немесе осы заңдық мәні бар іс–әрекеттерді жасаған органға жүгінгенге дейін құжатты алудан бас тартқан;

4–1) сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы кассациялық шағым немесе өтінішхат қайтарылған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда ішінара немесе толық қайтарылуға жатады.

АПК 278 бабы 3 бөліміне сәйкес сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарымында АПК 247 б. 1,2,3,4,5,6 және 277 тармағында қарастырылған негіздер бойынша мемлекеттік бажды қайтаруды белгілейді.

АПК 280 бабы 1 бөліміне сәйкес, сот арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарымында АПК 279 бабы 1, 2, 5 тармақтарында қарастырылған негіздер бойынша мемлекеттік бажды қайтаруды белгілейді.

Мемлекеттік баж төлеген адам салық органына оны қайтару туралы арызды бюджетке мемлекеттік баж төленген күннен бастап үш жыл ішінде бере алады. Төленеген бажды қайтарып алу үшін арызбен қоса соттың мемлекеттік бажды қайтару туралы ұйғарымы болуы тиіс. Салық органының шешімі азаматтар немесе заңды тұлғалар арыз берген күннен бастап бір айдан кешіктірмей қабылданады. Қайтарылуға тиісті мемлекеттік баж азаматқа немесе заңды тұлғаға оны қайтару туралы шешім қабылданаған күннен бастап 10 күн ішінде берілуі тиіс.

Салық кодексінің 548 бабы 1–1 бөліміне сәйкес мемлекеттік баж қайтарылмайды:

1) талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан кезде;

2) талап қоюшы өз талаптарын азайтқан кезде;

2–1 сот бұйрығының күшін жойғанда

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар–сот шығындарының екінші түрі. АПК 108 бабына сәйкес олардың қатарына мыналар жатады:

1) куәларға, срапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар;

2) сол жерді қарау жүргізілуіне байланысты шығындар;

3) заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығындар;
4) жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру жөніндегі шығындар;
5) іс бойынша жарияланымдар мен хабарландыруларға байланысты шығындар;

6) тараптарға және іске қатысатын басқа да тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру бойынша шығыстар;

7) тараптар мен үшінші тұлғалардың жолақысы және олардың сотқа келуіне байланысты шеккен тұрғын жайды жалға алу жөніндегі шығындар;

8) өкілдердің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындар;

9) сот өтелуге жатады деп таныған, оның ішінде тараптардың кейіннен сотқа жүгінген кезде дауды міндетті түрде сотқа дейін реттеу рәсімдерінде жұмсаған басқа да шығыстары жатады.

АПК 108 бабы 2),4),6),9),10) тармағында көрсетілген шығындарды төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі, кейін бюджеттің пайдасына кінәлі тараптың өндіріледі. (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 25.12.2006 ж. №9 «Азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңнаманы Қазақстан Республикасы соттарының қолдануы туралы» Нормативті қаулысының 12 т.).

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар іске мүдделі тұлғалардың сотта іс қарау және соттың шешімін орындау жөніндегі төлейтін шығындары.

АПК 108 бабына сәйкес куәгерлерге, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға сотқа келуге байланысты жолақысы, бөлме жалдау жөніндегі шығындар өтеледі, іссапарға шыққан тұлғаларға тиісті тәулікақы төленуге тиісті. Сонымен қатар сарапшылар мен мамандарға байланысты өздерінің істері бойынша тиесілі жұмсалған химиялық құралдар мен өзге де материалдар үшін ақша сомасы төленуге тиісті.

Куә ретінде сотқа шақырылған жұмыс істейтін адамдарға сотқа келуге байланысты олардың болмаған уақыты үшін жұмыс істейтін жері бойынша орташа жалақысы сақталады. Еңбек қатынастарында тұрмаған куәлар өздерін әдеттегі айналысып жүрген істерінен алаңдатқаны үшін іс жүзіндегі уақыт шығындары ескеріліп және заңда белгіленген бір айлық жалақының ең төменгі мөлешрі негізге алына отырып өтемақы алады.

Сарапшылар мен мамандар, егер бұл жұмыс олардың қызметтік міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, соттың тапсырмасы бойынша өздері орындаған жұмыс үшін сыйақы алады. Сыйақының мөлшерін тараптармен келісім бойынша сот анықтайды.

Соттық сараптама органдарының сараптамалық іс жүргізу қызметін төлеу Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.

Куәгерлерге, сарапшыларға, мамандарға соммаларын төлеуді, сондай-ақ соттық сараптамалық органдарының сараптамалық іс жүргізуін төлеуді тиісті өтінішті білдірген тарап жүзеге асырады. Егер аталған өтінішті екі тарап та білдірсе, немесе куәгерді шақыру, сараптаманы тағайындау,

мамандарды тарту сот бастамашылығымен жүргізілсе төленуге тиісті сома тараптармен тең мөлшерде төленеді.

Егер іске қатысатын адамның заңда немесе шартта көзделген дауды реттеудің наразылық немесе сотқа дейінге өзге де тәртібін бұзуы, оның ішінде наразылыққа жауап беру мерзімін бұзуы, наразылықты жауапсыз қалдыруы салдарынан дау туындаса, сот істі қараудың нәтижелеріне карамастан, сот шығыстарын осы тұлғаға жүктейді.

Сот, процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде дәлелдемелер сот белгілеген мерзімді және дәлелдемелерді дәлелді себептерсіз ұсынудың осы Кодексте белгіленген тәртібін бұза отырып ұсынылған жағдайда, егер бұл сот процесінің созылуына, істі қарауға және заңды әрі негізді сот актісін қабылдауға кедергі келтіруге әкеп соқса, іс бойынша барлық сот шығыстарын жүктеуге құқылы АПК 109 бабы 2 бөлімі.

Бір тарап немесе екі тарапта шығындарды төлеуден босатылған жағдайда сарапшылар мен мамандарға тиесілі сомаларды төлеу соттың шешімінің негізінде істі қарау нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі (АПК 110 б.)

Сот шығындарын төлеу АПК 111 бабына сәйкес жүргізіледі. Сотқа келуге байланысты және сыйақы ретінде төленуге тиісті төлемдердің мөлшері, сонымен қатар осы шығындарды өтеу тәртібі 25.02.1992 ж. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен №152 бекітілген «Тергеу органдарына, прокуратура немесе сотқа шақырылуына байланысты тұлғаларға сот шығындарын өтеу мен сыйақы төлеу тәртібі мен мөлшері туралы» Нұсқауында толық көрсетілген [18].

АПК 109 бабына сәйкес пайдасына шешім қабылданған тарапқа сот екінші тараптан бұл тарап сот шығындарын төлеуден босатылса да, сот ісіне кеткен шығындарын өтеуді бекітеді. Егер талап қою арызының бір бөлігі ғана қағаттандырылған болса, сот шығындары сот қанағаттандырған талап қою арызына тең мөлшерде талап етушіге артылады, ал жауап берушіге талап қою арызының талап етушіге бас тартылған бөлігі артылады. Егер де жоғары сатыда тұрған сот істі жаңа қарауға бермей, төменгі сатыда тұрған соттың шешімін қабылдаса, ол соған сәйкес сот шығындарын бөлуді де өзгертеді.

Сот, процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде дәлелдемелер сот белгілеген мерзімді және дәлелдемелерді дәлелді себептерсіз ұсынудың осы Кодексте белгіленген тәртібін бұза отырып ұсынылған жағдайда, егер бұл сот процесінің созылуына, істі қарауға және заңды әрі негізді сот актісін қабылдауға кедергі келтіруге әкеп соқса, іс бойынша барлық сот шығыстарын жүктеуге құқылы.

Егер апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар істі жаңадан қарауға бермей, жасалған шешімді өзгертсе немесе жаңа шешім шығарса, олар тарап тиісті сот сатыларында жұмсаған шығыстары туралы

дәлелдемелерді ұсынған кезінде тиісінше сот шығыстарын бөлуді де өзгертеді.

АПК 113 бабына сәйкес сот пайдасына шешім шығарылған тараптың өтінішхаты бойынша процеске қатысқан және осы тараппен еңбек қатынастарында тұрмаған өкілдің (бірнеше өкілдің) көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстарын тараптың іс жүзінде жұмсаған шығыстары мөлшерінде басқа тараптан алып береді. Мүліктік талаптар бойынша осы шығыстардың жалпы сомасы талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігінің он пайызынан аспауға тиіс. Мүліктік емес сипаттағы талаптар бойынша шығыстар сомасы ақылға қонымды шектерде өндіріліп алынады, бірақ ол үш жүз айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Заңда белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша бюджет қаражаты есебінен адвокаттың білікті заң көмегі көрсетілген тараптың пайдасына сот шешім шығарған жағдайда, көрсетілген шығыстар мемлекеттік бюджеттің кірісіне басқа тараптан өндіріліп алынады.

Іске қатысатын адамның арызы бойынша, көрінеу теріс пиғылымен негізсіз талап қою берген немесе негізделген талап қоюға қарсы дауласқан (адам білген не білуге тиіс болған) не істің дұрыс әрі тез қаралуына және шешілуіне үнемі қарсы әрекет жасаған тараптан сот іске қатысатын екінші адамның пайдасына іс жүзінде уақыт ысырабынан келтірілген залалдар үшін өтемақыны өндіріп алуы мүмкін (АПК 114 б).

АПК 115 бабына сәйкес, талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан кезде ол жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді. Талап қоюшы жауапкерге істі жүргізуге байланысты оның жұмсаған сот шығыстарын өтейді.

Егер талап қоюшы талап қою берілгеннен кейін жауапкердің оларды ерікті түрде қанағаттандыруы салдарынан өз талаптарын қолдаудан бас тартса, сот талап қоюшының өтінішхаты бойынша жауапкерден барлық жұмсаған сот шығыстарын өндіріп алады. Егер талап қою жауапкердің кінәлі мінез-құлқынан туындамаса, онда сотта жауапкер талап қоюды мойындаған жағдайда сот шығыстары талап қоюшыға жүктеледі.

АПК 122 бабында судья істі сот талқылауына дайындаған кезде немесе сот істі қараған кезде мына адамдарды:

1) асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды;

2) жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары, соларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектер, жасына байланысты зейнеткерлер болып табылатын, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес даулар бойынша талап қоюшылар мен жауапкерлерді;

4) заңға сәйкес ақталған адамдарға олардың зиянын өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге

байланысты шығыстарды өтеуден толық босатуға және оларды бюджет қаражаты есебіне жатқызуға міндетті.

Адвокаттың көрсеткен заң көмегін төлеу, өкілдікке байланысты шығындарды өтеу 26 тамыз 1999 ж. №1247 «Республикалық бюджет есебінен адвокаттардың көрсететін заңды көмегін төлеу және қорғау мен өкілдікке байланысты шығындарды өтеу ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысында белгіленген тәртіп пен мөлшер бойынша жүзеге асырылады. Азаматтың заңды көмек үшін төлеуден және өкілдікке байланысты шығындарды өтеуден босату туралы өтініміне заңды көмекті тегін алу құқығын растайтын құжаттар мен өзге де дәлелдемелер тіркелуі керек.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, тұлғаның заң көмегіне ақы төлеуден босату және оның атынан өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы өтінішхатына осы тұлғаның республикалық бюджет қаражатынан заң көмегін алу құқығын растайтын құжаттар мен басқа да дәлелдемелер қоса тіркелуге тиіс.

Сот тұлғаны заң көмегіне ақы төлеуден және оның атынан өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден босату туралы немесе өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады, ол шағым жасалуға, наразылық білдірілуге жатпайды. Шығарылған ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымға енгізілуі мүмкін.

Тұлғаны заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден босату туралы соттың ұйғарымы азаматтық істі қарайтын сот орналасқан жері бойынша аумақтық адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшесіне дереу жіберіледі, олар сот белгілеген мерзімде адвокаттың сотқа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

АПК 116 бабына сәйкес АПК-де көзделген жағдайларда сотқа басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы арыздармен жүгінген адамдарға талап қоюдан толық немесе бір бөлігінде бас тартылған кезде (осы Кодекстің 54 және 55-баптары) жауапкер жұмсаған сот шығындары бюджет қаражатынан толық немесе талап қоюшыға бас тартылған талап қою талаптарының бір бөлігіне пропорционалды өтеледі.

Мұндай талап қою қанағаттандырылған жағдайда жауапкер сот шығыстарын осы Кодекстің 8-тарауында көзделген тәртіппен өтейді.

Мемлекетке сот шығыстарын өтеу АПК 117-бабында көрсетілген:

Талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Егер талап қою бір бөлігінде қанағаттандырылса, ал жауапкер сот шығыстарын төлеуден босатылса, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар мемлекеттің кірісіне сот шығыстарын төлеуден босатылмаған

талап қоюшыдан талап қою талаптарының қанағаттандырылудан бас тартылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Егер тараптардың екеуі де сот шығыстарын төлеуден босатылса, онда іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар бюджет қаражаты есебіне жатқызылады.

Талап қоюдан бас тартылған жағдайда іс бойынша іс жүргізуге байланысты сот шығындары талап қоюшыдан мемлекет кірісіне өндіріліп алынады.

Өзіне тиесілі төлемдерді төлеуден жалтарған адамға іздестіру жарияланған жағдайда іздестіруді жүргізу бойынша шығыстар сол адамнан мемлекет кірісіне өндіріліп алынады.

№5 тақырып «Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы және соттылығы»

- 1. Ведомстволықтық бағыныстылықтың ұғымы мен түрлері.**
- 2. Азаматтық істердің соттарға ведомстволық бағыныстылығы.**
- 3. Азаматтық істердің соттылығы.**

1. «Ведомстволық бағыныстылық – бұл заңмен нақты құзыретті органның қарауына және шешілуіне жатқызылған істердің қаралуы». Азаматтық құқықтық даулар соттармен, арбитраждармен, дауды (жанжалды) медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібімен шешу, жергілікті келісім комиссиясымен және атқарушы орган өкілдерімен т.б шешілуі мүмкін.

Осы органдардың барлығы өздеріне берілген заңды мүдделері (ережелері) арқылы басқа да органдардың құзыретіне тиіспей әрекет етеді. Соттық бағыныстылықты шектеудің негізгі критерийі болып: материалдық–құқықтық даулы құқық қатынастары табиғаты, дау туындаған даулы құқыққатынастарының субъективтік құрамы.

Сонымен, медиацияны қолданудың шеңбері азаматтық, еңбек, отбасы және басқа да жеке тұлғалармен заңды тұлғалардың, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарында анықталмаған басқа да ауырлығы жеңіл және орташа қылмыстық істер бойынша қарастырылады.

Медиация процедурасы үшінші тұлғаның заңдық мүддесіне нұқсан келтірілген жағдайда және сот шешімімен әрекет қабылеттілігі жоқ деп танылған тұлғаларға қолданылмайды. Медиация процедурасы егерде екі жақтың біреуі мемлекеттік орган болып табылған жағдайда қолданылмайды. сыбайлас жемқорлыққа қатысты және басқа да мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің мүддесіне қатысты қылмыстық істер бойыншамедиация процедурасы қолданылмайды.

Ведомстволық бағыныстылықтың түрлері

Азаматтық–құқықтық даулардың олармен қаралуға және шешлуге берілетін органдарға қатысты ведомстволық бағыныстылықтың келесі түрлері ажыратылады: соттық, әкімшілік, қоғамдық және т.б.

Істердің ведомстволық бағыныстылығын реттейтін ережелердің сипатына байланысты оның ерекше (немесе жекеше), көптік түрлері ажыратылады.

Ерекше (немесе жекеше) ведомстволық бағыныстылық заңның белгілі бір санаттағы істерді тек қана бір құзыретті органның қарауына жатқызытынын білдіреді. Қазақстан Республикасы АПК–нің 25–бабы «біреулері – сотқа, ал басқалары сот болып табылмайтын органдарға ведомстволық

бағынысты өзара байланысты бірнеше талаптар біріктірілген кезде барлық талаптар сотта қаралуға тиіс», – екендігін орнатады.

Көптік ведомстволық бағыныстылық заңның белгілі бір санаттағы істерді бірнеше құзыретті органның қарауына жатқызатынын білдіреді.

Өз ретінде нақты азаматтық істерді қарастыруға құзыретті бірнеше органдарды таңдап алудың заңмен орнатылған әдісіне қарай көптік ведомстволық бағыныстылықты келесі түрлеріне бөледі: баламалы, келіспелі, императивті және аралас. Әрқайсысын жеке қарастырып кетейік.

Баламалы ведомстволық бағыныстылық – бұл өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір органға жолданатын субъектінің қалауы бойынша ведомстволық бағыныстылық. Баламалы ведомстволық бағыныстылықтың ережелері құқықтық дауды сотпен немесе басқа да органмен шешуді көздейді. Ал, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың тиісті нысанын таңдап алуды тек қана осыған мүдделі тұлғаның өзі ғана іске асырады.

Келіспелі ведомстволық бағыныстылық заңның дауласушы субъектілерге өзара келісу арқылы өздерінің арасында пайда болған (немесе пайда болуы мүмкін) дауды қай органда қарастыратынын алдын ала бекітіп алуға беретін мүмкіндігін айтады.

Императивті ведомстволық бағыныстылық – бұл құқық туралы дауды заңмен орнатылған жолмен және тәртіппен бірнеше құзыретті органдармен қарастыруға болатын ведомстволық бағыныстылық (мысалға ведомстволық бағыныстылықтың анықталған түрлері Қазақстан Республикасы «Патенттік заңмен» анықталады).

Аралас ведомстволық бағыныстылық – өзіне бірнеше ведомстволық бағыныстылықтың түрлеріне тән белгілерді қамтиды. Мысалы, еңбек дауларын заңда орнатылған тәртіппен қарастыруды аралас ведомстволық бағыныстылық ретінде қарастыруға болады, өйткені бұндай дауларға келіспелі және баламалы ведомстволық бағыныстылық ережелері тән болып келеді. Сонымен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159 бабына сәйкес, жеке еңбек даулары келісім комиссиясымен қаралады, келісім комиссиясымен шешімі орындалмаған немесе реттелмеген сұрақтар болса соттармен қаралады [19].

2. Соттық ведомстволық бағыныстылық ретінде азаматтық істерді мәнісі бойынша қарастыру мен шешу бойынша соттардың құзыреті түсініледі.

АПК 23 бабына сәйкес, соттар сәйкес бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау өзгеше тәртіппен жүзеге асырылмаса, соттар оларды қорғау туралы істерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды және шешеді.

Басқа да сот тәртібі бойынша заңдылықтар, бәрінен бұрын қылмыстық–процестік тәртібі түсіндіріледі, яғни қылмыстық жауапкершілікке тартылатын тұлғаның кінәлілігі немесе кінәсіздігі бойынша сұрақтар шешіледі. Мысалға азаматтық іс жүргізу барысында тұлғаны қылмыстық

жауапкершілікке тарту туралы, бұлтартпау шарасын қолдану туралы арыздар қаралмайды. Бұндай сұрақтар сот тәртібінің басқа өндірістерімен, яғни қылмыстық іс жүргізу тәртібімен шешілуі мүмкін.

Дегенмен, заңмен көзделген жағдайларда істердің ведомстволық бағыныстылығын басқа да соттық емес органдар сақтау керек.

Соттардың құзыреттілігіне ерекше іс жүргізу кіргізілген.

Азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қою ісін жүргізудің азаматтық істері соттардың ведомстволығына жатады (АПК 23 бабы 2 бөлімі)

Соттар ерекше талап қою істері бойынша істерді қарайды, мемлекеттік басқару саласындағы жария-құқықтық қатынастардан туындайтын ерекше талап қою ісі жүргізілетін істер соттардың ведомстволығына жатады, АПК 3 тарауында қарастырылған (АПК 23 бабы 3б.).

Соттар ерекше іс жүргізу өндірісін қарайды, яғни АПК 4 тарауында қаралған (АПК 23 бабы 4 бөлімі).

Соттар АПК 135 бабында қарастырылған бұйрық арқылы іс жүргізу өндірісін қарайды.

Бұдан басқа соттар шетел азаматтарының қатыстырылуымен жүргізілетін істерді қарайды.

Егер заңда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік ұйымдар қатысатын, сондай-ақ халықаралық ұйымдар қатысатын істер соттардың ведомстволығына жатады.

Азаматтық істердің басқа санаттары да заңға сәйкес соттардың ведомстволығына жатқызылуы мүмкін (АПК 23 бабы 8 б.).

Әр түрлі шеңберде даулардың әр түрлі болуы сотпен шешілетін істердің шешілуіне қиыншылық тудырады. Осыларды есепке ала отырып, процессуальдық заңдылықтар бойынша жалпы соттылық ведомстволықты анықтайды.

Сонымен АПК 25 бабына сәйкес, бірі – сотқа, ал басқалары – соттан тыс органдарға ведомстволық, өзара байланысты бірнеше талаптар біріктірілген кезде, барлық талаптар сотта қаралуға тиіс. Нақты даудың ведомстволығына қатысты заңдарды түсіндіруде күмән туындаған немесе коллизиялар болған жағдайда, оны сот қарайды.

АПК 24 бабы бойынша соттың ведомстволығына жататын, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дау (жанжал) тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация, партисипативтік рәсім тәртібімен шешілуі немесе бұған заңда тыйым салынбаған кезде, төреліктің қарауына берілуі мүмкін.

Соттардың ведомстволық бағыныстылық істер бойынша ережені сақтамау салдары.

Мүдделі тұлғалардың ведомстволық бағыстылық туралы ережені сақтамауы тұлғалардың өздерінің құқықтарымен мүдделерін қорғау үшін сотқа шағымдануға негіз болады.

Ведомстволық бағыныстылық бойынша нормалардың бұзылуы немесе сақталмауы келесідей процессуальдық жағдайда әкеліп соғады:

1) Егер тұлға сотқа азаматтық процес бойынша қаралуға және шешуге жатпайтын арызбен шағымданса, онда сот АПК 151 бабымен талап арызды қабылдаудан бас тартады. Сонымен қатар сот арызданушыға қандай органға шағымдануға болатынын түсіндіре отырып шешім шығарады;

2) егер сот ведомстволық бағыныстылық бойынша сұрақтарды шешуде қателескен болса және ведомстволық бағыныстылық бойынша азаматтық істі қозғау туралы шешімді шығарған болса, онда азаматтық іс АПК 277 бабы бойынша тоқтатылуға жатады. Істі тоқтата отырып, сот талапты қамтамасыз ету бойынша қабылданған шешімді қабылдаудан бас тартады және мемлекеттік бажды қайтаруға шешім шығарады.

3) егер ведомстволық бағыныстылық туралы шешім сот шешімі ұрған орган шағымды қараған кезде азаматтық сот өндірісі тәртібі бойынша соттардың істі тоқтату туралы шешім қабылданған азаматтық істің шешімінен бас тартады.

3. Соттылық – азаматтық істердің қарауын және шешуін бірінші сатыдағы белгілі бір сотқа пәндік құзыретіне жататындығы болып табылады.

Заңдарға сәйкес бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау өзгеше тәртіппен жүзеге асырылмаса, соттар оларды қорғау туралы істерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды және шешеді.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды.

Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

2. Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот).

Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Жалпы алғанда ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының 77 бабы 3 бөлімі 3 тармағы бойынша өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды. Бұл талап жоғары тұрған сот

органдарына өздерінің өндірісіне төмен тұрған соттардың істерін қабылдау үшін мүдделі емес соттарға қойылады.

АПК 26 бабында аудандық (қалалық) соттардың және оларға теңестірілген соттардың соттылығына жататын азаматтық істер осы Кодекстің 27-бабының төртінші бөлігінде және 28-бабында көзделген істерді қоспағанда, азаматтық істер аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарда қаралады және шешіледі.

Азаматтық істердің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылуы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мынадай:

1) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), Референдумның орталық комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы;

2) бір тарапы ірі инвестор болып табылатын инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды және шешеді (АПК 28 бап).

Азаматтық істердің мамандандырылған соттарда соттауға жатқызылуы.

Сот әрекеттерінің құқықтық реттелу тарихы, тек қана сот иерархиясының нақты құрылысын емес, құқықсоттылығының сот мамандығының шегі мен олардың құзыреттілік юрисдикциясын анықтауға бағытталады.

Мамандандырылған ауданаралық экономиялық соттар тараптары заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар жөніндегі, сондай-ақ корпоративтік даулар жөніндегі азаматтық істерді қарайды және шешеді. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, басқа соттың соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді.

Әскери соттар Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерінің, әскери жиындардан өтіп жатқан азаматтардың лауазымды адамдар мен әскери басқару органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауы туралы азаматтық істерді қарайды. Мамандандырылған басқа соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, егер тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару органдары, әскери бөлім болып табылса, әскери соттар басқа азаматтық істерді де қарайды.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар баланың тұрғылықты жерін айқындау; ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау және басқа адамдарда болатын баланы айырып алу туралы; бала ата-аналарының біреуімен республикадан тыс

жерлерге тұрақты тұру үшін кеткен кезде баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы; ата–ана құқықтарынан айыру (оларды шектеу) және оларды қалпына келтіру туралы; бала асырап алу және оның күшін жою туралы; кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы даулар бойынша; кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықтан (патронаттан) туындайтын даулар бойынша; кәмелетке толмағанның әкесін анықтау және одан алименттер өндіріп алу туралы; он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанның өз табыстарына өз бетінше иелік ету құқықтарын шектеу немесе олардан айыру туралы арыздар бойынша; кәмелетке толмағанды әрекетке толық қабілетті деп жариялау (эмансипация) туралы; әке болуды анықтау туралы және баланы күтіп–бағуға пайыздық қатынаста немесе нақты ақшалай сомада алименттер өндіріп алу туралы; алименттердің мөлшерін азайту туралы; кәмелетке толмағандардың еңбек, тұрғын үй құқықтарын қорғау туралы; кәмелетке толмағандар және кәмелетке толғандар бірлесіп, оның ішінде әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі кәмелетке толғандардың қатысуымен келтірілген зиянды өтеу туралы азаматтық істерді қарайды және шешеді.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істер кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, баланың тұрғылықты (болатын) жеріндегі аудандық (қалалық) сотта қаралуы мүмкін немесе оған берілуі мүмкін. Өтінішхат істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін берілуі мүмкін (АПК 27 бабы 3 тармағы).

Астана қаласының соты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылған істерден басқа, инвестициялық даулар бойынша, сондай–ақ инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды және шешеді.

Инвестор қатысатын құқықтық қатынастардан туындайтын, инвестициялық қызметке байланысты емес өзге де даулар, сондай–ақ оңайлатылған іс жүргізумен қарауға жататын инвестор қатысатын даулар осы Кодекстің 3–тарауында белгіленген соттылыққа сәйкес аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың соттылығына жатады (АПК 27 бабы 4 бөлімі 5 тармағы).

Аумақтық соттылық

Азаматтық іс жүргізу заңдылықтарымен мынадай аумақтық соттылықтың түрлері қарастырылған: жалпы аумақтық соттылық; балама (тұлғаны таңдау бойынша соттылық), ерекше, келісімді, бірнеше істердің байланыстылығы бойынша соттылық.

Жалпы аумақтық соттылық. АПК 29 бабында талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Жеке тұлғаның, оның ішінде заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның тұрғылықты жері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген қағидалар бойынша айқындалады.

Заңды тұлғаға талап қою құрылтай құжаттарына сәйкес және (немесе) Бизнес–сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Заңды тұлға құрмайтын ұйымға талап қою оның орналасқан жері бойынша беріледі.

АПК 31 бабы бойынша балама соттылық:

1. тұрғылықты жері белгісіз не Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері жоқ жауапкерге талап қою оның жылжымайтын мүлкінің орналасқан жері бойынша немесе оның ең соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін.

2. Заңды тұлғаға талап қою оның мүлкінің орналасқан жері бойынша да берілуі мүмкін.

3. Заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің қызметінен туындайтын талап қою филиалдың немесе өкілдіктің орналасқан жері бойынша да берілуі мүмкін.

4. Талап қоюшы әке болуды анықтау туралы және алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларды өзінің тұрғылықты жері бойынша беруі мүмкін.

5. Мертігуден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы талап қоюларды талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша немесе зиян келтірілген жер бойынша бере алады. Өмірге және (немесе) денсаулыққа келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты болып танылған заңды тұлға таратылған жағдайда талап қоюлар тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің орналасқан жері бойынша беріледі.

6. Орындалатын орны көрсетілген шарттардан туындайтын талап қоюлар шарттың орындалатын орны бойынша да берілуі мүмкін.

7. Некені бұзу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша онымен кәмелетке толмаған балалары бірге тұрған жағдайда берілуі мүмкін.

8. Қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа заңсыз тартудан, процестік мәжбүрлеу шараларын не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын заңсыз қолданудан бұзылған мүліктік және мүліктік емес құқықтарды қалпына келтіру туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

9. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері не шарттың жасалу немесе орындалу орны бойынша берілуі мүмкін.

10. Кемелердің соқтығысуынан келтірілген залалдарды өтеу туралы, сондай-ақ теңізде көмек көрсеткені және құтқарғаны үшін сыйақы өндіріп алу туралы талап қоюлар жауапкердің немесе кеме тіркелген порттың орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

11. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша не жауапкердің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

12. Бірнеше жауапкерге талап қоюлар талап қоюшының таңдауы бойынша жауапкерлердің бірінің тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

13. Осы Кодекстің 31-бабында белгіленген соттылықты қоспағанда, осы бапқа сәйкес іс соттылығына жататын бірнеше соттың арасынан таңдау жасау талап қоюшыға тиесілі.

Шарттық соттылық АПК 32 бабымен реттеледі. Тараптар осы істің аумақтық соттылығын, оның ішінде істі сот талқылауына дайындау сатысындағы соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша да аумақтық соттылықты өзара келісім бойынша өзгерте алады. Осы Кодекстің 31-бабында белгіленген соттылықты тараптардың келісімімен өзгертуге болмайды.

Бір-бірімен өзара байланысты істердің соттылығы 33-баппен реттеледі. Дербес талапты мәлімдеуші үшінші тұлғаның талап қоюы және қарсы талап қою, бұлардың соттылығына қарамастан, бастапқы талап қою қаралатын жердегі сотқа беріледі. Бір жауапкерге бірнеше талап қою берілген кезде, егер даудың нысанасы немесе негізі соттың іс жүргізуінде жатқан істегі даудың нысанасына немесе негізіне байланысты болса, ал мұндай талап қоюлардың соттылығы соттың іс жүргізуінде жатқан істің соттылығын бұзбаса, сот оларды бір іс жүргізуге біріктіруге құқылы.

Қылмыстық істен туындайтын талап қоюды, егер ол қылмыстық іс бойынша жүргізілген кезде азаматтық талап қою ретінде мәлімделмеген немесе шешілмеген болса немесе, сот қараусыз қалдырса, бас бостандығынан айыруға сотталған адамға оның сотталғанға дейінгі тұрғылықты жері бойынша не талап қоюшының тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарау үшін беріледі.

Есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс-әрекеті туралы қылмыстық істен туындайтын талап қою, егер ол іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық талап қою ретінде мәлімделмеген немесе шешілмеген болса немесе сот іс бойынша іс жүргізу кезінде оны қараусыз қалдырса, есі дұрыс емес адамның әрекетіне материалдық жауапты адамның тұрғылықты жері бойынша не талап қоюшының тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарау үшін беріледі.

Істі бір сот ісінен екінші сотқа беру. Соттылық қағидалары сақтала отырып, соттың іс жүргізуіне қабылданған іс кейіннен ол басқа соттың соттылығына жатқызылса да, сот оны мәні бойынша шешуге тиіс (АПК 34 бабы 1 бөлімі).

Қозғалған азаматтық істің соттылығының өзгеруі (сымалға жауапкердің мекен жайын өзгерті қатысты) істі басқа сотқа алып кетуге жол берілмейді. Іс сол соттылық ережесін сақтап қозғалған соттың қарауында қалады және шешім шығарылады.

Істі бір сот ісінен екінші сотқа беру заңда қарастырылған негіздер бойынша ғана жол беріледі.

АПК 34 бабы 2 тармағы бойынша сот істі бір соттан басқа сотқа бере алады, келесідей көрсетілген жағдайда:

2. Егер:

1) тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жауапкер істі өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беру туралы өтінішхат берсе;

2) бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдірілгеннен кейін істі осы сотта қарау мүмкін болмаса;

3) істі осы сотта қарау кезінде оның іс жүргізуге соттылық қағидалары бұзыла отырып қабылданғаны анықталса;

4) осы Кодекстің 27–бабының үшінші бөлігінде көзделген негіздер туындаса;

5) осы Кодекстің 32–бабында көзделген негіздер туындаса сот істі басқа соттың қарауына береді.

Тараптардың істің осы соттың соттылығына жатпайтыны туралы арыздарын осы сот шешеді. Істі басқа сотқа беру туралы мәселе бойынша ұйғарым шығарылады. Ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады және шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды.

Осы баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларда істі оның соттылығын анықтау үшін жоғары тұрған сотқа беру туралы ұйғарым шығарылады. Істі басқа сотқа беру туралы мәселені жоғары тұрған соттың судьясы іске қатысатын адамдарға хабарламастан және сот отырысын өткізбестен жеке–дара қарайды. Қарау нәтижелері бойынша ұйғарым шығарылады, ол түпкілікті болып табылады және оған шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды.

Істі бір соттан екінші сотқа беру – осы ұйғарымға шағым жасау мерзімі өткеннен кейін, ал шағым берілген жағдайда – шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін жүргізіледі.

Соттар арасындағы соттылық туралы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті болып табылады және ол шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды.

Іс соттылығын бұзғанның нәтижесі

Іс соттылығын бұзғаннан кейін келесі нәтижелер бар:

1) істі аталған сотта қарау кезінде оның істің соттылық ережелерін бұза отырып қабылданғаны анықталса, АПК–нің 152 бабына сәйкес судья арызды қайтару туралы дәлелді ұйғарым шығарады, онда арыз берушіге, қандай

сотқа жүгіну не істі қозғауға кедергі келтіретін мән-жайларды қалай жою қажет екендігін көрсетеді;

2) егер азаматтық іс қозғалғаннан кейін соттылық ережелері бұзылғаны анықталсы, АПК 34 бап 2 бөлім 3 тармағына сәйкес, соттылығы бойынша бөтен сотқа жіберіледі;

3) егер сот өзінің соттылығына жатпайтын іс бойынша шешім шығарған болса, апелляциялық шағым немесе наразылық бойынша қарастырып жатқан жоғары сатыдағы сот, сол шешімді бұзады (АПК 427 бап 4 бөлім, 1 тармағы).

- 1. Сотта дәлелдеу.**
- 2. Сот дәлелдемелерінің түсінігі және топталуы.**
- 3. Дәлелдемелерді ұсыну және жинау.**

1. Сот дәлелдемесі – сот дәлелдемелері арқылы істің дұрыс шешілу үшін маңызы бар заңды деректер және өзге мән жайлардың болуы – болмауын анықтауға бағытталған азаматтық іс жүргізу қатынастарының субъектілеріндегі белгілі бір топтың қызметі.

Сот дәлелдеуінің мақсаты ретінде азаматтық іс мән жайларын айқындау болып табылады, яғни дәлелдемелер арқылы заңның тараптар үшін (арызданушы) белгілі құқықтық салдары басталуын, сондай-ақ іске маңызы бар басқа мән жайлардың басталуын байланыстыратын заңды деректер бар–жоғын анықтау.

Сот дәлелдеуі қызметтің екі түрінің біртұтастығы: логикалық және іс жүргізу (В.В.Молчанов, М.К.Треушников) [4, 299].

Дәлелдеудің субъектілері ретінде іске қатысушы, сондай-ақ сотқа қатысушы тараптар және өзге тұлғалар болып табылады, осылай АПК 72 бабына сәйкес дәлелдеу міндеті. Әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән–жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

АПК–тің 29–тарауында көрсетілген істер бойынша дәлелдеу ауыртпалығы актілеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған мемлекеттік билік, жергілікті өзін–өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілерге жүктеледі.

Әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән–жайларды дәлелдеуі тиіс.

Талапкер талап қою негіздемесін құрайтын мән жайларды дәлелдеуі тиіс, жауапкер – талап қоюға қарсы наразылықтар негіздемесін, дауласу нысанына өз бетімен талап қойған үшінші бір тұлға, онымен қойылған талап негіздемесін. Осылай сияқты дәлелдеу бойынша міндеттеме прокурорға, мемлекеттік органға, жергілікті өз бетімен басқару органына, қоғамдың немесе мемлекетті мүдделерді, басқа тұлғалардың құқықтары және заңды мүдделерін қорғау мақсатында заңмен қабылданған тәртіпте сотқа талап қоятын ұйым және азаматқа жүктеледі.

Тараптардың дәлелдеу қызметінде процестің тараптардың дәлелдеме қызметінде процестің жарыс сөзділігі беріледі.

Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз айқындамасын таңдап алады, оны қорғау әдісі мен амалдарын дербес және соттан, басқа органдар мен адамдардан тәуелсіз түрде таңдап алады. Сот істің нақты мән–жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған, алайда тараптың дәлелді өтініші бойынша оған осы Кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдемдеседі (АПК 15 бабы 3бөлімі).

Сотпен істе қатысушы тараптар және өзге тұлғалармен берілген немесе мүдделі тұлғалардың өтініші болған кезде соттың сұранысы бойынша алынған дәлелдемелерді зерттеу және бағалау бойынша қызмет атқарады.

Материалдық құқық нормалары тараптар арасында дәлелдеу міндеттерін қайта бөлуге келтіретін жағдайдың жеке жағдайларында көздейді. Бұл дәлелдеу принциптерімен байланысты. Мысал ретінде материалдық заңның келесі өзгеше ережесін келтіруге болады:

1) Зиян келтіруші кінәсінің анық–қанықтығы туралы, соның ішінде жоғарылатылған қауіптілікте негізгі көзімен зиян келтірілуі. Егер талапкер келесі үш деректі дәлелдесе – зиян келтіру бойынша жауапкермен әрекеттер жасау, осы зиянды себеп–салдар басталуы және оның әрекеттері және басталған салдары арасындағы байланыс болуы, онда, азаматтық құқық нормаларына сәйкес зиян келтірушінің кінәсы болуы мүмкін. Сондықтан да талапкер зиян келтірушінің кінәсін дәлелдеу бойынша міндеттемелерінен босталыдаы. Зиян келтіруші өз мүдделерінде зиян оның кінәсынан келтірімегендігін дәлелдей алады (АК 47 тарау).

2) Кәсіпкерлік қызметті жүргізуде тиісті түрде міндеттемені орындаған–орындамаған тұлға кінәсының анық–қанығы туралы. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән–жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән–жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды. Заңдарда немесе шартта жауапкершіліктің және одан босатылудың өзге негіздері ескерілуі мүмкін. Міндеттемені қасақана бұзғаны үшін жауапкершілікті жою немесе шектеу туралы алдын ала жасалған шарт жарамсыз болады.

Кінәның болмауы міндеттемені бұзған адаммен дәлелденеді. Бұзушы ол бұзушылықта кінәлы еместігін дәлелдеуге міндетті, яғни бұзушылыққа жол бермеу үшін оған байланысты барлық шараларды қолдады. (АК 359бабы.).

Деректердің анық-қанығын дәлеледеуден тараптардың (талапкер) босатылады, ал кінәның болмауын дәлелдеу бойынша міндеттеме басқа жаққа өтеді (жауапкер).

Сот дәлелдемесі өзара үздіксіз байланысты және дәлелдеу қызметінің өзара шартталған түрлерінен (кезеңдері) тұрады:

- Дәлелдемелерді беру және жинақтау;
- Сот отырысында дәлелдемелерді зерттеу (тексеру);
- Дәлелдемелерді бағалау.

2. АПК 63бабына сәйкес сот солардың негізінде тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың, сондай-ақ істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлардың бар немесе жоқ екендігін анықтайтын заңды тәсілмен алынған фактілер туралы мәліметтер іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

АПК 67 бабына сәйкес егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, дәлелдеме анық деп есептеледі. Шындыққа сәйкес келуі ең алдымен, мәлімет алынған оңды сапалы көзден, сондай-ақ, дәлелдемені алудағы процестің өзінен алынғаны анықталады.

Бірінші белгісі. АПК 65бабына сәйкес аудио-бейнежазбалар, оның ішінде байқау және (немесе) тіркеу аспаптарымен алынғандар, фото және (немесе) киноға түсіру материалдары, электрондық, цифрлық және өзге де материалдық жеткізгіштердегі басқа да материалдар жарамды дәлелдемелер ретінде танылуы мүмкін.

Істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

АПК 65бабына сәйкес фактілер туралы мәліметтерді, егер олар Кодекстің талаптарын бұза отырып, іске қатысатын адамдардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу арқылы, оның ішінде:

1) зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттерді қолдану арқылы;

2) іске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалану арқылы;

3) осы азаматтық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқтұлғаның процестік әрекетті жүргізуіне байланысты;

4) қарсылық білдірілуге жататын тұлғаның процестік әрекетке қатысуына байланысты;

5) процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы;

6) белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден;

7) дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы;

8) тараптың немесе іске қатысатын басқа да тұлғалардың дәлелдерін негіздеу немесе теріске шығару мақсатында мазмұнын арнайы дайындау немесе өзгерту арқылы алынған фактілер туралы мәліметтердің анықтығына

ықпал еткен немесе ықпал ете алатын дәлелдемелер ретінде сот жарамсыз деп таниды.

Іс бойынша іс жүргізу кезінде мәліметтердің дәлелдемелер ретінде пайдаланылуына жол бермеу соттың қалауы немесе іске қатысатын адамдардың өтінішхаты бойынша анықталады.

Занды бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңдық күші жоқ деп танылады және оларды сот шешімінің негізіне алуға, сондай-ақ іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдалануға болмайды. Мұндай дәлелдемелер бұзушылықтар фактісін және оларға жол берген тұлғалардың кінәсін дәлелдеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Дау (жанжал) медиация тәртібімен реттелмеген жағдайда судья өзі сотта медиация жүргізу кезінде алған дәлелдемелерді іс жүргізуінде іс жатқан судьяға ұсына алмайды.

Екінші белгісі, сот дәлелдеріне тән, сот дәлелдері ретінде іске қатысты ғана, іс үшін маңызы бар нақты деректер болып табылады деген қорытындыны береді.

АПК 64бабына сәйкес егер дәлелдемеде іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын не оларға күмән келтіретін фактілер туралы мәліметтер болса, сот дәлелдемені іске қатысты деп таниды.

Дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселені шешу кезінде сот бастапқы деректер аясына келеді, яғни дәлелдемелер қатыстылығы дәлелдеу нысанымен анықталады. Егер нақты деректер және заңды дерегі және іс бойынша өзге мән жайлар арасында байланыс болса, онда дәлелдеме сотпен іске қатысты деп танылады; егер ондай байланыс болмаса, онда сотқа берілген дәлелдеу материалы іске қатысты емес деп саналады.

Сот дәлелдемесіне тән үшінші белгі, сот дәлелдемелері заңмен көзделген, әдістермен анықталғаннақты деректерді білдіреді деп қорытынды береді. Заңда көрсетілмеген, әдістермен алынған нақты деректер сот дәлелдемелері ретінде бола алмайды.

Бұл деректер анықталады:

- Фактілер туралы мәліметтер тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелерінен;
- Куәлардың айғақтарынан;
- Сарапшылардың қорытындыларынан;
- Заттай дәлелдемелерден;
- Процестік әрекеттердің хаттамаларынан;

—сот отырыстарының хаттамаларынан, аудио—, бейнежазбаға, процестік әрекеттердің барысын және нәтижелерін көрсететінбейнеконференцбайланыс жүйелерін пайдалану арқылы алынған деректерден және өзге де көздерден алынуы мүмкін (АПК 63б.2т).

АПК 65 бабы 3 бөліміне сәйкес, істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

Дәлелдемелердің жіктелуі

Сот дәлелдемесін әртүрлі негіздемелер бойынша жіктеуге болады:

- 1) Олардың алыну көзі бойынша;
- 2) Жасалу (қалыптасу) сипаты бойынша;
- 3) Олар және бастапқы деректер арасындағы нысаны бойынша.

Алыну көзі бойынша барлық дәлелдемелер үш түрге бөлінеді: жеке, заттық және аралас.

Жеке дәлелдемелер ретінде көздері ретінде жеке тұлғалар болатын нақты деректер болып табылады. АПК сәйкес оларға тараптар және үшінші бір тұлғалардың түсініктемелері, және де куәлардың жауаптары жатады.

Заттай дәлелдемелер ретінде дүниедегі заттай нысандардан шыққан нақты деректер келтіріледі (мысалы, заттар және өзге заттардың келісімшарттары және өзге мәмілелері). Оларға жазбаша және заттай дәлелдемелер жатады.

Аралас дәлелдемелер ретінде бір мезгілде жеке тұлғалар және материалдық шынайылықтың нысандары көздері ретінде болатын нақты деректер болып табылады. Ондай дәлелдемелерге сарапшылардың қорытындылары жатады. Бір жағынан қорытынды арнайы тұлғамен (арнайы ғылыми білімі бар тұлғамен) ал басқа жағынан заңмен қабылданған талаптарды сақтаумен құжат түрінде баяндалған қорытынды болуы тиіс.

Жасалу сипаты (қалыптасу) жағынан дәлелдемелер екі түрде болады: бастапқы (тікелей) және туынды (орташаландырылған).

Осы жіктелу дәлелдеме және бастапқы дерек арасында ортақ оны бар–жоқтығына қарай жүзеге асырылады.

Бастапқы дәлелдеме – бұл бастапқы деректердің тікелей ықпалында алынған нақты деректер (істің мән–жайлары). Осы дәлелдемелерді бірінші көздегі дәлелдемелер деп атау қабылданған. Мысал ретінде өсиеттің, кез келген шарттың сарапшының қорытындысының түпнұсқалары, құқық туралы даудың нысаны болып табылатын табиғи күйдегі зат немесе өзге мүлік, кездейсоқ куәнің жауаптары және т.б. келтіруге болады.

Туынды дәлелдемелер – бұл басқа дәлелдеме мазмұнын, көбінесе бастапқы туындататын нақты деректер.

Нақты деректер және бастапқы деректер арасындағы байланыстар нысаны бойынша барлық дәлелдемелер екі түрге бөлінеді: тура және жанама дәлелдемелер.

Тура дәлелдемелер – бұл бастапқы деректермен бір мағыналы байланысы бар нақты деректер. Ондай өзара байланыс дәлелдеменің болған кезінде тек бір ғана қорытындыны беруге мүмкіндік береді: бастапқы дерек болуы – бомауы. Мысалы, заң талаптарына сәйкес жасалған пәтерді сату–сатып алу шарты, нақты тұлғалар арасында осы мәмілені жасау дерегін растайды.

Жанама дәлелдемелер – бұл бастапқы деректермен көп мағыналы байланыстарға жол беретін нақты деректер.

3. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Дәлелдемелерді беру тәртібі АПК 73 бабымен реттелген. Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Кодекстің 404–бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда дәлелдемелер апелляциялық сатыдағы сотқа ұсынылуы мүмкін. Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

АПК 73 бабы 3 тармағы бойынша сот тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғаларға істі дұрыс шешу үшін қажетті қосымша дәлелдемелер беруді ұсынуға құқылы.

Іске қатысатын тараптар мен басқа да тұлғалар үшін дәлелдемелерді беру қиын болған жағдайда, бірінші сатыдағы сот олардың өтінішхаты бойынша оларға дәлелдемелерді талап етіп алдыруға жәрдем көрсетеді.

Бірінші сатыдағы сот қанағаттандырусыз қалдырған, тарапқа қажетті дәлелдемелерді талап етіп алдыруға жәрдем көрсету туралы өтінішхат апелляциялық сатыдағы соттың алдында апелляциялық шағымда немесе сот отырысында мәлімделуі мүмкін. Дәлелдемелерді талап етіп алдыруға жәрдем көрсету туралы өтінішхатта дәлелдеме, сондай-ақ іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлар осы дәлелдемемен анықталатыны немесе теріске шығарылатыны, дәлелдемелерді өз бетінше алуға кедергі келтіретін себептер және оның тұрған жері көрсетілуге тиіс. Қажет болған кезде сот іске қатысатын адамға дәлелдемені алу үшін сұрау салуды береді. Сот талап еткен дәлелдемесі бар тұлға оны тікелей сотқа жібереді немесе сотқа дәлелдемені ұсыну үшін соттың тиісті сұрау салуы бар тұлғаның қолына береді. Корпоративтік даулар бойынша дәлелдемелерді тек қана сот талап етуге және тікелей сотқа жіберілуге тиіс. Талап етілген дәлелдемелерді ұсынбаудың себептері туралы сотқа хабарланбаған, сондай-ақ сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша сот белгілеген мерзімде дәлелдемелер ұсынылмаған жағдайда, кінәлі лауазымды немесе іске қатыспайтын өзге де тұлғалар Кодекстің 9–тарауында белгіленген қағидалар бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға тартылады. Әкімшілік жаза қолдану сот талап еткен дәлелдемені иеленген тұлғаны дәлелдемені сотқа ұсыну міндетінен босатпайды. Соттың талабын қасақана орындамаған жағдайда көрсетілген тұлғалар қылмыстық жауаптылықта болады. Егер тарап сот талап еткен дәлелдемені өзінде ұстап қалса және оны соттың сұрау салуы бойынша сот белгілеген мерзімде ұсынбаса, онда қамтылған мәліметтер осы тараптың мүдделеріне қарсы бағытталған деп болжанады және ол мойындады деп

есептеледі.

Төрелік талқылау тараптары төреліктің келісімімен дәлелдемелерді алуға жәрдемдесу туралы өтінішхатпен сотқа жүгіне алады, ол осы баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацына сәйкес қаралады АПК 73 бабы 4–9 тармақтары.

Жазбаша дәлелдеменің төлнұсқасын сотқа ұсыну қиын болған кезде сот осы құжаттың тиісті түрде куәландырылған көшірмелері мен үзінділерін ұсынуды талап етуі немесе басқа да жазбаша дәлелдемелерді олардың сақталатын жерінде қарап–тексеру мен зерттеу жүргізуі мүмкін (АПК 100б. 5т.).

Басқа әдісі – сот тапсырмалары. істі қараушы сот іске қатысушы адамның басқа қалада немесе ауданда дәлелдемелер жинау қажеттігі туралы өтінішін қанағаттандырған жағдайда тиісті сотқа белгілі бір іс жүргізу әрекетін жасауға тапсырма береді. (АПК 74,75б.б.) (мысалы, куәның мекен–жайы бойынша жауап алу, заттай айғақ жерін қарауды жүргізу және т.б.).

Сот тапсырмасы туралы ұйғарымда қаралатын істің мәні, тараптар туралы мәліметтер қысқаша жазылады, анықтауға жататын мән–жайлар, тапсырманы орындаушы сот жинауға тиіс дәлелдемелер көрсетіледі. Бұл ұйғарым ол жолданған сот үшін міндетті. Сот тапсырмасы туралы ұйғарым шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды (АПК 74б.3б.).

Хаттамалар мен тапсырманы орындау кезінде жиналған барлық материалдар дереу істі қарап жатқан сотқа жіберіледі.

Егер іске қатысатын адамдар немесе тапсырманы орындаушы сотқа түсініктеме немесе айғақ беруші куәлер істі қарайтын сотқа келсе, олар жалпы тәртіпте түсініктеме мен айғақ береді.

АПК 74 бабы 2 тармағына сәйкес, істі қарайтын сот іске қатысатын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарты бар басқа мемлекеттегі дәлелдемелерді қамтамасыз етудің (жинаудың, зерттеудің) қажеттігі туралы өтінішхаттарын қанағаттандырған жағдайда, осы шарттың ережелеріне сәйкес сот тапсырмасын жібереді.

Үшінші әдісі – дәлелдемелерді қамтамасыз етуді қамтамасыз ету институтын қолдану арқылы дәлелдемелерді жинау (АПК 69–71 б.б.). бұл азаматтық іс жүргізу құқығының арнайы институты, оның нормаларын дәлелдемелерді сақтау немесе куәландыру тәртібін анықтайды, егер болашақта оларды сотқа ұсыну қиындығы немесе мүмкін болмау туралы болжам бар болса.

Осылай, АПК 69 бабына сәйкес, өздері үшін қажетті дәлелдемелерді ұсыну соңынан мүмкін болмайды немесе қиындық келтіреді деп қауіптенуге негізі бар іске қатысушы адамдар соттан осы дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы сұрай алады.

Сот дәлелдемелерді қамтамасыз етуді куәлардан жауап алу, сараптама тағайындау және жүргізу, дәлелдемелерді олардың сақталған жерлерінде

карап тексеру, сот тапсырмасын жіберу және басқа да тәсілдер арқылы жүргізеді (АПК 69бабы 2бөлімі).

АПК 70бабына сәйкес, дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арыз іс жүргізуінде іс жатқан сотқа беріледі.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арызда қамтамасыз етілуге қажетті дәлелдемелер, осындай қамтамасыз ету қажетті растау немесе теріске шығару үшін істің мән–жайлары. Арыз беруден бас тартылған дәлелдемелерді қамтамасыз ету қажет болған іс онда көрсетілуге тиіс.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арызды қарау нәтижелері бойынша сот ұйғарым шығарады, оған сәйкес дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша процестік әрекеттерді жасайды не одан бас тартады. Ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады және шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды. Шығарылған ұйғарымға қатысты істен бөлініп алынған материал апелляциялық сатыдағы сотқа жеке шағыммен, наразылықпен бірге жіберіледі.

Дәлелдемелерді қамтамасыз етуді судья істі сот талқылауына дайындау кезінде немесе істі бірінші сатыдағы сотта қарау кезінде арыз келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді.

Арыз беруші және іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді қамтамасыз етудің уақыты мен орны туралы хабарландырылады, алайда олардың келмеуі соттың дәлелдемелерді қамтамасыз етуі бойынша жеке процестік әрекетті жасауына кедергі болып табылмайды.

Хаттамалар және қамтамасыз ету тәртібімен жиналған барлық дәлелдемелер бұл туралы іске қатысатын адамдарға хабарлана отырып, істі қарайтын сотқа беріледі (АПК 71 бабы).

**№7 тақырып «Талап қою өндірісінің түсінігі және мәні.
Азаматтық процестегі талап қою».**

- 1. Бірінші сатыдағы соттарда іс жүргізу түрлері. Талап қою бойынша іс жүргізудің түсінігі мен маңызы.**
- 2. Талаптың түсінігі мен элементтері. Талап қою құқығы.**
- 3. Талаптың түрлері.**

1. Азаматтық іс жүргізу заңнамасы бірінші сатыдағы сотта іс жүргізудің келесі түрлері көзделген, осыған сәйкес азаматтық істерді қарастыру және шешу толық сот процедурасын сақтаумен жүзеге асырылады:

- 1) Оңайлатылған іс жүргізу (АПК 12–13 тараулары, 2 бөлімі, 1 кіші бөлім);
- 2) Талап қоюмен іс жүргізуі (АПК 14–26, тараулары, 2 бөлімі, 2 кіші бөлім);
- 3) Ерекше талап қоюмен іс жүргізу (АПК 27–30 тараулары, 2 бөлімі, 4 кіші бөлім);
- 4) Ерекше іс жүргізу (АПК 31–49 тараулары, 2 бөлімі, 4 кіші бөлім);
- 5) Жоғалған сот ісін жүргізуді немесе атқарушылық іс жүргізуді қалпына келтіру бойынша іс жүргізу (АПК 50 тарау, 5 бөлімі, 2 кіші бөлім);
- 6) Қазақстан Республикасының халықаралық шарт негізінде баланы қайтару туралы немесе балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы арыздарды қарау.

Талап қоюмен іс жүргізу тәртібінде азаматтық істердің басым көпшілігі қарастырылады. Сондықтан мәні жағынан талап қоюмен іс жүргізу ережелері азаматтық сот өндірісінің жалпы ережелері болып табылады. Азаматтық сот өндірісінің екі басқа түрлеріндегі істерді қарастыру және шешу кезінде сол сияқты азаматтық іс жүргізу құқығының анықталған арнайы нормаларымен, жеке алулары және қосымшаларымен бірге талап қою іс жүргізу ережелері қолданылады.

Талап қоюмен іс жүргізу

Азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларынан талап қоюмен іс жүргізілуі тәртібінде материалдық құқықтық қатынастардың түрлерінен туындайтын құқық туралы даулар бойынша істер қарастырылады және шешіледі. АПК 23 бабы 2 тармағына сәйкес азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қою ісін жүргізудің азаматтық істері соттардың ведомстволығына жатады.

Талап қоюмен іс жүргізілуі үшін келесі белгілер тән:

1) құқық немесе заңды мүддесі туралы даудың болуы. Құқық туралы дау негіздемесі ретінде құқықты даулап алу, құқық бұзылуы, келешекте құқық бұзылу қаупі немесе құқық субъектілері арасындағы өзара қатынастардың белгісіз болуы мүмкін;

2) қарама қайшы заңды мүдделерімен тараптардың болуы, сот арқылы қарастырылатын және шешілетін тараптар арасындағы құқығы немесе заңды мүддесі туралы даулар. Дауласушы субъектілерге заң өз құқықтары және мүдделерін қорғау үшін тең іс жүргізу мүмкіншіліктерін береді.

Талап қою істері бойынша сот өндірісі бағытталады:

1) материалдық субъективтік құқықтың, тұтасымен материалдық құқықтық қатынастары немесе заң міндеттері болуы немесе болмауын анықтау;

2) жауапкердің белгілі әрекеттер жасауына жіберілуі немесе олардың жасалуынан жібермеуі;

3) тараптар арасындағы материалдық құқық қатынастарының тоқтатылуы немесе өзгерілуі.

Азаматтық іс бойынша АПК 8бабы 1және 2 бөлімдерінде көрсетілген субъектілердің бірі талап қойып (арыз беріп) сотқа жүгінуге құқылы.

Ерекше талап қоюмен іс жүргізу

Құқық туралы даудың болуы талап қоюмен іс жүргізу үшін ғана емес, сонымен бірге ерекше талап қоюмен іс жүргізу үшін де тән.

Ерекше талап қоюмен іс жүргізу—бұл жариялы—құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша азаматтық істер аясынан заңмен анықталған бірінші сатыдағы сотпен қарастыру және шешу тәртібі.

Ерекше талап қоюмен іс жүргізу талап қоюмен іс жүргізуден ажыратылады:

—біріншіден, тізбеленген ерекше талап қойылған іс жүргізу істерін анықтайды (АПК 23 бабы 3 бөлімі, 27—30 тараулар). Материалдық құқықтық қатынастардың бірнеше түрлерінен туындайтын істер: сайлау, өзге конституциялық, әкімшілік, қаржылық, салықтық;

— екіншіден, бұл істер жөнінде құқық туралы даулар субъектілері ретінде бір жағынан, мемлекеттік өкімет органы немесе лауазымды тұлға (мемлекеттік қызметкер), ал басқа жағынан—азамат. Өзгеше айтқанда, ерекше талап қоюмен іс жүргізу істеріне заңмен жатқызылған құқық туралы даулар субъектілері, барлық жағдайларда өкімет және қарамағындағылар қатынастарында тұрады;

—үшіншіден, осы істерді қарастыру және шешу кезінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік қызметкерлердің актілері мен әрекеттерінің (әрекетсіздігі) заңды және негізді болуын сотпен тексеруі, өзгеше айтқанда, сот басқарушылық функцияларына бөленген органдары мен тұлғаларының қызметіне сотты бақылау жүргізуі.

Ерекше іс жүргізу

Ерекше іс жүргізу – бұл азаматтық істердің мүдделі тұлғалары арасындағы материалдық–құқықтық даулар жоқ болатын, белгілі бір аясындағы қатынастарда қолданылатын бірінші сатыдағы сотта істер қарастырылудың арнайы іс жүргізу тәртібі.

Ерекше іс жүргізудің талап қоюмен іс жүргізуден маңызды айырмашылығы ерекше іс жүргізу істерінде құқық туралы дау болмайды. Сондықтан ғылыми әдебиетте ерекше іс жүргізуге «сөзсіз іс жүргізу» термині жақын.

2. Іс жүргізу әдебиетінде талап қоюдың мәнді белгілерін сипаттайтын әртүрлі анықтамалар беріледі. Ең ықшамы дефиниция беріледі, оған сәйкес талап қою бұзылған немесе дауласқан құқықты қорғаудың іс жүргізу құралы ретінде анықталады.

Талап қоюда мәлімделетін талаптар – бұл сотта іс талқылауындағы бастамшылдың талаптары. Сонымен:

- материалдық–құқықтық мағынада талап қою талапкердің жауапкерге талабы ретінде қарастырылады;

- іс жүргізу мағынасында талапкердің сотқа заңмен қорғалатын құқығын немесе мүддесін қорғау туралы талабымен жүгінуі ретінде.

Талап қою құқығы талап қоюға құқығын және оны қанағаттандыру құқығын енгізеді. Сөйтіп, талап қоюға құқықта екі жағы, екі заң құқығы болады: іс жүргізу жағы (талап қою құқығы) және материалдық–құқықтық жағы (талап қоюды қанағаттандыру құқығы). Екі заңды құқық та өзара байланысты және кешенінде талапкердің дербес субъективтік құқығын қалыптастырады. Егер талапкерде талап қоюға құқығы және талап қоюды қанағаттандыру құқығы болса, онда оның бұзылған немесе дауға түскен құқығы тиісті сот қорғауын алады.

Талап қоюға құқықтың болуы не болмауы сотпен талап арызды қабылдау кезінде тексеріледі. Заң талап қоюға құқықты тиісті жүргізудің келесі шарттарын көздейді:

1) талапқоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тарапта рдың шартында көзделген дауды сотқа дейін реттеудің тәртібін сақтама сая және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса (АПК 152б.1б, 1т.);

2) іс осы соттың соттылығына жатпаса (АПК 152б.1б, 2т.т.);

3) арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе (АПК 152б.1б, 4т.т.);

4) арызға оған қол қоюға немесе оны беруге өкілеттігі жоқ адам қол қойса (АПК 152б.1б, 5т.т.);

5) осы немесе басқа соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол тараптардың арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер жөніндегі дау бойынша іс болса (АПК 152б.1б, 6т.);

6) талап қою арызы Кодекстің 148–бабының, 149–бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмесе және істі сот талқылауына дайындау сатысында кемшіліктерді жоюдың мүмкін еместігі анықталатын болса (АПК 152б.1б, 3т.т.);

Талап қоюға құқықтың материалдық–құқықтық жағы, яғни талап қоюды қанағаттандыру құқығы сот талқылауы кезінде тексеріледі және анықталады. Егер талапкердің талап қою құқығы құқықтық жағынан, нақты жағынан да негіздемелі болса, онда сотта талап қоюды қанағаттандыруға құқығы бар. Мүдделі тұлғада талап қоюға құқығы болуы мүмкін, бірақ талап қоюды қанағаттандыруға құқығы болмайды. Сотпен анықталған соңғы мән–жайдың болмауы арызданған талаптарды қанағаттандыруға бас тартуға соқтырады.

Талап қою арызының нысаны және мазмұны.

Талап қою арызы өз нысаны және мазмұны жағынан Қазақстан Республикасы АПК 148 бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Талап қою арызы сотқа жазбаша түрде немесе электронды құжаты түрінде беріледі (АПК 148б.1б.).

АПК 148 бабы 2 бөліміне сәйкес талап арызда көрсетілуі тиіс:

- 1) талап қою арызы берілетін соттың атауы;
- 2) талап қоюшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның туған күні, тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, ал егер талап қоюшы заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, бизнес–сәйкестендіру нөмірі мен банктік деректемелері; егер арызды өкіл берсе, өкілдің атауы мен оның мекенжайы көрсетілуге тиіс. Арызда, егер бар болса, талап қоюшы мен өкілдің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс;
- 3) жауапкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса), егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері (егер олар талап қоюшыға белгілі болса) мен бизнес–сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса). Арызда, егер талап қоюшыға белгілі болса, жауапкердің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс;
- 4) азаматтың құқықтары мен бостандықтарын немесе талап қоюшының заңды мүдделерін және талап қоюшының талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәні;
- 5) талап қоюшы өзінің талаптарын негіздейтін мән–жайлар, сондай–ақ осы мән–жайларды растайтын дәлелдемелердің мазмұны;
- 6) егер бұл заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, жауапкерге жүгінудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау туралы мәліметтер;
- 7) егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы, сондай–ақ өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалардың есебі;
- 8) талап қою арызына қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

Талап қою арызына талап қоюшы немесе талап қою арызына қол қоюға өкілеттігі болған кезде оның өкілі қол қояды. Талап қою электрондық

құжат нысанында берілген кезде ол талап қоюшының немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады (АПК 148б.4т.).

Талап қою элементтері.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында талап қою элементтерін оның құрамды бөліктері ретінде бөлу қабылданған, осының арқасында талап қоюдың жекелендірілуі жүргізіледі. Құрылымдылық жағынан талап қою үш элементтен тұрады:

- талап қою мәні;
- талап қою негіздемесі;
- құқықты немесе заңды мүддені қорғау әдісі.

Аталған элементтер жиынтығында талап қою мазмұнын құрайды.

Мәні деп оған қатысты талапкер соттан қорғауға қол жеткізеді: оған нені тағайындау, тану немесе өзгерту. Талап қоюшы соттан жауапкерге өзінің материалдық-құқықтық талабын мәжбүрлеп жүзеге асыруды талап ете алады: мүлік меншік иесі өз мүлігін қайтаруды талап етеді, кредитор-қарызын төлеуді талап етеді.

Талап қою мәні – субъективтік құқық, заңды міндеттеме немесе материалдық құқықтық қатынас.

Талап қою мәнін талап қою объектісінен ажырату қажет. Бұл екі түсінік екі түрлі. Талап қою объектісін материалдық дүние заттары құрайды, оған қатысты жауапкер әрекет жасалуы тиіс. Талап қою объектілері ретінде құқық туралы немесе заңды мүдде туралы дау шыққан әртүрлі заттар немесе материалдық емес игіліктер болуы мүмкін.

Мысалы меншік иесі өз мүлкін (материалдық объект) қайтару туралы (талап қою мәні) талабымен арызданады; кредитор жауапкермен қарызға алған ақша сомасын (материалдық объект төлеуді) (талап қою мәні) талап етеді. Меншік иесі оған тиесілі бөлмені (материалдық объект) жалгерлік келісімін жарамсыз деп (талап қою мәні – жалгерлік құқықтық қатынас) тануды сұрайды.

Талап қою негіздемелері деп мүдделі тұлғамен көрсетілетін, талап қою мәні болып табылатын материалдық құқықтық қатынастардың (субъективтік құқығы, міндеттемелері) туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын келтіретін заңды деректерді түсіну қажет.

АПК 148 бабы 2 бөлімі 5 тармағына сәйкес талап қою арызында талапкер өз талабын және осы мән жайларды растайтын дәлелдемелерді негіздейтін мән жайларды көрсетуі тиіс. Сөйтіп, нақты мән жайлар талап қою негіздемесін құрайды. Талап қою негіздемесінің аталған түсінігін «талап қоюдың нақты негіздемесі» деп атау қабылданған.

Прокурордың мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделер үшін берген талап қою арызында мемлекеттік немесе қоғамдық мүдденің мәні неден көрінетіндігіне, қандай заңды мүдделердің бұзылғанына негіз, сондай-ақ қолдануға жататын заңға сілтеме болуға тиіс.

Прокурор азаматтың мүдделері үшін өтініш жасаған жағдайда талап қою арызында азаматтың өзінің талап қоюдың мүмкін еместігі себептеріне

негіз болуға тиіс. Талап қою арызына, әрекетке қабілетсіз тұлғаның мүдделері үшін талап қою берілетін жағдайларды қоспағанда, прокурордың талап қоюмен сотқа жүгінуіне азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісім беруін растайтын құжат қоса берілуге тиіс (Қазақстан Республикасы АПК 148б.3т.).

Заңнамамен азаматтық құқықтар қорғаудың келесі әдістері көзделген(АК 9 б. 1 б.):

1)құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу;

2)құқықтарды тану (құқықтық қатынастарды);

3)құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту.

Талап қоюдың тепе–теңдігі

Жоғарыда көрсетілгендей, талап қою элементтерінің мағынасы олардың талап қоюдағы жекешелендіру құралдары ретінде көрсетілген. Талап қою ажыратылуы тиіс, себебі заң сол тараптар арасында құқық туралы, сол мәні туралы және сол сияқты негіздемелер бойынша дауласуда сотқа қайталап жүгінуге тыйым салады (АПК 151 бабы 1 бөлімі 2 тармағы).

Бұл бір талап қою екі рет сотта қарастыруға жатпайтындығын білдіреді, яғни сотқа қойылған тепе–тең талап қою бойынша сот шешімін немесе өзге актіні шығаруға болмайды. Осыған байланысты азаматтық істі қозғау туралы, мүдделі тұлғада талап қоюға құқығы болуы немесе болмауы туралы сұрақты шешу кезінде талап қою тепе теңдігін ашуы маңызды.

Талап қою тепе – теңдігі олардың элементтері бойынша анықталады: мәні, талап қою негіздемесі және құқық немесе заңды мүддені қорғау әдісі бойынша.

Екі тепе – теңдік түрін ажыратады: ішкі және сыртқы.

Талап қоюдың ішкі тепе теңдігі сотқа сол бойынша азаматтық қозғалған процесті аяқталуына дейін бастапқы талап қоюды сақтауды білдіреді. Өзгеше айтқанда, талап қою құрылымы нақты азаматтық іс бойынша процестің аяқталуына басынан аяғына дейін өзгеріссіз қалады. Талап қоюдың ішкі тепе теңдігі процес қозғалысының әртүрлі кезеңдерінде осы талап қоюдағы элементтерді салыстыру арқылы анықталады.

Талап қоюдың сыртқы тепе – теңдігі екі және одан артық талап қою біркелкілігін, (ұқсастығын) білдіреді. Мысалы, тепе тең ретінде келесі талап қоюлар болуы мүмкін: сотқа қойылған талап; соттың қарастыруындағы талап; сотпен қарастырылған талап. Тепе теңдіктің осы түрі салыстырылатын талап қоюдағы барлық үш элементтерін салыстыру арқылы қабылданады. Бір тұлғалар арасында құқық туралы даулар бойынша талап қою тепе теңдігі келесі іс жүргізу салдарын келтіреді.

Сотқа тепе – тең талап қою кезінде судья соттың іс жүргізілуіне осындай талап қоюды қабылдауға бас тарту туралы ұйғарым шығарады (АПК 151 б. 1 б. 2 т.т.) немесе бастапқы талап қою қарастырылуы болды ма немесе ол сот өндірісінде бар болуына қарай оны қайтару туралы ұйғарым (АПК 152

б. 1 б. 6 т.т.) шығарады. Тепе теңдік талап қою бойынша қозғалған іс жүргізу тоқтатуға жатады (АПК 277 б. 2 т.т.).

Бірнеше рет талап қою ұзақ созылған сипаттағы бір құқықтық қатынастан шығатын даулар бойынша жіберіледі.

3. Құқық қорғау әдісіне қарай (талап қоюдың іс жүргізу жіктелуі) барлық талап қоюлар үш түрге бөлінеді:

1) Тағайындау туралы (атқарушылық);

2) Тану туралы (анықтау);

3) Құқықтық қатынастар тоқтатылуы немесе өзгеруі туралы (түрлендіргіш немесе конститутивті).

Тағайындау туралы талап қоюлар (атқарушылық талап қоюлар) – сот практикасында ең таралған талап қою түрлері. Тағайындау туралы талап қоюмен талапкер соттан жауапкерді белгілі әрекетті жасауды немесе оны жасаудан кідіруге міндеттеуді талап етеді (И.М.Пятилетов). Соттан жауапкердің әрекеттерді жасауға талап ететін талап қою мысалдары ретінде табиғи түрде затты беру туралы талап қоюды, бөлмеден шығару туралы, еңбек ақысын өндіру, алименттерді, шығысты, айыппұлды және т.б. талап қоюларды атауға болады. Жауапкермен әрекеттерді жасауға кесуге бағытталған немесе оны әрекеттер жасаудан кідіруге мәжбүрлеуге бағытталған талап қоюлар мысалы ретінде ортақ жер учаскесімен пайдалану құқығын бұзушы кедергілерді алып тастау туралы, жеке сипаттағы мәліметтері бар құжаттарды жариялауға тыйым салу туралы және т.б. талап қоюлары болуы мүмкін.

Сөйтіп, тағайындау туралы талап қоюмен (атқарушылық талап қоюмен) сотпен расталған жауапкердің міндеттерінің мәжбүрлеп орындалуына бағытталған талап қою аталады. Талапкер белгілі субъективтік құқықты тануды ғана емес, сонымен бірге жауапкерді өз пайдасына нақты әрекеттер жасауына тағайындауды талап етеді.

Тағайындау туралы талап қою мәні ретінде тұтасымен бұзылған немесе дауланатын субъективтік құқығы немесе материалдық құқықтық қатынасы болып табылады (М.А.Гурвич). Мысалы: алименттерді өндіру туралы талап қоюда өз ата аналары немесе отбасының басқа мүшелерінен өмір сүруіне алуға баланың құқығының өз мәні болады, бөлмеден шығару туралы талап қою мәні ретінде талапкердің жауапкер арқылы тұрғын үй бөлмесін пайдаланғаны үшін ақшаны алу құқығы болады және жалгерлік шартпен жасалған ақша қаражатын жауапкер арқылы төлеу міндеттілігі болып табылады.

Тағайындау туралы (нақты) талап қою негіздемесі ретінде заңды деректердің екі тобы болып табылады:

1) Құқықтың өзінің, міндеттемелері немесе материалдық құқықтық қатынастарымен байланысты деректер (мысалы, мұрагерлікпен алынған мүлікке меншіктілік құқығы туындау негіздемесі ретінде мұрагерлікті қабылдау, авторлық құқықтың туындау негіздемесі ретінде шығарманы жазу және т.б.);

2) Сотқа құқығы немесе заңды мүддесі қорғау туралы талаппен жүгінумен байланысты деректер (мысалы, міндеттерді орындау мерзімінің аяқталуы; ар-ожданын немесе іскерлік абыройына нұқсан келтіретін әрекеттерді жасау және т.б.).

Атқарушы талап қою құқығын қорғау әдісі ретінде талапкерге қатысты жауапкермен міндеттерін орындауға жіберілуі, талапкер пайдасына әрекеттер жасауға немесе нақты әрекеттерді жасаудан кідіруге мәжбүрлеу болып табылады. Мысалы: жауапкерді мүлікті беруге, ақша сомасын беруге, жұмысқа қайта орналастыруға, залалды өтеуге, ортақ мүлікпен қолдануға кедергі келтірмеуге міндеттеу [4, 362–364].

Тану туралы талап қою ретінде (анықтау талабымен) сотпен талапкерде субъективтік құқықтың немесе талапкер және жауапкер арасындағы құқықтық қатынастар болуы немесе болмауын растауға бағытталған талап қою аталады.

Тану туралы талап қою мәні ретінде заңды қатынас немесе құжат қызмет етеді. Бұл кезде талап қою оңды немесе теріс жағына бағытталған: бірінші жағдайда осы заңды қатынастың бар болғанын тану түрінде және осы құжаттың түпнұсқалы екендігін тану түрінде; екіншісінде – өмірде жоқ және жалған құжаттың осындай қатынаста тануы.

Егер талапкер соттан материалдық құқықтық қатынасты немесе субъективтік құқықты бар деп тануды талап етсе, онда талапкермен қойылған талап тану туралы оңды талап деп аталады. Мысалдар ретінде мүлікке меншіктік құқығын тану туралы, ойлап табуға құқығын тану туралы, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге құқығын тану туралы, әке болуын анықтау туралы және т.б. құқықтарын тану туралы талаптар қызмет етеді.

Егер талапкер соттан жоқ материалдық құқықты қатынасты немесе субъективтік құқықты тануды талап етсе (оның болмауын анықтау) онда талапкермен қойылған талап тану туралы теріс (негативті) талап деп аталады. Ондай талаптардың мысалдары ретінде азаматтық құқықтық мәміленің жарамсыз деп тануы туралы, әке болуды дауласу туралы немесе шеше болуын дауласу туралы, некені жарамсыз деп тану туралы және т.б. талаптар болып табылады.

Тану туралы талап қою нысаны ретінде талапкер және жауапкер арасындағы материалдық құқықтық қатынас немесе субъективтік құқығы болып табылады, оның болуы немесе болмауы сот шешімімен дәлелдеуге тура келеді.

Талап қою түріне баланысты тану туралы (нақты) талап қоюдың негіздемесі ретінде құқықтық қатынастарды (субъективтік құқықты) болуы немесе болмауын негіздейтін оң немесе теріс сипаттағы заңды деректер болуы мүмкін.

Анықтау талабының құқық қорғау әдісі ретінде заңды күшіне енген (талапкердің авторлық құқығын тану, ұл болуы немесе қыз болуын тану жарамсыздығы және т.б.) сот шешімімен құқықтардың (құқықтық қатынастардың болмауы немесе болуын тану болып табылады).

Түрлендіргіш (конститутивті) талап ретінде сот шешімі бойынша талапкер және жауапкер арасындағы бар құқықтық қатынастың өзгерісіне немесе тоқтатылуына бағытталған талап қою аталады.

Түрлендіргіш шешімдер және талаптардың ең маңызды белгісі сот заңмен көрсетілген жағдайларда ғана шешімдер шығара алатындығымен қорытындыланады, егер заңның құқықтық қатынастардың өзгерісі немесе тоқтатылуына құқықтар туындауын байланыстыратын деректері болса (И.М.Пятилетов).

Түрлендіргіш талаптың нысаны ретінде материалдық құқықтық қатынас болып табылады (субъективтік құқығы, заңды міндеті), онда талапкер соттан өз шешімімен өзгерту немесе тоқтатуды талап етеді.

Түрлендіру талабының негіздемесі ретінде (нақты) талап қою нысаны болып табылатын, материалдық құқықтық қатынастың (субъективтік құқықтың) міндеттердің), өзгеруі немесе тоқтатылуын келтіретін мүдделі тұлғамен көрсетілетін заңды деректерді түсіну қажет.

Көпшілік жағдайларда И.М.Пятилетов көрсеткендей, түрлендіргіш талап негіздемесін екі түрлі мағына деректері құрайды:

а) өзгерту немесе тоқтатуға жататын құқықтық қатынастар туындауына байланысты деректер;

б) құқықтық қатынастардың өзгеруімен немесе тоқтауына түрлендіргіш құқықтылығын жүзеге асыру мүмкіндігімен байланысты деректер.

Осыған дәлел ретінде келесі мысалы келтіріледі: бірінші топтағы деректерге сатып алынған заттар жетіспеушілігімен сату–сатып алу шартын бұзу туралы талапта сату–сатып алу шартын жасау жатады, екінші топтың деректеріне – сатылған тауардағы кемшіліктердің болуы.

Түрлендіргіш талап құқығын қорғау әдісі ретінде талапкер және жауапкер арасындағы құқықтық қатынастардың тоқтатылуы немесе өзгеруі болып табылады.

Азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қою ісін жүргізудің азаматтық істері соттардың ведомстволығына жатады (АПК 24 бабы 2 бөлімі).

Бұл жіктелуді зор практикалық мағынасы бар. Материалдық–құқықтық белгі бойынша талап қою түрлері құқықтық статистика негізіне қойылған әрі сот практикасын жалпылауға пайдалы. Қарастырылатын жіктелу талап қоюдың қандай да бір түрлерінен туындаған азаматтық істердегі жеке санаттардың қарастырылуы және шешілуімен байланысты іс жүргізу ерекшеліктерін ашуға және ескеруге мүмкіндік береді [4, 367–368].

**№ 8 тақырып «Сотта азаматтық істің қозғалуы.
Істі сотта қарауға дайындау».**

1. Сотта азаматтық істің қозғалуы.

2. Істі сотта қарауға дайындау.

1. Азаматтық істі сотта қозғау азаматтық процестің кезеңі – істі бірінші сатыдағы соттағы іс бойынша іс жүргізудің құрамды бөлімі болып табылады.

АПК 8 бабы 1 тармағына сәйкес, әркім бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде, азаматтар мен заңды тұлғалар осы Кодексте белгіленген тәртіппен басқа тұлғалардың немесе тұлғалардың белгісіз бір тобының бұзылған немесе даулы заңды мүдделерін қорғау туралы арыз беріп, сотқа жүгінуге құқылы.

Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін талап қоюды (арыз) беріп, сотқа жүгінуге құқылы.

Азаматтық істер мүдделі тұлғалардың арызы бойынша сотта қозғалады:

Талап қою ісін жүргізу – тұлғалардың арыз беру арқылы сотта қозғалады (АПК 148–150 б.), ерекше талап қою ісін жүргізу – арыз беру арқылы (АПК 286, 289, 292, 298), ерекше іс жүргізу істер–арыз беру (АПК 307, 310, 317, 323, 329, 332, 335, 341, 346, 350, 356, 361, 368, 376, 379, 382 б.) немесе шағым беру арқылы (АПК 364 б.) қозғалады.

Талаптық іс жүргізудегі істерді қозғауды реттейтін Азаматтық іс жүргізу құқығының нормалары жалпы сипатқа ие және ерекше талаптық іс жүргізудегі істердің де, ерекше сипаттағы іс жүргізудегі істердің де қозғалуына өз қызметін таратады. Бұл тақырыпта талаптық іс жүргізудегі істердің қозғалуы, соның ішінде талап–арыздың берілуі және соттың іс жүргізілуіне талап арыздың қабылдануы қарастырылады.

Талап арыз беру– бұл мүдделі тұлғаның құқығын немесе заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғау мақсатында жасаған әрекеті.

Алайда талап арыздың берілуі, бұл арыз бойынша міндетті түрде азаматтық іс қозғалады дегенді білдірмейді. Берілген талап арызды қабылдау және өз қарауына алу туралы шешімді АПК нормаларына сәйкес судья қабылдауға міндетті. Және де судья тек іс жүргізу сипатындағы мәселелерді шеше алады.

Азаматтық іс қозғау сатысында іс жүргізу заңының талаптарын орындамай талап арыз беру жағдайында судья ұйғарым шығару ретінде келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) талап арызды қабылдаудан бас тарту;
- 2) талап арызды қайтару;
- 3) талап арызды қозғалыссыз қалдыру.

Олардың құқықтық мазмұнын қарастырайық:

Талап арызды қабылдаудан бас тарту.

Судья әуелі сотқа арызданушы тұлғаның талап арызды беру құқығының бар немесе жоқ екендігін тексереді. Бұл мақсатта ол АПК 8 бабы 1 және 2 бөлімінде, 44 бабы, 47 бабының 1–2 бөлімінде, 54 бабының 3 бөлімінде, 55 бабында бекітілген нормаларды басшылыққа алады.

Егер судья сотқа арызданушы тұлғаның талап арыз беруге құқығының жоқтығын анықтаса, талап арызды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым қабылдайды.

Талап арызды қабылдаудың бас тарту туралы ұйғарымды судья АПК 151 бабының 1 бөліміне сәйкес қабылдайды, егер:

1) арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса;

2) сол тараптардың арасындағы, нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі шығарылған дау бойынша Кодексте көзделген негіздермен іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы болса;

3) төреліктің нақ сол тараптар арасындағы нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі дау бойынша қабылданған шешімі болса және бұл туралы сотқа белгілі болса, судья талап қою арызын қабылдаудан бас тартады.

Судья талап арызды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарымға дәлелді анықтама беріп, іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпайтын жағдайда арыз берішінің қай органға бару керектігін көрсетеді.

Арызды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым ол сотқа түскен күннен бастап бес күн мерзімде шығарылуы және арыз берушуге арызға қоса тіркелген барлық құжаттармен бірге табыс етілуге немесе жіберілуге тиіс.

Арызды қабылдаудан бас тарту өтініш берушінің сол сол жауапкерге сол нысана және сол негіздер бойынша талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуге заң бойынша болмайды.

Арызды қабылдаудан бас тарту туралы судьяның ұйғарымына жеке шағым, наразылық келтірілуі мүмкін.

Талап қою арызды қайтару

АПК 152 бабына сәйкес, судья талап қою арызын қайтару туралы ұйғарым шығарады, егер:

1) талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін реттеудің тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса;

2) іс осы соттың соттылығына жатпаса;

3) талап қою арызы осы Кодекстің 148–бабының, 149–бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмесе және істі сот талқылауына дайындау сатысында кемшіліктерді жоюдың мүмкін еместігі анықталатын болса;

4) арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе;

5) арызға оған қол қоюға немесе оны беруге өкілеттігі жоқ адам қол қойса;

6) осы немесе басқа соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол тараптардың арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер жөніндегі дау бойынша іс болса;

7) егер заңда өзгеше көзделмесе, осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы тараптар арасында заңға сәйкес келісім жасалса;

8) коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті орган, Азаматтық кодексінің 242–бабының 3–тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган жылжымайтын затты есепке қабылдаған күннен бастап бір жыл өткенге дейін осы затқа коммуналдық меншік құқығын тану туралы сотқа жүгінсе;

9) талап қоюшы өзі берген талап қою арызын қайтару туралы мәлімдесе, судья талап қою арызын қайтарады.

Судья талап арызды қайтару туралы ұйғарымға дәлелді анықтама беріп, істің бұл сотта қаралуына жатпайтын болса, арыз берушінің қай сотқа жүгінуге болатынын немесе істі қозғауға кедергі болып тұрған мән–жайларды қалай жою керектігін көрсетеді. Талап арызды қайтару туралы ұйғарым ол сотқа түскен күннен бастап бес күн мерзімде шығарылуға және арызға қоса тіркелген барлық құжаттармен арыз берушіге тапсырылуға немесе жіберілуге тиіс.

Сот ұйғарымына шешімі түпкілікті болып табылатын апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Арызды қайтару өтініш берушінің сол сол жауапкерге сол нысана және сол негіздер бойынша талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуге жіберілген бұзушылықты жойған жағдайда кедергі келтірілмейді.

Талап қою арызын қабылдау

Егер судья тұлғаның талап арыз беруге құқығының бар екендігін белгілесе, ол бұл құқықтың тиісті жағдайда жүзеге асқандығын тексереді, яғни талап арыз беруге құқықтың іске асу шарттарының орындалуын анықтайды. Талап арыз берудің заңмен белгіленген тәртібі сақталған жағдайда ғана арыз судьямен өндіріске қабылданады.

Талап арыздың қабылдануы мүдделі тұлғаның талабы бойынша азаматтық істің пайда болуын білдіреді. Сонымен, азаматтық істі қозғау туралы мәселені судья жеке дара заңға сәйкес шешеді.

Арыз сотқа түскеннен бастап бес күннің ішінде судья істі қозғау жөнінде ұйғарым шығарады. Мүдделі адамның құқығын соттың қорғауы іске асырылатыны немесе бұдан бас тартылатыны соттың бұл мәселені дұрыс шешуіне байланысты болады. Талап арызды қабылдап, судья азаматтық істің қозғалуы туралы ұйғарым қабылдайды (АПК 150 б).

Азаматтық іс бойынша өндірісті қозғау құқықтық салдарларды туындатады. Олар екі топқа бөлінеді: материалдық–құқықтық және процесуалды–құқықтық. Құқықтық салдарлардың бөлінуі олардың сипаты мен маңызына байланысты.

Процесуалды–құқықтық салдарлар.

Бұлардың ішінде ең маңыздысы болып нақты іс бойынша азаматтық сот ісінің жүргізілуі табылады. Талап арыздың қабылдану сәтінен бастап іс басталады, құқық туралы дауды қарау және шешуге байланысты азаматтық–процесуалды құқықтық қатынастары пайда болады. Соттағы іс жүргізудің қозғалуынан бастап процесуалды мерзімдердің өтуі басталады.

Соттың талап арызды қабылдауы дәл сондай талапты сотқа беру мүмкіндігін жояды.

Материалды–құқықтық салдарлар

АПК 115 бабы 1 бөліміне сәйкес, талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан кезде ол жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді. Талап қоюшы жауапкерге істі жүргізуге байланысты оның жұмсаған сот шығыстарын өтейді.

Азаматтық істі қозғаудың материалды–құқықтық салдарларды материалды(азаматтық) құқық нормаларының мазмұнына байданысты болады.

Азаматтық кодексінің 183 бабына сәйкес, талап қою мерзімінің өтуі белгіленген тәртіппен талап қою, тараптардың медиация туралы шарт жасасуы, сондай–ақ міндеткер адамның борышты немесе өзге міндеттерді мойындағандығын дәлелдейтін әрекеттер жасауы арқылы үзіледі. Үзілістен кейін талап қою мерзімінің өтуі қайтадан басталады; үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді.

Азаматтық кодексінің 263 бабының 1 тармағына сәйкес, меншік иесі Кодекстің 260, 261–баптары негізінде мүлікті талап ете отырып, арам ниетті иеленушіден бүкіл иеленген кезінде өзі алған немесе алуға тиіс болған табыстардың бәрін қайтаруды немесе өтеуді; адал иеленушіден иеленуінің заңсыздығы туралы білген немесе білуге тиіс болған немесе меншік иесінің мүлікті қайтару туралы талап қою жөніндегі хабарламасын алған кезден бастап өзі алған немесе алуға тиіс болған табыстардың бәрін талап етуге де құқылы. Адал иеленуші өз кезегінде меншік иесінен мүліктен табыс

есептелетін уақыттан бастап ол мүлікке жұмсаған қажетті шығындарды меншік иесінің өтеуін талап етуге құқылы. Арам ниетті иеленуші мұндай өтемді иеленушінің талабын сот негізді деп тапқан реттерде толық немесе ішінара алуға құқылы.

«Неке және отбасы туралы» Кодексінің 164 бабы 2 тармағына сәйкес, алимент белгіленген тәртіп бойынша сотқа талап арызбен жүгіну күнінен бастап болашақ уақытқа тағайындалады. Бұл, егер шешім талап қоюшының пайдасына қабылдаса, алимент шешімнің қабылданған және оның заңды күшіне енген күнінен бастап емес, талап арыздың сотқа берілген күнінен бастап тағайындалады дегенді білдіреді.

Заңмен сот ісін қозғаудың басқа да құқықтық салдарлары белгіленуі мүмкін.

2. Азаматтық істерді сот қарауына дайындау бірінші сатыдағы соттардың барлық азаматтық істері бойынша міндетті сатысы болып табылады.

Істі сотта қарауға дайындаудың мақсаты— істі дер кезінде және дұрыс шешуді қамтамасыз ету (АПК 163 б.1б.).

Істі сот қарауына дайындықты жүргізу әрбір іс бойынша міндетті болып табылады (АПК 163 б. 2 б.).

Істі сот қарауына дайындықты судья талап арызды қабылдағаннан кейін және сот отырысына дейін жеке өзі жүзеге асырады. Дайындық әрекеттері істің қаралуы кейінге қалдырылған, сонымен бірге бұрын қабылданған сот шешімін бұзып, оны бірінші сатыдағы соттың қарауына жіберген жағдайда сот отырыстарының арасында да жүргізіледі.

АПК 163 бабы 2 бөліміне сәйкес, әрбір іс бойынша міндетті болатын азаматтық істі сот талқылауына дайындау міндеттері:

- 1) істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән—жайларды нақтылау;
- 2) тараптардың құқықтық қатынастарын және сот басшылыққа алуға тиіс заңды айқындау;
- 3) іске қатысатын адамдардың құрамы туралы мәселені шешу және оларғасот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлау;
- 4) әрбір тараптың өз талаптарын немесе қарсылықтарын негіздеуі үшін ұсынылуға тиіс дәлелдемелерді айқындау;
- 5) тараптарды татуластыруға жәрдемдесу болып табылады.

Сонымен, істі соттың қарауына дайындау азаматтық істі дер кезінде және дұрыс шешуді қамтамасыз етуге бағытталған істі жүргізу әрекеттерінің жиынтығы.

Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау, егер осы Кодексте және басқа да заңдарда өзгеше белгіленбесе, талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Алименттерді өндіріп алу туралы, денсаулықтың бұзылуынан келтірілген зиянды өтеу туралы, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты істерден басқа айрықша қиын істер бойынша ерекше

жағдайларда және еңбек қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша істі сот талқылауына дайындау үшін ұсынылған мерзім өткеннен кейін бұл мерзім судьяның ұйғарымы бойынша қосымша бір айға ұзартылуы мүмкін. (АПК 164 б.).

Судья істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады және жасауға тиіс әрекеттерді көрсетеді (АПК 163 бабы 1 бөлімі).

АПК 165 бабы бойынша істің мән–жайларын ескере отырып, істі сот талқылауына дайындау тәртібімен судья мынадай әрекеттерді жасайды:

1) дәлелдерді негіздейтін дәлелдемелерді қоса тіркеп, талап қоюшы мәлімдеген талаптарға жазбаша пікірді сот белгілеген мерзімде ұсынуды жауапкерге міндеттейді;

2) егер жауапкер немесе іске қатысатын басқа да тұлғалар сотқа талап қою арызына қоса берілген құжаттарды алмағандығы туралы мәлімдеген жағдайда, сот олармен сотта таныстыруды қамтамасыз етеді, ал осы адамдардың тапсыру туралы өтінішхаты болған жағдайда талап қоюшыны көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндеттейді;

3) тараптарға олардың процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, ұсынылған процестік құжаттар және тараптар өзара даулайтын мән–жайлар бойынша түсіндірмелер беруді ұсынады;

4) тараптарға дәлелдемелерді сот белгілеген мерзімде уақтылы ұсынбаудың және процесті негізсіз созудың осы Кодексте белгіленген құқықтық салдарын түсіндіреді;

5) тараптарға дауды татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен шешу не дауды шешу үшін төрелікке жүгіну құқығын және олардың құқықтық салдарын түсіндіреді;

6) кәмелетке толмаған талап қоюшының немесе жауапкердің заңды өкілдеріне олардың істі соттылығы бойынша баланың тұрғылықты (тұрған) жері бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа беру туралы өтінішхатпен жүгіну құқығын түсіндіреді;

7) іске қатысатын адамдардың құрамы туралы, оның ішінде үшінші тұлғалардың іске кіруі туралы мәселені шешеді, сондай–ақ тиісті емес жауапкерді алмастыру туралы мәселені шешеді;

8) осы іс бойынша сот талқылауының аяқталуына мүдделі адамдарды сотқа талап қою арызының келіп түскені туралы хабардар етеді;

9) тараптың өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша сараптама тағайындайды, сондай–ақ іске қатысуға маманды, аудармашыны тарту туралы мәселені шешеді;

10) куәларды сот отырысына шақыру туралы мәселені шешеді;

11) өтінішхат бойынша тараптар азаматтарды және заңды тұлғаларды істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар дәлелдемелерді ұсынуға міндеттейді, Кодекстің 73–бабының жетінші бөлігінде белгіленген құқықтық салдарды түсіндіреді;

12) кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, іске қатысатын адамдарға хабарлай отырып, жазбаша және заттай дәлелдемелерді сол жерде тексеріп қарайды;

13) сот тапсырмаларын жібереді;

14) талап қоюшының арызы бойынша ол берген талап қою арызын қайтару туралы ұйғарым шығарады;

15) егер тараптар арасында сотқа дейін реттеу тәртібімен партисипативтік рәсім жүргізілген жағдайда тарапты оны жүргізу барысында алынған құжаттарды және дәлелдемелерді ұсынуға міндеттейді; талап қоюшыдан ол мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алады, одан ол даулап отырған фактілерді, жауапкер тарапынан ықтимал қарсылықтарды анықтайды, егер бұл қажет болса, қосымша дәлелдемелер беруді ұсынады, тараптарға олардың процестік құқықтарымен міндеттерін түсіндіреді;

16) істі дұрыс әрі уақтылы қарау және шешу үшін өзгеде қажетті процестік әрекеттерді жасайды.

АПК 167 бабына сәйкес, бірнеше талап қою талаптарын біріктіру және ажырату.

Егер талаптарды бөлек қарау анағұрлым орынды болса, судья талап қоюшы біріктірген талаптардың біреуін немесе бірнешеуін жеке іс жүргізуге бөліп шығарады. Бірнеше талап қоюшы талап қойған немесе бірнеше жауапкерге талап қойылған кезде судья, егер талаптарды бөлек қарау анағұрлым орынды деп тапса, бір немесе бірнеше талапты жеке іс жүргізуге бөліп шығаруға құқылы. Судья осы соттың іс жүргізуінде дәл сол тараптар қатысатын бірнеше ұқсас іс не бір талап қоюшының әр түрлі жауапкерге немесе әр түрлі талап қоюшының сол бір жауапкерге қойған талаптары бойынша бірнеше іс бар екенін анықтап, егер осындай біріктіруді орынды деп тапса, өзінің қалауы не тараптардың өтінішхаты бойынша осы істерді бірлесіп қарау үшін бір іс жүргізуге біріктіруге құқылы. Бір талап екіншісінен бөлінгеннен кейін істі қарау мерзімі істі бөлінген талап бойынша сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап есептеледі.

Істер бір іс жүргізуге біріктірілгеннен кейін істі қарау мерзімі бұрын мәлімделген талап бойынша істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап есептеледі.

Бірнеше талап қоюды біріктіру немесе ажырату туралы ұйғарым шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымда көрсетілуі мүмкін.

АПК 172 бабына сәйкес судья істі сот қарауына дайындау кезінде Қазақстан Республикасы АПК 272, 273 баптарының 1–5 тармақшаларында және 277 – баптың 1–9 тармақшаларында және 279 бапта қарастырылған мән-жайлар бар кезде сот іс бойынша сот ісін тоқтата тұра алады немесе тоқтата алады, сондай-ақ арызды қараусыз қалдыра алады. Сот тараптарға мұндай іс жүргізу әрекеттерінің салдарларын түсіндіруі тиіс.

АПК 173 бабына сәйкес, судья істі дайын деп танып, оны сот отырысында талқылауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарды

және іске қатысатын басқа да тұлғаларды істің қаралатын уақыты мен орны туралы хабарландырады.

Кодекстің 198–бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тағайындалған сот талқылауын кейінге қалдыруға, әдетте, жол берілмейді.

Сот хабарламалары мен шақыртулары

Іске қатысушы тұлғалар, олардың өкілдері, сондай–ақ куәгерлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашыларға сот отырысының болатын уақыты мен орны немесе жеке іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге хабарламалар жіберіледі және сотқа сот шақыртуы арқылы шақырылады.

Қажет болған жағдайларда, іске қатысушы тұлғалар, сонымен қоса куәгерлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар хабарланып немесе арнайы хаттың тапсырылғандығы туралы мәлімденіп, телефонограммамен немесе жеделхатпен, және басқа да шақыртумен құлақтандыруды қамтамасыз ететін байланыс құралдарымен шақырылуы мүмкін.

Сот хабарландырулары немесе шақыртулары хабарланушы мен шақырулушыға сотқа және істі сотқа дайындауға өз уақытында келуіне уақыт жеткілікті болатынын ескере отырып берілуі керек.

Тараптың тиісінше хабарландырылуы – егер хабарлаудың түспегені не кешірек түскені дәлелденбесе, көрсетілген мекенжайда тұратын тараптың кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі, басқа адам алған, оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген хабарлама, телефонограмма немесе жеделхат, сондай–ақ ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық мекенжай бойынша немесе хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы мәтіндік хабардың жеткізілгендігін растайтын есеп (АПК 127бабы).

АПК 128 бабы бойынша соттың шақыру қағазының немесе өзге де хабарлаудың, шақырудың мазмұны.

Хабарламалардың жіберілуін растайтын құжат іс материалдарына қосылады.

АПК 129 бабына сәйкес, соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы немесе мұны өздеріне судья тапсырған адамдар не ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе электрондық мекенжайға электрондық түрде мәтіндік хабар жолдау арқылы немесе хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып жеткізіледі. Шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды адресатқа тапсыру уақыты шақыру қағазының түбіртегінде немесе өзге де хабарлаудың сотқа қайтарылуға тиіс көшірмесінде белгіленеді. Судья хабарландырылатын немесе іс бойынша шақырылатын басқа адамға тапсыру үшін шақыру қағазын немесе соттың өзге де хабарлауын іске қатысатын адамның келісімімен оған беруі мүмкін. Соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды жеткізу тапсырылған адам оның тапсырылған күні көрсетілген және адресаттың оларды алғандығы

жөнінде қолы қойылған шақыру қағазының түбіртегін немесе өзге де хабарлаудың көшірмелерін сотқа қайтаруға міндетті.

АПК 130 бабына сәйкес, соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау, ол жолданып отырған азаматқа сотқа қайтарылуға жататын шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарлаудың көшірмелеріне қолы қойдырылып жеке не ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе электрондық мекенжайға электрондық түрде мәтіндік хабар жолдау арқылы немесе хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып тапсырылады.

Заңды тұлғаға жіберілген соттың шақыру қағазы не өзге де хабарлама оның өкіліне немесе басқару функцияларын орындайтын тиісті адамға, күзет қызметінің жұмыскеріне не шақырылып, хабарландырылып отырған тұлғаның басқа қызметкеріне табыс етіледі, ол шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарлаудың көшірмелеріне өзінің лауазымын, тегін және аты–жөнін жазып, оны алғандығы жөнінде қол қояды.

Соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау, егер заңды тұлға көрсетілген мекенжайда болмаса да, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша жеткізілген болып есептеледі.

Егер шақыру қағазын жеткізген адам іс бойынша хабарландырылатын немесе шақырылатын адамды тұрғылықты жерінен немесе жұмысынан таба алмаса, онда шақыру қағазы онымен бірге тұратын отбасының кәмелеттік жасқа толған мүшелерінің біріне не олардың келісімімен басқа адамға, ал олар болмаған кезде – үй–жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің, тұрғын үй–пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасына не тұрғын үй басқарушысына, жергілікті өзін–өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның не оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасына тапсырылады. Бұл жағдайларда шақыру қағазын қабылдап алған адам шақыру қағазының түбіртегіне өзінің тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), сондай–ақ адресатқа қатыстылығын немесе атқаратын лауазымын көрсетуге міндетті. Шақыру қағазын қабылдап алған адам оны кешеуілдемей адресатқа тапсыруға міндетті.

Көрсетілген жағдайларда соттың шақыру қағазы тиісті түрде тапсырылған болып есептеледі.

Адресат уақытша болмаған жағдайда шақыру қағазын жеткізетін адам шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарлауға адресаттың қайда кеткенін және оның қашан қайтып келуі мүмкін екенін белгілейді. Осы мәліметтерді онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің және басқа адамдардың ішінен біреуі растауы не үй–жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің, тұрғын үй–пайдалану және коммуналдық қызметтерді көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасы не тұрғын үй басқарушысы, жергілікті өзін–өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның жұмыс

орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ соттың шақыру қағазын немесе хабарлауды жеткізген адам куәландыруға тиіс.

Соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды қабылдап алудан адресаттың бас тартуының салдары АПК 131 бабында белгіленген. Адресат соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды қабылдап алудан бас тартқан кезде, оларды жеткізуші немесе табыс етуші адам шақыру қағазына немесе өзге де хабарлауға, шақыруға тиісті белгі қояды, олар сотқа қайтарылады, сондай-ақ бұл туралы акт жасауға құқылы. Адресаттың соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды алудан бас тартуы туралы белгіні үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасы не тұрғын үй басқарушысы, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасы куәландырады.

Адресаттың соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды қабылдап алудан бас тартуы істі қарауға немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасауға кедергі болмайды және адам тиісті түрде хабарландырылған болып есептеледі.

АПК 132 бабына сәйкес, іске қатысатын адамдар мен олардың өкілдері іс бойынша іс жүргізу кезінде тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) ауысқан, мекенжайы, ұялы байланысының абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы өзгерген жағдайда бұл туралы сотқа хабарлауға міндетті. Мұндай хабар болмаған кезде шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау, шақыру сотқа белгілі соңғы деректер бойынша жіберіледі және адресат бұл мекенжай бойынша енді тұрмаса да немесе болмаса да, ұялы байланыстың осы абоненттік нөмірін немесе электрондық мекенжайды пайдаланбаса да жеткізілген болып есептеледі. Мұндай хабарлау тиісінше хабарлау болып табылады.

АПК 133 бабына сәйкес, жауапкердің нақтылы тұрған жері белгісіз болған кезде үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасы не тұрғын үй басқарушысы, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның соңғы белгілі жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасының соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды, шақыруды алғанын куәландыратын жазба сотқа келіп түскеннен кейін сот істі қарауға кіріседі. Мұндай хабарлау тиісінше хабарлау болып табылады.

Жауапкердің және (немесе) баланың болған жері белгісіз болған кезде Қазақстан Республикасына заңсыз алып өткен немесе Қазақстан Республикасында ұсталып отырған баланы кері қайтару туралы немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың негізінде осындай балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы талап

бойынша судья жауапкерді және (немесе) баланы іздестіруді жариялау туралы ұйғарым шығаруға міндетті.

Мемлекет мүддесіне орай, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу, асыраушысының денсаулығының зақым алуынан немесе қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша жауапкердің тұрған жері белгісіз болған кезде сот уәкілетті органдар арқылы жауапкерді іздестіруді жариялауға міндетті. Соттың жауапкерге іздеу жариялауы істі қарауға кедергі болмайды.

Жауапкер өзіне сот шешімінің көшірмелері тапсырылғаннан кейін Кодекстің 126-бабында белгіленген тәртіппен апелляциялық шағым беру үшін өткізіп алынған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат беруге және соттың шешіміне шағым жасауға құқылы.

Жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру жөніндегі шығыстарды өндіріп алу уәкілетті органның арызы бойынша сот бұйрығын беру арқылы жүргізіледі.

№9 тақырып «Татуласу рәсімдері. Азаматтық істерді бірінші сатыдағы сотта қарау».

- 1. Татуласу рәсімдері.**
- 2. Азаматтық істерді бірінші сатыдағы сотта қарау.**

1. Жаңа АПК бойынша (174 бабы) сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қолданады, дауды процестің барлық сатыларында реттеуде оларға жәрдемдеседі.

Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.

Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер осы Кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, жария–құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша берілуі мүмкін.

Татуласу келісімін жасау

Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейінгі сот талқылауының кез келген сатысында, сондай–ақ сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы мүмкін.

Татуласу келісімі басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұза алмайды және заңға қайшы келмейді.

Татуласу келісімін сот бекітеді (175 АПК).

Татуласу келісімі жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері оларда сенімхатта арнайы көзделген татуласу келісімін жасауға өкілеттіктері болған кезде қол қояды (176 АПК).

Татуласу келісімі оларды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттарды қамтуға тиіс.

Татуласу келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді.

АПК 176 бабы 4 тармағы бойынша татуласу келісімінде кейінге қалдыру немесе ұзарту мерзімдері көрсетіле отырып, жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, татуласу келісімін мәжбүрлеп орындау туралы шарттар және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін.

Егер татуласу келісімінде сот шығыстарын бөлу туралы шарт болмаса, олар өзара өтелді деп есептеледі.

Татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғалардың санынан бір дана артық жасалады және оған қол қойылады. Татуласу келісімін бекіткен сот осы даналардың біреуін іс материалдарына қоса тіркейді.

Соттың татуласу келісімін бекітуі АПК 177 бабында айтылған. Сот тараптардың татуласу келісімін бекітуі туралы өтінішхатын сот отырысында қарайды. Іске қатысатын адамдар сот отырысының өтетін уақыты мен орны туралы хабарландырылады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптар сот отырысына келмеген және өтінішхатты олардың қатысуынсыз қарау туралы арыз болмаған жағдайда, сот татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты қарамайды.

Сот татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдарын ол бекітілгенге дейін тараптарға түсіндіреді.

Сот қарау нәтижелері бойынша татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату не татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Егер татуласу келісімі заңға қайшы келсе немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот оны бекітпейді. Сот татуласу келісімін бекітуден бас тартқан жағдайда бұл туралы ұйғарым шығарады, ол шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы уәждер апелляциялық шағымда көрсетілуі мүмкін.

Соттың татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымында:

- 1) татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату;
- 2) татуласу келісімінің шарттары және оны орындау мерзімдері;
- 3) осы Кодекстің 176-бабының төртінші бөлігіне сәйкес сот шығындарын бөлу;
- 4) талап қоюшы төлеген мемлекеттік бажды оған бюджеттен қайтару көрсетіледі.

Сот актісін орындау сатысында жасалған татуласу келісімі сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы соттың немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған соттың бекітуіне ұсынылады.

Татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін.

АПК 178 бабы бойынша татуласу келісімін оны жасасқан тұлғалар осы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімдерде ерікті түрде орындайды.

Ерікті түрде орындалмаған татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғаның өтінішхаты бойынша сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу АПК 179 бабымен реттеледі.

Тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхат беруге құқылы.

Тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхаты, егер бұл қосымша процестік әрекеттерді және істі қарауды тоқтата тұруды талап етпесе, кассациялық сатыдағы сотта берілуі мүмкін. Тараптар кассациялық сатыдағы соттағы өтінішхатпен бір мезгілде дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді ұсынуға тиіс.

Медиатор медиацияны жүргізу туралы өтінішхатты берген және тараптардың медиатормен жасасқан шарты бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарға ұсынылған жағдайда іс бойынша іс жүргізу осы Кодекстің 272–бабының 7) тармақшасына сәйкес бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

Бірінші немесе апелляциялық сатыдағы судья медиацияны өткізу туралы өтінішхатты берген кезде сот іс бойынша іс жүргізуді осы Кодекстің 273–бабының 7) тармақшасына сәйкес он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Бірінші сатыдағы сотта медиацияны өткізу үшін іс басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде іс жатқан судья өткізуі мүмкін.

Медиацияны апелляциялық сатыдағы сотта өткізу үшін іс, әдетте, соттың алқалы құрамындағы судьялардың біріне беріледі.

Медиацияны өткізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Медиация сотта «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Кодексте белгіленген ерекшеліктерге сәйкес өткізіледі.

Сот тараптардың өтінішхаты бойынша медиация рәсімін осы баптың үшінші бөлігінде белгіленген мерзім шегінде кейінге қалдыруға және егер басқа тұлғалардың қатысуы дауды (жанжалды) реттеуге ықпал етсе, оларды медиацияға шақыруға құқылы.

Сотта медиацияны өткізу хаттамасы жүргізілмейді.

Егер дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім сот актісін орындау сатысында жасалса, ол сот актісінің орындалатын орны бойынша бірінші сатыдағы сотқа немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған сотқа бекітуге ұсынылады.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және оны орындау (180–бап)

Іс жүргізуінде іс жатқан судья (сот құрамы) дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, осы келісімді бекіту туралы ұйғарым «Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және осы Кодекстің 176, 177–баптарының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Егер тараптар медиация тәртібімен келісімге қол жеткізбесе немесе келісімнің шартын сот бекітпесе, істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы сот бекіткен келісімді орындау осы Кодекстің 178–бабында белгіленген татуласу келісімін орындау қағидалары бойынша жүргізіледі[20].

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу АПК 181 бабымен реттеледі.

Тараптар осы Кодекстің 179–бабында көзделген қағидалар бойынша сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқылы.

Партисипативтік рәсім екі тараптың да адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз өткізіледі.

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім және оны орындау

Іс жүргізуінде іс жатқан судья (сот құрамы) дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және осы Кодекстің 177–бабына сәйкес оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім, келісімді бекіту туралы ұйғарым осы Кодекстің 176 және 177–баптарының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Егер тараптар партисипативтік рәсім тәртібімен келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісім шартын бекітпесе, істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы сот бекіткен келісімді орындау осы Кодекстің 178–бабында белгіленген татуласу келісімін орындау қағидалары бойынша жүргізіледі.

2. Сотта іс қарау – істің мәні бойынша қарауға және шешуге бағытталған бірінші сатыдағы сот пен басқа да қатысушыларының іс жүргізу әрекеттерінен тұратын азаматтық процестің негізгі сатысы.

Бірінші сатыдағы сотпен істі сот отырысына қарауға тағайындау туралы ұйғарым (АПК 173 б.) шығарған кезден сотта іс қарау басталады және сәйкесті сот актісін (шешім, ұйғарым) қабылданғанға дейін жалғасады.

АПК 183 бабына сәйкес азаматтық істер істі сотта қарауға дайындық аяқталған күннен бастап екі айға дейінгі мерзім ішінде қаралып, шешілуі керек. Жұмысқа қайта қабылдау, алименттерді өтеу және мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау істері бір ай мерзімде қаралады және шешіледі.

Азаматтық істердің белгілі бір санаттарына заңмен өзге де мерзімдер белгіленуі мүмкін.

Істі қарауды тек бірінші сатыдағы соттар ғана жүзеге асырмайтындығын айта кеткен жөн. Заңмен белгілеген тәртіппен апелляциялық сатыдағы сот та азаматтық істерді істің мәні бойынша қарап, шеше алады. Апелляция қайта шешу, істің мәні бойынша екінші мәрте қарау дегенді білдіреді. (Е.А.Борисова)

Сот отырысының әр бөлімінде жасалатын іс жүргізу әрекеттер жиынтығының өз мәні бар және азаматтық істер қарап шешуге байланысты нақты сұрақтар шешуге бағытталған.

Соттың бірінші сатысындағы сот отырысы төрт бөлімнен тұрады:

1. дайындау бөлімі;
2. істі мәні бойынша қарау;
3. сот жарыссөздері және прокурордың қорытынды сөзі;
4. шешім шығару және оны жариялау бөлімі.

Дайындау бөлімі (АПК 189–200 баптары)

Дайындау бөлімі – алғашқы іс жүргізу әрекеттерін алдын ала қорытындылау және іс мәні бойынша шешілуіне тиісті іс–әрекеттер жасалу үшін қажетті жағдайлар жасау бөлімі. Сотпен дайындау бөлімінде шешілетін негізгі сұрақтарға мына мүмкіндіктерді анықтау жатады:

- осы сот құрамында іс қарау;
- бар дәлелдемелер негізінде іс қарау мен шешу;
- процеске қатысушылардың біреуі келмей қалған жағдайда істі қарап шешу.

Процесуалды әрекеттерді орындау тәртібі:

1. сот отырысын ашу;
2. процеске қатысушылардың келуін тексеру;
3. аудармашыға оның міндеттерін түсіндіру;
4. куәларды сот отырысы залынан шығарып жіберу;
5. сот құрамын жария ету және қарсылық білдіру құқығын түсіндіру;
6. іске қатысушы тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
7. Соттың іске қатысатын тұлғалардың өтінішхаттарын шешуі
8. Іске қатысатын тұлғалардың және өкілдердің сот отырысына келмеуінің салдары
9. Сот отырысына куәның, сарапшының, маманның, аудармашының келмеуінің салдары
10. істі талқылауды кейінге қалдыру
11. істі талқылау кейінге қалдырылған кезде куәлардан жауап алу
12. сарапшы мен маманға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Істің мәні бойынша қарау (АПК 201–216 баптары)

Сотта істі қарау бөлімінің негізгі міндеті–зерттеу арқылы азаматтық істің мән–жайын, бірінші кезекте ізденудегі деректердің бар не жоқтығын

куәландыратын іс бойынша жиналған дәлелдемелерді анықтау. Істі мәні бойынша қарау сот зеттеулерінің дәлелдемелері және белгіленген заңды фактілері мен істің өзге де мән–жайлары негізінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Істі мәні бойынша қараудың басқа да міндеті бар, ол процесті дауласып жатқан субъектілердің өз еркілерімен аяқтауы [21, 55].

Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талап қоюшының өзінің талаптарын қолдайтынын не қолдамайтынын, талап қоюшының талаптарын жауапкердің мойындайтынын не мойындамайтынын және тараптардың істі татуласу келісімімен аяқтауды немесе істі төреліктің қарауына беруді не дауды (жанжалды) медиация тәртібімен не партисипативтік рәсім тәртібімен немесе заңда белгіленген басқа тәсілмен шешуді қалайтынын не қаламайтынын анықтауынан басталады (АПК 201б.).

Талап қоюдан бас тартуды қабылдау немесе тараптардың бейбіт келісімінің шарттарын бекіткенге дейін сот ұйғарым шығарады, сол арқылы осымен бір мезгілде іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады. Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді (АПК 278 б. 2б.).

Жауапкер талап қоюды мойындағанда және оны қабылдаған кезде сот мәлімденген талаптарды қанағаттандыру туралы шешім шығарады.

Шешімнің уәждеу бөлігінде істің сот анықтаған мән–жайлары; соттың құқықтар мен міндеттер туралы түйіндері негізделген дәлелдемелер; соттың ол немесе өзге дәлелдемелерді қабылдамау дәлелдері және сот басшылыққа алған заңдар қысқаша көрсетіледі. Жауапкер талап қоюды мойындаған жағдайда уәждеу бөлігінде талап қоюдың мойындалғаны және оны соттың қабылдағаны ғана көрсетілуі мүмкін (АПК 226 б. 5б.).

Егер сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын, талап қоюды мойындауын қабылдамаған немесе бітімгершілік келісімін бекітпеген жағдайда, сот сол туралы ұйғарым шығарады және істі мәні бойынша қарауды жалғастырады.

Сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын, жауап берушінің талап қоюды тануын қабылдамайды және бітімгершілік келісімін бекітпейді, егер бұл іс–әрекет заңға қайшы келсе және басқа біреулердің құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қолрғалатын мүдделерін бұзатын болса (АПК 48 б. 2б.).

Сонымен қатар, талап қоюшы өз талаптарын қолдайтын болса, жауап беруші талап қоюды танымаса, сондай–ақ тараптар құқық туралы дау бойынша бітімгершілік келісімге келмесе сотта іс қарау жалғасады.

Істің мәні бойынша қарау жалғасқан жағдайда сот іске қатысушы адамдардың түсініктемелерін тыңдауға көшеді (АПК 202 б.).

АПК 202 бабы 1 бөліміне сәйкес, сот талап қоюшының және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, олардың өкілдерінің, сондай–ақ жауапкердің және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, олардың

өкілдерінің түсініктемелерін тыңдайды. Кодекстің 54-бабының үшінші бөлігіне және 55-бабына сәйкес талап қоюшының мүдделері үшін талап қойған тұлғалар істің мән-жайлары бойынша түсініктемелер береді және дәлелдемелерді бірінші болып ұсынады. Аталған тұлғалардың түсініктемелері жазбаша және ауызша болуы мүмкін.

Түсініктеме бере отырып, тараптың талабын немесе қарсылығын негіздейтін фактілерді екінші тарап мойындауы мүмкін. Тарап мойындаған факті сот отырысының хаттамасына енгізіледі және оған фактіні мойындаған тарап қол қояды. Егер фактіні мойындау жазбаша түрде баяндалған болса, ол іске қоса тіркеледі (АПК 79 б.36.).

Егер фактіні тану шындығында болған мән-жайды жасыру мақсатымен, не алдаудың, күш қолданудың, қорқытудың немесе жаңылудың әсерінен жасалғандығына соттың күмәні болса, ол тануды қабылдамай, ол туралы ұйғарым шығарады. Мұндай жағдайда осы фактілер жалпы негізде дәлелденуі тиіс (АПК 79 б.36.).

Іске қатысушы тараптар, үшінші тұлғалар және басқа да адамдар бір-біріне сұрақтар қоюға құқылы. Сұрақтар қою тәртібін сотта төрағалық етуші бақылайды.

Тараптардың, үшінші тұлғалардың, сондай-ақ іске қатысушы басқа да адамдардың түсіндірмелерін, сондай-ақ сот АПК 71 және 74 баптарында көзделген тәртіппен алған түсіндірмелерді төрағалық етуші жария етеді.

Егер іске қатысушы, сотқа түсініктеме берген, сот тапсырмаларын орындаған тұлғалар сот отырысына келсе, олар өз түсініктерін жалпы тәртіп бойынша береді (АПК 75 б.46.).

Іске қатысушы адамдардың түсініктемелерін тыңдаған соң сот істің мән-жайларын зеттеуге және дәлелдемелерді тексеруге кіріседі.

Тәжірибеде, әдетте, дәлелдемелер зеттеуі куәдан жауап алудан басталады.

Куәдан жауап алынғанға дейін төрағалық етуші куәның жеке басын анықтайды, оның міндеттері мен құқықтарын түсіндіреді және оған айғақтар беруден бас тартқаны үшін және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертеді. Куәға, оның ішінде он алты жасқа толмаған куәға өзіне, өзінің жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы айғақтар беруден, сондай-ақ діни қызметшіге – тәубаға келіп, өзіне сырын ашқандарға қарсы айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

Он алты жасқа толмаған куәға судья оған іс бойынша белгілі болғанның бәрін шынайы түрде айтып беру міндетін түсіндіреді, бірақ оған айғақтар беруден бас тартқаны үшін және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілмейді (АПК 203б.).

Он төрт жасқа толмаған куәдан жауап алу, ал соттың қалауы бойынша он төрттен он алты жасқа дейінгі куәдан жауап алу сотқа шақырылатын педагогтың және заңды өкілдердің қатысуымен жүргізіледі. Көрсетілген адамдар төрағалық етушінің рұқсатымен куәға сұрақтар қоя алады, сондай-

ақ куәның жеке басына және оның берген айғақтарының мазмұнына қатысты өз пікірін айта алады (АПК 206б. 1б.).

Әрбір куәдан жауап жеке–жеке алынады. Әлі айғақтар бермеген куәлар істі талқылау кезінде сот отырысы залында қала алмайды (АПК 204б.).

Ерікті нысанда айғақтар бергеннен кейін куәға сұрақтар қойылуы мүмкін. Бірінші болып өзінің арызы бойынша куәны шақырған тұлға мен оның өкілі, содан соң іске қатысатын басқа тұлғалар мен олардың өкілдері сұрақ қояды. Судья куәдан жауап алудың кез келген сәтінде оған сұрақ қоюға құқылы. Егер сот ертерек кетуге рұқсат бермесе, жауап алынған куә істі талқылау аяқталғанға дейін сот отырысы залында қалады (АПК 204б. 3 және 5б.).

Жазбаша дәлелдемелер Кодекстің 71, 75–баптарында және 165–бабының 12) тармақшасында көзделген тәртіппен жасалған құжаттар немесе оларды қарап–тексеру хаттамалары сот отырысында жария етіледі және іске қатысатын тұлғаларға, өкілдерге, ал қажет болған жағдайларда сарапшыларға, мамандарға және куәларға көрсетіледі. Іске қатысатын адамдар осыдан кейін құжаттар мен хаттамалардың мазмұны бойынша түсініктемелер бере алады (АПК 208 б.).

Азаматтардың жеке хат жазысу және жеке телеграфтық хабарлар беру құпиясын қорғау мақсатында хат жазысу мен телеграфтық хабарлар тек олардың арасында жүрген тұлғалардың келісімімен ғана ашық сот отырысында жария етілуі және зерттелуі мүмкін. Осы тұлғалардың жеке хат жазысулары мен жеке телеграфтық хабарламалары жабық сот отырысында олардың келісімінсіз жария етіледі және зерттеледі. Іске қатысатын адамдар осыдан кейін олар бойынша түсініктемелер бере алады (АПК 209 б.).

Заттай дәлелдемелерді зеттеудің жазбаша дәлелдемелерді зерттеуден ерекшеленетін өзінің айрықша белгілері бар (АПК 210–212б.). Сот заттай дәлелдемелерді қарайды және олар іске қатысатын тұлғаларға, өкілдерге, ал қажет болған жағдайларда – сарапшыларға, мамандарға және куәларға көрсетіледі. Заттай дәлелдемелер ұсынылған тұлғалар қарап–тексеруге байланысты мән–жайларға сот назарын аудара алады, бұл туралы сот отырысының хаттамасында көрсетіледі (АПК 210 б.1т.).

Соттың тапсырмасын орындау Кодексте белгіленген қағидалар бойынша сот отырысында жүргізіледі (АПК 75б.) немесе дәлелдемелерді қамтамасыз етуді судья істі сот талқылауына дайындау (АПК 71б.). Сот тез бүлінетін заттай дәлелдемелерді қарап–тексеру туралы өтінішхат берілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей оларды қарап–тексереді және зерттейді, одан кейін оларды қарап–тексеру үшін ұсынған адамға қайтарады. Тез бүлінетін заттай дәлелдемелерді қарап–тексеру және оның нәтижелерін тіркеу Кодекстің 96–бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сараптаманың қорытындысын зерттеу (АПК 213б.) Іс үшін маңызы бар мән–жайларды анықтау үшін сот тараптың өтінімі бойынша және өз бастамасы бойынша сараптама тағайындауы мүмкін. Егер сарапшы сот

отырысына келмеген жағдайда төрағалық етуші сотта іс қарау кезінде сараптама қорытындысын жария етеді. Егер сарапшы сот отырысына келсе, онда ол өз қорытындысын өзі түсіндіреді.

Қосымша сараптама қорытындының анықтығы немесе толықтығы жеткіліксіз болған, сондай-ақ алдыңғы зерттеуге байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттігі туындаған кезде тағайындалады (АПК 90б.)

Сот қосымша және қайталама сараптама тағайындаған жағдайда іске қатысушы адамдардың өтінімі бойынша немесе өз бастамашылығымен іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұра алады. Бұл жағдайда сотқа сарапшылардың қорытындылары ұсынылған соң іс бойынша іс жүргізу қайта басталады және іс қарау басқа сот отырысында жалғастырылады.

Арнайы зерттеулер жүргізу талап етілмейтін жағдайларда маман сотқа ауызша немесе жазбаша нысанда консультация (түсіндірме) береді (АПК 214б.).

Маман болып тағайындалған адам консультацияларды және өзі орындаған әрекеттер бойынша түсініктемелерді ауызша және жазбаша түрлерде беруі мүмкін.

Кодекстің 56-бабының негізінде сот іске қатысуға рұқсат берілген мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жазбаша қорытындылары сот отырысында жария етіледі және зерттеледі. Сот, сондай-ақ іске қатысатын тұлғалар мен олардың өкілдері қорытындыларды түсіндіру және толықтыру мақсатында осы органдардың уәкілетті өкілдеріне сұрақтар қоя алады (АПК 215б.). Қорытынды осы органдарға азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау жөнінде жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының құзыреті шегінде беріледі және іс материалдарына қоса тіркеледі[21, 63].

Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары қорытындысының күні бұрын белгіленген күші болмайды. Соттың қорытындымен келіспегені туралы сот шешімінде көрсетілуге тиіс (56 АПК 2б.).

Барлық дәлелдемелер зерттелгеннен кейін судья іске қатысатын тұлғалар мен өкілдерден толықтырулардың бар-жоғын анықтайды. Төрағалық етуші мұндай мәлімдемелер болмаған жағдайда істі зерттеу аяқталды деп жариялайды және сот жарыссөздеріне көшеді (АПК 216 б.).

Сот жарыссөздері мен прокурордың қорытындысы

Сот жарыссөздері сотта істі қараудың жеке бөлігі ретінде танылады. Сот жарыссөздері өту барысында істің мән-жайлары мен дәлелдемелерін зерттеудің қорытындысы жасалады. Істің қандай мән-жайлары анықталды және қандай дәлелдемелер негізінде, қандай дәлелдемелер рас болып табылады, қандай мән-жайлар дәлелдемелермен белгіленеді, даулы

материалдық-құқықтық мазмұны қаншалықты және істі істі қалай шешу қажет жайында іске қатысушы адамдар өздерінің ой-пікірлерін айтады.

Сот жарыссөздері іске қатысатын адамдардың және олардың өкілдерінің сөздерінен тұрады (АПК 217б.). Сот жарыссөздерінде сөз айту тәртібі іс жүргізу заңымен реттеледі.

Алдымен талап қоюшы және оның өкілі, ал содан кейін жауапкер мен оның өкілі сөз бөйлейді.

Даудың нысанасы бойынша дербес талаптар қойған үшінші тұлға мен оның өкілі тараптар мен олардың өкілдерінен кейін сөйлейді.

Даудың нысанасы бойынша өз бетінше талаптар қоймаған үшінші тұлға мен оның өкілі талап қоюшыдан немесе үшінші тұлға іске өзі қатысатын жақтағы жауапкерден кейін сөз сөйлейді.

Прокурор, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінген заңды тұлғалар мен азаматтар сот жарыссөздерінде соңында сөйлейді.

Сот жарыссөздеріне қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң олар сөздерінде айтылғандарға байланысты екінші рет сөз сөйлей алады, бірақ соңғы реплика құқығын үнемі жауапкер мен оның өкілі иеленеді (АПК 218б.).

Егер сот сот жарыссөздері кезінде немесе одан кейін іс үшін маңызы бар жаңа мән-жайларды анықтау немесе жаңа дәлелдемелерді зерттеу қажет деп тапса, ол істі мәні бойынша қарауды қайта жалғастыру туралы ұйғарым шығарады (АПК 210б.). Бұл жағдайда істің мән-жайын зерттеу және дәлелдемелерді тексеру жалпы тәртіп бойынша жүргізіледі. Істің мәні бойынша қайта қарауды аяқтаған соң сот іске қатысушы адамдар мен өкілдердің сот жарыссөздерін және өзіне заңсен жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша прокурордың қорытындысын тағы тыңдайды.

Шешім шығару және жариялау.

Сот отырысында азаматтық іс қараудың қорытынды бөлімі ретінде шешім шығару және жариялау болып табылады. Осы сотта іс қарау бөлімінде бірінші сатыдағы сотында барлық іс-әрекеттердің қорытындысы жасалады, сот отырысы залында барлық қатысушыларға жариялауға тиіс сот актісі жасалады.

Сот жарыссөздерінен кейін сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді, төрағалық етуші бұл туралы сот отырысы залында отырғандарға хабарлайды (АПК 221б.).

Бұл бөлмеде өзге адамдардың болуына жол берілмейді. Жұмыс уақытының аяқталуына қарай, сондай-ақ жұмыс күні ішінде судья кеңесу бөлмесінен шығып демалу үшін үзіліс жариялауға құқылы (АПК 223 б.2 б.).

Кеңесу бөлімінде міндетті түрде шешілуге жататын сұрақтар АПК 225 – бабында көзделген.

Сот кеңесу бөлімінде іс бойынша соңғы қорытындысын белгілеу үшін:

1. Шешім шығарған кезде сот дәлелдемелерді бағалайды
2. Іс үшін маңызы бар қандай мән–жайлардың анықталғанын және қандай мән–жайлардың анықталмағанын
3. Тараптардың құқықтық қатынастарының қандай екенін
4. Осы іс бойынша қандай заң қолданылуға тиіс
5. Мәлімделген талаптың қанағаттандырылуға жататынын–жатпайтынын айқындайды.

Сот қайта сотта іс қараудың екінші бөліміне оралады. АПК 225–бабының 3–бөлігіне сәйкес сот істі мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін сот жарыссөздерін, ал АПК 219–бабында көзделген жағдайда прокурордың да қорытындысын қайта тыңдайды.

Сот кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін іс үшін маңызы бар мән–жайларды қосымша анықтауды немесе дәлелдемелерді зерттеуді қажет деп тауып, істі мәні бойынша қарауды қайта бастау туралы ұйғарым шығарады, ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Сот істі мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін сот жарыссөздерін, ал Кодекстің 219–бабында көзделген жағдайда прокурордың қорытындысын да қайта тыңдайды.

Осыдан кейін сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 «Сот шешімі туралы» Нормативтік қаулысына сәйкес шешім судьямен жазбаша түрде бір данада беріледі және қолымен не компьютер арқылы жазылуы мүмкін.

Соттың шешімі қабылданғаннан және оған қол қойылғаннан кейін судья сот отырысы залында сот шешімінің қарар бөлігін жария етеді. Төрағалық етуші сот шешімінің қарар бөлігі жария етілгеннен кейін шешімге шағым жасаудың тәртібі мен мерзімдерін түсіндіреді, шешімнің түпкілікті нысаны дайын болатын және іске қатысатын адам оның көшірмесін ала алатын күнді жариялайды [22].

Төрағалық етуші осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер жасалғаннан кейін сот отырысын жабық деп жариялайды (АПК 222б.).

Шешім түсініксіз болған жағдайда істі қараған сот іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша, сондай–ақ сот орындаушысының өтінішхаты бойынша шешімнің мазмұнын өзгертпей, оны түсіндіруге құқылы. Егер шешім әлі орындалмаса және оның мәжбүрлі түрде орындалуы мүмкін мерзімі өтпесе, шешімді түсіндіруге жол беріледі.

Сот шешімді түсіндіру туралы арызды, өтінішхатты олар сотқа келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды және шешеді.

Сот шешімді түсіндіру туралы мәселені сот отырысында шешеді. Іске қатысатын адамдар, сондай–ақ сот орындаушысы, қарау және шешу нысанасы оның түсіндіру туралы өтінішхаты болған жағдайда, сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарландырылады, алайда олардың келмеуі шешімді түсіндіру туралы мәселені қарау үшін кедергі болмайды.

Соттың шешімді түсіндіру туралы ұйғарымына апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады (АПК 237б.).

Сот талқылаулары кей жағдайларда сот шешімін шығарумен ғана аяқталмайды, кей жағдайларда істі кейінгі сот отырысына қалдырады, істі өндірістен тоқтатады, сонымен қатар сот талқылауының аяқталуы сот ұйғарымын (істі өндірістен тоқтату туралы АПК 277, 278 баптары) немесе істі қараусыз қалдырумен аяқталады (АПК 279, 280 баптары).

- 1. Сот актілерінің түсінігі мен түрлері.**
- 2. Сот шешімінің мазмұны мен құрылымы.**
- 3. Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымдары және олардың түрлері.**

1. Сот шешімдерінің мәні және мағынасы. Мәні жағынан сот шешімінің нәтижесі сотпен қолданылған нормадағы құқыққа негізделген, мемлекеттік–өкіметтік және жекелей–нақты ұйғарымы бар сотпен қаулы етілген шешімде ресми бекітілуін алады (Н.А.Чечин) [21, 91].

Сот шешімі – бұл азаматтық іс талқылау нәтижесі болып табылатын, нақты субъектілердің құқықтарын және міндеттерін растайтын және олардың мінез құлқының өкіметтік анықтамасын беретін, заңды күшіне енетін және барлық азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылатын, мемлекеттік атынан сотпен шығарылатын әділет соттың құқық қолдану актісі.

Сот шешімінің дефинициясы заңнамада да беріледі: сот шешімі – бұл Істі мәні бойынша шешетін бірінші сатыдағы соттың сот актісі шешім нысанында шығарылады (АПК 223 бабы 1 бөлімі).

Сот шешімінің мәнін оның функциялары арқылы ашуға болады: құқық қорғау, реттеу және тәрбиелік. Жеке функцияларды бөлу абстрактілі тұрғыда ғана жүргізіледі, нақты алғанда функциялардың бір мезгілдік, өзара шартталған белгілері туралы айтуға болады.

Құқық қорғау функциясы. Азаматтық іс жүргізу құқығы – бұл негізінен қорғау мағынасы бар сала. Сот шешімі соттың құқық қорғау қызметінің аккумуляторы ретінде болып келеді, себебі осы шешімде дауласушы субъектілердің құқықтары және міндеттеріне қатысты соттың өкіметтік ұйғарымы көрсетіледі. Сот шешімінің мәжбүрлеп орындалуы арқылы нақты субъектілердің бұзылған немесе даулап алынған құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қалпына келтіріледі [21, 93].

Реттеу функциясы. Сот шешімі олардың нақты құқықтық қатынастарында мінез – құлқын анықтай отырып, белгілі бір субъектілер тәртібіне ықпал етеді. Сондықтан сот шешімі нақты қатынастарда белгілі бір тұлғалар мінезінің жекелей норматив түрінің реттелу актісі ретінде қарастырылады.

Тәрбиелеу функциясы. Сот шешімдері жеке құқықтары және заңды мүдделерін қорғау актілері бола тұра, құқықтар және заңды мүдделердің нақты иелеріне, сондай-ақ осы құқықтарды бұзушыларға тәрбиелік тұрғыда ықпал етеді. «Сот шешімінің тәрбиелік мәні материалдық және іс жүргізу құқықтарының сотпен қолданылатын нормалардың тәрбиелік мазмұнымен анықталады. Тәрбиелеу актісі ретінде сот шешімінің дербес мағынасы толық

және анық нақты жағдайларды, нақты тұлғаларға – өз мінез – құлқын нормалар және құқықтар мазмұнымен ұштастыруға міндетті тұлғаларға құқықтар қолданудың нақты тәртібін анықтайды. Шешім, сендіре отырып және мәжбүрлей отырып, тәрбиелейді» (Н.А.Чечин).

Сот шешімінің түрлері

Біріншіден, шешімдердің түрлерге бөлінуі талап қою түрлеріне байланысты жүргізіледі, себебі шешім талап қоюға соттың жауабы болып табылады. Осыдан шешімдер болуы мүмкін:

- тағайындалуы туралы (атқарушылық);
- тану туралы (анықтамалық);
- түрленуі туралы (конститутивтік).

Екіншіден, шешімдер сот қарастыруы және шешуінің мәні болып табылатын даулы материалдық-құқықтық қатынастар сипатына байланысты (еңбек, жер, авторлық, мұрагерлік және т.б.). Аталған критерий кеңінен сот статистикасын қосқанда, сот практикасында қолданылады.

Үшіншіден, ғылыми әдебиетте сот шешімдерінің екі түрі аталады: альтернативтік және факультативтік.

Альтернативтік деп шешімдер орындалуының екі ықтимал, қатаң белгілі әдісі қорытынды бөліміндегі сол сияқты шешімдер танылады. Альтернативтік міндеттемелерден туындаған дауларды шешу кезінде соттар альтернативтік шешімдер шығарады (М.А.Гурвич, Н.А.Чечин).

Факультативтік ретінде жауапкердің белгілі әрекеттерді жасауына тағылатын және осы арқылы бастапқы көзделген әдіспен шешімді орындау мүмкін еместігі жағдайында орындаудың басқа әдісі анықталатын шешімдерді санау қажет (Н.А.Чечина). Мысал ретінде мүлікті немесе оның құнын алып беру туралы шешім (АПК 231 б.) және жауапкерді белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін шешім (АПК 232 б.).

Төртіншіден, талап қою істерінің сот талқылау түріне қарай сот шешімінің екі түрі ажыратылады:

- әдеттегі;
- сырттай.

Әдеттегі (негізгі) немесе соңғы шешім бірінші сатыдағы сотта іс қарастырудағы барлық ережелерді сақтауымен шығарылатын және мәні жағынан істі толықтай шешетін сот шешімінің қалыпты түрін білдіреді[21, 94–95].

Сырттай шешім бір тараптың болсын болмау жағдайында шығарылатын шешімді білдіреді. Заңда көрсетілген жағдайларда сот сырттай әдеттегі (соңғы) шешімді шығара алады.

Аралық деп негізінен талапты шешетін шешім саналады, яғни құқық туралы мәселе, бірақ мөлшері туралы мәселе ашық қалдырылады және жеке шешіммен анықталады.

Қосымша деп сотпен негізгі шешімнің кемшіліктерін толықтыру үшін шығарылатын шешім аталады. Қосымша шешімнің болуы негізгі шешімнің аралық ретінде қарастырылады дегенді білдірмейді.

Жартылай деп шешу үшін жеткілікті толық әрі жан – жақты зерттелген деп саналатын талапкерлік талаптардың бөлігіне қатысты қаулы етілетін шешім аталады.

2. Шешім Қазақстан Республикасының атынан шығарылады Шешім Қазақстан Республикасының атынан шығарылады (226 АПК. 16).

Шешім кіріспе, сипаттау, уәждеу және қарар бөліктерінен тұрады. Шешімнің кіріспе бөлігінде шешімнің шығарылған күні мен орны; шешім шығарған соттың атауы; соттың құрамы; сот отырысының хатшысы; тараптар; іске қатысатын басқа тұлғалар мен өкілдер; даудың нысанасы немесе мәлімделген талап көрсетіледі. Шешімнің сипаттау бөлігінде талап қоюшының талаптарының, жауапкердің түсініктемелерінің және іске қатысатын үшінші тұлғалардың түсініктемелерінің қысқаша мазмұны, олар дәлелдерін негіздеген дәлелдемелер көрсетіле отырып, баяндалуға тиіс [21, 95].

Шешімнің уәждеу бөлігінде істің сот анықтаған мән–жайлары; соттың құқықтар мен міндеттер туралы түйіндері негізделген дәлелдемелер; соттың ол немесе өзге дәлелдемелерді қабылдамау дәлелдері және сот басшылыққа алған заңдар қысқаша көрсетіледі. Жауапкер талап қоюды мойындаған жағдайда уәждеу бөлігінде талап қоюдың мойындалғаны және оны соттың қабылдағаны ғана көрсетілуі мүмкін.

Шешімнің қарар бөлігінде соттың талап қоюды қанағаттандыру туралы немесе талап қоюдан толық немесе бір бөлігінде бас тарту туралы түйіні, сот шығыстарын бөлуді, шешімге шағым беру мерзімін көрсету және оның тәртібі, сондай-ақ өзге де түйіндер қамтылуға тиіс. Сот шешімді орындаудың белгілі бір тәртібі мен мерзімін белгілеген немесе шешімді дереу орындауға жіберген немесе оның орындалуын қамтамасыз етуге шаралар қолданған жағдайда, бұл туралы шешімде көрсетіледі. Судья шешімді жазбаша түрде шығарады және оған қол қояды.

Сот отырысына келмеген тараптарға және іске қатысатын басқа тұлғаларға шешімнің көшірмелері шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдары пайдаланыла отырып, салып жіберіледі немесе беріледі (АПК 234 бабы).

Сот мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және шешімдерінің заңсыздығы туралы арызды негізді деп танып, арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Шешімде осы әрекеттің (әрекетсіздіктің), шешімнің қандай заңдарға қайшы келетіндігі және сот шешімі орындалуға тиісті мерзім көрсетіледі. Сот мемлекеттік органды, жергілікті өзін-өзі басқару органын, қоғамдық бірлестікті, ұйымды, лауазымды адам мен мемлекеттік қызметшіні жол берілген бұзушылықты толық көлемде жоюға және азаматтың немесе заңды тұлғаның бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге,

тұлғаға қолданылған жауаптылық шараларының күшін жоюға не бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді өзге де тәсілмен қалпына келтіруге міндеттейді.

Сот арызды қарау кезінде дауланып отырған әрекеттің (әрекетсіздіктің) құзыретке және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалғанын, шешімнің қабылданғанын анықтаса, оны қанағаттандырудан бас тартады(АПК 227 бабы).

Сот нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы арызды негізді деп тани отырып, арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Шешімде дауланып отырған нормативтік құқықтық актінің қай заңдарға және қай бөлігінде қайшы келетіні және нормативтік құқықтық актіні толық немесе оның жекелеген бөлігін акт қабылданған кезден бастап жарамсыз деп тану туралы көрсетіледі.

Соттың нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы шешімі немесе ол туралы хабар нормативтік құқықтық акт жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарында оны қабылдаған (шығарған) органның қаражаты есебінен жариялануға тиіс. Жариялау соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап он күннен кешіктірмей жүзеге асырылуға тиіс.

Сот арызды негізсіз деп тани отырып, оны қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады(АПК 228 бабы).

Сот ақша сомаларын өндіріп алу туралы шешім шығара отырып, шешімнің қарар бөлігінде өндіріп алынатын ақша сомасының мөлшерін цифрлармен және сөздермен, валюта түрін және ақша өндіріп алу туралы шешім қай тараптың пайдасына шығарылғанын көрсетеді (АПК 229 бабы).

Шартты жасасу немесе өзгерту кезінде туындаған дау бойынша қарар бөлігінде шарттың әрбір даулы жағдайы бойынша шешім көрсетіледі, ал шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы дау бойынша шарттың түрі және тараптар шарт жасасуға міндетті талаптар көрсетіледі (АПК 230 бабы).

Мүлікті заттай алып берген кезде сот шешімде оның жеке белгілі бір белгілерін және, егер шешімді орындау кезінде алып берілетін мүлік болмай қалса, жауапкерден өндіріп алынуға тиіс мүліктің құнын көрсетеді (АПК 231 бабы).

Жауапкерді белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін шешім.

Сот жауапкерді мүлікті немесе ақша беруге байланысты емес белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін шешім шығарған кезде азаматтың, заңды тұлғаның бұзылған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру үшін жауапкер жасауға міндетті әрекеттер мен оларды жасау мерзімін көрсетеді.

Сот шешімі орындалмаған жағдайда, шешімнің қарар бөлігінде әрекеттерді жауапкер ғана жасауы мүмкін жағдайлардан басқа, талап қоюшы жауапкерден келтірілген шығыстарды өндіріп ала отырып, бұл әрекеттерді өз бетінше жүргізуге құқылы екендігі көрсетіледі (АПК 232 бабы).

3. Сотпен азаматтық іс жүргізу барысында іс қозғауымен, дайындық жүргізумен, іс қарастырумен, шешім қабылдаумен және т.б. байланысты туындайтын жеке мәселелер шешіледі.

Сот ұйғарымдары өз мазмұны жағынан алуан түрлі. Алайда бірінші сатыдағы соттың барлық ұйғарымдары үшін ортақ белгісі ретінде болатыны, олармен іс жүргізу сипатындағы мәселелер ғана шешіледі. Осы белгілерімен олар мән жағынан материалдық-құқықтық даулар шешілетін сот шешімдерінен ажыратылады. Іс мәні бойынша шешілмейтін сот актісі ұйғарым нысанында шығарылады (АПК 268 бабы 1 бөлімі). Осыдан ұйғарымға кез келген сот актісін сипаттайтын барлық белгілер тән.

Ғылыми әдебиетте әртүрлі критерийлер бойынша бірінші сатыдағы сот ұйғарымдарын жіктеу жүргізіледі: мазмұны, субъектісі, мәлімдеу формасы немесе шығару формасы. Ұйғарым процесін қозғалысқа келтіруге ықпалы және мазмұны жағынан бөлінеді:

- дайындық;
- бұлтартпау;
- қорытынды;
- толықтыру;
- жеке.

Дайындық ұйғарымдары азаматтық істің уақытымен және дұрыс қарастырылуы және шешілуіне қамтамасыз етуге бағытталған. Осы ұйғарымдарды шығарып сот немесе судья іс қозғалысын және процес ұйымдастырылуын басқарады. Оларға келесі мәселелерді шешетін ұйғарымдар жатады: талапкерлік арызды қабылдау туралы; сот талқылауына істі дайындау туралы және т.б.

Бұлтартпау анықтамалары жеке іс жүргізу әрекеттерін жасауға немесе туындау процесіне кедергі келтіреді немесе қозғалған азаматтық істің әрі қарай жүруіне бөгет болады. Оларға келесі ұйғарымдар жатады: талап арыз қабылдауда бас тарту туралы; талап арызды қайтару туралы және т.б.

Қорытынды ұйғарымдар тараптардың еріктілігіне қарай дауды реттеу жағдайларында шешіді шығарусыз іс аяқталуына келтіреді. Қорытынды ретінде екі негіздеме бойынша іс өндірісін тоқтату туралы ұйғарым ғана болып табылады: талаптан талапкердің бас тартуымен және тараптардың бітімгершілік келісімді бекітумен байланысты.

Толықтыру ұйғарымдары сот шешімінің тиісті іске асырылуына кедергі келтіретін іс жүргізу сипаты немесе мән жайлардың сот тарапынан әртүрлі кемшіліктерін жоюға бағытталған. Оған қате жазуларды түзету туралы және анық арифметикалық қателерді түзету туралы, шешімді түсіндіру туралы, шешім орындалуын кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы, шешім орындалу әдісі және тәртібінің өзгерісі туралы, шешімнің дереу орындалуына шешім жіберілу туралы және т.б. ұйғарымдар болып табылады.

Соттың жеке ұйғарымдары. Сот отырысында заңдылық бұзылған жағдайлар анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны тиісті

ұйымдарға, басқару қызметін атқаратын лауазымды немесе өзге де адамдарға жіберуге құқылы (АПК 270 бабы)

Субъекті бойынша, яғни кім арқылы ұйғарым шығарылуына байланысты бөлуге болады:

- 1) сот отырысында жеке мәселені қарастыру немесе істі талқылау кезінде сотпен шығарылатын ұйғарымдар;
- 2) іс қозғау кезінде және оны сот талқылауына дайындық кезінде судьямен шығарылатын ұйғарымдар.

Шығаруды мәлімдеу немесе тәртібі жағынан ажыратылады:

- 1) жеке іс жүргізу құжат–акті ретінде ресімделген ұйғарымдар;
- 2) сот отырысы хаттамасына енгізілген ұйғарымдар [23, 27].

Жеке іс жүргізу құжаты түріндегі ұйғарымдар сотпен сот шешімі тәртібіндегі сияқты кеңесу бөлмесінде шығарылады.

Күрделі емес мәселелерді шешкен кезде сот отырыс залынан шықпай–ақ ұйғарым шығара алады. Мұндай ұйғарым сот отырысының хаттамасына енгізіледі (АПК 268 бабы 3 бөлімі).

Ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу жарияланады (АПК 268 бабы 4 бөлімі).

Ұйғарымның мазмұны АПК 269 бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Ұйғарымда көрсетілуі тиіс:

- 1) ұйғарымның шығарылған күні мен орны;
- 2) ұйғарым шығарған соттың атауы, сот отырысындағы судьяның және хатшының тегі, аты–жөні;
- 3) іске қатысушы адамдар, даудың нысанасы немесе мәлімделген талап;
- 4) ұйғарым шығарылған мәселе;
- 5) соттың өз қорытындыларын шығару себептері және сот басшылыққа алып сілтеме жасаған заңдар;
- 6) соттың қаулысы;
- 7) егер ұйғарымға шағым жасалуға болатын болса, оған шағым жасау тәртібі мен мерзімі көрсетілуге тиіс.

Сот отырысындағы залда сотпен шығарылатын және сот отырысының хаттамасына енгізілетін ұйғарымда келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) шығарылатын мәселесі;
- 2) соттың өз қорытындыларына келген себептері және сот басшылық еткен заңдарға сілтеме;
- 3) сот қорытындылары.

Басқа мәліметтер сот отырысы хаттамасында көрсетіледі, сондықтар олар артық болып табылады және сот ұйғарымында қайталанбайды.

Бірінші сатыдағы соттың қорытынды ұйғарымдарының заңды күші. Бірінші сатыдағы сот ұйғарымдары, ережедегідей, заңды күшіне енбейді. Бұл бірінші сатыдағы сотпен шығарылатын ұйғарымдардың басым көпшілігі ол арқылы өзгертілуі немесе тоқтатылуы мүмкін.

Бірақ барлық ұйғарымдар арасында елеулі ерекшеліктері бар қорытынды ұйғарымдарын бөлу қажет. Екі ұйғарым туралы сөз болмақ:

1) талапкердің талаптан бас тартуымен байланысты іс бойынша өндірісті тоқтату туралы;

2) сотпен бітімгершілік тараптардың келісімді бекітуімен байланысты іс бойынша өндірісті тоқтату туралы.

Осы анықтамалармен материалдық-құқықтық мәселелер шешіледі, тараптар арасында құқығы туралы дау аяқталады және олар арқылы талапкер және жауапкердің мінез құлқы анықталады. Бұл белгісімен олар тек іс жүргізу сипатындағы мәселелері шешілетін барлық басқа ұйғарымдардан ажыратылады. Өзгеше айтқанда аталған ұйғарымдар өз мәні жағынан өзге сот ұйғарымдарына қарағанда сот шешіміне аса жақын [21, 124–125].

Талаптан бас тартумен немесе тараптардың бітімгершілік келісімін бекітумен іс бойынша өндірісті тоқтату туралы ұйғарым өз күшіне енеді, себебі олармен құқығы туралы дауда субъектілердің құқықтары және міндеттері анықталады (дау нысанына дербес талаптарды мәлімдейтін талаптар үшінші бір тұлғалар).

Олардың шағымдануына (наразылығына) мерзім аяқталуына қарай бұл ұйғарымдар апелляциялық немесе кассациялық тәртіпте өз заңды күшіне енген сот шешімдеріне тән барлық қасиеттеріне ие болады.

Егер осы ұйғарымдар шағымдалған болса (наразылық білдірген), онда олар жеке шағым (наразылық) қарастырудан кейін және қанағаттанарлықсыз осы шағымды (наразылықты) қалдырудан, ал бірінші сатыдағы сот ұйғарымын – өзгеріссіз қалдырғаннан кейін өз күшіне енеді.

№ 11 тақырып «Ерекше талап қоюмен іс жүргізу»

1. Ерекше талап қоюмен іс жүргізудің түсінігі мен мәні.

2. Ерекше талап қоюмен іс жүргізудің тәртібінде істерді қарау.

1. Ерекше талап қою өндірісінің АПК-нің 2 тарауы 3 бөлімшесінде («Ерекше талап қоюмен іс жүргізу» 27 т. – 30 т.) көрсетілген көпшілік–құқықтық (билік–құқықтық) қатынастардың анықталған түрлерінен туындайтын құқық туралы даулар бойынша істер жатады.

Ерекше талап қоюмен іс жүргізуге:

1) Сайлауға, республикалық референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу (АПК 27 т.);

2) Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі арыздар бойынша іс жүргізу (АПК 28 т.);

3) Мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту бойынша іс бойынша іс жүргізу (АПК 29 т.);

4) Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына орай даулар туралы істер бойынша іс жүргізу (АПК 30 т.);

Көпшілік сипаттағы құқықтық қатынастардан тұратын дау–дамайлар бойынша істер талап қоюмен іс жүргізу, сондай-ақ ерекше талап қоюмен іс жүргізу тәртібінде қарастырыла алады. Шектеудің критерийі ерекше талап қоюмен жүргізілетін істерді заңның тура көрсетуі болып табылады (АПК 3 тарауша), құқықтық дау–дамайлар бойынша соттың қарастыруына жататын барлық істердің қалғаны талаптық істердің қатарына жатады.

Ерекше талап қоюмен жүргізілетін істерге келесі сипаттар тән:

1) заңның бұл істерді тізіп көрсетуі;

2) оларда бір тараптан, азаматтың, қоғамдық бірлестіктің, екінші тараптан, мемлекеттік органның, жергілікті басқару органының, ұйымның, лауазымды тұлғаның немесе мемлекеттік қызметкердің арасында туындайтын құқық туралы дау–дамайдың болуы. Ерекше талап қоюмен жүргізілетін істердің заңдық жаратылысының мәні осыда. «Сот көпшілік–құқықтық қатынастардан туындайтын істерді қарастыру кезінде бір мәселе бойынша бір – бірін жоққа шығаратын екі талаппен, ұстаныммен кездеседі. Сот іс бойынша кімнің ұстанымы – сәйкес органның (лауазымды тұлғаның) немесе азаматтың – заңға негізделген екендігін анықтауы қажет» (А.Т. Боннер).

Соттық іс жүргізудің бұл түрінің ережелері бойынша материалдық қатынастардың: сайлаушылық, өзге де конституциялық, әкімшілік, қаржылық, салықтық қарым-қатынастардың бірнеше түрлерінен туындайтын істер қарастырылады. Бірақ бұл материалдық қатынастарды біріктіруші белгі олардың биліктік сипаты болып табылады. Бұл жерде ең бастысы мынада, тұлға құқықтық қатынастардың сипатына қатыссыз бәрібір сәйкес құрылымға немесе оның органдарына қандай да бір дәрежеде тәуелді болады және, тұлғаның айтуынша, олардың іс-әрекеттері арқылы азаматтың құқықтары мен бостандығы бұзылады» (А.Т. Боннер);

3) соттың актілердің заңдылығы мен негізделуін және бұл істерді тексеру және шешу кезінде мемлекеттік органдардың, жергілікті басқару органдарының, ұйымдарының, лауазымдық тұлғалардың және мемлекеттік қызметкерлердің әрекетін (әрекетсіздігін) тексеруі. Басқаша айтқанда, сот басқару функциялары берілген органдар мен тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады.

«Сот бақылауының шегі соттың құқық-қолданушылық қызметімен шектелуі қажет (Н.В. Березина). Заң шығару заңды бұза отырып және азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына қысым жасай отырып, әрекеттер жасаған лауазымды тұлғаларға (органдарға) қатысты соттық бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады деп жазады В.Ф. Ковин. Соттар өз құзіреттіліктерінің шегінде және заңның аясында қызмет ететін әкімшілік органдардың шешімдеріне баға беруге құқылы емес. «Сот бақылауы – бұл әкімшілік шешімдердің мақсатқа лайықтылығын емес, олардың заңдылығын бақылау» (В.И.Ремнев).

Сөйтіп, ерекше талап қоюмен іс жүргізу – соттың көпшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын дау-дамайлар бойынша азаматтық істердің заңмен белгіленген шеңберінің бірінші инстанциясын қарастыру және шешу тәртібі [21, 145–146].

Ерекше талап қоюмен жүргізілетін істер соттық іс жүргізудің жалпы ережелері бойынша, яғни талап қоюмен жүргізілетін істерге қолданылатын ережелер бойынша қарастырылады және шешіледі. Жалпы ережелер (соттық іс жүргізудің қағидалары, процесстің сатылар бойынша дамуы, дәлелдемелерді дәлелдеу және бағалау ережелері, сот отырыстарының хаттамасын жүргізу, сот актілерін шығару тәртібі, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, шағымды қарастырусыз қалдыру және т.б.) барлық азаматтық істерді қарастыру тәртібіне таралады. Сонымен қатар, ерекше талап қоюмен жүргізілетін істердің өзіне тән ерекшеліктері бар:

- 1) сотқа талап емес арыз (шағым) жазылады, яғни заң бұл істерді қозғау үшін өзгеше құралды белгілейді;
- 2) сотқа арыз беру мерзімі көрсетіледі;
- 3) тектік және аумақтық сотта қарастырылу ерекшеліктері бар;
- 4) кейбір істер бойынша оларды қарастырудың және шешудің қысқартылған мерзімдері белгіленеді;

5) құқық туралы дау–дамайдың субъектілері шағымданушы және жауапқа тартылушы деп аталмайды. Заң дау–дамайдың бір тарапын азамат немесе қоғамдық бірлестік, ал екінші тарапын – мемлекеттік орган, жергілікті өзін–өзі басқару органы, лауазымды тұлға немесе мемлекеттік қызметкер деп атайды.

6) дауласушы субъектілердің арасында бейбіт келісімге келу мүмкіндігіне, талаптан бас тартуға және талапты мойындауға сілтеме болмайды;

7) азамат немесе қоғамдық бірлестік қарсы болған шешімдердің немесе әрекеттердің заңдылығын дәлелдеу міндеті қарсы тарапқа – мемлекеттік органға, жергілікті өзін–өзі басқару органына, лауазымдық тұлғаға немесе мемлекеттік қызметкерге жүктеледі;

8) құқық қорғаудың өзгеше әдістері белгіленеді: мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңдарға сәйкес келмейтін құжатын жарамсыз немесе орындауға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндірітіп алу.

2. Сайлауға, республикалық референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу (АПК 27 т.)

АПК–нің 286 бабына сәйкес мемлекеттік органның, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, кәсіпорынның, ұйымның, олардың лауазымды адамдарының шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) сайлау немесе сайлану, сайлауға, референдумға қатысу құқығы бұзылды деп санайтын азамат, қоғамдық бірлестік, сайлау комиссиясының мүшесі, кандидаттар мен саяси партиялардың сенім білдірілген тұлғалары, кеңесші дауыс беру құқығы бар саяси партиялардың өкілдері, саяси партиялардың, өзге де қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың байқаушылары осы Кодекстің 3–тарауында және басқа да заңдарда белгіленген соттылық бойынша жазбаша арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Мүдделі тұлғалардың мұндай жүгінулерін қарастыру үшін арнайы мерзімдер көзделген. Сөйтіп, АПК–нің 273 бабына сәйкес, егер «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында өзгеше көзделмесе, сайлауға, республикалық референдумға әзірлік және оны өткізу кезеңінде, сондай–ақ дауыс беру күнінен бастап бір ай ішінде келіп түскен арыз – бес күн мерзімде, ал дауыс беру күніне дейін бес күннен аз уақытта, дауыс беру күні және сайлаудың, республикалық референдумның қорытындылары жарияланғанға дейін түскен арыз дереу қаралуға тиіс.

Сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімдеріндегі түзетулердің қажеттілігі туралы сайлау комиссиясының шешіміне шағым жасау туралы арыз келіп түскен күні қаралуға тиіс.

Арыз негізді деп танылған сот шешімі бұзылған сайлау құқығын қалпына келтіру үшін негіз болып табылады.

Егер «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында өзгеше көзделмесе, шешімнің көшірмелері тапсырылған күннен бастап үш күн ішінде бірінші сатыдағы соттың шешіміне апелляциялық тәртіппен шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды.

Егер «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ осы Кодекстің 28-бабында көзделген соттылық қағидалары бойынша шығарылған, Референдумның орталық комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер бойынша сот шешіміне шешімнің көшірмелері тапсырылған күннен бастап үш күн ішінде кассациялық тәртіппен шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Егер «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында өзгеше көзделмесе, осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген шешімдерге шағым жасау, өтінішхат, наразылық білдіру сотқа келіп түскен күннен бастап үш күн мерзімде, ал дауыс беру күніне дейін бес күннен аз, дауыс беру күні және сайлаудың, республикалық референдумның қорытындылары жарияланғанға дейін келіп түскендер дереу қаралады.

Заңды күшіне енген сот шешімі тиісті мемлекеттік органға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару органына, ұйымға, сайлау комиссиясының төрағасына жіберіледі. Сот шешімінің орындалмауына кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы арыздар бойынша іс жүргізу (АПК 28 тарауы)

АПК 289 бабына сәйкес, жергілікті атқарушы органның шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) азаматтың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін іріктеу рәсіміне қатысу құқығы бұзылып отыр деп санайтын азамат осы Кодекстің 3-тарауында белгіленген соттылық бойынша сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы. Арызды Қазақстан Республикасының

алқабилер туралы заңнамасына сәйкес алқабилерге кандидаттардың алдын ала тізімдерімен азаматтарды таныстыру мерзімі аяқталған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде сотқа беруге болады. Азаматтың алқабиге кандидаттардың тізіміне енгізу және қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабиге ретінде қатысу құқығы бұзылғаны туралы куәландыратын дәлелдемелер арызға қоса тіркелуге тиіс.

Бұндай шағымдарды қарау үшін арнайы мерзім беріледі. Сонымен, АПК 289 бабы 3 бөлімі бойынша арызды Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасына сәйкес алқабилерге кандидаттардың алдын ала тізімдерімен азаматтарды таныстыру мерзімі аяқталған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде сотқа беруге болады.

Белгіленген мерзімде келіп түскен арыз – екі жұмыс күні ішінде, ал осы мерзім аяқталатын күні келіп түскен арыз дереу қаралуға тиіс.

Сот арызды арыз берушінің, тиісті жергілікті атқарушы орган өкілінің қатысуымен қарайды. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған көрсетілген адамдардың сотқа келмей қалуы істі қарау және шешу үшін кедергі болмайды.

АПК 291 бабы бойынша азаматтың қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабиге ретінде қатысу үшін іріктеу рәсіміне қатысу құқығының бұзылуын анықтаған сот шешімі алқабиге кандидаттардың алдын ала жасалған тізімдеріне түзетулер енгізу үшін негіз болып табылады.

Сот шешімі тиісті жергілікті атқарушы органға жіберіледі. Сот шешімінің орындалмауына кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады.

Мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдерімен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу (29 тарау)

АПК 292 бабы бойынша азамат және заңды тұлға мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) сотта дау айтуға құқылы. Жоғары тұрған органның, ұйымның, лауазымды адамның, комиссиялардың немесе омбудсменнің өтінішті қарауы заңда белгіленген жағдайларда азаматтың және заңды тұлғаның арызы сотқа жүгінудің осындай тәртібі сақталғаннан кейін беріледі.

Жеке қолданыстағы құқықтық актінің заңға сәйкессіздігіне, сондай-ақ, мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның әрекеттеріне наразылықты заңсыз актіні шығарған немесе заңсыз әрекеттерді жасаған орган немесе лауазымды адам не жоғары тұрған орган немесе лауазымды адам қабылдамай тастаған жағдайда прокурор актіні, іс-әрекетті заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінеді.

Осы тараудың қағидалары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау туралы істер бойынша арыздар сотта қарауға жатпайды.

Арыз сотқа осы Кодекстің 3-тарауында белгіленген соттылық қағидалары бойынша беріледі. Аудандық соттардың соттылығына жатқызылған арыздар азаматтың тұрғылықты жері бойынша сотқа не әрекеттеріне дау айтылып отырған мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің орналасқан жері бойынша сотқа берілуі мүмкін.

Арыз берушінің мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер туралы хабардар болу негізі бойынша Қазақстан Республикасынан шетелге кетуіне рұқсат беруден бас тартуға кету туралы өтінішті қанағаттандырусыз қалдыру жөнінде шешім қабылдаған органның орналасқан жері бойынша тиісті аудандық және оған теңестірілген сотта дау айтылады.

Прокурордың сотқа жүгінуі наразылық білдірілген жеке қолданыстағы құқықтық актінің қолданылуын сот қарағанға дейін тоқтата тұрады.

АПК 293 бабы бойынша мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің сотта дау айтуға жататын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) нәтижесінде:

1) азаматтың құқықтары мен бостандықтары және заңды тұлғаның заңды мүдделері бұзылған;

2) азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғаның заңды мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасалған;

3) азаматқа немесе заңды тұлғаға қандай да бір міндет заңсыз жүктелген немесе олар заңсыз жауапқа тартылған алқалық және жеке-дара шешімдері мен әрекеттері (әрекетсіздігі) жатады.

2. Осы тарауға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкестігіне тексерілуі Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге;

2) басқа заңдармен сотқа шағым жасаудың өзгеше тәртібі көзделген жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерге;

3) халықаралық шарттарға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексеру осы Кодекстің 30-тарауында көрсетілген тәртіппен жүргізілетін нормативтік құқықтық актілерге;

5) жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі бар заңды тұлғалардың сот арқылы шағым жасауға жататын, талап қою ісін жүргізу тәртібімен дау айтылатын (корпоративтік даулар) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың,

лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің, шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне);

б) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының Қылмыстық–процестік кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалған тәртіппен соттың қарауына жататын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотта дау айтуға болмайды.

АПК 294–бабы бойынша сотқа арызбен жүгінуге арналған мерзім

Азамат және заңды тұлға құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы.

Прокурор наразылықты қараудың нәтижелері туралы хабарламаны алған кезден бастап он күн мерзімде немесе оны қарау үшін заңда белгіленген мерзім өткеннен кейін сотқа жүгінуге құқылы.

Сотқа арызбен жүгінуге арналған үш айлық мерзімді өткізіп алу соттың арызды қабылдаудан бас тартуына негіз болып табылмайды.

Көрсетілген мерзімді қалпына келтіру туралы не осы мерзімді қолдану туралы өтінішхат алдын ала сот отырысында немесе сот отырысында қаралады. Егер мерзім қалпына келтірілмесе, сот арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады.

АПК 296 бабы бойынша істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде сот арызды прокурордың, заңды тұлға өкілінің, шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтылып отырған мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, қоғамдық бірлестік, ұйым басшысының, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің немесе олардың өкілдерінің қатысуымен қарайды.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарландырылған санамаланған тұлғалардың қайсыбірінің сот отырысына келмеуі арыздың қаралуына кедергі болмайды. Алайда, сот іс бойынша талқылауды кейінге қалдырып және тұлғаларды қайтадан шақыра отырып, көрсетілген тұлғалардың сот отырысына келуін міндетті деп тануы мүмкін.

АПК–нің 282 бабының талаптарына сәйке істі қараудың нәтижесі сот шешімінің екі нұсқасы болуын анықтайды:

1) Сот арызды орынды деп танып, тиісті мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің азаматтың және заңды тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын, және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға жол берілген бұрмалаушылықты толық көлемінде жоюға міндеттілігі туралы шешім шығарады.

2) Егер сот дау айтылған шешімдер мен әрекеттер заңдарға сәйкес, мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің өкілеттігі шегінде шығарылып жасалғанын және азаматтың және заңды тұлғаның құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылмағанын анықтаса, арызды қанағаттандырудан бас тартады.

Соттың шешімі осы Кодекстің 227-бабының талаптарына сәйкес шығарылады.

Соттың шешімі жол берілген заң бұзушылықтарды жою үшін мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның басшысына, лауазымды адамға, мемлекеттік қызметшіге не бағыныстылығы тәртібімен жоғары тұрған органға сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде жіберіледі. Сот шешімінің көшірмесі жоғары тұрған мемлекеттік органға және прокурорға жіберіледі.

Шешімнің орындалғаны туралы сотқа, азаматқа немесе заңды тұлғаға сот шешімі алынған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Сот шешімін орындамағаны үшін кінәлі лауазымды адамдар заңда көзделген жауаптылықта болады.

Мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің қабылдаған заңсыз шешімінің, жасаған заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген зиянды өтеу талап қою ісін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады.

Нормативтік құқықтық актінің заңдылығын даулау туралы істер
бойынша іс жүргізу (30 тарау)

АПК 298 бабына сәйкес, өздеріне нормативтік құқықтық актінің күші қолданылатын, заңда көзделген тәртіппен қабылданған және жарияланған нормативтік құқықтық актімен олардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен кепілдік берілген құқықтары мен заңды мүдделері бұзылып отыр деп санайтын азамат немесе заңды тұлға осы нормативтік құқықтық актіні заңға толық немесе жекелеген бөлігінде қайшы келеді деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Арыз осы Кодекстің 148-бабында көзделген талаптарға сәйкес келуге және онда дауланып отырған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының атауы, лауазымды адамның атауы, оның қабылданған күні туралы деректер, осы нормативтік құқықтық актімен немесе оның жекелеген ережелерімен азаматтың немесе заңды тұлғаның қандай құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылып отырғаны, дауланып отырған нормативтік құқықтық актінің Қазақстан Республикасы Конституциясының қандай баптарына, Қазақстан Республикасы заңдарының қандай баптарына немесе ережелеріне қайшы келетіндігі қосымша қамтылуға тиіс.

Арызға дауланып отырған нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің көшірмесі нормативтік құқықтық актіні қандай бұқаралық ақпарат құралының органы және оны қашан ресми жариялағаны көрсетіле отырып, қоса тіркеледі.

Прокурордың сот қарағанға дейін наразылық келтірілген нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы сотқа жүгінген жағдайларын қоспағанда, сотқа арыз беру нормативтік құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұрмайды.

Сотқа арызбен жүгінген азамат немесе заңды тұлға, прокурор, сондай-ақ нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік орган (лауазымды адам) сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы хабардар етіледі.

Іс азаматтың немесе заңды тұлға өкілінің, прокурордың, нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік орган немесе лауазымды адам өкілінің міндетті түрде қатысуымен істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде қаралады.

Сот прокурордың арызын істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап он күн мерзімде прокурордың қатысуымен және наразылықты қабылдамау туралы шешім қабылдаған органның, лауазымды адамның немесе оның өкілінің қатысуымен қарайды.

Көрсетілген тұлғалардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды.

Сот отырысында сот нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының құзыретін не лауазымды адамның өкілеттігін, бүкіл нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін тексереді.

Нормативтік құқықтық актіні заңға қайшы деп тану туралы арызды қарау кезінде көрсетілген нормативтік құқықтық актіні қабылдауға негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндеті нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына не лауазымды адамға жүктеледі.

Сотқа жүгінген тұлғаның өзінің талабынан бас тартуы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соқпайды. Нормативтік құқықтық актіні шығарған мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, лауазымды адамның қойылған талапты мойындауы сот үшін міндетті емес.

АПК 228-бабына сәйкес, нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы арыз бойынша шешім

Сот нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы арызды негізді деп тани отырып, арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Шешімде дауланып отырған нормативтік құқықтық актінің қай заңдарға және қай бөлігінде қайшы келетіні және нормативтік құқықтық актіні толық немесе оның жекелеген бөлігін акт қабылданған кезден бастап жарамсыз деп тану туралы көрсетіледі.

Соттың нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы шешімі немесе ол туралы хабар нормативтік құқықтық акт жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарында оны қабылдаған (шығарған) органның қаражаты есебінен жариялануға тиіс. Жариялау соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап он күннен кешіктірмей жүзеге асырылуға тиіс.

Сот арызды негізсіз деп тани отырып, оны қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Соттың шешімі осы Кодекстің 228-бабының талаптарына сәйкес шығарылады.

Нормативтік құқықтық актіні толығымен немесе оның жекелеген бөлігін заңға сәйкес емес және жарамсыз деп таныған сот шешімі осы нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік орган немесе лауазымды адам үшін міндетті. Шешім дауланып отырған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің күші құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүдделеріне қолданылған белгісіз тұлғалар тобы үшін міндетті.

Нормативтік құқықтық актінің заңдарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы сот шешімінің преюдициялық күші бар. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің заңдылығын басқа азаматтар немесе заңды тұлғалар оның сот тәртібімен бұрын тексерілмеген бөлігінде ғана қайта даулай алады.

1. Ерекше іс жүргізудің түсінігі мен мәні.

2. Ерекше іс жүргізудегі істерді қарау тәртібі.

1. Ерекше іс жүргізу істері талап қоюмен іс жүргізуден және ерекше талап қоюмен іс жүргізуден ерекшелене отырып, азаматтық сот ісін жүргізудің үшінші түрін құрайды.

Ерекше іс жүргізу – бұл істерді бірінші инстанциядағы сотта қараудың арнайы процессуалдық тәртібі, ол ортақ белгісі мүдделі тұлғалардың арасында материалдық-құқықтық дау-дамайдың жоқтығы болып табылатын азаматтық істердің анықталған аясына қатысты қолданылады.

Іс жүргізудің аталған түрінің ерекшеліктері төмендегілер болып табылады:

- тараптардың (шағымданушының және жауапқа тартылушының) болмауы;

- құқық туралы даудың болмауы;

- істі қарау барысында құқық туралы дау туындаған жағдайда (ол сот қарамағында болған жағдайда) оны ары қарай талап қоюмен іс жүргізу тәртібінде қарау көзделген;

- сотқа жүгіну формасы талап емес, арыз немесе шағым болып табылады;

- қандай да бір мүлікке немесе ақша сомасына «байланысты» мемлекеттік баж салығын төлеу қарастырылмаған (мемлекеттік баж салығы салық заңнамасымен белгіленген мөлшерлеме бойынша төленеді);

- іс жүргізудің бұл түрінде қарастырылуы мүмкін болатын істердің жабық тізімі жоқ. Судья арыздың (шағымның) мазмұнына және арызда жазылған сұрақтардың тізіміне сәйкес оны ерекше іс жүргізу тәртібінде қарау мүмкіндігі туралы мәселені өз бетімен шешеді.

Ерекше іс жүргізу тәртібінде қарастырылатын істердің тізімі іс жүргізу заңында дәл анықталған. Оларға АПК-нің 302 бабында көрсетілген істер жатады:

- 1) заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы;

- 2) бала асырап алу туралы арыздар бойынша;

- 3) азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы және азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы;

- 4) азаматтың әрекет қабілетін шектеу туралы, азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанды өз табысына өз бетінше билік ету құқығын шектеу туралы немесе одан айыру туралы;

5) кәмелетке толмағанды әрекетке толық қабілетті деп жариялау (эмансипация) туралы;

6) кәмелетке толмағандарды девиантты мінез–құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы;

7) азаматты заңда көзделген негіздер бойынша психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы;

8) азаматты туберкулезден, алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы;

9) қаржы ұйымдарын, және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы;

10) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу, мерзімінен бұрын аяқтау және оның мерзімін ұзарту туралы;

11) оңалту және банкроттық туралы;

12) жылжымалы затты иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы;

13) азаматтық хал актілері жазбаларының дұрыс еместігін анықтау туралы;

14) нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға берілген шағымдар бойынша;

15) бағалы қағаздарды көрсетуші тұлғаның жоғалған бағалы қағаздар және ордерлік бағалы қағаздар (шақырту ісін жүргізу) бойынша құқықтарын қалпына келтіру туралы;

16) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік деп тану туралы, оның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы;

17) интернет–казиноны, Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өнімін заңсыз деп тану туралы;

18) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыздар бойынша істер жатады.

Бұдан басқа АПК 302 бабы 2 бөлімі бойынша заңда ерекше іс жүргізу тәртібімен басқа да істерді қарау көзделуі мүмкін.

Сөйтіп, АПК–нің 328 бабы бойынша ерекше іс жүргізудің тағы бір санатын – азаматты іс–әрекетке қабілетті деп тану туралы істерді белгілейді.

Ерекше жүргізілетін істер бойынша заң фактісін белгілеу мүдделі тұлға үшін анықталған субъективті құқықтар мен міндеттердің туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкеліп соқтырады. Сондықтан заң фактісін белгілеу арқылы тек субъективті құқықтың жанама қорғалуы (болашақ құқықтың қорғалуы) жөнінде ғана айтуға болады.

Ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізілетін істерді шешу кезінде сот тұлғаның материалдық құқық қатынастарының мазмұны көзделген мінез-құлқын анықтамайды, тек заң фактісінің бар–жоқтығын ғана белгілейді. Ал егер осы фактінің бар болуына байланысты болатын субъективті құқықтарға келсек, сот аталған мәселелерді тіпті қозғамайды.

Сот ерекше іс жүргізу тәртібімен әртүрлі сипаттағы заң фактілерінің бар–жоқтығын белгілейді:

1) іс–әрекеттер – мысалы, асырап алу, некеге тұру, ажырасу, мұра қабылдау, нотариалдық іс–әрекеттер немесе оларды жүзеге асырудан бас тарту деректерін тіркеу және т.с.с.;

2) оқиғалар – мысалы, анықталған уақытта және анықталған жағдайлардағы адам өлімі, дүниеге келу, келеңсіз жағдай деректері және т.б.

3) жағдайлар – тұлғаның қамқорлықта болу, туысқандық қатынастар, нақты неке қатынастары, азаматтың іс–әрекетке қабілетсіздігі, азаматтың хабарсыз кетуі деректері және т.б.

2. Соттар Ерекше жүргізілетін істерді АПК–нің 31–49 тарауларында белгіленген алып тастаулар мен қосымшаларды ескере отырып, талап қоюмен іс жүргізу ережелері бойынша қарастырады.

Ерекше жүргізілетін істерді қарау кезінде сот әділдігін тек соттың жүзеге асыруы, тұлғаның ар–намысын сыйлау, жариялылық және т.с.с. қағидалар орындалады. Сот тергеуі сатысында сот тергеуінің ауызшалығы, үздіксіздігі және туралылығы қағидалары орындалады. Іс жүргізудің бұл түрінде тараптардың және құқық туралы даудың жоқтығы сөз таластыру қағидасының әрекетін айтарлықтай аз мөлшерде көрсетеді.

Ерекше жүргізілетін істерге дәлелдемелік құқық институтының әрекеті тән. Бірақ кейбір ерекшеліктер бар. Сөйтіп, мысалы, судья азаматтың психикалық ауруы немесе психикасының бұзылуы, ақылының кемістігі немесе психикасының өзге де сырқатты хал–жайы туралы деректер жеткілікті болған жағдайда істі соттың қарауына әзірлеу тәртібімен оның психикалық жай–күйін анықтау үшін сот–психикалық сараптама тағайындайды. Әрекетке қабілетсіз деп тану туралы іс қозғалған адам сараптамадан өтуден көрінеу жалтарған жағдайда сот психиатрдың қатысуымен өтетін сот отырысында азаматты сот–психиатриялық сараптама мәжбүрлеп жіберу туралы ұйғарым шығара алады (АПК–нің 325 б. 2 б.).

Талап қоюмен іс жүргізудің жалпы ережелері (процестің сатылар бойынша дамуы, сот отырысының хаттамасын жүргізу, сәйкес сот қаулыларын шығару, іс жүргізуді тоқтату, арызды қараусыз қалдыру және т.б.) ерекше жүргізілетін істерге де таралады.

Сонымен қатар ерекше жүргізілетін істерді соттың қарауының және шешуінің өзіне тән ерекшеліктері бар, олар бұл істерде құқық туралы даудың жоқтығына байланысты болады.

1. Мұнда тараптар (шағымданушы және жауапқа тартылушы) жоқ, өйткені арызданушыда басқа тұлғаларға қандай да бір талаптар (наразылықтар) жоқ. АПК–нің 340 бабы 1 бөліміне сәйкес сот ерекше жүргізілетін істерді арызданушы мен мүдделі тұлғалардың қатысуымен қарастырады.

Өзінің заңды мүддесін қорғау үшін сотқа жүгінетін азамат немесе ұйым (заңды тұлға) арызданушы деп аталады. Ерекше жүргізілетін істің нәтижесіне заңды мүддесі бар басқа тұлғалар мүдделі тұлғалар деп аталады. «Ерекше жүргізілетін істердегі мүдделі тұлғалар – бұл субъективті құқықтары мен міндеттеріне нақты іс бойынша сот шешімінің заңды күшінің шектері ықтималды түрде әсер ете алатын процестің қатысушылары, бұл жағдайда сот шешімі бұл тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін жанап өтеді, ал бұл олардың қандай да бір шешімдерді жүзеге асыру міндетіне немесе олардың құқықтық мәртебесінің өзгеруіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Процестің бұл қатысушылары істің дұрыс шешілуіне мүдделі» [24].

Мүдделі тұлғалар ретінде орындалған жазбаға түзетулер енгізуден бас тартқан азаматтық хал–жағдай актілерін тіркеу органдары (АПК–нің 44 т.), нотариалдық іс–әрекеттер жасаған немесе оларды жасаудан бас тартқан нотариус (АПК–нің 45 т.) тартылады. Мүдделі тұлғалар қатарына арызданушы шешім шығарғаннан кейін жүгіне алатын органдар мен мекемелер де кіре алады (мысалы, тұлғаның қамқорлықта болуы дерегін белгілеу ісі бойынша немесе асыраушысынан айырылуға байланысты зейнетақы рәсімдеу үшін).

Ерекше жүргізілетін істер процесіне қатысушыларды тарту арызданушының өтініші, соттың немесе мүдделі тұлғаның бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ерекше жүргізілетін істерді дұрыс қараудың маңызды кепілі оларға прокурордың қатысуы болып табылады. Мысалы, АПК–нің 320 бабына сәйкес азаматты хабар–ошарсыз кеткен деп тану туралы немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы істерді сот міндетті түрде прокурордың қатысуымен қарайды. Ерекше іс жүргізу процесіне мүдделі тұлғаларды тарту немесе олардың кіруіне рұқсат беру соттың анықтауы бойынша жүзеге асырылады, мұнда істің жай–күйімен анықталатын негіздемелер келтіріледі.

Ерекше іс жүргізуге құқық туралы даудың мәніне өз бетімен талаптар қоятын, сондай–ақ талаптар қоймайтын үшінші тұлғалар қатыспайды

2. Сот ісінің аталған түрінде әдеттегі талап институттары (жауапқа тартылушының талапты мойындауы, талап қоюшының талаптан бас тартуы, тараптар арасында бейбіт келісім жасасу, талапты қамтамасыз ету, қарсы талап қою және т.б.) қолданылмайды.

3. Ерекше іс жүргізу аталған сот ісінің істерді қозғау ерекшеліктерін

сипаттайды:

- істерді қозғау құралы арыз және тек істердің бір ғана санаты үшін – шағым (нотариалдық іс–әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға шағымдану туралы істер) болып табылады;

- заңда көрсетілген анықталған тұлғалар ғана ерекше жүргізілетін істердің жеке санаттарын қозғай алады (мыс., АПК 307, 310, 317.);

- жеке істер бойынша шағымдарда бұл істерді қозғаудың мақсаты міндетті түрде көрсетілуі талап етіледі (мыс., АПК 308 б. және т.б.).

Шағымданушы істі қарауға байланысты болатын сот шығындарын тартудан босатылады:

- Әрекетке қабілетсіз деп тану туралы өзіне қатысты іс қаралатын азамат, егер оның сот отырысына қатысуы оның өмірі немесе денсаулығы үшін не айналасындағылардың өмірі немесе денсаулығы үшін қауіп төндірмесе, сот отырысына шақырылуға тиіс. Адам өз ұстанымын өзі не өкілдері арқылы баяндауға құқылы (АПК 326 б. 2 б.);

- Арыз беруші кәмелетке толмағанды девиантты мінез–құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымына немесе ерекше режимде ұстайтын ұйымға орналастыру туралы істі қарауға байланысты сот шығындарын төлеуден босатылады (АПК 333–3 б.).

4. Заң ерекше жүргізілетін істерге байланысты сотта қаралуға тиісті істердің арнайы ережелерін көздейді. Мұнда жалпы аумақтық сотта қаралу ережелері орындалмайды. Ерекше іс жүргізу баламалы, келісімді сотта қаралуды, іс байланысы бойынша сотта қаралуы білмейді. Ерекше жүргізілетін істердің әр санатына сотта қаралу дербес орнатылады. Сөйтіп, мысалы, АПК–нің 307 бабына сәйкес заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша арыз арыз берушінің тұрғылықты жеріндегі сотқа берілетін, бұған жылжымайтын мүлік орналасқан жердегі сотқа берілетін жылжымайтын мүлікті меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқықтарымен иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету фактісі қосылмайды, ал азаматты хабар–ошарсыз кетті деп тану туралы немесе азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы арыз оны берушінің тұрғылықты жеріндегі не хабар–ошарсыз кеткен азаматтың соңғы мәлім болған тұрғылықты жеріндегі сотқа беріледі (АПК 317 б.).

Егер істі қарау кезінде сотқа қарасты құқық туралы дау–дамай туындаса, онда ол істі шағымдық іс жүргізу тәртібінде қарау туралы ұйғарым шығаруы жән шағымданушы мен тағы басқа мүдделі тұлғаларға АПК 148, 149 бабы талаптардың сот белгілеген мерзімде орындалу қажеттілігін түсіндіруі тиіс. Шағымдық іс жүргізу тәртібінде іс оны қозғау орны бойынша қарастырылады. Сот ұйғарымы орындалмаған жағдайда, АПК 304 бабы 2 бөліміне сәйкес, арыз қаралмай қалдырылады, ал мүдделі адамдарға олардың жалпы негіздерде талап қою құқығы түсіндіріледі.

Ерекше жүргізілетін істерді қарау және шешу ерекшеліктерімен қатар істердің әр санатында оларды қарау ретінің өзгешелігі болады.

№13 тақырып «Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу»

- 1. Сот актілеріне апелляциялық шағым, наразылық келтіру.**
- 2. Апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істі қарау.**

«Апелляция» деген термин (лат. тілінен appellatio) – жоғары тұрған сотпен заңды күшіне енбеген сот актілерін тексеру бойынша процесуалды заңнамалармен белгіленген әрекет.

Апелляциялық саты екінші сатыдағы сот болып табылады (істі мәні бойынша қарайтын соттан кейін) және оның өзге сатыдағы соттардан ерекшелендіретін бірнеше қатар белгілері бар:

- заңды күшіне енбеген сот актілері қайта қаралуға жатады;
- сот істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді (АПК 413 бабы 1 бөлімі).

- Апелляциялық сатыдағы сот істе бар, сондай-ақ осы Кодекстің 404–бабының екінші бөлігіне сәйкес ұсынылған дәлелдемелерге мәлімделген талап қою шегінде баға береді.

Егер апелляциялық сатыдағы сот жаңа дәлелдемелердің бірінші сатыдағы сотқа ұсынылуы дәлелді себептермен мүмкін болмағанын таныса, оның ішінде егер адам бірінші сатыдағы сотта іске қатысуға тартылмаса, сондай-ақ егер бірінші сатыдағы сотта дәлелдемелерді зерттеу және (немесе) талап етіп алу туралы өтінішхат мәлімделсе, бірақ ол қанағаттандырусыз қалдырылса, сот жаңа дәлелдемелерді қабылдайды.

Апелляциялық сатыдағы сотқа дәлелдемелерді ұсынатын тұлғалар олардың қандай жолмен алынғанын және оларды ұсыну қажеттілігі қандай мән-жайларға байланысты туындағанын көрсетуге міндетті (АПК 413 бабы 2 б).

АПК 401 бабына сәйкес, осы тарауда көзделген қағидаларға сәйкес заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тараптарға, іске қатысатын басқа да тұлғаларға тиесілі.

Сот шешіміне апелляциялық наразылық білдіру құқығы істі қарауға қатысатын прокурорға тиесілі. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары істі қарауға қатысу–қатыспауына қарамастан, өздерінің құзыреті шегінде шешімге наразылық білдіруге құқылы.

Іске қатысуға тартылмаған, бірақ сот олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдаған адамдар да апелляциялық шағым жасауға құқылы.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған шешімдерге апелляциялық шағымды, наразылықты облыстық және оған теңестірілген соттың азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы кемінде үш алқа судьясының алқалы құрамында қарайды.

Осы Кодекстің 27–бабы төртінші бөлігінің қағидалары бойынша қаралған істер бойынша шығарылған шешімдерге апелляциялық шағымды, наразылықты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы кемінде үш алқа судьясының алқалы құрамында қарайды.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған шешімдерге апелляциялық шағымды, наразылықты облыстық және оған теңестірілген соттың азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы кемінде үш алқа судьясының алқалы құрамында қарайды (АПК 402 бабы).

АПК 403 бабы бойынша апелляциялық шағым, наразылық шешім шығарған сот арқылы беріледі. Тікелей апелляциялық сатыға келіп түскен шағым немесе наразылық шешім шығарған сотқа осы Кодекстің осы бабы екінші бөлігінің және 405–бабының талаптарын орындау үшін жіберілуге жатады.

Апелляциялық шағым, наразылық іске қатысатын адамдардың санына қарай көшірмелерімен қоса сотқа беріледі. Қажет болған жағдайларда судья шағымды немесе наразылықты берген тұлғаны шағымға немесе наразылыққа қоса берілген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін іске қатысатын адамдардың санына қарай беруге міндеттей алады.

Осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, наразылық – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Уәкілетті органның мемлекеттік сатып алудың өткізілуін тексеру қорытындылары бойынша шешімдерін, қорытындыларын, нұсқамаларын даулау туралы істер бойынша апелляциялық шағым, наразылық шешім шығарылған күннен бастап он күн ішінде берілуі мүмкін.

Апелляциялық шағымды немесе наразылықты беру үшін мерзімді қалпына келтіру туралы мәселені бірінші сатыдағы сот осы Кодекстің 126–бабында көзделген тәртіппен қарайды.

Апелляциялық шағым мазмұнының өзекті элементі болып шешімнің заңсыздығын негіздеу табылады. Негіздеме құрамына іс үшін маңызы бар жағдайларды дұрыс белгілемеуді көрсету, заңды дұрыс қолданбау, процесуалды талаптарды бұзу және т.б. кіреді. АПК 404–бабы бойынша апелляциялық шағымның, наразылықтың мазмұны

1. Апелляциялық шағымда, наразылықта:
 - 1) шағым, наразылық жіберілетін соттың атауы;

- 2) шағым, наразылық беретін тұлғаның атауы;
- 3) шағым жасалатын немесе наразылық білдірілетін шешім және осы шешімді шығарған соттың атауы;
- 4) әдетте қолданылуға жататын заңдарға және іс материалдарына сілтеме жасай отырып, сот шешімінің заңсыздығы немесе негізсіздігі неден көрінетіндігіне нұсқау;
- 5) шағым жасалатын немесе наразылық білдірілетін шешімнің заңдылығын қандай бөлігінде тексеру керек екендігі және шағым, наразылық беретін тұлғаның қандай өзгерістер енгізуін талап ететініне нұсқау;
- 6) шағымға, наразылыққа қоса берілген құжаттардың тізбесі;
- 7) шағымды, наразылықты беру күні және шағымды немесе наразылықты берген тұлғаның қолтаңбасы қамтылуға тиіс. Өкіл қол қойған шағымға сенімхат немесе істе ондай құжат болмаса, өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын өзге құжат қоса берілуге тиіс.

Шағымды, наразылықты электрондық құжат нысанында берген кезде олар оны беретін тұлғаның немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады. Электрондық құжат нысанындағы шағымға, наразылыққа құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.

АПК 404 бабы 2 тармағында апелляциялық шағымда, наразылықта бірінші сатыдағы сотқа мәлімделмеген талаптар болмауға тиіс.

Егер шағымда, наразылықта жаңа дәлелдемелерді бірінші сатыдағы сотқа ұсынудың мүмкін еместігінің негіздемесі қамтылса, оның ішінде егер адам бірінші сатыдағы сотта іске қатысуға тартылмаса, сондай-ақ егер бірінші сатыдағы сотта дәлелдемелерді зерттеу және (немесе) талап етіп алу туралы өтінішхат мәлімделсе, бірақ ол қанағаттандырусыз қалдырылса, бірінші сатыдағы сотқа ұсынылмаған жаңа дәлелдемелерге сілтеме жасауға жол беріледі.

Бірінші сатыдағы соттың апелляциялық шағымды, наразылықты алғаннан кейінгі әрекеттері мерзімінде берілген және осы Кодекстің 403 және 404-баптарының талаптарына сәйкес келетін апелляциялық шағымды немесе наразылықты алғаннан кейін бірінші сатыдағы соттың судьясы мынадай әрекеттерді жасайды:

- 1) шағым немесе наразылық келіп түскен күннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей іске қатысатын адамдарға шағымның, наразылықтың көшірмелерін және оларға қоса берілген жазбаша дәлелдемелерді не соттың интернет-ресурсы арқылы бұлардың электрондық көшірмелерімен танысу мүмкіндігі туралы хабарлау жібереді.

Тараптарға, ұсынылу мерзімі көрсетіле отырып, олардың шағымға, наразылыққа жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі;

- 2) шағым жасау, наразылық білдіру үшін белгіленген мерзім өткен соң істі апелляциялық сатыдағы сотқа жібереді.

Апелляциялық шағым жасау, наразылық білдіру үшін белгіленген мерзім өткенге дейін азаматтық істі соттан ешкім талап етіп ала алмайды.

Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ іске қатысуға тартылмаған, бірақ құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот шешім қабылдаған тұлғалар сотта іс материалдарымен, сондай-ақ келіп түскен шағымдармен және оларға берілген қарсылықтармен танысуға құқылы. Апелляциялық шағымды, наразылықты қозғаусыз қалдыру осы Кодекстің 403-бабының екінші бөлігінде және 404-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін апелляциялық шағым, наразылық берілген кезде судья ұйғарым шығарады, онда шағымды, наразылықты қозғаусыз қалдырады және шағым, наразылық берген тұлғаға кемшіліктерді түзету үшін мерзім тағайындайды.

Егер апелляциялық шағым берген, наразылық келтірген тұлға ұйғарымда қамтылған нұсқауларды белгіленген мерзімде орындаса, шағым немесе наразылық сотқа алғашқы ұсынылған күні берілген деп есептеледі.

Апелляциялық шағымды, наразылықты қозғаусыз қалдыру туралы ұйғарым шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды (АПК 406 бап).

Апелляциялық шағымды, наразылықты қайтарып алу

1. Апелляциялық шағым, наразылық оларды берген тұлғаға мынадай жағдайларда:

1) судьяның шағымды, наразылықты қозғаусыз қалдыру туралы ұйғарымындағы нұсқаулары белгіленген мерзімде орындалмағанда;

2) шағымды, наразылықты берген тұлғаның өтінуі бойынша;

3) егер шағым жасау немесе наразылық білдіру мерзімі өтіп кетсе және шағымда немесе наразылықта оны қалпына келтіру туралы арыз болмаса немесе оны қалпына келтіруден бас тартылса;

4) егер шағымды, наразылықты оны беруге немесе оған қол қоюға құқығы жоқ тұлға берсе, қайтарылады.

Апелляциялық шағымды, наразылықты қайтарып алу туралы ұйғарымды сот:

1) осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жағдайда – сот белгілеген мерзім өткен күннен бастап;

2) қалған жағдайларда – шағым, наразылық келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады.

Апелляциялық шағымды, наразылықты қайтарып алу туралы ұйғарымға шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін (АПК 407-бап.).

Апелляциялық шағымға, наразылыққа пікір беру арқылы сотта іске қатысуға құқығы бар басқа да тұлғалар өздерінің пікірін айта алады. Іске қатысатын адам апелляциялық шағымға, наразылыққа қатысты қарсылықты растайтын құжаттарды қоса бере отырып, апелляциялық шағымға, наразылыққа пікірді апелляциялық сатыдағы сотқа, іске қатысатын басқа да тұлғаларға жібереді.

Апелляциялық сатыдағы сотқа жіберілетін пікірге іске қатысатын басқа да тұлғаларға пікірдің жіберілгенін растайтын құжат та қоса беріледі.

Пікір сот белгілеген, апелляциялық сатыдағы сотта сот отырысы басталғанға дейін іске қатысатын адамдардың онымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін мерзімде жіберіледі.

Пікірге іске қатысатын адам немесе оның өкілі қол қояды. Пікірді электрондық құжат нысанында берген кезде ол оны берген тұлғаның немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады. Өкіл қол қойған пікірге сенімхат немесе оның өкілеттігін растайтын өзге құжат қоса берілуге тиіс. Электрондық құжат нысанында берілген пікірге осы бапта көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі(408–бап).

АПК 409–бабына сәйкес, апелляциялық шағымнан, наразылықтан бас тарту және оларды кері қайтарып алу

1. Апелляциялық шағым берген тұлға, оның ішінде іс бойынша тарап ретінде апелляциялық шағым берген прокурор апелляциялық сатыдағы сот қаулы шығарғанға дейін одан бас тартуға немесе сот осы Кодекстің 405–бабында көзделген әрекеттерді орындаған кезде оны бірінші сатыдағы сотта кері қайтарып алуға құқылы.

Прокурор апелляциялық сатыдағы сот қаулы шығарғанға дейін наразылықты кері қайтарып алуға құқылы.

Апелляциялық шағымнан бас тарту, шағымды, наразылықты кері қайтарып алу бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сотқа жазбаша арыз беру арқылы ресімделеді.

Апелляциялық шағымнан бас тартуды қабылдау туралы апелляциялық сатыдағы сот, егер шешімге басқа тұлғалар шағым жасамаса және жоғары тұрған прокурор наразылық білдірмесе, апелляциялық іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Ұйғарым шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды. Шағымды қайтадан беруге жол берілмейді, ал берілген жағдайда шағым қайтарып алынады.

Шағым, наразылық кері қайтарылып алынған жағдайда сот оны қайтару туралы ұйғарым шығарады, ол шағым беруге және наразылық келтіруге жатпайды. Шағым, наразылық осы Кодекстің 403–бабының үшінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде қайта берілуі мүмкін. Егер бірінші сатыдағы соттың шешіміне апелляциялық шағымды басқа тұлғалар берсе, ол осы тарауда белгіленген тәртіппен мәні бойынша қаралуға тиіс.

Талап қоюшының талап қоюдан бас тартуы, апелляциялық шағым берілгеннен кейін жасалған тараптардың татуласу келісімі, тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімі немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім апелляциялық сатыдағы сотқа жіберілген арыздарда көрсетілуге тиіс.

Апелляциялық сатыдағы сот талап қоюдан бас тартуды қабылдаған жағдайда сот шешімінің күшін жояды және осы Кодекстің 277–бабының 4) тармақшасында белгіленген негіздер бойынша іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Егер апелляциялық сатыдағы сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын қабылдасаса, татуласу келісімін, тараптардың дауды (жанжалды)

медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін немесе партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу туралы келісімді бекітпесе апелляциялық шағым мәні бойынша қаралады (410–бап).

Апелляциялық сатыдағы сот іс қаралғанға дейін апелляциялық шағым, наразылық берген тұлғаның арызы бойынша бірінші сатыдағы сот қабылдаған және осы Кодекстің 243–бабында санамаланған істер бойынша шешімдерден басқа, орындауға жіберілген шешімнің орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Шешімнің орындалуын тоқтата тұру қажеттілігі өткен соң тоқтата тұру туралы қаулының күші жойылады.

Шешімнің орындалуын тоқтата тұру туралы немесе тоқтата тұрудың күшін жою туралы қаулы сот орындаушысына және тараптарға жіберіледі (табыс етіледі).

2. АПК 412 бабының апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша талаптарына сәйкес істе бар және қосымша берілген материалдар бойынша апелляциялық сатыдағы сот АПК 413 бабы 2 тармағы бойынша:

- істің нақты мән–жайы анықталуының дұрыстығын;
- материалдық құқық нормаларының қолданылуы мен түсіндірілуінің негізділігін;
- істі қарау мен шешу кезінде азаматтық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын тексереді.

Осы ұсынылған сұрақтардың барлығы апелляциялық қараудың пәні болып табылады. Олардың арасындағы өзара байланысты екі сұрақты–негізгі тәртіп (құқықтық тәртіптің жағдайын анықтау) және құқықтық тәртіп (шығарылған шешімнің заңдылығына қатысты).

Істі апелляциялық шағыммен немесе наразылықпен бірге алған апелляциялық сатыдағы соттың судьясы бірінші сатыдағы соттың осы Кодекстің 405–бабының талаптарын орындауын тексереді. Бірінші сатыдағы сот осы Кодекстің 405–бабының талаптарын орындамаған жағдайда іс кемшіліктерді жою үшін бірінші сатыдағы сотқа қайтарылуы мүмкін.

Судья апелляциялық шағымда немесе наразылықта жазылған дәлелдерді ескере отырып, істі апелляциялық сатыдағы соттың іс жүргізуіне қабылдау және істі қарауға дайындау туралы ұйғарым шығарады. Судья осы Кодекстің 165–бабында көзделген әрекеттерді іс жүргізуге қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жасайды.

Апелляциялық сатыдағы сот іске қатысатын адамдарға сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Апелляциялық сатыдағы соттың істі қарау мерзімі осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, іс апелляциялық сатыдағы сотта ол сотқа келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімде қаралады.

Уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдерін, қорытындыларын, нұсқамаларын даулау туралы іс сотқа келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

Іс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасында ол сотқа келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімде қаралады(АПК 415–бап).

АПК 54–бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда апелляциялық сатыдағы соттың отырысына прокурор қатысады. Ол іс бойынша қорытынды береді, ал апелляциялық сатыдағы сот прокурорға апелляциялық сатыда қаралуға жататын істер туралы және істер бойынша қабылданған, апелляциялық сатыда қаралған шешімдер туралы хабарлайды.

Апелляциялық сатыдағы сот тараптар табыс еткен немесе олардың өтініштері бойынша талап етіліп алынған, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар қосымша материалдарды, алынған сараптамалық қорытындыларды бірінші сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша зерделейді. Сот отырысқа шақыртылған тұлғалардан жауап алады.

Істі қарау сот отырысын ашумен басталады; төрағалық етуші қандай іс, кімнің шағымы және (немесе) наразылығы бойынша және қай соттың шешіміне орай қаралуға жататынын хабарлайды. Сонымен қатар, төрағалық етуші іске қатысатын тұлғалардың және өкілдердің қайсысы келгенін анықтайды, келген тұлғалардың жеке басын анықтайды, сондай-ақ лауазымды адамдар мен өкілдердің өкілеттігін тексереді.

Істің қаралатын уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланбаған іске қатысушы адамдардың біреуі сот отырысына келмеуі соттың істі қарауды кейінге қалдыруына негіз болады.

Істің қаралатын уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған адамдардың келмеуі істі талқылауға кедергі болмайды. Алайда сот бұл жағдайда да келмеу себебін дәлелді деп тани отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Істі талқылау кейінге қалдырылған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот іске қатысушы адамдарға соттың қайта өткізілетін отырысында істің қаралу уақыты мен орны жайында тиісінше хабарлайды. Бұл жағдайда істі талқылау басынан бастап жүргізіледі.

Іске қатысушы тұлғалардың апелляциялық сатыдағы істі қарауға байланысты барлық мәселелер бойынша арыздар мен өтініштерін сот іске қатысушы басқа тұлғалардың пікірін тыңдағаннан кейін шешеді.

Тараптар зерттеген кезде өздеріне бірінші сатыдағы сот бас тартқан дәлелдемелерді талап ету туралы өтініш жасауға құқылы.

Мәлімделген өтініштерді шешу АПК 195–бабының ережелері бойынша жүргізіледі, бұл орайда апелляциялық сатыдағы соттың өтінішті бірінші сатыдағы сот қанағаттандырмағандығын негізге алып, оны қанағаттандырудан бас тартуға құқығы жоқ.

Іске қатысушы адамдардың түсініктемелері. Дәлелдемелерді зерттеу.

Сот жарыссөзі.

Сот соттың отырысына келген іске қатысушы тұлғалар мен өкілдердің түсініктемелерін тыңдайды. Апелляциялық шағым берген немесе наразылық

келтірген тұлға және оның өкілі бірінші болып сөз сөйлейді. Екі тарап та шешімге шағым жасаған жағдайда бірінші болып талап қоюшы сөйлейді.

Дәлелдемелерді зерттеудің тәртібі мен шектері іске қатысушы тұлғалардың пікірлерін ескере отырып, апелляциялық сатыдағы сот белгілейді.

Тараптардың түсініктемелерінен кейін сот істе бар және тараптар жаңадан табыс еткен, дәлелді себептермен олар бірінші сатыдағы соттың қарауына табыс ете алмаған дәлелдемелерді тексереді. Сотқа қосымша дәлелдемелер табыс еткен тұлғалар олардың қандай жолмен алынғанын және (немесе) қосымша дәлелдемелер табыс ету қажеттігі қандай мән-жайларға байланысты туындағанын көрсетуге міндетті. Апелляциялық сатыдағы сот іске қатысушы, сот отырысына келмеген адамдардың түсініктемелерін, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы сот отырысына шақырылмаған куәлардың айғақтарын жария етуге құқылы. Егер бұл түсініктемелер мен айғақтарға тараптар дау шығарса, аталған адамдар апелляциялық сатыдағы сотқа шақырылуы мүмкін.

Куәлардан жауап алу және іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелер беруі хаттама жүргізу қажеттілігін туындатады. Апелляциялық сатыдағы сотта істі қарау кезіндегі сот отырысының хаттамаларын жүргізу жағдайлары АПК 281 бабы 3 бөлімінде белгіленген. Істі апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайтын жағдайларды қоспағанда, жаңа дәлелдемелер зерттелген жағдайда апелляциялық сатыдағы соттың сот отырысында хаттама жүргізу міндетті емес.

Апелляциялық сатыдағы сот істі бірінші сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша қарай келіп, істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар қосымша материалдарды, алынған сараптамалық қорытындыларды зерттеу, отырысқа шақыртылған тұлғалардан жауап алу қажет болған жағдайларда сот отырысының хаттамасын жүргізеді.

Іс мәні бойынша қаралып біткен соң төрағалық етуші тараптар мен өкілдерден олардың жасайтын өтініштері мен толықтырулары туралы сұрайды. Сот бұл өтініштерді шешіп, содан соң сот жарыссөзіне көшеді.

Сот жарыссөзі АПК 217-бабында көзделген ережелер бойынша өткізіледі, бұл орайда апелляциялық шағым немесе наразылық берген адам бірінші болып сөйлейді. Шешімге екі тарап та шағым жасаған жағдайда бірінші болып талап қоюшы сөйлейді.

Сот жарыссөзі және прокурордың қорытынды сөзін тыңдау аяқталғаннан кейін судья соттың актісін қабылдауға арналған кеңесу бөлмесіне кетеді.

Сот актілерін шығару. Апелляциялық сатыдағы сот актілерінің түрлері.

Апелляциялық сатының сот актісін шығару тәртібі АПК 423 бабымен реттелген. 222, 223, 224-баптарында көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі. Апелляциялық сатыдағы соттың шешім қабылдауындағы ерекшелігі болып қаулының қарарлық бөлігін шығара алатындығы

табылады. Бұл жағдайда қаулының толық мәтіні істі қараған күннен бастап бес күндік мерзімде жазылып, оған барлық судьялар қол қояды.

Апелляциялық сатыдағы сот:

1) шешімді өзгеріссіз, ал шағымды немесе наразылықты қанағаттандырмай тастауға;

2) бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертуге;

3) бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім шығаруға;

4) 277 бабы 2,3,4,5,9,10 және 279-баптарында көзделген негіздер бойынша шешімнің толық немесе оның бөлігіндегі күшін жоюға және іс бойынша іс жүргізуді қысқартуға не арызды қарамай тастауға құқылы.

5) осы Кодекстің 427-бабы төртінші бөлігінің 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген процестік құқық нормаларының бұзылғандығы белгіленген жағдайда, шешімнің күшін жоюға және істі бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына жіберуге;

6) осы Кодекстің 427-бабы төртінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша сот шешімінің күші жойылған жағдайда, бірінші сатыдағы сот қағидалары бойынша мәніне қарай қарау үшін істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға құқылы.

Шешімді өзгеріссіз, ал шағым мен наразылықты қанағаттандырусыз қалдырған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот шағымдануға берілген сот актісі материалды және процесуалды заңның барлық талаптарын орындаумен шығарылғандығына негіздеме береді.

АПК 427 бабы ережелеріне сәйкес апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге:

1) іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберінің дұрыс анықталмауы және дұрыс айқындалмауы;

2) бірінші сатыдағы сот белгіленген іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі;

3) бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың істің мән-жайына сәйкес келмеуі;

4) материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

5) сот отырысының хаттамасын жүргізу міндеттілігі осы Кодексте көзделген сот отырысы, жеке процестік әрекет хаттамасының істе болмауы негіз болып табылады.

Мәні бойынша дұрыс сот шешімінің күшін бір ғана үстірт пікірлер бойынша жоюға болмайды.

Алғашқы екі пункттер бірінші сатыдағы соттардың актілерін жоққа шығару негіздері ретінде шешімдерді қайта қарау кезінде көбірек қолданылады. мысалы, істі қайта қарау кезінде енбек құқығының нормаларының орнына енбек дауын шешу кезінде сот қатынастарды реттейтін нормаларды қолданғаны; сыйға беру қатынастарына сату-сатып алу қатынастарын реттейтін нормаларды қолданғаны және т.б.

анықталады. Қолдануға тиісті емес заңдардың қолданылуы заңнамалардың өзгеруіне немесе жаңа нормативтік құқықтық актілердің іске енгізілуіне тән.

Бірінші сатыдағы сот материалдық нормаларды қолдану мәселесінде мерзім мен тұлғалардың шеңбері бойынша қателістер жіберуі мүмкін.

2. Егер сот:

- 1) қолданылуға жататын заңды қолданбаса;
- 2) қолданылуға жатпайтын заңды қолданса;
- 3) заңды дұрыс түсіндірмесе, материалдық құқық нормалары бұзылған немесе дұрыс қолданылмаған деп есептеледі.

Мәні бойынша дұрыс сот шешімінің күші бір ғана формальды пайымдаулар бойынша жойылмайды. Материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы, егер осы бұзушылық дұрыс шешім қабылдамауға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертуге немесе күшін жоюға негіз болып табылады.

Егер сот дұрыс шешім қабылдаса, бірақ көрсетілген бұзушылықтарға жол берілсе, қаулыда уәждер, материалдық және процестік құқық нормалары келтіріледі, оларға сәйкес шешім өзгеріссіз қалдырылуға жатады.

Егер:

- 1) істі соттың заңсыз құрамы немесе соттылық туралы қағидаларды бұзып қараған;
- 2) сот істі сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған іске қатысатын адамдардың қайсыбіреуі болмағанда қараған;
- 3) істі қарау кезінде сот ісін жүргізу тілі туралы қағида бұзылған;
- 4) сот іске қатысуға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселені шешкен;
- 5) судья шешімге қол қоймаған немесе істі қарап, шешкен судьядан басқа судья қол қойған кез келген жағдайда бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылуға жатады.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың негіздері

Сот, егер:

- 1) іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса;
- 2) сол тараптардың арасындағы дау бойынша сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына немесе тараптардың татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді орнықтыруына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымы болса;
- 3) сол бір тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша қабылданған төрелік шешім болса;
- 4) сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын қабылдаса;
- 5) тараптар татуласу келісімін жасасса және сот оны бекітсе;

6) тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе (АПК 279 бабы).

АПК 425 бабы бойынша апелляциялық сатыдағы соттың актілері

Апелляциялық сатыдағы сот мынадай актілерді:

1) бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша іс мәні бойынша қаралғаннан кейін жаңа шешім қабылданған жағдайда, осы Кодекстің 424–бабының 1), 2), 3), 5) тармақшаларында, сондай–ақ 6) тармақшасында көзделген жағдайларда қаулы;

2) сот шешімінің күші жойылған және бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша іс мәні бойынша қарау үшін апелляциялық сатыдағы соттың іс жүргізуіне қабылданған жағдайда, осы Кодекстің 409–бабының екінші бөлігінде, 424–бабының 4) тармақшасында, сондай–ақ 6) тармақшасында көзделген жағдайларда, сондай–ақ іс мәні бойынша қаралмаған, сот актісін шығару талап етілетін өзге де жағдайларда ұйғарым шығарады.

Апелляциялық сатыдағы соттың актісінің заңды күші оны жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Іс апелляциялық тәртіппен қаралғаннан кейін келіп түскен апелляциялық (жеке) шағымды, наразылықты қарау тәртібі

Белгіленген мерзімде немесе өтіп кеткен мерзім қалпына келтірілгеннен кейін берілген апелляциялық (жеке) шағым немесе наразылық апелляциялық сатыдағы сотқа іс басқа шағымдар бойынша қаралғаннан кейін түскен жағдайда, сот мұндай шағымды, наразылықты өзінің іс жүргізуіне қабылдауға міндетті.

Уақытты үнемдеу және жасалатын процесуалды әрекеттердің тиімділігі үшін шешімге бір мезгілде шағымдану дұрыс болар еді, бірақ шынайы өмірде бұл мүмкін емес. Іске қатысушы тұлғалар өздерінің шағымдарын беру мерзімі туралы бір–бірімен келісуге міндетті емес, ал апелляциялық шағым беру уақыты оларға апелляциялық шағымды заңмен белгіленген мерзімнің соңғы күнінде(соңғы сағатында) беруге мүмкіндік береді.

Іске қатысушы тұлғалар шағымды басқа қаладан(өңірден) пошта арқылы жібере алады; хабарлама көп кешігіп келуі мүмкін, оның сотқа істі апелляциялық сотпен қарап болғаннан кейін де түсу мүмкіндігі бар.

Бұл мәселелер АПК 433 бабымен реттелген. Осы баптың нормаларына сәйкес, белгіленген мерзімде немесе өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіргеннен кейін берілген апелляциялық шағым немесе наразылық басқа шағымдар бойынша іс қаралғаннан кейін апелляциялық сатыдағы сотқа түскен жағдайда, сот мұндай шағымды немесе наразылықты өзінің іс жүргізуіне қабылдауға міндетті. Апелляциялық сатыдағы сот өзінің бұрын шығарған актісінің күшін жояды және аталған шағымда немесе наразылықта оның күшін жоюдың негізі көзделсе, істі толық көлемінде қарайды.

Апелляциялық (жеке) шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша және негіздер болған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот бұрын

шығарылған сот актісінің күшін жояды және келіп түскен шағым, наразылық бойынша жаңа қаулы, ұйғарым қабылдайды.

Мұндай негіздер болмаған кезде апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымды, наразылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы, ұйғарым шығарады.

№14 тақырып «Кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән жайлар бойынша қайта қарау жөнінде іс жүргізу».

1. Кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу.

2. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән жайлар бойынша қайта қарау жөнінде іс жүргізу.

1. Кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу, сонымен қатар кассация (лат. *cassatio* — «өзгерту, жою») – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты соттардың заңды күшіне енген сот актілерін оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталған жағдайда, сондай-ақ мамандандырылған сот алқасының сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты кассациялық тәртіппен қайта қарауы мүмкін (АПК 54 тарауы).

Бұл сатының айырмашылығы басқа сатылардың ажыратылатын өзіне тиісті бірқатар ерекшеліктері бар:

– Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілерін оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасының сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты кассациялық тәртіппен қайта қарауы жатады (АПК 434 бабы 2 тармағында көрсетілген істерден басқа);

– ұсыным жасауға, нұсқау енгізуге құқық іске қатысы бар тұлғаларға және олардың заңды өкілдерінің мүдделері қатысы бар басқа да тұлғаларға беріледі. Заңды күшіне енген сот актілеріне өзінің қалауы бойынша және төмендегі көрсетілген тұлғалардың атынан Қазақстан Республикасының жоғары сотының төрағасы ұсыным енгізуге, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры наразылық келтіруге құқығы бар;

– істер Қазақстан Республикасы Жоғары сотында алқалы құрамда кемінде екі судьядан кем емес соттардан, 438-бабының алтыншы бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша істер кемінде жеті судьядан тұратын алқалы құрамда қаралады.

– кассациялық тәртіппен қаралатын істер наразылықтың, шағымның тұжырымдары бойынша анықталады;

– апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымдары, қаулылары заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оларға өтінішхат, наразылық беріледі;

– кассациялық сатыдағы соттың актісі қаулы түрінде шығарылады.

Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілерін оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталған жағдайда, сондай-

ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасының сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты кассациялық тәртіппен қайта қаралады.

АПК 434 бабы 2 бөлімі бойынша:

Мынадай:

1) оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған;
2) татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған;

3) талап қою сомасы екі мың айлық есептік көрсеткіштен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы отыз мың айлық есептік көрсеткіштен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүліктік мүдделеріне байланысты;

4) талап қоюдан бас тартуға байланысты аяқталған істер бойынша;

5) төлем қабілетсіздігін реттеу туралы, сондай-ақ оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі шеңберінде туындайтын даулар жөніндегі істер, оның ішінде борышкер жасасқан мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, борышкердің мүлкін қайтару туралы, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушының талап қоюлары бойынша дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайды.

3. Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, сондай-ақ осы 434 баптың екінші бөлігінде көрсетілген істер бойынша сот актілері Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін:

1) қабылданған қаулының орындалуы адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарларға әкеп соғуы мүмкін болатын жағдайларда;

2) қабылданған қаулы адамдардың әлдеқандай тобының құқықтары мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзатын жағдайларда;

3) қабылданған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндіруіндегі және қолдануындағы бірізділікті бұзатын жағдайларда заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға негіздер болып табылады.

Істерді талап етіп алдырудың және заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың себептері мен негіздері АПК 438 бабында көрсетілген. Сонымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры не оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар азаматтық істі кассациялық тәртіппен тексеру үшін тиісті соттан талап етіп алдыруы мүмкін.

Істерді талап етіп алдырудың негізі болып адамдардың өтінішхаттары, сол сияқты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының олардың құзыреті шегіндегі бастамасы істерді талап етіп алдыруға себеп болып табылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына берілетін сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына берілетін кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатта:

1) өтінішхат жіберіліп отырған соттың немесе лауазымды адамның атауы;

2) өтінішхат беретін адамның және мүддесі үшін өтінішхат беріліп отырған адамның аты–жөні, оның тұрғылықты жері немесе орналасқан жері және істегі процестік жағдай;

3) іске қатысатын адамдардың тұрғылықты жерлері немесе орналасқан жерлері көрсетіліп, оларды санамалау;

4) істі бірінші, апелляциялық сатыларда қараған соттарға нұсқау және олар қабылдаған шешімдердің мазмұны;

5) қайта қарауға, наразылық келтіруге жататын сот актісіне нұсқау;

6) материалдық және процестік құқық нормаларының бұзылуы неде екендігіне және өтінішхатты берген адамның өтініші неден тұратындығына нұсқау;

7) өтінішхат осы Кодекстің 438–бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер бойынша берілген жағдайда, өтінішхатта сот актілерін қайта қарау үшін негіздердің айрықшалығы неде екені көрсетілуге тиіс.

Егер өтінішхат іске қатыспаған адамның мүддесі үшін берілсе, онда дау айтылып отырған сот актісінде сол адамның қандай құқықтарының бұзылғаны көрсетілуге тиіс.

Егер өтінішхат бұрын кассациялық сатыдағы сотқа берілсе және қайтарылса, өтінішхатта оны қайтару себептері туралы көрсетілуге тиіс.

Өтінішхатты берген адам оған қол қоюға тиіс. Өтінішхатты электрондық құжат нысанында берген кезде, ол оны берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады. Электрондық құжат нысанында берілетін өтінішхатқа осы бапта көрсетілген құжаттардың көшірмелері электрондық нысанда қоса беріледі.

Сот актісіне дау айту туралы өтінішхатқа «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерде мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.

Заңсыз сот актісін шығаруға әкеп соққан, осы Кодекстің 427–бабында көзделген материалдық және процестік құқық нормаларының елеулі түрде бұзылуы, заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға негіздер болып табылады.

Себеп пен негіздер болған кезде Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры наразылық келтіреді және оны іспен және өтінішхатпен бірге Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жібереді.

Наразылықтың мазмұны АПК 440 бабында көрсетілген және төмендегідей болуы қажет:

Наразылықта:

- 1) наразылық келтірілетін соттың атауы;
- 2) наразылық келтірілетін сот актілеріне нұсқау;
- 3) сот актілері шығарылған істің мәні жазылуға;
- 4) заңсыз сот актісін шығаруға әкелген материалдық не процестік құқық нормаларының елеулі бұзылуы нені білдіретініне нұсқау;
- 5) наразылық келтірген лауазымды адамның ұсынысы немесе түйіндері болуға тиіс;
- 6) осы Кодекстің 438-бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер бойынша наразылық келтірілген жағдайларда, наразылықта сот актілерін қайта қарау үшін негіздердің айрықшалығы неде екені көрсетілуге тиіс;
- 7) наразылыққа осы Кодекстің 439-бабының екінші бөлігі талаптарының орындалғанын растайтын құжат қоса беріледі.

АПК 436 бабына сәйкес, апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымдары, қаулылары заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оларға өтінішхат, наразылық берілуі мүмкін.

Сот актілеріне апелляциялық тәртіппен шағым жасау мерзімі өтіп кеткен жағдайда, өтінішхат шағым жасау мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішті бірінші сатыдағы сот қарағаннан кейін, ал бас тартылған жағдайда – апелляциялық сатыдағы сот жеке шағымды, наразылықты, апелляциялық шағымды қарағаннан кейін кассациялық сатыдағы сотқа берілуі мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінің қағидалары осы Кодекстің 438-бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер бойынша сот актілерін қайта қарау жағдайларына қолданылмайды.

Егер кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхат прокурорға белгіленген мерзім сақтала отырып берілсе, бірақ ол бойынша шешім қабылданбаса, кассациялық сатыдағы сот наразылық келтіру мерзімін ұзартады. Наразылықта бұл туралы көрсетілуге тиіс.

АПК 442 бабы бойынша өтінішхатты немесе прокурордың наразылығынқайтару сол жіберген тұлғаға қайтарылады. Өтінішхатты немесе прокурордың наразылығын қайтаруға негіз болған кемшіліктер жойылған жағдайда, жалпы негіздер бойынша қайтадан берілуі мүмкін.

Сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты кассациялық саты судьясы зерделейді, ол он күн мерзімде мынадай:

- 1) осы Кодекстің 442-бабының бірінші бөлігінде көзделген, өтінішхатты қайтаруға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы;
- 2) сот ісін талап етіп алдыруға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы мәселелерді шешеді.

Өтінішхат келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде, ал іс талап етіп алдырылған жағдайда – іс келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қаралады.

Сот істі талап етіп алдыру туралы сұрау салуды ол сотқа келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей орындайды.

Прокурор істі талап етіп алдырған жағдайда, кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатты прокурор іс прокуратураға келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

АПК 448 бабы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры бір уақытта істі талап етіп алдырып, кассациялық тәртіппен тексеру үшін сот актісінің орындалуын үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Сот актісінің орындалуын тоқтата тұру қажеттілігі өткен соң тоқтата тұру туралы қаулының күші жойылады.

Сот актісінің орындалуын тоқтата тұру туралы немесе тоқтата тұрудың күшін жою туралы қаулы әділет органына және тараптарға жіберіледі (тапсырылады).

Өтінішхат берген тұлға, оның ішінде іс бойынша тарап ретінде өтінішхат берген прокурор одан бас тартуға немесе өтінішхатты кері қайтарып алуға құқылы, наразылық келтірген прокурор оны өтінішхат, наразылық қаралғанға дейін кассациялық сатыдағы сотқа арыз беру арқылы кері қайтарып алуға құқылы.

Өтінішхаттан бас тарту кассациялық сатыдағы сотта, оның ішінде алдын ала қарау сатысында да іс жүргізудің тоқтатылуына алып келеді. Өтінішхатты қайтадан беруге жол берілмейді, ал берілген жағдайда өтінішхат қайтарылады.

Кері қайтарылған жағдайда өтінішхат, наразылық осы Кодекстің 436–бабының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде қайтадан берілуі мүмкін (яғни апелляциялық сатыдағы сот қаулысы, заңды күшіне енген сот шешімі алты ай бойы).

Егер сот актілеріне өтінішхатты басқа тұлғалар берсе және ол бойынша кассациялық саты сотының сот отырысында қарау үшін өтінішхатты іспен бірге беру туралы шешім қабылданса, іс осы тарауда белгіленген тәртіппен мәні бойынша, оның ішінде осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген мән–жайлар анықталған кезде қаралуға жатады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынымына және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығына қолданылмайды және оларды кассациялық сатыдағы сот тікелей қарайды (алдын ала қаралусыз).

Судья өтінішхатты алдын ала қарау нәтижелері бойынша қаулы шығарады:

1) сот актілерін қайта қарау үшін негіздер болған кезде, кассациялық сатыдағы сот отырысында қарау үшін өтінішхатты іспен бірге беру туралы;

2) сот актілерін қайта қарау үшін негіздер болмаған кезде кассациялық сатыдағы сот отырысында қарау үшін өтінішхатты беруден бас тарту туралы;

3) осы өтінішхатты қайтару туралы қаулы шығарады.

Сот актілерін қайта қарау үшін негіздер болған кезде қаулы, өтінішхат және оған қоса берілген құжаттар іспен бірге алдын ала қаралған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей кассациялық сатыдағы сотқа беріледі.

Өтінішхатты алдын ала қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулының көшірмесі өтінішхатты берген адамға жіберіледі. Өтінішхат қайтарылған жағдайда, оған қоса берілген құжаттар қайтарылуға жатады.

Кассациялық сатыдағы сот судьяның қаулысымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуымен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығымен бірге істі алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тараптарға көрсетілген құжаттардың көшірмелерін, сот отырысының өткізілетін күнін, уақытын, орнын көрсете отырып не олардың электрондық көшірмелерімен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет–ресурсы арқылы танысу мүмкіндігі туралы хабарлай отырып істің кассациялық сатыдағы сотта қаралатыны туралы хабарламаны жібереді.

Кассациялық сатыдағы істер Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен алқалы құрамда үш судьядан кем емес, ал АПК 438 бабы 6 тармағы бойынша (қабылданған қаулының орындалуы адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарларға әкеп соғуы мүмкін болатын жағдайларда; қабылданған қаулы адамдардың әлдеқандай тобының құқықтары мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзатын жағдайларда; қабылданған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндіруіндегі және қолдануындағы бірізділікті бұзатын жағдайларда) жеті судьядан кем емес болған кезде қаралады.

Кассациялық сатыдағы сот прокурорға кассациялық сатыда қаралуға жататын барлық істер туралы уақтылы хабарлайды (АПК 450 бабы 4 тармағы).

Іс кассациялық сатыдағы сотқа берілген не ұсыну, наразылық келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Кассациялық сатыдағы соттың істі қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды.

Тараптардың татуласу келісімін, тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту кезінде кассациялық сатыдағы сот сот актілерінің күшін жояды және іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Істі кассациялық сатыдағы соттың қарау тәртібі

АПК 450 бабы 1 бөліміне сәйкес, процестік құжатты, соттың құрамын және іске қатысатын, сот отырысы залында отырған адамдарды жариялайды, олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

Істі қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген өтінішхат берген адамның, прокурордың болмауы сот отырысын жалғастыру мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Мәлімделген өтінішхаттар шешілгеннен кейін сот өтінішхат, наразылық берген адамды тыңдайды.

Кассациялық сатыдағы сот прокурорға кассациялық сатыда қаралуға жататын барлық істер туралы уақтылы хабарлайды.

Өтінішхат берген адам, прокурор өздерінің пікірі бойынша дау айтылатын сот актісі заңсыз болып табылатын уәждер мен дәлелдерді жазып береді. Төрағалық етуші содан кейін сот белгілейтін тәртіппен іске қатысатын басқа да тұлғаларға сөз береді. Олар сөз сөйлегеннен кейін прокурор, егер ол сот отырысына қатысып отырған болса, іс бойынша қорытынды береді.

Істі кассациялық тәртіппен қарау кезінде сот істегі материалдар бойынша өтінішхаттың, ұсынудың, наразылықтың дәлелдері шегінде соттар шығарған сот актілерінің заңдылығын тексереді (АПК 449 бабы 1 бөлімі).

Кассациялық сатыдағы сот заңдылық мүддесінде өтінішхаттың, ұсынудың немесе наразылықтың шегінен шығуға және шағым жасалған, наразылық келтірілген сот актісінің заңдылығын толық көлемде тексеруге құқылы (АПК 449 бабы 2 бөлімі).

Өтінішхатты, ұсынуды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша кассациялық сатыдағы сот қаулы шығарады.

Кассациялық сатыдағы сот кеңесу бөлмесінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымын, қаулысын – күшінде, ал өтінішхатты немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырады;

2) апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымының, қаулысының күшін жояды және бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын, шешімін күшінде қалдырады;

3) осы Кодекстің 427–бабы төртінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген бұзушылықтар анықталған жағдайда, апелляциялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі апелляциялық сатыдағы сотқа судьялардың басқа құрамымен жаңадан қарауға жібереді (іс сотпен іске қатысушы тұлғалардың біреуінің қатысуынсыз оларға хабарлаусыз қалған жағдайда қаралған);

4) осы Кодекстің 427–бабы төртінші бөлігінің 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, бірінші сатыдағы сот шешімінің, апелляциялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі бірінші немесе апелляциялық сатыдағы тиісті сотқа судьялардың басқа құрамында жаңадан қарауға жібереді (істі соттың заңсыз

құрамы немесе соттылық туралы қағидаларды бұзып қараған; сот істі сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған іске қатысатын адамдардың қайсыбіреуі болмағанда қараған; істі қарау кезінде сот ісін жүргізу тілі туралы қағида бұзылған; сот іске қатысуға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселені шешкен; судья шешімге қол қоймаған немесе істі қарап, шешкен судьядан басқа судья қол қойған кез келген жағдайда бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылуға жатады);

5) бірінші сатыдағы сот ұйғарымының, шешімінің, апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымы мен қаулысының күшін толық не бір бөлігінде жояды және істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жібереді не, егер іс апелляциялық сатыдағы сотта немесе мәні бойынша қаралмаған болса, бірінші сатыдағы сотқа жібереді;

6) бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімінің, қаулысының және ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жояды және татуласу келісімінің, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің бекітілуіне байланысты іс жүргізуді тоқтатады не осы Кодекстің 279–бабының 2), 3), 4), 5), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арызды қараусыз қалдырады (Сот ісін тоқтатудың негіздері); 2 бөлімі (талап қою арызын әрекетке қабілетсіз адам берсе); 3 бөлімі (талап қою арызына қол қоюға және оны беруге өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса немесе оны берсе), 4 бөлімі (осы немесе басқа бір соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол бір тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша бұрын қозғалған іс болса), 5 бөлімі (егер заңда өзгеше көзделмесе, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы келісім жасалса), 9 бөлімі (көрсетушіге арналған күші жойылған бағалы қағаздар және ордерлі бағалы қағаздар бойынша құқықтарды қалпына келтіру туралы істер жөніндегі арыз жарияланған күннен бастап үш ай мерзім аяқталғанға дейін берілсе).

7) бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың шағым жасаудың процестік мерзімдерін қалпына келтіру мәселелері жөніндегі ұйғарымдарының күшін жояды және апелляциялық шағымды қарау үшін істі апелляциялық сатыдағы сотқа жібереді;

8) бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімін, ұйғарымын, қаулысын өзгертеді немесе бірінші сатыдағы сот шешімінің, ұйғарымының, қаулысының немесе апелляциялық сатыдағы сот қаулысының, ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жоя отырып, егер істің мән–жайын бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сот толық және дұрыс анықтаған, бірақ материалдық құқық нормаларын қолдануда қателік жіберілген болса, істі жаңадан қарауға жібермей жаңа сот актісін шығарады;

9) кассациялық қаулы осы Кодекстің 438–бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер бойынша қайта қаралған жағдайда, (қабылданған қаулының орындалуы адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан

Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарларға әкеп соғуы мүмкін болатын жағдайларда; қабылданған қаулы адамдардың әлдеқандай тобының құқықтары мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзатын жағдайларда; қабылданған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндіруіндегі және қолдануындағы бірізділікті бұзатын жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға негіздер болып табылады) процестік шешімдердің бірін қабылдай отырып, оны өзгеріссіз қалдырады, оның күшін жояды не өзгертеді.

Сот актілерінің күші жойылған және іс жаңадан қарауға жіберілген кезде кассациялық сатыдағы сот белгілі бір дәлелдеменің анықтығы немесе анық еместігі туралы, бір дәлелдеменің басқалардың алдындағы басымдығы туралы, материалдық құқықтың қандай нормасы қолданылуға тиіс екендігі туралы, сондай-ақ істі жаңадан қарау кезінде қандай шешім шығарылуға тиіс екені туралы мәселелерді алдын ала шешуге құқылы емес.

Кассациялық сатыдағы сот сот актілерінде көрсетілмеген не ол жоққа шығармаған мән-жайларды белгілеуге немесе дәлелденген деп есептеуге құқылы емес.

Егер сот дұрыс шешім қабылдаған, бірақ осы Кодекстің 427-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, қаулыда уәждер, материалдық және процестік құқық нормалары көрсетіледі, оларға сәйкес сот актілері өзгеріссіз қалдырылады.

Қаулының қарар бөлігі кеңесу бөлмесінен шыққаннан кейін жарияланады.

Қаулы түпкілікті нысанда бес жұмыс күні ішінде дайындалуға тиіс.

Өтінішхатты, ұсынуды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша кассациялық сатыдағы сот қаулы шығарады.

2. Кассациялық сатыдағы сот кеңесу бөлмесінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымын, қаулысын – күшінде, ал өтінішхатты немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырады;

2) апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымының, қаулысының күшін жояды және бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын, шешімін күшінде қалдырады;

3) осы Кодекстің 427-бабы төртінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген бұзушылықтар анықталған жағдайда, апелляциялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі апелляциялық сатыдағы сотқа судьялардың басқа құрамымен жаңадан қарауға жібереді;

4) осы Кодекстің 427-бабы төртінші бөлігінің 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, бірінші сатыдағы сот шешімінің, апелляциялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі бірінші немесе апелляциялық сатыдағы тиісті сотқа судьялардың басқа құрамында жаңадан қарауға жібереді;

5) бірінші сатыдағы сот ұйғарымының, шешімінің, апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымы мен қаулысының күшін толық не бір бөлігінде жояды және істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жібереді не, егер іс апелляциялық сатыдағы сотта немесе мәні бойынша қаралмаған болса, бірінші сатыдағы сотқа жібереді;

6) бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімінің, қаулысының және ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жояды және татуласу келісімінің, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің бекітілуіне байланысты осы Кодекстің 277–бабында белгіленген негіздер бойынша іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады не осы Кодекстің 279–бабының 2), 3), 4), 5), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арызды қараусыз қалдырады;

7) бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың шағым жасаудың процестік мерзімдерін қалпына келтіру мәселелері жөніндегі ұйғарымдарының күшін жояды және апелляциялық шағымды қарау үшін істі апелляциялық сатыдағы сотқа жібереді;

8) бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімін, ұйғарымын, қаулысын өзгертеді немесе бірінші сатыдағы сот шешімінің, ұйғарымының, қаулысының немесе апелляциялық сатыдағы сот қаулысының, ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жоя отырып, егер істің мән–жайын бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сот толық және дұрыс анықтаған, бірақ материалдық құқық нормаларын қолдануда қателік жіберілген болса, істі жаңадан қарауға жібермей жаңа сот актісін шығарады;

9) кассациялық қаулы осы Кодекстің 438–бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер бойынша қайта қаралған жағдайда, осы баптың екінші бөлігінің 1) – 8) тармақшаларында көзделген процестік шешімдердің бірін қабылдай отырып, оны өзгеріссіз қалдырады, оның күшін жояды не өзгертеді.

Сот актілерінің күші жойылған және іс жаңадан қарауға жіберілген кезде кассациялық сатыдағы сот белгілі бір дәлелдеменің анықтығы немесе анық еместігі туралы, бір дәлелдеменің басқалардың алдындағы басымдығы туралы, материалдық құқықтың қандай нормасы қолданылуға тиіс екендігі туралы, сондай–ақ істі жаңадан қарау кезінде қандай шешім шығарылуға тиіс екені туралы мәселелерді алдын ала шешуге құқылы емес.

Кассациялық сатыдағы сот сот актілерінде көрсетілмеген не ол жоққа шығармаған мән–жайларды белгілеуге немесе дәлелденген деп есептеуге құқылы емес.

Егер сот дұрыс шешім қабылдаған, бірақ осы Кодекстің 427–бабының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, қаулыда уәждер, материалдық және процестік құқық нормалары көрсетіледі, оларға сәйкес сот актілері өзгеріссіз қалдырылады.

Қаулының қарар бөлігі кеңесу бөлмесінен шыққаннан кейін жарияланады.

Қаулы түпкілікті нысанда бес жұмыс күні ішінде дайындалуға тиіс.

Кассациялық сатыдағы соттың қаулысы АПК 426 баптағы апелляциялық сатыдағы сот қаулысы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Кассациялық сатыдағы соттың қаулысына іс бойынша шешім қабылдаған барлық судьялар қол қояды.

Кассациялық сатыдағы сот осы Кодекстің 235 және 237–баптарында көзделген жағдайларда және тәртіппен қате жазылған жазбалар мен анық арифметикалық қателерді түзету туралы мәселені қарауға, кассациялық сатыдағы сот бұрын шығарған қаулыны түсіндіруге құқылы, бұл туралы ұйғарым шығарылады, ал осы Кодекстің 236–бабында көзделген жағдайда және тәртіппен қосымша қаулы шығарылады.

Кассациялық сатыдағы сот қаулысы ол жарияланған күнінен бастап заңды күшіне енеді.

Кассациялық тәртіппен сот актілерінің күші жойылғаннан кейін іс жалпы тәртіппен қаралуға жатады.

Бұрын болған сот актілері апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен күші жойылғаннан кейін шығарылған жаңа сот актілеріне өтінішхат, ұсыну, наразылық олардың күшінің жойылу уәждеріне қарамастан, жалпы негіздерде берілуі, келтірілуі мүмкін.

2.Процесуалды заңнамамен жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау мүмкіндігі қарастырылған (заңды күшіне енген шешім, қаулы және ұйғарым) (АПК 55 т.).

Жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар – заңды фактілер, олар:

- біріншіден, бұрын қаралған істер шешімінің дұрыстылығын қараудың маңыздылығы;
- екіншіден, заңды күшіне енген сот шешімінен кейін орын алған немесе пайда болғаны белгілі болған жағдайда.

Іс бойынша нақты заңды фактілерді сипаттайтын аталған осы екі белгінің жиынтығы болған кезде ғана бұл фактілерді жаңадан ашылған немесе жаңа мән жайлар деп тануға болады.

Сот шешімдерін қайта қараудың бұл тәсілі тек соттың процесуалды әрекеттер кешенін орындауымен ғана емес, қайта қараудың негіздері бойынша да ерекшеленеді.

АПК 455 бабы 2 бөліміне сәйкес жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды қайта қарау негіздері болып табылады:

1. Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан ашылған мән–жайлар бойынша қайта қарау үшін:

2. заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған куәгердің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

3. заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған тараптардың, іске қатысатын басқа да адамдардың не олардың өкілдерінің қылмыстық құқық бұзушылығы немесе судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы;

осы шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің, ұйғарымының немесе қаулысының не өзге де мемлекеттік орган қаулысының күшін жою негіздер болып табылады.

АПК 455 бабы 3 бөліміне сәйкес:

Жаңа мән–жайларға:

1) істі қарау және шешу кезінде преюдициалдық маңызы болған сот актісінің күшін жою;

2) сот актісі шығарылғанда негізге алынған мәмілені жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі;

3) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің сот актісі шығарылған кезде қолданылған заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес деп тануы жатады.

Сөйтіп, АПК 456 бабының объектісі бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот қайта қарайды:

– бірінші сот сатыдағы сот шешімі;

– бірінші сатыдағы сот сатысында шығарылған қаулылардың немесе жаңа шешімнің қаулыларының өзгеруі апелляциялық және кассациялық сатыдағы қаулы, шешім және ұйғарымы.

Қайта қарау процедурасы АПК 457 бабында қарастырылған. Сонымен, шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды іске қатысқан тараптар, басқа да адамдар немесе прокурор шешім, ұйғарым немесе қаулы шығарған сотқа қайта қарау үшін негіз болған мән–жайлар белгіленген күннен бастап үш ай ішінде береді.

Арыз келіп түскен күннен бастап – он бес жұмыс күні ішінде, ал апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттарға іс тиісті сотқа келіп түскен күннен бастап көрсетілген мерзімде қаралуға тиіс.

Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән жайлар бойынша қайта қарау арыздың нысаны мен мазмұны АПК 458 бабында көрсетілген.

Арыз беретін тұлға немесе оның уәкілетті өкілі арызға қол қояды. Сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша қайта қарау туралы арызда:

1) арыз берілетін соттың атауы;

2) арыз беретін тұлғаның және іске қатысатын басқа да тұлғалардың атауы, олардың орналасқан жері немесе тұрғылықты жері;

3) арыз беруші жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша қайта қарау туралы өтініп отырған сот актісін қабылдаған соттың атауы, сот актісінің қабылданған күні, даудың нысанасы;

4) арыз беретін тұлғаның талаптары; осы Кодекстің 455–бабында көзделген және арыз берушінің пікірінше осы мән–жайдың ашылуын немесе белгіленуін растайтын құжаттарға сілтеме жасала отырып, жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша сот актісін қайта қарау туралы мәселені қоюға негіз болған жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар;

5) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс. Арызда іске қатысатын адамдардың телефон, факс нөмірлері, электрондық поштасының мекенжайы және өзге де мәліметтер де көрсетілуі мүмкін.

Арыз беретін тұлға іске қатысатын басқа да тұлғаларға оларда жоқ арыздың және қоса берілген құжаттардың көшірмелерін жіберуге міндетті.

Арызға:

1) жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайларды растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) арызданушы қайта қарау туралы өтініш жасаған сот актісінің көшірмесі;

3) іске қатысатын басқа да тұлғаларға оларда жоқ арыздың және құжаттардың көшірмелері жіберілгенін растайтын құжат;

4) сенімхат немесе тұлғаның арызға қол қою өкілеттігін растайтын өзге де құжат қоса берілуге тиіс.

Арыз беруге арналған мерзім есептеледі:

1) осы Кодекстің 455–бабы екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – сот үкімі, қаулысы, қылмыстық іс бойынша қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қаулылары заңды күшіне енген күннен бастап;

2) осы Кодекстің 455–бабы екінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – шешім шығаруға негіз болған, аталған актілердің күшін жойған соттың шешімі, үкімі, ұйғарымы, қаулысы немесе өзге де мемлекеттік органның қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап;

3) осы Кодекстің 455–бабы үшінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жағдайларда – преюдициалдық маңызы бар сот актісінің күшін жойған сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап;

4) осы Кодекстің 455–бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларда – мәмілені жарамсыз деп таныған сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап;

5) осы Кодекстің 455–бабы үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулысы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап есептеледі.

АПК 460–бабына сәйкес, арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау:

Арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды сақтай отырып берілген сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән–жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз тиісті соттың іс жүргізуіне қабылданады.

Арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені ол сотқа келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті соттың судьясы жеке-дара шешеді. Тиісті соттың судьясы арызды іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарады. Ұйғарымда арызды қарау жөніндегі сот отырысын өткізу күні мен орны көрсетіледі. Ұйғарымның көшірмелері іске қатысатын адамдарға жіберіледі.

АПК 461 бабына сәйкес тиісті соттың судьясы, егер сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешу кезінде:

1) арыздың осы Кодекстің 456 және 457-баптарында белгіленген қағидаларды бұза отырып берілгенін;

2) арыздың белгіленген мерзім өткеннен кейін берілгенін және оны қалпына келтіру туралы өтінішхаттың жоқ екенін немесе арыз берудің өткен мерзімін қалпына келтіруден бас тартылғанын;

3) арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптардың сақталмағанын анықтаса, арыз берген арыз берушіге оны қайтарады.

Арыз осы Кодексте көзделген басқа да негіздер бойынша қайтарылуы мүмкін.

Арызды қайтару туралы ұйғарым шығарылады. Ұйғарымның көшірмесі арызбен және оған қоса берілетін құжаттармен бірге ұйғарым шығарылған күннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей арыз берушіге жіберіледі.

Соттың арызды қайтару туралы ұйғарымына шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Сот жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны қайта қарау туралы арызды сот отырысында қарайды.

Арыз берушіге және іске қатысатын адамдарға арызды қарау уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмей қалуы арызды қарауға кедергі болмайды (АПК 462 бап).

АПК 463 бабы бойынша (Соттың істі қайта қарау туралы ұйғарымы) Сот шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды қарай келіп, арызды қанағаттандырады және шешімнің, ұйғарымның немесе қаулының күшін жояды не оны қайта қараудан бас тартады.

Бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актісінің күшін жою туралы ұйғарымдары шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық және кассациялық шағымдарға енгізілуі мүмкін.

Бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарымдарына шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

1. Шетелдік тұлғалар қатысатын азаматтық істер бойынша іс жүргізу.

2. Шет мемлекеттің юрисдикциялық иммунитеті және олардың меншіктілігі.

1. Шетел тұлғаларының, ұйымдарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасы азаматтық сот өндірісіндегі құқықтық жағдайы.

АПК 472 бабына сәйкес шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік ұйымдар мен халықаралық ұйымдар (бұдан әрі – шетелдік тұлғалар) өздерінің бұзылған немесе дау айтылып отырған құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының соттарына жүгінуге құқылы.

Сонымен, жалпы ереже бойынша шетелдік тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтарымен және ұйымдарымен бірдей іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және іс жүргізу міндеттерін орындайды.

АПК 472 бабы қазақстандық соттарға шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша сот ісін жүргізуде АПК–н ғана емес, өзге де заңдарды басшылыққа алынуына мүмкіндік береді. Кодекстің осы бабы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтары мен ұйымдарының іс жүргізу құқықтарына арнайы шектеулер қойылатын мемлекеттердің шетелдік тұлғаларына қатысты Қазақстан Республикасы соған сәйкес шектеулер белгілеуі мүмкін.

АПК 473 бабына сәйкес, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық іс жүргізуге әрекет қабілеттілігі олардың жеке заңы бойынша белгіленеді. Шетел азаматтың жеке заңы өзі азаматы болып табылатын мемлекеттік құқығы болып табылады. Егер азаматта шет мемлекеттің азаматтығымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтығы да болса, оның жеке заңы Қазақстан Республикасының заңы болып есептеледі. Мұндай адамда шет мемлекет азаматтығының болуын Қазақстан Республикасының соттары танымайды.

Азаматта бірнеше шет мемлекеттің азаматтығы болса, бұл адам неғұрлым тығыз байланыстағы мемлекеттің құқығы оның жеке заңы болып табылады.

Азаматтығы жоқ адамның тұрғылықты тұратын жері бар мемлекеттің заңы сол адамның жеке заңы, ал мұндай болмаған жағдайда – оның әдетте тұрып жатқан мемлекетінің заңы болып табылады.

Өзінің жеке заңы бойынша іс жүргізу әрекетіне қабілетті болып табылмайтын адам, егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес іс жүргізу қабілетіне ие болса, ол Қазақстан Республикасының аумағында іс жүргізу әрекетіне қабілеті бар деп танылуы мүмкін.

АПК 474 бабына сәйкес шетелдік ұйымның іс жүргізу құқығына қабілеттілігі ұйым соған сәйкес құрылған шет мемлекеттің заңы бойынша белгіленеді. Бұл заң бойынша іс жүргізу құқығына қабілеті жоқ шетелдік ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында құқық қабілеті бар деп танылуы мүмкін.

Халықаралық ұйымның іс жүргізу құқығына қабілеті ұйым соған сәйкес құрылған халықаралық шарт, оның құрылтай құжаттары немесе Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органымен келісім негізінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасының соттарының құзыреті.

Қазақстан Республикасы соттарының шетелдік тұлғалардың қатысуымен істер бойынша құзыреті АПК 466 бабымен белгіленеді. АПК 466 бабы 1 бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жауапкер–ұйым орналасқан болса немесе жауапкер–азаматтың тұрғылықты жері болса, шетелдік тұлғалар қатысатын істі Қазақстан Республикасының соттары қарайды.

Қазақстан Республикасының соттары, сондай-ақ шетелдік тұлғалар қатысатын істерді мына жағдайларда:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік тұлғаның басқару органы, филиалы немесе өкілдігі болғанда;
- 2) Қазақстан Республикасы аумағында мүлкі болғанда;
- 3) алиментті өндіріп алу туралы және әке екенін анықтау туралы іс бойынша талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болғанда;
- 4) мертігу, денсаулыққа өзге де зақым келтіру немесе асыраушысының қайтыс болуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы іс бойынша зиян Қазақстан Республикасы аумағында келтірілгенде немесе талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болғанда;
- 5) мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы іс бойынша зиянды өтеу туралы талап қоюға негіз болған іс–әрекет немесе өзге де мән–жайлар Қазақстан Республикасының аумағында орын алғанда;
- 6) талап қою, оның толық немесе ішінара орындалуы Қазақстан Республикасы аумағында орын алуға тиіс болған немесе орын алған шарттан туындағанда;
- 7) талап қою Қазақстан Республикасы аумағында орын алған негізсіз баюдан туындағанда;
- 8) неке бұзу туралы іс бойынша талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болғанда немесе ерлі–зайыптылардың ең болмағанда біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болғанда;

9) ар—ожданды, абыройды және іскерлік беделді қорғау туралы іс бойынша талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болған жағдайларда қарайды.

Қазақстан Республикасының соттары, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өз құзыретіне жатқызылса, басқа істерді де қарайды.

АПК 467 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы соттарының айрықша құзыретіне:

1) Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүлік құқығына байланысты істер;

2) тасымал шартынан туындайтын тасымалдаушыға талап қою жөніндегі істер, егер тасымалдаушылар Қазақстан Республикасында орналасқан болса;

3) егер ерлі—зайыптылардың екеуінің де Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болса, қазақстандық азаматтардың шетелдік азаматтарымен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некесін бұзу туралы істер;

4) осы Кодекстің 27–30–тарауларында көзделген ерекше талап қою істері жатады.

АПК 471 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдарымен Қазақстан Республикасы соттарының құзыретіне жатқызылған істердің соттылығы осы Кодекстің 3–тарауында белгіленген соттылық ережелері бойынша анықталады.

Шетелдік соттың құзыреті осы Кодекстің 31–бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тараптардың жазбаша келісіммен көзделуі мүмкін. Мұндай келісім болған жағдайда сот жауапкердің өтінішімен, егер мұндай өтініш істі мәні бойынша қарау басталғанға дейін мәлімделсе, арызды қарамай тастайды (АПК 468 б. «Шартты құзырет»).

АПК 469 бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құзыреттілік ережелерін сақтай отырып, Қазақстан Республикасының соты іс жүргізуге қабылданған іс ол кейіннен тараптардың азаматтығы, тұрғылықты жері өзгеруіне және құзыретке әсер ететін басқа да мән—жайларға байланысты басқа мемлекет сотының соттауына жатқызылса да, мәні бойынша шешіледі.

АПК 470 бабына сәйкес егер сол мәселе туралы және сол негіздер бойынша сол тараптар арасындағы дау жөнінде Қазақстан Республикасының сот шешімдерін өзара тану және сот шешімдерін орындауды көздейтін халықаралық шарты бар шет мемлекеттің соты бұрын шешім шығарып қойған болса, Қазақстан Республикасының соты арызды қарамай тастайды, ал іс бойынша іс жүргізуді қысқартады.

Егер шет мемлекеттің сотында сол тараптар арасындағы, сол мәселе туралы және сол негіздер бойынша шешімді Қазақстан Республикасында танылуға тиісті дау жөнінде бұрын қозғалған іс болса, Қазақстан Республикасының соты арызды қарамай тастайды, ал іс бойынша іс жүргізуді қысқартады.

Бұл ережелер Қазақстан Республикасы соттарының айрықша құзыретіне жатқызылатын жағдайларды қозғамайды.

Құқықтық көмек туралы тапсырмалары (АПК 476 бабы)

Қазақстан Республикасының соттары өздеріне Қазақстан Республикасының заңында немесе халықаралық шартында көзделген тәртіппен берілген жеке іс жүргізу іс-әрекеттерін жасау (хабарламалар мен басқа да құжаттар тапсыру, тараптардан, куәлардан түсініктемелер алу, жергілікті жерде сараптама және тексеріс жүргізу және т.б.) туралы шетелдік соттардың тапсырмаларын орындайды, бұған мына жағдайлар қосылмайды.:

1) тапсырманы орындау Қазақстан Республикасының егемендігіне нұқсан келтіретін немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретін;

2) тапсырмаларды орындау соттың құзыретіне кірмейтін жағдайларды;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, өздеріне заңда немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта не өзара негізде көзделген тәртіппен берілген жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы шетелдік соттардың тапсырмаларын орындайды.

Қазақстан Республикасының соттары жекелеген іс жүргізу іс-әрекеттерін орындау туралы шетелдік соттарға тапсырмалар мен өтініш жасауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы соттарының шетелдік соттарымен қарым-қатынас жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының ратификациялынған халықаралық шарттарында белгіленеді.

Шет мемлекеттердің органдары берген құжаттарды тану.

АПК 475 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарына немесе шетелдік тұлғаларға қатысты шет мемлекеттердің заңдары бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасалған, шет мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысанмен берген, жасаған немесе куәландырған құжаттарды Қазақстан Республикасының соттары, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, консулдық заңдастыру болған немесе апостиль қойылған жағдайда қабылдайды.

Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін тану және орындау

АПК 475 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарына немесе шетелдік тұлғаларға қатысты шет мемлекеттердің заңдары бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасалған, шет мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысанмен берген, жасаған немесе куәландырған құжаттарды Қазақстан Республикасының соттары, егер

Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, консулдық заңдастыру болған немесе апостиль қойылған жағдайда қабылдайды.

Шетел тілінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының соттарына ұсынылған кезде олардың тиісті түрде куәландырылған, сот ісін жүргізу тіліне аударылған аудармасымен бірге берілуге тиіс.

2. АПК 494 бабына сәйкес (Шет мемлекет қатысатын істер бойынша сот ісін жүргізу) егер АПК немесе басқа заңдарда өзгеше көзделмесе, шет мемлекет қатысатын істерді Қазақстан Республикасының соттары, заңды тұлғаларға, атап айтқанда шетелдік заңды тұлғаларға қатысты қолданылатын соттылық туралы ережені қоса алғанда, Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізу ережелері бойынша қарайды.

Бұл орайда мемлекеттің соттық иммунитетіне қарай жоғарыда аталған талаптарды қою және қанағаттандырудың заңдылығы туралы сұрақ туындайды. Шетелдік мемлекеттердің иммунитеті АПК 477 бабында бекітілген. Бұл нормаға сәйкес шет мемлекет Қазақстан Республикасында, АПК белгіленген жағдайларды қоспағанда, соттық иммунитетті, талап қоюды қамтамасыз етуден иммунитетті және сот актісін мәжбүрлеп орындатудан иммунитетті қоса алғанда, юрисдикциялық иммунитетті пайдаланады.

Соттық иммунитет – бір мемлекеттің басқа мемлекет сотының соттылығына жатпауы.

Талапты қамтамасыз етуден иммунитет – мемлекеттің келісімісіз оның мүлкіне қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдануға болмайды.

Иммунитеттің үш түрінің жиынтығы шетел мемлекетінің юрисдикциялық иммунитеті деп аталады.

Юрисдикциялық иммунитеттен басқа мемлекет мүлкінің жалпы иммунитеті – шетелдік мемлекеттің мүлкі

АПК шетел мемлекеттерінің шектеулі иммунитеті туралы белгіленген. АПК 478 бабы бойынша АПК ережелеріне сәйкес шет мемлекет, егер ол соттық иммунитеттен бас тартуға келіссе не осы Кодекстің 484–бабына сәйкес шет мемлекетке иммунитет қолданылмайтын болса, сондай–ақ, егер ол мемлекеттің егеменді билігін жүзеге асырғандағыдан өзге қызметті жүзеге асырса, оның ішінде осы Кодекстің 484–491–баптарында көрсетілген жағдайларда соттық иммунитетті пайдаланбайды.

Шетел мемлекетінің сот юрисдикциясына келісімі туралы АПК 480 бабы бекітілген. Егер шет мемлекет тиісті мәселеге немесе іске қатысты, атап айтқанда:

- 1) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында;
- 2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болып табылмайтын жазбаша келісімде;
- 3) Қазақстан Республикасының сотында мәлімдеме жасау немесе нақты іс қарау шеңберінде жазбаша хабардар ету арқылы Қазақстан Республикасы

сотының юрисдикцияны жүзеге асыруына тікелей келісім білдірсе, ол соттық иммунитеттен бас тартуға келіскен деп танылады.

Шет мемлекеттің соттық иммунитеттен бас тартуға келісуі оның талап қоюды қамтамасыз етуден иммунитет пен сот актісін мәжбүрлеп орындатудан иммунитеттен бас тартуға келісуі ретінде қарастырылмайды.

Шет мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдануға келісуі оның соттық иммунитеттен бас тартуға келісуі ретінде қарастырылмайды.

Шетел мемлекетінің сот ісіне қатысуы АПК 481 бабында қарастырылған.

Егер шет мемлекет Қазақстан Республикасының сотында өзінің бастамасымен қозғалған талқылау тарапы болып табылса немесе Қазақстан Республикасының сотында істің мәнін талқылауға кіріссе немесе істің мәні бойынша қандай да бір өзге әрекетті қолданса, осы мемлекет соттық иммунитеттен бас тартуға келісті деп танылады. Алайда, егер мемлекет ол осындай әрекетті қолданғанға дейін иммунитет туралы мәлімдеуге негіз болатын фактілердің өзіне белгілі болмағанын сотта дәлелдесе, ол осы фактілер өзіне белгілі болғаннан кейін дереу солардың негізінде иммунитетке сүйене алады.

Егер шет мемлекет Қазақстан Республикасының сотында талқылауға қатысса немесе иммунитетке сүйену немесе талқылау нысанасы болып табылатын мүлікке қатысты өз құқығына дәлелдемелер келтіру мақсатында қандай да бір басқа әрекетті қолданса, ол оның соттық иммунитеттен бас тартуы ретінде қарастырылмайды.

Шет мемлекет өкілінің Қазақстан Республикасының сотына куә айғақтарын беру үшін келуі осы мемлекеттің соттық иммунитеттен бас тартуға келісуі ретінде қарастырылмайды.

Егер шет мемлекет Қазақстан Республикасының сотында талқылауға қатыспаса, бұл мән-жай өзінен-өзі оның соттық иммунитеттен бас тартуға келісуі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

Сонымен бірге АПК шетел мемлекетінің қарсы талапқа немесе төрелік іс қарауға қатысты иммунитеттен бас тарту мүмкіндігі бекітілген.

Мәселен, АПК 479 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының сотына талап қойған шет мемлекет осы мемлекеттің алғашқы талап қоюындағы сияқты сол құқықтыққатынастарға немесе фактілерге негізделген кез келген қарсы талапқа қатысты соттық иммунитеттен бас тартуға келіскен деп танылады.

Қазақстан Республикасының сотына қарсы талап қойған шет мемлекет алғашқы талап қоюына қатысты соттық иммунитеттен бас тартуға келіскен деп танылады.

Егер шет мемлекет туындаған немесе болашақта туындауы мүмкін дауларды өзінің қатысуымен төрелікте қарауға жазбаша нысанда келісім білдірсе, Қазақстан Республикасы сотының төрелікке қатысты функцияларды жүзеге асыруына қатысты мәселелер бойынша оның осы дауларға

байланысты соттық иммунитеттен бас тартуға ерікті түрде келіскені деп танылады (АПК 482 бабы).

АПК 483 бабына сәйкес шет мемлекеттің соттық имунитеттен, талап қоюды қамтамасыз етуден иммунитет пен сот актісін мәжбүрлеп орындатудан иммунитеттен бас тартуға келісуі, осындай келісуді кері қайтарып алуға жол беру дауға қатысушы басқа тараппен келісімде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, кері қайтарылып алынбайды.

Шет мемлекеттің соттық иммунитеттен бас тартуға келісуі сотта іс қараудың барлық сатыларында қолданылады. Имунитетті қолданбау

АПК 484 бабында егер шет мемлекет Қазақстан Республикасында соттық иммунитетті, сол сияқты талап қоюды қамтамасыз етуге және сот актісін мәжбүрлеп орындатуға қарсы иммунитетті, осындай шет мемлекет Қазақстан Республикасы мен оның меншігінің юрисдикциялық иммунитетін бұзған жағдайда пайдаланбайды.

Және шет мемлекет Қазақстан Республикасы соттық иммунитетті қолданбайды:

- шет мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы кезінде туындаған даулар бойынша(АПК 485 б. 1.б);

- шет мемлекет жасаған немесе мемлекеттің егеменді билігін жүзеге асырған кездегіден өзге түрде онымен байланысты болатын кәсіпкерлік қызметтен тыс азаматтық–құқықтық мәмілелерден туындаған даулар бойынша; Шет мемлекет жасаған немесе ол байланысты болатын мәміле оның егеменді билігін жүзеге асыруымен байланысты қызмет болып табыла ма деген мәселені шешу кезінде Қазақстан Республикасының соты осындай мәміленің сипаты мен мақсатын назарға алады. (АПК 485 б. 2,3 б.);

- шет мемлекет Қазақстан Республикасының аумағында құрылған немесе негізгі қызмет орны бар коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғаларға өзінің қатысуына қатысты даулар бойынша(АПК 486 б.);

- Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікке өзінің құқықтарына, сондай-ақ осындай мүлікке байланысты өзінің міндеттемелеріне;

- жылжымайтын мүлікке осы мемлекеттің егемен билігін жүзеге асыруына байланысты емес негіздер бойынша туындайтын өзінің құқықтарына қатысты даулар бойынша соттық иммунитетті Қазақстан Республикасында пайдаланбайды (АПК 487 б.);

- шет мемлекет, егер талап Қазақстан Республикасының аумағында толық немесе ішінара орын алған іс–әрекетпен (әрекетсіздікпен) немесе мән–жайлармен мүлікке залал келтіруден туындаса, осы мемлекеттің өмірге және (немесе) денсаулыққа келтірілген зиянды және мүлікке келтірілген залалды өтеуі туралы даулар бойынша(АПК 488 б.);

- шет мемлекет зияткерлік меншік объектілеріне өзінің құқықтарын белгілеуге және жүзеге асыруға қатысты даулар бойынша (АПК 489б.);

- шет мемлекет зияткерлік меншік объектілеріне басқа адамдардың құқықтарын осы мемлекеттің ықтимал бұзуына қатысты даулар бойынша (АПК 489 б.);

- шет мемлекет Қазақстан Республикасының аумағында толық немесе ішінара орындалған немесе орындалуға тиіс жұмысқа қатысты осы мемлекет пен қызметкердің арасында туындаған еңбек даулары бойынша (АПК 490 б.).

Бұл ереже мына жағдайларда қолданылмайды;

1) қызметкердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болған жағдайды қоспағанда, іс қарау қозғалған кезде қызметкер оны жұмысқа қабылдаған мемлекеттің азаматы болып табылатын;

2) қызметкер мемлекеттің егеменді билігін жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындау үшін жалданған;

3) еңбек шартын жасасу немесе қайта жаңарту дау нысанасы болып табылатын жағдайларда қолданылмайды.

Шет мемлекеттің соттық иммунитетті пайдаланатыны немесе пайдаланбайтыны туралы мәселені Қазақстан Республикасының соты тараптарды шақыра отырып, сот отырысында шешеді (АПК 495 б.).

АПК 496 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының соты талап қоюды қамтамасыз ету және шет мемлекетке қатысты шығарылған сот актісін мәжбүрлеп орындату туралы мәселелерді шет мемлекетте тиісінше талап қоюды қамтамасыз етуден иммунитеттің және сот актісін мәжбүрлеп орындатудан иммунитеттің болуына немесе болмауына қарай шешеді.

АПК 492 бабы бойынша шет мемлекеттің талап қоюды қамтамасыз етуден иммунитетті және сот актісін мәжбүрлеп орындатудан иммунитетті пайдаланбайтын жағдайлары көрсетілген:

1) шет мемлекет АПК 480–бабының бірінші бөлігінде көзделген тәсілдердің бірі арқылы осы бапта көрсетілген юрисдикциялық иммунитеттің түрлерінен бас тартуға тікелей келісім білдірген;

2) шет мемлекет Қазақстан Республикасының сотында іс қараудың нысанасы болып табылатын талапты қанағаттандырған жағдайда мүлікті резервке қойған немесе өзгедей түрде белгілеген;

3) шет мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлкі мемлекеттің егеменді билігін жүзеге асырудан өзге мақсаттарда пайдаланылатын және (немесе) пайдалануға арналған жағдайларды қоспағанда, талап қоюды қамтамасыз етуден иммунитетті және сот актісін мәжбүрлеп орындатудан иммунитетті пайдаланады.

Мемлекеттің егеменді билігін жүзеге асырудан өзге мақсаттарда шет мемлекет пайдаланатын және (немесе) пайдалануына арналған мүлік ретінде, атап айтқанда, шет мемлекеттің мынадай мүлкі қарастырылмайды:

1) шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерінің немесе оның консулдық мекемелерінің, арнайы миссиялардың, халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктердің, халықаралық ұйымдар органдарындағы не халықаралық конференциялардағы шет мемлекет делегацияларының

функцияларын жүзеге асыруы үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуға арналған мүлік (оның ішінде банк шотындағы ақша);

2) әскери мүлік және (немесе) Қазақстан Республикасы таныған бітімгершілік операцияларда пайдаланылатын мүлік;

3) сатуға қойылмаған не сатуға арналмаған мәдени құндылықтар немесе мұрағаттық құжаттар.

Шұғыл шаралар қабылдау сот актісін орындауды қиындатуы мүмкін немесе атап айтқанда, сот актісін орындауға жол бермеу мақсатында мүлікті жою, бүлдіру, орнын ауыстыру ықтималдығының едәуір дәрежесіне немесе өзгедей иелік етуге байланысты мүмкін етпейтін жағдайларда, Қазақстан Республикасының соты шет мемлекет тиісті иммунитетті пайдаланады деп пайымдауға өзінде жеткілікті негіздер болмаған кезде, тараптың өтініші бойынша талап қоюды қамтамасыз ету туралы және сот актісін мәжбүрлеп орындату туралы шешім қабылдауға құқылы. Мұндай шешім қабылдау шет мемлекетті тиісті иммунитеттің болуына сүйене отырып, оған дау айту құқығынан айырмайды. Шет мемлекеттерге қатысты шығарылған сот актілерін мәжбүрлеп орындату Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасының негізінде жүзеге асырылады.

АПК 497 бабына сәйкес (Өзара түсіністік принципін қолдану) шет мемлекетке қойылған талапты Қазақстан Республикасының сотында қарау кезінде сот талап қоюшының немесе іске қатысушы басқа тұлғаның өтініші бойынша өзара түсіністік принципін қолданады.

Кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтен тыс азаматтық-құқықтық мәмілелерден туындаған даулар бойынша тиісті шет мемлекетте Қазақстан Республикасына берілетін юрисдикциялық иммунитеттің көлемін дәлелдеу өзара түсіністік принципін қолдану туралы өтініш білдірген тұлғаға жүктелуі мүмкін. Егер өзіне қатысты юрисдикциялық иммунитет туралы мәселе туындаған шет мемлекетте АПК-не орай шет мемлекетке берілетінге қарағанда Қазақстан Республикасына юрисдикциялық иммунитет неғұрлым шектелген көлемде берілетіні дәлелденсе, онда Қазақстан Республикасының соты көрсетілген мәселені шешу кезінде өзара түсіністік негізінде Қазақстан Республикасының тиісті шет мемлекетте юрисдикциялық иммунитетті қандай көлемде пайдаланатынын негізге алуға құқылы.

Шет мемлекетке оған қатысты Қазақстан Республикасының сотында іс қозғалғаны туралы хабарламаны және өзге де сот құжаттарын жіберу дипломатиялық арналар арқылы жүзеге асырылады. Тиісті мемлекеттің сыртқы істерін жүргізетін атқарушы билік органының осы құжаттарды алған күні олардың табыс етілген күні болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы соттарының шет мемлекетке құжаттарды табыс ету туралы және Қазақстан Республикасының сотында оған қатысты қозғалған іске байланысты өзге де процестік әрекеттерді жасау туралы тапсырмалары құқықтық көмек көрсетуді регламенттейтін заңнамада және

(немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен ресімделеді (АПК 499 б.)

АПК 450 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының сотында іс қарауға қатыспаған шет мемлекетке қатысты шешім, егер сот:

- 1) АПК 499–бабының талаптары сақталғанын;
- 2) шет мемлекетке оған қатысты іс қозғалғаны туралы құжаттарды тапсыру туралы тапсырма жіберілген күннен бастап кемінде алты ай өткенін;
- 3) осы Кодекстің ережелеріне сәйкес мемлекет соттық иммунитетті пайдаланбайтынын анықтаған жағдайда шығарылуы мүмкін.

1. Атқарушылық өндірістің маңызы, міндеттері мен қағидалары.

2. Атқарушылық өндірістің жалпы жағдайлары және қатысушылары.

1. Кез келген азаматтық істерді қараудағы басты мақсат заңды және әділетті шешім шығару.

Шешім заңды күшіне енгеннен кейін сол көлемде немесе сол тұлғаларға қатысты шығарылған сот шешімі дауласуға жатпайтын, оған қатысты шешім шығарылған, сонымен қатар атқарушы органдармен оларды орындауда мәжбүрлі әрекеттерін және басқа да атқарушылық құжатты жүзеге асыратын өзіндік жалпы міндеттілігін алады.

Сот шешімін, ұйғарымын, қаулысын орындау азаматтық сот ісін жүргізудің міндетті және қорытынды кезеңі болып табылады. Аталған кезең азаматтық істерді қарау және шешу, соның нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және азаматтардың субъективтік құқықтарын жүзеге асыру болып табылады.

Атқарушылық өндіріс туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді және «атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасы Заңынан (әрі қарай Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер халықаралық келісімде Заңдағы ережелерден басқа ережелер белгіленсе, халықаралық келісім ережелері қолданылады (Заңның 4 бабы).

Сот шешімдерінің орындалуы туралы бір қатар сұрақтары АПК «Сот шешімі және оны орындау тәртібі» 19 тарауы, «Аралық сот шешімін орындау» 20 тараулары нормаларымен реттеледі.

Аталған заңның 1 бабы 1 тармағына сәйкес, атқарушылық іс жүргізу – борышкерден атқарушылық санкциясын атқарушылық іс жүргізу бойынша өсімпұлдарды, шығыстарды, жеке сот орындаушысының қызмет ақысын өндіріп ала отырып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шаралар.

Атқарушылық іс жүргізудің міндеттері осы заңға сәйкес азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдардың, нұсқамалар мен қаулылардың, мүлктік өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сондай-ақ өзге де органдар қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті түрде және уақтылы қолдану болып табылады (Заңның 2 бабы).

Заңның 3 бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізу төмендегі принциптермен жүзеге асырылады:

1) заңдылық;

2) атқарушылық іс–әрекеттерді жүргізу мен мәжбүрлеп орындату шараларын қолданудың уақтылы және айқын болуы;

3) адамның ар–намысы мен қадір–қасиетін құрметтеу;

4) борышкер мен оның отбасы мүшелерінің өмір сүруіне қажетті мүліктің ең аз мөлшеріне қол сұғылмаушылық;

5) өндіріп алушы талаптарының көлемі мен мәжбүрлеп орындату шаралары арақатынасының салыстырмалылығы;

6) өндіріп алынған сомалар кезектің барлық талаптарын толық қанағаттандыруға жеткіліксіз болған кезде оларды бір кезектегі өндіріп алушылар арасында бөлудің барабарлығы;

7) атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындату жөніндегі шығыстарды борышкердің есебінен өтеу;

8) сот орындаушысының іс жүргізу әрекеттері мен қаулыларына сотқа шағымдануға еркіндік принциптері бойынша жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізудің басқа кезеңдерден тек қана өндірістегі азаматтық істердің қозғалуымен емес, қылмыстық істер бойынша мүлікті өндіру туралы үкімді орындау, қаулыны, ұйғарымды орындау, нотариустың атқарушылық жазбасын, заңда көзделген тәртіппен аралық соттардың шешімін орындау, шет мемлекеттердің халықаралық шешімін, сонымен қатар коммерциялық төрелік соттардың шешімін орындаумен ерекшеленеді.

АПК 245 бабына сәйкес, атқарушылық іс әрекет тек қана сот шығарған шешіммен жасалу емес, кей жағдайларда талапты қамтамасыз ету бойынша шешімдер қабылдайды.

Атқарушылық іс жүргізу мен онымен байланысты құжаттарды жүргізу тілі орындауға жататын сот шешімі немесе өзге де құжаттар тілін ескере отырып белгіленеді (Заңның 8 бабы).

2. Атқарушылық іс жүргізу қатысушыларының құрамы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» Қазақстан Республикасы Заңының (әрі қарай Заң) 3 тарауында бекітілген.

Атқарушылық іс жүргізудің қатысушылары болып танылады:

1) атқарушылық іс жүргізудің тараптары (өндіріп алушы мен борышкер);

2) сот приставы;

3) сот орындаушысы;

4) атқарушылық құжатта қамтылған талаптарды орындауға жәрдемдесетін өзге де адамдар (оның ішінде ішкі істер органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері, сот приставы, жеке сот орындаушысының көмекшісі, аудармашы, куәгерлер, маман, сот орындаушысы тыйым салынған мүлікті күзетуге немесе сақтауға берген адам) атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар болып танылады (Заңның 14 бабы).

Сот орындаушысы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқарушылық құжат өзіне келіп түскеннен кейін үш жұмыс күнінен

кешіктірмей, атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл туралы қаулы шығарады:

1) өндіріп алушының арызы бойынша;

2) Атқарушылық құжатты өзіне сот, басқа орган (лауазымды адам) жіберген жағдайда мемлекеттік сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді өндіріп алушының өтінішінсіз (Заңның 37 бабы).

Аталан заңның 11 бабы 1–1 тармағына сәйкес, атқарушылық құжаттар заңды күшіне енгеннен кейін бес жұмыс күнінен соң мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін.

Атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығарылады.

Сот орындаушысы атқарушылық құжаттарды орындауға шараларды қамтамасыз етеді.

Атқарушылық өндіріс қозғалғаннан кейін жауапкер тұлғалардың міндеттері сот орындаушылармен міндетті түрде хабарландыру арқылы жариялануы тиіс.

Заңның 38 бабы бойынша атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан батартудың негіздері көрсетілген. Сот орындаушысы атқару құжаты келіп түскен күннен бастап үш күннің ішінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарады, егер:

1) атқарушылық іс жүргізу өндіріп алушының арызынсыз қозғалатын жағдайдан басқа, атқару құжатымен бірге өндіріп алушының арызы берілмесе немесе арызға өндіріп алушы не оның өкілі қол қоймаған болса;

2) атқару құжаты атқару әрекеттерін жасау орнына берілмесе;

3) атқару құжатын орындауға беру мерзімі өтіп кеткен және сотпен қайта қалпына келтірілмеген болса;

4) құжат атқарушылық болмаса немесе атқарушылық құжаттарға қойылатын талаптарға сай келмесе;

5) Атқару құжаты бұрын орындауға берілген болса және ол бойынша атқарушылық іс жүргізу Заңның 47 бабы 1 тармағында (өндіріп алушы өндіріп алудан бас тартты) қарастырылған негіздер бойынша тоқтатылған болса;

6) дереу орындауға жататын атқару құжаттарынан басқа, атқару құжаты болып табылатын немесе атқару құжатын беруге негіз болған сот актісі, органның (лауазымды тұлғаның) актісі заңды күшіне енбеген болса;

7) өндіріп алушы атқару әрекеттерін жасау үшін қажетті соманы жеке сот орындаушысының есебіне аудармаса.

Атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы сот орындаушысының қаулысы түскен құжаттармен тіркеліп аталған қаулыны шығарған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей өндіріп алушыға, сондай-ақ сотқа немесе атқару құжатын берген органға (лауазымды тұлғаға) жіберіледі.

Жеке сот орындаушысы құжатты өндіріп алушыға қайтарады. Қайтару туралы қаулыда атқару құжатын қайтарып беру негіздері көрсетілуі керек.

Заңның 38 б. 1) –4), 6) және 7) тармағында қарастырылған мән–жайларды жою Заңмен белгіленген тәртіппен атқару құжатын сот орындаушысына қайталап жіберуге кедергі болмайды.

Заңның 52 бабына сәйкес сот орындаушысы атқарушылық әрекеттерді борышкердің мекен – жайы не жұмыс орны бойынша не болмаса оның мүлкінің орналасқан жері бойынша жүргізеді. Егер борышкер заңды тұлға болса, атқару әрекеттері органның орналасу жері бойынша жүргізіледі.

Борышкерді белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін атқару құжаттарын орындау сот орындаушысымен сол әрекеттерді жасау орны бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік сот орындаушысының уәкілеттігі таралмайтын аумақта белгілі бір атқарушылық әрекеттерді жасау және (немесе) мәжбүрлеп орындаудың белгілі бір шараларын қолдану қажет болған кезде, ол атқарушылық әрекеттерді орындауды және мәжбүрлеп орындау шараларын қолдануды тиісті мемлекеттік сот орындаушысына тапсыруға құқылы. Тапсыру Заңның 10 бабына сәйкес мемлекеттік сот орындаушысының қаулысымен рәсімделеді және аумақтық бөлімнің басшысымен бекітіледі.

Егер атқарушылық құжатты орындау барысында борышкердің мүлкі сот орындаушысының уәкілеттігі таралмайтын жерде орналасқандығы анықталса:

1) мемлекеттік сот орындаушысы дереу бұл туралы қаулы шығарады да, оның шығарылу күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқару құжаты мен атқарушылық іс жүргізудің барлық материалдарының көшірмесін борышкердің жаңа мекен – жайы немесе жаңа жұмыс орны бойынша, заңды тұлға – борышкердің жаңа орналасу жері немесе борышкер мүлкінің жаңа орналасу жері бойынша мемлекеттік сот орындаушысына жіберіледі, бұл туралы өндіріп алушыға хабарлайды. Атқару құжатының көшірмелері атқарушылық іс жүргізуде қалады.

2) жеке сот орындаушысы өндіріп алушыға атқару құжатын қайтарады, бұл туралы тиісті қаулы шығарады.

Заңның 53 бабына сәйкес атқарушылық әрекеттер жұмыс күндері – сағат алтыдан жиырма екіге дейін жасалады. Атқарушылық әрекеттердің орындалуының нақты уақыты сот орындаушысымен осы уақыт шегінде белгіленеді. Атқарушылық іс жүргізу тараптары атқарушылық әрекеттерді орындау үшін өздеріне ыңғайлы уақытты ұсына алады.

Атқару әрекеттерін кейінге қалдыруға болмайтын немесе борышкердің кінәсінен басқа күндері және Заңмен белгіленген уақытта жасау мүмкін болмаған жағдайларда ғана атқарушылық әрекеттер демалыс және мереке күндері, сондай–ақ түнгі мезгілде жасалуына жол беріледі.

Мерзімдік төлемдер өндіріп алу туралы атқару құжаттарынан басқа атқару құжаттары бойынша сот орындаушының орындауы атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей аяқталуы керек.

Мерзімді төлемдер өндіріп алу туралы шешімдер (алимент өндіріп алу, мертіктірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен келтірілген зиянды өтеу туралы және басқа істер бойынша) атқару құжаттары төлем жасауға берілген барлық уақытта күшін сақтайды. Мұндай жағдайда мерзім әрбір төлем үшін жеке есептеледі.

Соттың дереу орындауға тиісті шешімі бойынша атқару парағы жазылып, шешім шығарылғаннан кейін дереу орындауға жіберіледі. Заңмен қарастырылмаған өзге мерзімдер өндіріп алушы мен жеке сот орындаушысының арасында жазбаша нысанда келісілуі мүмкін.

Шешімге қаулы қабылдаған немесе іс бойынша бұйрық шығарған сот, сондай-ақ сот қаулысын орындау орны бойынша сот сот орындаушысының өтініші бойынша немесе атқару ісін жүргізудегі тараптардың арызы бойынша орындау іс әрекетін жүргізуді қиындататын немесе мүмкін емес ететін мән-жайлар болған кезде сот қаулысының орындалуын кейінге қалдыруы немесе мерзімін ұзартуы, оны орындау әдісі мен тәртібін өзгертуі, сондай-ақ алып берілген ақша сомасын индекстеуді бекітуі мүмкін.

Атқарушылық іс жүргізуді кейінге қалдыру Заңның 41 бабымен реттеледі. Атқару әрекеттерін жасауға кедергі болатын мән-жайлар болған кезде сот орындаушысы борышкерің өндіріп алушымен келісілген арызы бойынша немесе өндіріп алушының арызы бойынша олардың орындалуын он күнге дейін мерзімге кейінге қалдырады, бұл туралы мемлекеттік сот орындаушылары үшін аумақтық бөлім басшысымен бекітілетін тиісті қаулы шығарылады.

Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұрудың екі түрі бар: міндетті және факультативті. Заңның 42 бабы бойынша (сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру міндеті) атқарушылық іс жүргізу тоқтата тұруға жататын жағдайлары көрсетіледі.

Заңның 43 бабында (Сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру құқығы) атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру жағдайлары қарастырылған.

Атқарушылық іс жүргізу оның тоқтатылуына себеп болған мән-жайлар жойылғаннан кейін өндіріп алушының немесе сот орындаушысының арызы бойынша қайта жаңғыртылады (Заңның 46 бабы).

Заңның 47 бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізу тоқтатылады, егер:

1) өндіріп алушы өндіріп алудан бас тартса;

2) өндіріп алушы мен борышкер бейбітшілік келісім жсап, ол сотпен бекітілсе;

3) өндіріп алушы не борышкер болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін шешіммен белгіленген талаптар мен міндеттер қайтыс болған тұлғаның құқық мираскеріне көшпесе;

4) борышкерді белгілі бір әрекеттерді жасауға міндеттейтін атқару құжатының орындалу мүмкіндігі жоғалса;

5) атқару құжатын беруге негіз болған тиісті органның шешімі күшін жойса;

6) атқару құжатының өндіріп алу немесе басқа талабы толық көлемде орындалса;

7) өндіріп алушы атқарушылық іс жүргізу кезінде борышкерден алынған заттарды алудан бас тартса;

8) Қазақстан Республикасы АПК 312-бабында көзделген негіздер бойынша соттың қайта құрылымдауды тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енсе.

Атқару құжатын немесе оның көшірмесін тиісті белгімен мемлекеттік сот орындаушысы сотқа не құжатты берген басқа органға, ал жеке сот орындаушысы өндіріп алушыға жібереді.

Сонымен бір мезгілде орындауды қамтамасыз ету шаралары да тоқтатылады.

Заңның 48 бабына сәйкес (Өндіріп алушыға атқару құжатын қайтару) өндіріп алу жүргізілмеген не толық емес көлемде жүргізілген атқару құжаты сот орындаушысының қаулысы бойынша келесі жағдайларда өндіріп алушыға қайтарылады:

1) өндіріп алушының арызы бойынша;

2) егер борышкердің өндіріп алуға болатын мүлкі, соның ішінде ақшасы, құнды қағаздары не басқа табыстары болмаса, және оның мүлкі мен басқа табыстарын анықтау бойынша сот орындаушысының заңмен қарастырылған барлық шаралары нәтиже бермесе;

3) егер мүлктік емес сипаттағы атқару құжатын орындау бойынша заңмен қарастырылған барлық шаралар нәтиже бермесе;

4) егер өндіріп алушы атқару құжатын орындау кезінде сатылмаған борышкердің мүлкін өзіне алудан бас тартса;

5) егер сот борышкерге қатысты іздестіру жарияласа;

6) егер өндіріп алушы жеке сот орындаушысының есебіне орындау бойынша шығындарды жабуға қажет соманы аудармаса;

7) егер атқару құжатын орындау кезінде борышкер, борышкердің мүлкі жеке сот орындаушысының уәкілеттігі таралмайтын аумақта орналасқандығы анықталса;

8) жеке сот орындаушысын алып тастау үшін Заңның 54 бабы 1 тармағында көрсетілген негіздер болса.

Атқарушылық іс жүргізу мына жағдайларда аяқталған болып есептеледі:

1) Заңның 48 бабында көрсетілген негіздер бойынша атқару құжаты қайтарылған жағдайда;

2) Заңның 47 бабында көрсетілген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайда;

3) соттың немесе құжатты берген өзге органның талабы бойынша атқару құжаты орындаусыз қайтарылған жағдайда (Заңның 49 бабы).

Қолданылған қайнар көздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 24.08.2009ж. № 858 Жарлығы (16.01.2014ж. өзгертулер мен толықтырулар).
2. Қазақстан Республикасының «Азаматтық процестік кодексі» 31.10.2015 жылғы № 377 (01.01. 2016 жылдан бастап енгізілді).
3. Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы. 06.01.2016 г.
4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Т.1. Общая часть (Темы 1–15). Учебник.– Алматы: КазГЮА, 2001. – 496 с.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995ж. (02.02.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
6. Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 25.12.2000ж. №132–II Конституциялық заңы (04.12.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
7. Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 24.03.1998ж. № 213 Заңы (17.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
8. Қайса С.Т., Исакова А.Б. Научно–практический комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан (Часть1). – 2–изд. измененное и доп. / Под общ. ред. Қайса С.Т. – Алматы: Жеті жарғы, 2014.– 439 с.
9. Нурмашев У., Нурмашева М. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс. Учебное пособие. – Алматы: Издательство «NURPRESS», 2012. – 476 с.
10. Қазақстан Республикасының «Сот приставы туралы» 07.07.1997ж. № 150–I Заңы (01.01.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
11. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушының мәртебесі туралы» 02.04.2010ж. № 261–IV Заңы (03.12.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
12. Камбарова Н.Ш. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебное пособие. – Алматы: Издательство «NURPRESS», 2014.–316 с.
13. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 21.12.1995ж. № 2709 Заңы (24.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
14. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 10.12.2008ж. № 99–IV (14.01.2016ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).

15. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі–зайыптылық) және отбасы туралы 26.12.2011ж. № 518–IV Кодексі» (03.12.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
16. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдану туралы 25.12.2006ж. № 9 нормативтік қаулысы (15.07.2014ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
17. Әртүрлі мемлекеттердің шаруа субъектілерінің арасында шаруашылық дауларды қарастыру кезінде, мемлекет бажды өндіріп алу тәртібі мен оның мөлшері туралы келісім (Ашгабад, 24.12.1993ж.) (07.12.2010ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
18. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің «Анықтау органы, алдын–ала тергеу органы, прокуратура мен сотқа шақыру бойынша адамдарға ақы төлеудің мөлшері мен тәртібі туралы» 25.02.1992ж. № 152 Қаулысы (30.11.1998ж. өзгертулер мен толықтырулар).
19. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23.11.2015ж. 414–V (01.01.2016 жылдан бастап енгізілді).
20. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 28.01.2011ж. №401–IV(31.10.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
21. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Т.2. Особенная часть (Темы 16–30). Учебник.– Алматы: КазГЮА, 2001. – 468 с.
22. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот шешімі туралы» 11.07.2003ж. №5 нормативтік қаулысы (29.12.2012ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
23. Қайса С.Т., Искакова А.Б. Научно–практический комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан (Часть 2). / Под общ. ред. Қайса С.Т. – Алматы: Жеті жарғы, 2014.– 384 с.
24. Научно–практический комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РСФСР./ В.Н. Аргунов, Е.А. Борисов и др.; под ред. М.К.Треушникова. – М.: «Городец», 2000. – С. 367.

Оқуға ұсынылған нормативтік құқықтық актілердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995ж. (02.02.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 28.09.1995ж. № 2464 Конституциялық заңы (31.07.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
3. Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» 2.11.1995ж. № 2592 Конституциялық заңы (04.05.2008ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
4. Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 25.12.2000ж. №132–II Конституциялық заңы (04.12.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен 27.12.1994ж. енгізілген (24.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 01.07.1999ж. № 409 (27.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар) .
7. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 10.12.2008ж. № 99–IV (14.01.2016ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
8. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі–зайыптылық) және отбасы туралы 26.12.2011ж. № 518–IV Кодексі» (03.12.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
9. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі» 05.07. 2014 ж № 235 (22.01.2016ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
10. Қазақстан Республикасының «Азаматтық процестік кодексі» 31.10.2015 жылғы № 377 (01.01. 2016 жылдан бастап енгізілді).
11. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23.11.2015ж. 414–V (01.01.2016 жылдан бастап енгізілді).
12. Шаруашылық қызметімен байланысты дауды шешу тәртібі туралы келісімді бекіту туралы ҚР Жоғарғы Кеңесінің №1502–XII 07.02.1992ж. қаулысы (Киев, 20.03.1992ж.).
13. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар Конвенциясын бекіту туралы 31.03.1993ж. № 2055–XII Қаулысы (24.06.1999ж. өзгертулер мен толықтырулар).
14. Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 19.06.1995ж. № 2337 Заңы (24.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
15. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 21.12.1995ж. № 2709 Заңы (24.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
16. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 31.05.1996ж. № 3 Заңы (16.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
17. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 16.06.1997ж. № 126–I Заңы (03.12.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
18. Қазақстан Республикасының «Сот приставы туралы» 07.07.1997ж. № 150–I Заңы (01.01.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).

19. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» 11.07.1997ж. № 151–І Заңы (24.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
20. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» 14.07.1997ж. № 155 Заңы (31.10.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
21. Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 24.03.1998ж. № 213 Заңы (17.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
22. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» 05.04.1999ж. № 365–І Заңы (17.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
23. Қазақстан Республикасының «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы конвенцияға Хаттаманы бекіту туралы» 24.06.1999ж. № 399–І Заңы.
24. Қазақстан Республикасының «Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы» Заңы 30.12.1999ж. №11– ІІ (Гаага, 05.10.1961ж.).
25. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 20.12.1991ж. № 1017–ХІІ Қазақстан Республикасының Заңы (24.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
26. Қазақстан Республикасының «Аралық соттар туралы» 28.12.2004ж. № 22–3 (04.07.2014ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
27. Қазақстан Республикасының «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» 28.12.2004ж. № 23–3 Заңы (02.07.2014ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
28. Қазақстан Республикасының «Халықаралық шарттары туралы» 30.05.2005ж. № 54 Заңы (29.10.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
29. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының Мемлекеттердің және олардың меншігінің юрисдикциялық иммунитеттері туралы конвенциясын ратификациялау туралы 27.10.2009ж. № 195– IV Заңы (БҰҰ Бас Ассамблеясының 59/38 резолюциясы).
30. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушының мәртебесі туралы» 02.04.2010ж. № 261–IV Заңы (03.12.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
31. Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 04.05.2010ж. № 274– IV Заңы (29.10.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
32. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 28.01.2011ж. №401–IV (31.10.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
33. Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 07.03.2014 жылғы №176–V Заңы (24.11.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).

34. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» 04.12.2015 жылғы № 436–V Заңы (01.01.2016 ж. бастап енгізілді).
35. Қазақстан Республикасының Президентінің 1958 жылғы Шетелдік төрелік шешімдерін тану және іске асыру туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы Жарлығы 04.10.1995ж. № 2485 (Нью–Йорк).
36. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 24.08.2009ж. № 858 Жарлығы (16.01.2014ж. өзгертулер мен толықтырулар).
37. Қазақстан Республикасы Конституциясы 4–бабының 1–тармағын; 14–бабының 1–тармағын, 77–бабы 3–тармағының 3) тармақшасын, 79–бабының 1–тармағын және 83–бабының ресми түсіндіру туралы ҚР Конституциялық Кеңестің 06.03.1997ж. №3 Қаулысы (08.11.2007ж. өзгертулер мен толықтырулар).
38. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің «Анықтау органы, алдын–ала тергеу органы, прокуратура мен сотқа шақыру бойынша адамдарға ақы төлеудің мөлшері мен тәртібі туралы» 25.02.1992ж. № 152 Қаулысы (30.11.1998ж. өзгертулер мен толықтырулар).
39. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Азаматтық істер бойынша экспертиза туралы 22.12.1989ж. №14 нормативтік қаулысы (29.12.2012ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
40. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы 25.07.1996ж. №7 нормативтік қаулысы (30.12.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
41. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі Республика заңдарын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 09.07.1999ж. №9 нормативтік қаулысы (30.12.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
42. Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу туралы ҚР Жоғарғы Сотының 13.12.2001ж. №21 нормативтік қаулысы (29.12.2012ж. өзгертулер мен толықтырулар).
43. Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы ҚР Жоғарғы Сотының 20.03.2003ж. №2 нормативтік қаулысы (29.12.2012ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
44. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот шешімі туралы» 11.07.2003ж. №5 нормативтік қаулысы (29.12.2012ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
45. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» 19.12.2003ж. №9 нормативтік қаулысы (30.12.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).

46. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Сот актілерін әдейі орындамағаны үшін жауаптылық туралы 19.12.2003ж. №12 нормативтік қаулысы (24.12.2014ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
47. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы 20.06.2005ж. №1 нормативтік қаулысы (04.04.2013ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
48. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Соттардың атқарушылық іс жүргізу жөніндегі заңнааны қолдануының кейбір мәселелері туралы 20.06.2005ж. №2 нормативтік қаулысы (30.12.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
49. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату жөнінде заңдардың кейбір нормаларын соттардың қолдануы туралы 23.12.2005ж. №10 нормативтік қаулысы (29.12.2012 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
50. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдану туралы 25.12.2006ж. №9 нормативтік қаулысы (15.07.2014ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
51. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі сот актілерін жазадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қараудың кейбір мәселелері туралы 25.12.2007ж. №12 нормативтік қаулысы (29.12.2012ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
52. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» 10.07.2008ж. №1 нормативтік қаулысы (30.12.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
53. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Азаматтық істер бойынша сот актілерін орындаудың кейбір мәселелері туралы 29.06.2009ж. №6 нормативтік қаулысы (24.12.2014ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
54. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Азаматтық істер бойынша сотпен жеке ұйғарым шығару тәжірибесі туралы 25.07.2010ж. №1 нормативтік қаулысы (29.12.2014ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
55. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Қылмыстардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңды қолдану тәжірибесі туралы 24.04.1992ж. №2 нормативтік қаулысы (21.04.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
56. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы 14.05.1998ж. №1 нормативтік қаулысы (30.12.2011ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
57. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының Қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан

келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы 09.07.1999ж. №7 қаулысы (25.06.2010ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).

58. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының Соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарын қолдану тәжірибесі туралы 22.12.2000ж. №16 қаулысы (25.06.2010ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
59. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының «Адамды хабар–ошақсыз кетті деп немесе өлді деп жариялау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 25.09.1968ж. №9 Қаулысы/ қаулы жинағы (Қазақ ССР), 1997ж., 2 том. – 191с. (29.12.2012ж. өзгертулер мен толықтырулар).
60. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы соттарының банкроттық туралы заңды қолданудың кейбір мәселелері туралы «28.04.2000ж. №3 нормативтік қаулысы (02.10.2015ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
61. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке (ерлі–зайыптылық) және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 22.12.2000ж. №17 нормативтік қаулысы (31.05.2012ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
62. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 28.06.2002ж. №13 нормативтік қаулысы (29.12.2012ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).
63. «Жаңа ашылған мән–жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы арыз беруге құқық» Қарағанды облыстық сотының сот төрелігін атқаруда біріккен сот тәжірибесі Консультациялық Кеңесінің 04.04.2012ж. ақпарат хаты.
64. Өртүрлі мемлекеттердің шаруа субъектілерінің арасында шаруашылық дауларды қарастыру кезінде, мемлекет бажды өндіріп алу тәртібі мен оның мөлшері туралы келісім (Ашгабад, 24.12.1993ж.) (07.12.2010ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар).

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Нұрыш Зина Зинелқызы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

(қысқаша курс)

**Басылды: Қазақстан Республикасы ІІМ
М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты**

Шартты баспа табағы 11. таралымы _____ дана.